

БАБАЛАР СӨЗІ

ХИКАЯЛЫК
ДАСТАНДАР

30



"Мәдени мұра"

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары

Қазақстан Республикасының

тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың

бастамасы бойынша шығарылды

«Мәдени мұра»
мемлекеттік бағдарламасын
іске асыру жөніндегі
қоғамдық кеңестің құрамы

Құл-Мұхаммед М., *төраға*
Ардақ Д., *төрағаның орынбасары*
Асқаров Ә., *жауапты хатшы*

Қоғамдық кеңестің мүшелері:


Абдрахманов С.
Аяған Б.
Әбусейітова М.
Әйтімова Б.
Әлімбай Н.
Әуезов М.
Базылхан Н.
Байпақов К.
Биекенов К.
Бурханов К.
Ертісбаев Е.
Кенжеғозин М.
Қасқабасов С.
Нысанбаев Ә.
Өмірбеков Б.
Салғара Қ.
Сариева Р.
Сейдімбек А.
Сұлтанов Қ.
Таймағамбетов Ж.
Тұяқбаева Б.
Хұсайынов К.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Қытайдағы қазақ
фольклоры

Хикаялық дастандар



ББК 82.3 (5 Каз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төрага*), Қорабай С. (*төраганың орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Күзембаева С.,
Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Қосан С. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Ысмағұлов Ж.,
Ісімақова А.

Қытайдағы қазақ фольклоры үлгілерін жинап, баспаға дайындаған:
Егеубаев О.

Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:
Қосан С., филология ғылымдарының кандидаты, Егеубаев О.,
Ақан А., Салтақова Ж. (*жауапты шығарушы*)

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2006.
Т. 30: Хикаялық дастандар. — 2006. — 394 бет.

ISBN 9965-35-113-9

«Бабалар сөзі» сериясының 30-томына «Нұрғазарын», «Сағаттың хикаясы», «Патша мен әйел», «Сырлы қобди», «Тотай сал», «Өлген қыз», «Ұлар мен құзғын», «Нұх және наурыз», «Аққан сынап», «Алтын балта», «Ғалым қыз Буадат», «Жүніс жетім», «Қараторғай» т.б. хикаялық дастандар енді.

Б $\frac{4702250205}{00(05) — 07}$

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-113-9 (т. 30)

© Әдебиет және өнер институты, 2006

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2006

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Серияның жарық көрген жиырма тоғыз томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын дастандар мен тарихи жырларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он бір томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы және тарихи жырлардың үш томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Қазақ халқының қымбат қазынасы — фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.


Оқырман назарына ұсынылып отырған аталмыш серияның 30-томы Қытайдағы қазақтардың фольклорына арналады. Бұл томға «Нұрғазарын», «Сағаттың хикаясы», «Патша мен әйел», «Сырлы қобди», «Тотай сал», «Өлген қыз», «Ұлар мен құзғын», «Нұх және наурыз», «Аққан сынап», «Алтын балта», «Ғалым қыз Буадат», «Жүніс жетім», «Қараторғай», «Кенжекейдің кешірмелері», «Құмаш Қоңыр хикаясы» атты хикаялық дастандар енді. Аталған дастандардың кейбірінің сюжеті шығыстық, яғни үнді, парсы, араб хикаяларынан алынса, кейбірі жергілікті оқиғаларға негізделген. Сюжеттері хикая, қисса түрінде ауыз әдебиетінде ертеден айтылып келген бірқатар фольклорлық шығармалар қазақ ақындарының жаңғыртуымен нәзира үлгісіндегі дастан жанрында жырланған. Аталған шығармалардың кейбіреуі ел аузынан жазылып, біраз

өңделіп барып Қытайда баспа бетін көрген. Қазақстанда алғаш жарияланып отыр. Тағы бір ерекшелігі бұл мәтіндерде араб, парсы, қытай тілдерінен енген сөздермен қоса жергілікті тілдік қолданыстар да кездеседі.


Мәтіндерді жинап, баспаға дайындауға Қытай мәдениеті мен өнеріне үлес қосқан ғалым, ҚХР фольклортанушылар қоғамының мүшесі — Оразанбай Егеубаев қатысты.

«Бабалар сөзі» сериясының негізгі ұстанымдарына сәйкес, отызыншы том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі — 24,5 б.т.



M Θ T I H Δ E P



Нұрғазарын

Қор болмас дүниеде «Құдай» деген,
Құдайға құр қалмайды жылай берген.
Болыпты бір падиша Сұлтанмахмұт,
Шаһары — Шаһинұр Борай деген.

Ақсүйек жеті атасы таққа мінген,
Бәрі де әділ болып дәурен сүрген.
Артылып атасынан Махмұт патша,
Көңілден көз жетпесті көріп-білген.
Елінде пақыр-міскін жыламаған,
10 Тең болып терезесі бірге жүрген.
Елінде ұрлық-қарлық, қиянат жоқ,
Қақ жарып қара қылды қырық тілген.

Ұйқыда бір күн патша түс көреді,
Түсінде бір бақшаға кез келеді.
Суреттеп сипат қылып айтып болсам,
Көп істі падишаның көз көреді.

Апыр-ай, Еренбақта осы патша,
Ақық көз, алтын шынжыр, күміс қақпа.
Тамсанып қарағанды таңырқатар,
20 Құбылтып әнші құстар таңдай қақса.

Мәуелеп төгіліп тұр түрлі жеміс,
Жаратқан Жаппар Алла бәрін тегіс.
Жасалған ақ алтыннан айдаһарлар,
Алқаптан тік шаншылып алған өріс.

Жасалған нақышталып аю барыс,
Арыстанмен жарысқандай салып желіс.
Кірген су аузынан айдаһардың,
Бұлақ боп құйрығынан ағады еміс.

30 Патшаһым осылай бір түс көреді,
Тағы да бір ғажайып іс көреді.
Алтынды, ақ шатырлы үй ішінде
Гауһар тас, алтын балақ құс көреді.

Асыл қып Жаппар Алла жаратқандай,
Дүниені бір түгіне қаратқандай.
Мәрмәрит, інжу-жақұт мойын жүні,
Ән-күйді азынатқан қаратқандай.

40 Сайрағаны мың құбылған майда таңдай,
Жан салып бар жүйеге таратқандай.
Мұңлының өмірдегі күйін шертіп,
Өлтіріп, бір тірілтіп жаратқандай.

Түрленіп сом денесі шам боп жанад,
Тоймайды қызығына пенде қарап.
Қоздырып он арманды бір мың арман,
Ақ жүректің аудармалап кірін табад.
Ашылып сайрағанда әнге басып,
Аузынан гүл төгеді табақ-табақ.
Қасынан қашықтасаң жалғыз сағат,
Сінбейді ішкен асың бойға тарап.
Сайраған қапастағы Нұрғазарды,
50 Қолына қондырғанда жайды қанат.
Көргенде сан аяғын сипалақтап,
Аңқайып оянды да қалды қарап.

Ұйқыда сонда білді түс екенін,
Бір мүшкіл мехнатты іс екенін.
Бау-бақша, арыстандар былай қалды,
Арманы көкейтесті құс екенін.

Бұл құстың сипатына болды ғашық,
Ынтызар бір көруге болды асық.
— Дидарын көрмей тұрар тағатым жоқ,
60 Ақыл-айла табыңдар, жақсыларым!

Құрыңдар, елім-жұртым, ақыл-кеңес,
Зарым сол зарлатпағын ертелі-кеш.
Патша болып тұруым екіталай,
Арманым түсті көрмей түгесілмес.

Жиылып қырық молда кітап ашты,
Көкірегін халқының қайғы басты.
«Бар болса, бұл жаһанда табамын» деп,
Арадай гуілдесіп жұрт тарасты.

Әр жерде қырық молда дүрілдесті,
70 «Кім табар анық емес бұл бір істі.
Ғаламда жаралуда аты бар дейд,
Белгісіз бар ма, жоқ па әзір?» десті.

Ел-жұртын жиып алып кеңеседі,
Ғайыпқа кім бой созып теңеседі.
Патшаның үш баласы бірдей келіп,
«Іздейік, бізге рұқсат бер» деседі.

— Ей, ата, үйде жатпай ізденейік,
Алладан ажал келсе, түзде өлейік.
Жан ата, сіздің қайғы бізге міндет,
80 Жазмышын Тәңірінің бір көрейік.

Жан ата, сіздің қайғы бізге қарыз,
Азырақ сізге айтамыз біз бір арыз.
Отыз жыл, қырық жыл бір келерміз,
Сабыр қыл, олай-бұлай ойламаңыз.

Көрсетіп Нұрғазарды атасына,
Кезінде дәрмен болмақ қапасына.
— Жолдарың болсын, — дейді, — қарақтарым, —
Қол жайды балалары батасына.

Ауырын ата зары сонда аңғарды,
90 Қырық күн кезді үшеуі жон мен қырды.
Үшеуі күн-түн қатып шаршап келіп,
Бір сайға үш айрылған зорға кірді.

Жатты олар тоғанағын басқа қойып,
Сусындап шөлікесе, асқа тойып.
Жартастан көрді Қасен бір жазуды,
«Кім жазған мұны, — дейді, — тасқа ойып».

Хатта айтыпты: «Басқы жол барса келер,
Келер-келмес орта жолды Құдай білер.
Үшінші төменгі жол барса-келмес,
100 Бірталай бейнет тартып, қайғы көрер».

Үшеуі енді отырып кеңес құрды,
Хабарын жазған хаттың оқып-білді.
«Түселік енді үшеуміз үш жолға» деп,
Қай жолдан жарылқауын үміт қылды.

Қасен айтты: — Өзің біл, Асан аға,
Жол күдері жазмышты тоса ала ма?
Атамыздың хақы үшін іздеп шықтық,
Бір Құдай медет берсін осы арада.

Асан айтты:

— Мен өзім болдым науқас,
110 Басқы жолға түспесем тіпті болмас.
Түсе бер ал екеуің екі жолға,
Ойласам менен гөрі екеуің жас.

Анасы Қасендердің болар басқа,
Бұл жерде қайғы түсті ғаріп басқа.
Ортаншы Үсен түсті орта жолға,
Соңғы жол тураланды Қасен жасқа.

Қасен айтты:

— Бұл сөзге әбден құлдық,
Серуендеп сергелдеңде сайран қылдық.
Бұл жерге аман болсақ бір келерміз,
120 Қайтқанды қайсы бұрын қайдан білдік?

— Ей, Қасен, ақыл екен айтқаныңыз,
Көп бейнет ата қайғы тартқанымыз.
Кетейік осы жерге үш оқ тығып,
Алайық өз оғымызды қайтқанымыз.

Үшеуі үш оқ тығып кетті тасқа,
Атаға айтқан серт бар қайрылмасқа.
«Бір Алла, оңдай көр» деп жүре берді,
Жол болды барса-келмес Қасен жасқа.

Сөйлейік енді әңгіме Қасен ерден,
130 Ол асты екпіндетіп талай жерден.
Ай жүріп сапар шекті құба түзде,
Жортқан аң, ұшқан құс жоқ әлі көрген.

Қырық күн қара суды қорек етті,
Тон тозып, ат арықтап, көп күн өтті.
Бір күнде тоймаушы еді шекер-балға,
Атып жеуге құс та жоқ, халі кетті.

Бір күні қалжырады аты жүрмей,
Тоқсан күн аш жүріпті қорек көрмей.
Ішкені күндіз-түні құр қара су,
140 Жылады жол үстінде зар еңірей.

— Жаратқан Жаппар Құдайым,
Медет сұрай жылайын.
Жүруге халім болмады,
Енді не лаж қылайын?

Жүруге хал болмады,
Атымда жал қалмады.

Судан басқа қорек жоқ,
Еш мейірім қанбады.

150 Атымды сойсам өлемін,
Жаяу қайтіп төземін.
Жетпей қайтсам атамның,
Дидарын қайтып көремін.

Жол еді келмес түскенім,
Қара су болды ішкенім.
Заршылық шын болды ма,
Жасымнан бұла өскенім.

160 Жасымда өскенім бұлаңдап,
Арғымақ аттай сылаңдап.
Қорек көрмей қор бодым,
Екі ағама алаңдап.

Қорек көрмей қор бодым,
Ат көтермес шор болдым.
Атам көрген Нұрғазар,
Хабарын білмей зар болдым.

Екі ағам менен айрылып,
Қанатынан қайрылып.
Маған зар боп жүр ме екен,
Жасыған жездей майрылып.

170 Атам қойды зар қылып,
Жоқ қайғыны бар қылып.
Ел-жұртымнан айрылып,
Кең дүниені тар қылып.

Анам қалды қайғырып,
Жалғызынан айрылып.
Көрмеген күн көп екен,
Өлдім мұнда қамығып.

Жүрген жерім шөл дала,
Шөлді кезген мен бала.
Сұңқар едім құлпырған,
180 Енді болдым бейшара.

Шын бейшара мен болдым,
Өлген жанмен тең болдым.
Басқа келмей кім білер,
Қаңбаққа ғана шен болдым.

Өлген деген осы екен,
Иман жанға дос екен.
Желе шауып кетер ем,
Аттың жалы бос екен.

Қара арғымақ арыса,
190 Қарға адым жер зар екен.
Қара көзден нұр кетсе,
Бір көруге тар екен.
Жылдық азық алмаған,
Балалығым бар екен.
Қасыма жолдас алмаған,
Шалалығым бар екен.
Қайтпас жолға кез болған,
Көңілім бұзық ала екен.
Бейхабар өскен мен бала,
200 Осындай күнім бар екен.

Басқа түссе заршылық,
Кең дүние таршылық.
Тоқсан күн қорек көрмедім,
Маңдайда сорым баршылық.

Бейнет деген осы ма,
Ажал жетсе басыма.
Топырақ салып бетіме,
Кім келеді қасыма?

Тоқсан күн болды зарладым,
210 Аң түгіл жортқан тышқан жоқ.
Тым болмаса пырылдап,
Алдымнан торғай ұшқан жоқ.

Атам көрген түс екен,
Нұрғазар деген құс екен.
Қара тасқа хат жазған,
Қай заманғы кісі екен?

Түскенім барса-келмес жол,
Атым арып болдым қор.
Осы жолға кез қылған
220 Маңдайдағы қалың сор.

Жануар атым қарадың,
Шөп таба алмай жарадың.
Қиырына көз жетпес
Алдағы сор даланың.

Таңдап мінген бір атым,
Үйде екен құр атым.
Таусылды менің қайратым,
Жөнім жоқ сені ұратын.

Бір үзім шөп саған жоқ,
230 Жалғыз торғай маған жоқ.
Шөп табылып сен жейтін,
Жерді көрер заман жоқ.

Жаратқан Жаппар Құдайым,
Медет тілеп, жылайын.
Жазулы күнім кез болса,
Жылап онда не қылайын?!

Бұл жылаудан пайда жоқ,
Бүйтем деген ойда жоқ.
Жазулы күнім толмаса,
240 Бейнет те көп, сор да көп.

Бейшара лажы жоқ зарлап жатты,
Күн шығып, таң сарғайып әбден атты.
Далаға көзін қиып тастамады,
Айдады жолға салып арық атты.

Көрінді келе жатса жасыл күмбез,
Алтынмен нақышталған асыл күмбез.
Қасен ер бұл күмбезге келіп қалды,
Қасенге қауіп-қатер төнді бір кез.

Бұл не деп келе жатыр Қасен батыр,
250 Қасында ол күмбездің киік жатыр.
«Тәуекел, не болса да барайын» деп,
Қасен ер киікке де келеді ақыр.

Ер Қасен ол киікке жақын барды,
Атқалы оңтайланып оғын алды.
Шаңдатып тамам киік көре сала,
Қасенге таяулатып келіп қалды.

Қасенге бәрі саулап келді шауып,
Жас төгіп көздерінен ауық-ауық.
Баршасы Қасен ерге қарап тұрар,
260 «Бұл адам атады-ау» деп қылмай қауіп.

Көз жасын сыға алмайды сығайын деп,
Ойлады Қасен сабыр қылайын деп.
Қасен ер атпай тұрды ақыл ойлап,
Қалайша, мәнін-жайын ұғайын деп.

«Жануар неге үркіп қашпады екен,
Қалайша қашып таудан аспады екен?
Адамға, сірә, жақын жануар ма,
Жылаудан неге көзін ашпады екен?

Екі аға мен айрылдым жолдасымнан.
270 Патшалық айрылып мал-басымнан.
Рақым қыл жануарға, бір Алла» деп,
Сипады киіктердің арқасынан.

Киікке қастық қылмай арман өтті,
Күмбезге алдыдағы келіп жетті.
Ішінде ол күмбездің алуан ас тұр,
Сол астан ішейін деп үміт етті.

Дайын тұр адамы жоқ түрлі тамақ,
Тамақтан ішейін деп қылды талап.
Палауға бір басулы қолын салды,
280 Ер Қасен жан-жағына барлап қарап.

Бұл үйде неше түрлі тағам бар-ды,
Тойғанша ішейін деп ойына алды.
Асайын дей бергенде бір шеңгелдеп,
«Әй, жеме» деп бір дауыс айғай салды.

— Көзің бар, ақылың жоқ неткен адам,
Әдепсіз оны жеуге келмес шамаң.
Адамға өңі-түсі ұқсамайды,
Бір кемпір келе жатыр түрі жаман.

Кемпірдің аузы арандай, мұрны көрдей,
290 Бетінде тіпті қан жоқ қара жердей.
Шаңырақтай жалғыз көзді, басы — күмбез,
Келеді ашуланып қолын сермей.

Маңдайда жалғыз көзі жарқылдайды,
Күркіреп, отыз тісі сақырлайды.
Терісі емшегінің сүйретіліп,
Соғылып тізесіне салпылдайды.

Шашы бар төбет иттің құйрығындай,
Шекесі көк күмбездің милығындай.
Қасен ер бұл кемпірден қорқып састы,
300 «Кемпірден бола ма, — деп, — бұйрығым-ай!»

Ер Қасен оғын алды қарсы кезеп,
Ата алмай қорқып қалды бойын тежеп.
Ол кемпір сиқырды бір оқып еді,
Қасенге киік болар келді кезек.

Қасенді киік қылды кемпір кәпір,
Биледі балалығы таппай ақыл.
Жайына сөйтіп кемпір жүре берді,
Ер Қасен мұны білмей болды қапыл.

310 Біржола болып қалды Қасен киік,
Жылайды зар еңіреп іші күйіп.
«Жылайын бұл кемпірге — деп ойлады,
Әлде адам қыла ма деп көңілі иіп».

— Ей, ей, ана, ей, ана,
Мені қылма бейшара.
Қайтадан мені адам қыл,
Болайын сізге мен бала.

320 Мен сізге бала болайын,
Тіліңізді алайын.
Табанымнан тік тұрып,
Істейін істің талайын.

Қабағыңа қарайын,
Қызметіңе жарайын.
Қайтадан мені адам қыл,
Қайда айдасаң барайын.

Қайтадан мені адам қыл,
Қасыңнан кетпес болайын.
Ей, шешеке, өзің біл,
Не десең де көнейін.

330 Көрсетті Құдай ғаламат,
Қайта қыл мені саламат.
Ата қарыз борышым бар,
Тапсырған маған аманат.
Ашу қатты келген соң,
Киік қылдың бір сағат.
Жас мүсәпір жарлыңыз,
Жалынып сізге зарланад.

Киікке қастық қылмай арман өтті,
Күмбезге алдыдағы келіп жетті.
Ішінде ол күмбездің алуан ас тұр,
Сол астан ішейін деп үміт етті.

Дайын тұр адамы жоқ түрлі тамақ,
Тамақтан ішейін деп қылды талап.
Палауға бір басулы қолын салды,
280 Ер Қасен жан-жағына барлап қарап.

Бұл үйде неше түрлі тағам бар-ды,
Тойғанша ішейін деп ойына алды.
Асайын дей бергенде бір шеңгелдеп,
«Әй, жеме» деп бір дауыс айғай салды.

— Көзің бар, ақылың жоқ неткен адам,
Әдепсіз оны жеуге келмес шамаң.
Адамға өңі-түсі ұқсамайды,
Бір кемпір келе жатыр түрі жаман.

Кемпірдің аузы арандай, мұрны көрдей,
290 Бетінде тіпті қан жоқ қара жердей.
Шаңырақтай жалғыз көзді, басы — күмбез,
Келеді ашуланып қолын сермей.

Маңдайда жалғыз көзі жарқылдайды,
Күркіреп, отыз тісі сақырлайды.
Терісі емшегінің сүйретіліп,
Соғылып тізесіне салпылдайды.

Шашы бар төбет иттің құйрығындай,
Шекесі көк күмбездің милығындай.
Қасен ер бұл кемпірден қорқып састы,
300 «Кемпірден бола ма, — деп, — бұйрығым-ай!»

Ер Қасен оғын алды қарсы кезеп,
Ата алмай қорқып қалды бойын тежеп.
Ол кемпір сиқырды бір оқып еді,
Қасенге киік болар келді кезек.

Қасенді киік қылды кемпір кәпір,
Биледі балалығы таппай ақыл.
Жайына сөйтіп кемпір жүре берді,
Ер Қасен мұны білмей болды қапыл.

310 Біржола болып қалды Қасен киік,
Жылайды зар еңіреп іші күйіп.
«Жылайын бұл кемпірге — деп ойлады,
Әлде адам қыла ма деп көңілі иіп».

— Ей, ей, ана, ей, ана,
Мені қылма бейшара.
Қайтадан мені адам қыл,
Болайын сізге мен бала.

320 Мен сізге бала болайын,
Тіліңізді алайын.
Табанымнан тік тұрып,
Істейін істің талайын.

Қабағыңа қарайын,
Қызметіңе жарайын.
Қайтадан мені адам қыл,
Қайда айдасаң барайын.

Қайтадан мені адам қыл,
Қасыңнан кетпес болайын.
Ей, шешеке, өзің біл,
Не десең де көнейін.

330 Көрсетті Құдай ғаламат,
Қайта қыл мені саламат.
Ата қарыз борышым бар,
Тапсырған маған аманат.
Ашу қатты келген соң,
Киік қылдың бір сағат.
Жас мүсәпір жарлыңыз,
Жалынып сізге зарланад.

Нақ батырдың өзі едім,
Қорқып садақ кезедім.
Жайыңды, шеше, білмедім,
340 Ашынған албырт сері едім.
Киік қылып жібердің,
Жапан түзді кеземін.
Бұл күйге қайтып көнермін,
Сағымды қуып жөнелдім.
Қайта адам етпесең,
Қайғыда күйіп өлермін.

Ғаріптік басқа түскен соң,
Тәңірім жазса көрермін.
Адам басым киік боп,
350 Жапанда қайтып жүрермін.

Күнәм болса теріңіз,
Көзімнің жасын көріңіз.
Бір тілекті беріңіз,
Қорғасындай еріңіз.

Атым Қасен ер еді,
Атам Махмұт дер еді.
Патша басым қор болды,
Шаһарым Шаһинұр еді.

Атам көрген бір түсті,
360 Түсінде көрген бір құсты.
Көрген құсқа ғашық боп,
Іздетті мен байқұсты.

Атам ғашық бұл құсқа,
Қас қылма мен байқұсқа.
Үш айырық бір жолда,
Екі ағам кетті тұс-тұсқа.

Хабар алдық бір тастан,
Ғаріп болдым мен жастан.

370 Қаңғыртып мені апкеліп,
Сізге мұнда дәм қосқан.

Екі ағам кетті айырылып,
Қанатынан қайрылып.
Құсты іздеп жүр ме екен,
Жасыған жездей майрылып.

Атам көрген түс екен,
Нұрғазарын құс екен.
Қара тасқа хат жазған,
Қай заманғы кісі екен.

380 Түскенім барса-келмес жол,
Атым арып болдым қор.
Киік болып зарлаған,
Бұл не деген қалың сор.

Тірі қор ғып қойғанша,
Көз етімді ойғанша,
Өз қалпыма келтіріп,
Қылсаңшы адам, ей, ана!

Бір жауап маған берсеңші,
Көзімнің жасын көрсеңші.
Зарлық етіп тіледім,
390 Тілегімді берсеңші!

Бықпады кемпір сөзіне,
Қарады мұның өзіне.
Болмасын Қасен білген соң,
Бір түкірді жүзіне.

— Жүзіңе лағнет, қарабет,
Ізгі іске болдың шет.
Жалынғанмен не пайда,
Құдай берсін рақмет!

Бейнет болса көрермін,
400 Уақыт жетсе өлермін.
Қуат берсе Құдайым,
Жазаңды бір күн беремін.

Ұйысқан сенің шашыңды
Жұлармын тыйып жасымды.
Боршалап сенің етіңді,
Ағашқа ілсем басыңды.

Қапыда қалдым атпадым,
Атарға қорқып батпадым.
Қанша зарлап жалындым,
410 Сөзіме бір бақпадың.

Атсам сонда талар ең,
Жаныңды отқа салар ем.
Құзғын-қарға үймелеп,
Жемтік болып қалар ең.

Өлсем жерде жатармын,
Бейнетім болса тартармын.
Жалынғанда болмадың,
Көзіңнен, бөлем, атармын!

Жалмауыз бұл сөзді естіп ашуланды,
420 Тағы да сиқыр оқып бір дем салды.
Киіктен қайта адам болмақ тұр ғой,
Ер Қасен сөйлейтұғын тілден қалды.

Сөйлейтін біржолата қалды тілден,
Айрылып ат-тонынан қалды мүлдем.
Бейшара іші күйіп, зар-еңіреп,
Аяңдап шығып кетті күмбезінен.

Аяңдап күмбез үйден шығып кетті,
Қу кемпір киік қылып тентіретті.
Киік боп ен далада қаңғып жүріп,
430 Қасеннің сүлдері өшіп, халі бітті.

«Қаңғырып ғаріп басым өлер, — дейді,
Өлмесе ырыздығын терер, — дейді.
Көңілімде бір-ақ ой бар, адам болсам,
Жыласам көз жасымды көрер» дейді.

Жігіттер, ойласаңыз іс Құдайдан,
Киік боп ес-ақылдың бәрін жойған.
Ер Қасен киік болып зар еңірейді,
Адамға деменіздер пәле қайдан.

Ер Қасен ой-ақылға зерек еді,
440 Ақылы құрбысынан бөлек еді.
«Қапыда кемпірді атпай қалдым ғой» деп,
Құдайдан шын бір тілек тілеп еді.

Ер Қасен киік болып киікке ермей,
Тоқтамай жүре берді, иә желмей.
Құдайым сүйген құлын қор қыла ма,
Табылмас дәулет оңай бейнет көрмей.

Ер Қасен жылай-жылай жалғыз кетті,
Зарлаумен киік болып қырық күн өтті.
Аспанмен биіктегі бой таласқан,
450 Көрінді алдан күмбез соған жетті.

Айналып бұл күмбезді тағы көрді,
Саялы ағаш, мәуелі бағын көрді.
«Не қалды аянатын» деді дағы,
Ер Қасен сол күмбезге кіріп келді.

Үйде тұр неше түрлі дайын тамақ,
Тамақтан ішейін деп қылды талап.
Күрішке бір басулы таяп барды,
Ер Қасен жан-жағына байқап қарап.

Ол үйде неше түрлі тағам бар-ды,
460 Тойғанша ішейін деп ойына алды.
Қазанға басын салып ұмтылғанда,
«Ей, ішпе» деп бір дауыс айқай салды.

— Ей, киік, жеме күріш, ішіп шалап,
Халіңіз не себепті болды хараб?
Тұрысың мен жүрісің ерек екен,
Мен сені адамзатқа тұрмын балап.

Қалайша киік болдың, есенбісің,
Дерті бар, әлде тіл жоқ кеселмісің?
Болсаң сен егер адам Қасенбісің,
470 Жынданған не болмаса есермісің?

Егерде Қасен болсаң, сені көрсем,
Туылмас адамзаттан сенен шешен.
Азғындап адамзаттан киік болсаң,
Өзіңді киік қылған үлкен шешем.

Ер Қасен тағы қорқып, сасып қалды,
Көңілін қалың қайғы басып қалды.
«Дауысы қай жағынан шығады» деп,
Алақтап жан-жағына көзін салды.

Қиылған бір сұлуды көзі көрді,
480 Көз шаққан інжу-лағыл төңірегі.
Міні жоқ айдың он бес жаңасындай,
Қасына қыздың барып зар еңіреді.

— Бейшара жылап тұрсың келіп маған,
Қас қылып жіберіпті кемпір саған.
Адамды сендей талай зар еңіреткен,
Мінезі сол кемпірдің өте жаман.

Оқиын сөтін салса біраз ғана,
Киік болып кетіпсің, ей, бейшара.
Шамамның келгенінше үшкірейін,
490 Алладан рақым сұрап, бері қара.

Бір дұға оқыды да қыз үшкірді,
Қасен ер өз қалпына қайта кірді.
Әдемі қараторы, қыр мұрынды,
Жігіттің сұлулығын қыз да көрді.

Ол қыздың оқығаны «Есім Ағзам»,
Қайтадан адам болды шаһизадам.
Бейнеті басындағы кетті пәле,
Тілекті қайта берді Хақ Тағалам.

Қыз айтты:

— Енді сөйле, қай жігітсің?
500 Нұрыңа құп лайық сай жігітсің.
Мен қарап сипатыңа таң қаламын,
Бойыңда бір мінің жоқ ай жігітсің.

Сол қызға Қасен жауап бастады енді:
— Сұлтанмахмұт әкем аты, патша еді.
Сұрасаң менің жайым, атым — Қасен,
Шаһинұр шаһарым бар бақша, — деді.

Және айтты атасының көрген түсін,
Түсінде көріп іңкәр болған құсын.
— Ол құстың аты болар Нұрғазарын,
510 Шығып ем іздеп соны атам үшін.

Асан, Үсен екі ағам кетті басқа,
Күн туды қайрылмастай қарындасқа.
Атымды, өзің айтшы, қайтіп білдің,
Өзің кім, жөніңді айтшы мен байғұсқа?

— Ахмер патша қызы ем, затым — пері,
Әкемнің осы тұрған осы жері.
Жұмысың іздеп шыққан қиын екен,
Ол жерге барған емес ердің ері.

Өзіңді сиқыр шешем көрген жері,
520 Жалғыз көз шекесінде, сасық лебі.
Рақымсыз адамзатқа нағыз жау,
Адам тұрмақ аулақ қашып безген пері.

Сұрасаң, менің атым — Гүлбаһрам,
Бұл жерге келген емес ешбір адам.

Бек қиын Нұрғазардың тұрған жері,
Қайтыңыз, жете алмайсыз, шаһизадам.

Шаһабіл Зыһр шаһары тұрған жері,
Билеген ол шаһарды дию-пері.
Күзетші жын-шайтаннан қарауыл бар,
530 Ол жерге барған емес ердің ері.

Адамның мысқыл еті бір мың теңге,
Табылмас мың теңгеге алып жерге.
Қанаты ұшқан құстың күйетұғын,
Бек қиын жер мәңгілік көрмегенге.

Бекзада, бұл жерден қайт, тілімді алсаң,
Жолдары өте қиын маған нансаң.
Жалғанның қызығынан құр қаласың,
Кетерсің арманда боп өліп қалсаң.

Айтайын білгенімді, Қасен мырза,
540 Боп тұрмын сені көріп мен риза.
Ғайыптан сізге түсте ғашық едім,
Ғашықтық аяқ басты екі жылға.

Тірлікте қалай сізді көрем деп ем,
Балқыған қорғасындай ерем дегем.
Жар болып Қызыр Ілияс түсімде аян,
Киік боп Қасен мұнда келер деген.

— Атым Қасен болғанда, атым — Махмұт,
Гүлбаһрам, мен сөйлейін сөзімді күт.
Бел байлап тәуекелге іздеп шықтым,
550 Бәддұға оқымасын арттағы жұрт.

Атамның жолда болар екі көзі,
Бола ма ердің екі айтқан сөзі.
Сол құсты іздеп тапсам арманым жоқ,
Бір жерден Тәңір берсе келер кезі.

— Бекзадам, бұл жерден қайт, барма жаным,
Болсын-ақ саған пида жиған малым.
Өлімнен қызғанамын жаным ашып,
Қорқамын қор болар деп шыбын жаның.

— Атамның мен ұмытпан қылған зарын,
560 Тәуекел деп ойлаймын істің бәрін.
Қыла алман ешбір дерек шыбын жанды,
Қор болсам атам үшін ризамын.

— Жарына байланысты жігіт бағы,
Жігіттің дәулет тайса, сынар сағы.
Ей, Қасен, мұнан әрі жүрсең өлдің,
Кеудеңде мың бір жаның болса дағы.

Ей, Қасен, тілімді ал, келші бері,
Болар-ау дәл өзіңдей ердің ері.
Қарағым, сені өлімге қия алмаймын,
570 Тастамас тамтығыңды дию-пері.

— Көңілім Нұрғазарды тапса тынар,
Сол құсқа болды менің атам құмар.
Өлімнен қорқып қайтсам оны іздемей,
Ақ жүзім Төңір алдында қара тұрар.

— Қайтпайсың айтқаныңнан, Қасен батыр,
Сөздерің, лебізің шекер-балдай татыр.
Қасенжан, сені көріп болдым ғашық,
Басыма түсірмеші заманақыр!

Сенім бер, болса көңіл, енді маған,
580 Дүниені қыз да болсам аралағам.
Таңқалам мен сіздегі нұр келбетке,
Болар ма бұл жалғанда сіздей адам.

— Қой маған ғашық болма, ей, Гүлбаһрам,
Болғанда сіз перізат, мен бір адам.
Болғанын маған ғашық айтады-ау деп,
Қылған ем көп уайым бағанадан.

— Қой, Қасен, сені алдап не қылайын,
Жеткізсін мұратыңа бір Құдайым.
Жолдағы көп бейнеттің айттым бәрін,
590 Жалғанда сені алдасам, мен оңбайын.

— Ант қылам, Гүлбаһрам, қалжыңдаймын,
Ойым жоқ сенбейтұғын басқадайын.
Тірі боп Нұрғазарды алып қайтсам.
Өзіңді Құдай қосса, тастамаймын.

— Ей, Қасен, не болармын сенен қалып,
Өмірден өтемін бе зарлап, налып.
Табылмас іздегенге Нұрғазарын,
Келерсің бейнет тартып, байғұс ғаріп.

— Сөйледің тіршіліктің жоқ, барын да,
600 Жігіттің ісі оңалар бақ дарырда.
Жүз пәле, мың бір қатер болса дағы,
Алланың өзі оңғарар сақтарында.

— Қасен-ау, іс қылайық ақылдасып,
Өлермін сіз кеткен соң мен де жасып.
Келіп ең азып-тозып алыс жолдан,
Кетсеңші аунап-қунап, мауқың басып.

— Гүлбаһрам, тоқтатпашы енді мені,
Жалғанда өтірік айтпас ердің ері.
Тірі боп Нұрғазарды алып қайтсам,
610 Тастамаң Құдай қосса, қалқам, сені.

Гүлбаһрам қайғырады іші күйіп,
Қасен де зар болғанын тұрды біліп.

— Қарағым, «ақыретте көрермін» деп,
Кетсеңші тым болмаса неке қиып.

Тоқтады Қасен батыр ақыл ойлап,
Қыз байқұс көп зарлады көзі жайнап.

— Көрсеттің көп жақсылық, ей, Гүлбаһрам,
Кетейін біраз дәурен күліп-ойнап.

Сол қызды Қасен батыр некелепті,
620 Бірқатар күліп-ойнап күндер өтті.
Қосылған күнін қызға қисап қылса,
Арада тағы елу күн өтіп кетті.

— Бұл жерде уақытым өтіп кетті,
Айналдырдың, Гүлбаһрам, мені, — депті.
Неше күн күліп-ойнап қызық көрдік,
Екеуміз айрылатын уақыт жетті.

— Қасен-ау, болған шығар елу күні,
Күліп-ойнап қызық көрдік күні-түні.
Мен байғұс сізден қалып не боламын,
630 Қолыңнан өлтіріп кет енді мені.

— Дегенің өлтіріп кет — жаман жора,
Үздің не[ге] менен үміт біржолата.
Бұл жолда Құдай берсе ап келермін,
Тілеулес боп жолымды тосып қара.

— Ей, Қасен, келемін деп ой ойлайсың,
Басыңа іс түскенде абайлайсың.
Мұндай күн, уа, дариға-ай, бар екен деп,
Өкініп бармағыңды бір шайнайсың.

— Уайым айта берме, жөнелермін,
640 Түз тұр ғой, ажал жетсе үйде өлермін.
Құдайым біз пақырға қуат берсе,
Бір жерден бұзып-жарып бір келермін.

Мен енді аялдаман қалай десең,
Күтіп тұр сабыр қылып маған сенсең.
Атама айтқан уағдам өтіп барад,
Емес пе маған қарыз өліп кетсем.

— Ей, Қасен, тұрмасыңа енді сендім,
Барма деп неше күндей айтып көрдім.
Қарағым, мен саған жоқ, сен маған жоқ,
650 Жолыңда зар еңіреп ақыр өлдім.

— Өлемін деп, Гүлбаһрам, бек айтасың,
Туғызып сөзден-сөзді ұлғайтасың.
Алладан дұға қылып тілек тіле,
Бекер сөз жарамаған неге айтасың?

Амалсыз рұқсат берді Қасен ерге:
— Жүресіз бейнет тартып талай жерге,
Жеті қыл дария бар, тау менен тас,
Өзіңе өз обалың, менен көрме.

660 — Бұл жолды өлер-өлмес Алла білер,
Кезерміз, тірі болсақ, бірталай жер.
Көрермін, бейнет болса, өз бағымнан,
Гүлбаһрам, енді маған рұқсат бер.

— Сіз, батыр, тоқтамайсыз бұл кеңеске,
Қайғысы атаңыздың түсер еске.
Гүлбаһрам қанша налыс айтқанменен,
Азық сап, су толтырды үлкен меске.

Амалсыз рұқсат берді Гүлбаһрам:
— Қиын ғой барар жерің ойыңа алған.
Жалғанның қызығынан құр қаларсың,
670 Қалмайсың өлмей тірі бұл барғаннан.

Қасеннің тоқтамасын енді білді,
Барма деп неше күндей зарын қылды.
Бейшара зарын төгіп, қош айтысып,
Қоштасып шығарып сап, әрең тұрды.

— Қайтыңыз, ей, Гүлбаһрам, осы жерден,
Құтқардың киік күнде бір пәледен.
Тілеулес боп жолымды тосып қара,
Кебенек үміт үзбе киген ерден.

Гүлбаһрам сонда зарлады,
680 Көзінің жасын парлады:
— Аман бол, қалқам, Қасенім,
Елу күн бірге жасадың.

Тірі қалды демесең,
Өлгенге бүгін ұқсадым.

Аз күн бірге жасадым,
Сен болсаң өрлеп тасамын.
Қасірет шегіп мен қалдым,
Қайғымды қайтіп басамын?

690 Көп қызық көрдім жасымнан,
Ғайып болдың қасымнан.
Құпия жүрген бір сырды,
Енді өзіңнен жасырман.

Әкемнен соң хан едім,
Нұрғазарым бар еді.
Нұрғазардан айырған,
Замана неткен тар еді?!

700 Кеңесім бұл кеңінен,
Қанатты жау періден.
Ғайнижамал хан болып,
Таласты хандық менімен.

Нұрғазар менікі еді әуел баста,
Жоғары сайраушы еді тас қапаста.
Зорлық қып Ғайнижамал тартып алды,
Қайғылы көкірегім, көзім жаста.

710 Қал деп едім, қалмадың,
Тілімді айтқан алмадың.
Екі көзім төрт болып,
Артыңда қалып зарладым.
Тірі қор боп зарладым,
Сөзге құлақ салмадың.

Сен өлмедің, мен өлдім,
Мені тастап жөнелдің.
Болмасаң бар, қайтейін,
Артыңда қалып егілдім.

Сендей ер маған табылмас,
Тамақтан өтпес ішкен ас.
Қорлықпен, жаным, өлермін,
Көзімнен ағар қанды жас.

720 Күйікпен зарлап өтермін,
Сарғайып қурап бітермін.
Ішімде менің ғашық от,
Нешік дәрмен етермін.

Ішімде менің ғашық от,
Сенсіз де жетер ажал оқ.
Елу күн көрген қызығым,
Бір күнгідей болған жоқ.
Сізбен дәурен бір сүрсем,
Қарағым, менде арман жоқ.
Елу күн бірге ойнадым,
730 Еш қызыққа тоймадым.

Сізге зар боп қақсадым,
Өзім сұмдық бастадым.
Әуелінде көңілімді,
Қоспай неге тоспадым?!

Көп күйікті тартармын,
Күнмен бірге батармын.
Зарлықпенен сарғайып,
Таңмен бірге атармын.

740 Ірің болды ішкенім,
Топырақ болды құсқаным.
Қайғыға басу лаж жоқ,
Қайғының шоғын ұстадым.

Өлім іздеп сен кеттің,
Мен бейбақты еңіреттің.
Қой дедім тілді алмадың,
Қасен, сізге мен не еттім?

Болмады мұнда тұрағың,
Балқытқан мені шырағың.
Жолыңды Құдай оңғарсын,
750 Асыл бекзат сыңарым.

Бұл дүниеде пайда жоқ,
Бүйтем деген ойда жоқ.
Жолыңды тосып зарлайын,
Өртеніп, жанып болдым шоқ.

Осыдан басқа не етейін,
Тілеулес боп өтейін.
Қасен, маған құлақ сал,
Сізді мәңгі күтейін.

Мұнан былай жүрерсің,
760 Көп бейнетті көрерсің.
Жолыңда бар заңғар тау,
Қолтығына кірерсің.

Тірі тұрса жанымыз,
Мені сонда білерсің.
Қараңғы зындан үңгірге,
Сұлтаным, талай түнерсің.

Жортқан аң мен құс та жоқ,
Жалғыз қайтіп жүрерсің.
Қабыл болып мұратың,
770 Көкке төбең тірелсін.

Тасы шеге темірдей,
Топырағы көмірдей.
Жылдамырақ жүріп өт
Аял тұтып кідірмей.

Тау басына шығарсың,
Жан-жағыңа қарарсың.
Бір жарым айды, қарағым,
Сол тауда жүріп аларсың.

Алла деп сонда зарларсың,
780 Бәрін бірдей болжарсың.
Есің кетіп қалжырап,
Жүре алмай сонда наларсың.

Жүруге жол табылмас,
Басыңнан бейнет арылмас.
Сонда маған нанарсың,
Көзіңнен ағып қанды жас.

Кісі киік, жезтырнақ,
Жыртқыш кезер қаңғыбас.
Аман өтсең солардан,
790 Шегінбей артқа алға бас.

Бетіңнен самал өпкенде,
Алдыңа қарап көзіңді аш.
Көк тіреген төбесі,
Көрінер сонда бір ағаш.
Алты мың кез ұзыны,
Жуандығы мың құлаш.

Аспанның асты аясы,
Жер шарының жаясы.
Сол тау менен ағаштың,
800 Бірдей болар саясы.

Сол ағашқа барарда,
Жол берер таудың қиясы.
Самұрық деген бір құс бар,
Сол ағашта ұясы.

Адамзаттай ақылды,
Тамам құстың данасы.
Ұяда жатыр баласы,
Жем іздеп ұшар анасы.

Баласы үшін қайғырып,
810 Бойында қалмас зәресі.

Самұрыққа ежелден,
Айдаһар қас қарашы.
Айдаһарға сол құстың,
Келе алмай жүр шамасы.

Басына ұя салады,
Екіден бала табады.
Жалмап-жұтып айдаһар,
Жылдағысын жылда алады.

820 Жылдағысын жылда жер,
Самұрық болған арам тер.
Себеп болар байғұсқа,
Қайрат қылса сіздей ер.
Сол құсқа тура келтіріп,
Құдай, өзің тілек бер.

Дұшпанына қас қылсаң,
Көңілін ерітіп мас қылсаң.
Бар мұңыңды құсқа айтып,
Құсқа өзінді дос қылсаң.
Мұратыңа жетерсің,
830 Құспен ұшып кетерсің.

Жеті жылдық дариядан,
Қарағым, сонда өтерсің.
Жүйрік аттай шабарсың,
Нұрғазарды табарсың.

Ғайнижамал Мәлике
Қолынан құсты табарсың.
Құдай қосса, бірге алып,
Қайта бері саларсың.

Нұрғазарды аларсың,
840 Мейірленіп қанарсың.
Азаптанып алғанша,
Неше өліп, таларсың.

Есен барып, сау қайтсаң.
Батырым, сонда жарайсың.
Мен сорлыны еске алмай,
Басқаға бетті бұрарсың.

Мен болармын қарабет,
Келмей кетсең өзің шет.
Қош, қарағым, аман бол,
850 Мұратқа жет, болсын жол!

Зарлап келіп қыз сүйді,
Екі беттен оңды-сол.
Бір-біріне бас иді,
Айқаласып жұмыр қол.

— Жанып-күйіп жатайын,
Жолыңа нияз атайын.
Жәрдем берсін, Құдайым,
Басқа нені айтайын.

Тілеу тілеп жылаймын,
860 Бағым аш деп Құдайым.
Жолыңды Алла оңғарсын,
Жемейін қайғы-уайым.

— Жолымды берсе менің бар Құдайым,
Келмейді деп қаңғырып жеме уайым.
Тірі боп Нұрғазарынды алып қайтсам,
Ғашық жар, Құдай қосса, тастамаймын.

Екеуі құшақтасып айрылады,
Гүлбаһрам осылайша зар жылады.
Қарасы ер Қасеннің үзілгенше,
870 Жасыған жездей болып майырылады.

Ер Қасен дұға қылып жүре берді,
Қыздың айтқан тауына жақын келді.
Тас ойып табандарын жара қылып,
Шыға алмай тау басына зар еңіреді.

Бек үлкен көрінеді бір бәйтерек,
Бой тұрқы басқа ағаштан биігірек.
Жанына жылжи-жылжи жақындады,
«Ағашы қыздың айтқан осы ма?» деп.

880 «Құдай-ау, сақтай гөр, — деп, — мені» жүрді,
Беліне екі етегін бекем түрді.
Аралап көп ағашты есі шығып,
Бейшара әлгі ағашқа жақын келді.

Балапан ұядағы шуылдайды,
Жүрегі зәресі ұшып зуылдайды.
«Зиянсыз мен мүсәпір адаммын» деп,
Ер Қасен айғай салып адымдайды.

Ұмтылып жігер тасып, ерлік асып,
Сөзінен жаза басып жаңылмайды.
Жұмысын бастан-аяқ баяндайды,
890 Ашылды тыныс сарай қарылмайды.

Шуылдап балапандар жылайды зар,
«Сіздерге қас қылмаймын, жануарлар».
Самұрық адам тілін білер деген,
Сол сөзі қыздың айтқан есінде бар.

— Жан едің нағып жүрген, ей, адамзат,
Сізден біз шошып тұрмыз бек қабағат.
Сізді біз анамызбан дос қылайық,
Қоя гөр жанымызды сау-саламат.

— Балапан, сөздеріңе жетемісің,
900 Мені дос анаңызбен етемісің.
Уағда ақ көңілмен беріңдерші,
Қапыда бірер жазым етемісің?

— Адамзат, бізге келген сіз бір мейман,
Тілей гөр тілегінді бір Құдайдан.
«Уағда — Құдай аты» деген сөз бар,
Әуелі жөніңді айтшы, келдің қайдан?

— Балалар, мен жөнімді айтпан саған,
Айтар болсам, жөнімді, келсін атаң.
Жөнімді сонда бір-ақ білерсіңдер,
910 Сендердің әзір айтсам келмес шамаң.

— Атамыз жеп қояды сізді көрсе,
Біз сізді дос қылайық шама келсе.
Бар еді қауіпіміз айдаһардан,
Ала гөр, арашалап шамаң келсе.

— Қайтемін, атаң келіп мені көрсе,
Ап етіп, не амал бар жесе жемше?
Қан қарыз ақыретке жүктеп барар,
Опық жеп көп өкініп өле-өлгенше.

Күшімді айдаһардан аямаймын,
920 Алармын арашалап әлім келсе.
Өлтіріп ол дұшпанды мен көрейін.
Жар болып Жаппар Ием медет берсе.

— Жасырынып сіз жата тұр бір шұңқырға,
Дұшпанды біз айталық келсе мұнда.
Келетін айдаһардың уақыты болды,
Көз қырын сала жатқын біз пақырға.

Ер Қасен бір шұңқырға барып жатты,
Үстіне жамылады жапырақты.
Дамылсыз неше күндей жүрген байқұс,
930 Маужырап жатқан жерде ұйықтап қапты.

Ер Қасен бір заматта қимылдайды,
Дүрсілдеп жүрек тулап зуылдайды.
Шошынып, орнынан тұра келсе,
Балапан ұядағы шырылдайды.

Ер Қасен өзі батыр, Құдайы жар,
Күшіне ешқандай күш болмаған пар.
Қараса көзін ашып бәйтерекке,
Тік өрлеп бара жатыр бір айдаһар.

Айдаһар балапанға барады өрлеп,
940 Балапан шырылдайды зар еңіреп.
Қолына қанжар алып жүгіреді,
«Иә, Алла, маған өзің жәрдем бер» деп.

Ақырып айдаһарға барады енді,
Айдаһар мойнын бұрып қарады енді.
«Құдайым, өзің қуат бере көр» деп,
Қанжарын айдаһарға салады енді.

Қасенге Алла берді қайрат-күшті,
Дұшпаннан неге көрсін қорлық істі.
«Иә, Алла» деп қанжармен шапқанында,
950 Тажалдың басы жерге ұшып түсті.
Боршалап балапанға етін берді,
Тояттап балапандар мәз болысты.

— Азамзат, мығым екен қайрат-күшің,
Жалғанда естен кетпес қылған ісің.
Жатыңыз шұңқырыңа қайта барып,
Анама дос қылайық Құдай үшін.

Ер Қасен шұңқырына барып жатты,
Тағы да жамылады жапырақты.
Алып көк бір сағатта қарауытты,
960 Ағашты солқылдатып бұлт жапты.

Жел соғып, жаңбыр жауып, бұршақтатты,
Екпіні болады екен сондай қатты.
Дауысы күркіреген күндей болып,
Түңіліп шыбын жаннан үміт қашты.

Ол дауыл бәйтеректі солқылдатты,
Еңкейтіп үш мәртебе иді басты.
Болғандай дәл қиямет тау басында,
Боп жатты қара түнек аспан асты.

Тас ұшып сай-салада салдыр-гүлдір,
970 Шүмектеп дауыл ұрып, жаңбыр шашты.

Қаһары Жаратқанның қайтқандай боп,
Күн бір кез боран тоқтап, көзін ашты.

— Анамыз енді қайтты етке кеткен,
Бораны — қанат желі екпіндеткен.
Болғаны қара түнек — қалың қайғы,
Жауыны — «тірі ме?» деп жасы төккен.

Анамыз екпінімен келген кезі,
Бәйтерек төтей алмай ол шөккені.
Көргенде төбемізді қуанғаны,
980 Әуеден бұлт ашылып, бұлт кеткені.

Екі айыр бір денеде бас бар екен,
Төгілген осы маңның тастары екен.
Қасенге көрсетті ол өңі-түсін,
Шошыды көзбен көріп қайрат-күшін.
Зар еңіреп келерінде жылайтыны,
Қауіпі айдаһардан болғаны үшін.

Самұрық ұясына келіп қонды,
Қонғанын самұрықтың Қасен көрді.
Тырнақтың ұзындығы отыз құлаш,
990 Отыз бұғы-маралды алып келді.

— Бармысың, балаларым, есен-аман,
Қорқыныш айдаһардан келді маған.
Қалды ма, қарақтарым, қарның ашып,
Ап келдім бұғы-марал, міне, саған.

— Ей, ана, сыйыныңыз бір Құдайға,
Сізге айтсақ көрген істі ұнамай ма?
Ап келген азығыңды кейін жерміз,
Біз өзір тойып тұрмыз аппақ майға.

— Көңілім сендерді ойлап болды жарым,
1000 Айдаһар жаннан асқан ол бір залым.
Ұяда мен кеткенде жем жоқ еді,
Тойдыңдар жемге қайдан, балаларым?

— Тілесек, тілек берер Хақ Тағала,
Шарасыз жанға Құдай өзі пана.
Қауіпті дұшпаныңның етін жедік,
Ей, ана, тамаша қып төмен қара.

Самұрық көрді жауын төмен қарап:
— Бір жаным залымды ойлап, болған хараб.
Жалмаған тірі жанды залым еді,
1010 Қандай жан, қарақтарым, қылды сауап?

— Ей, ана, бізге келді жалғыз мейман,
Екенін танымаймыз келді қайдан?
Ей, ана, сол мейманға жақсылық қыл,
Бар болса, үмітіңіз бір Құдайдан!

Жол бар ма жақсылыққа дұшпан болған?
Ғайыптан бір қонақ кеп бізге қонған.
Өлтірді қонағымыз айдаһарды,
Жанымыз сол себепті аман қалды.

Болмаса, сол бейшара, бізді алып жер,
1020 Ашыған бізге жаны ол да бір ер.
Жалғанда біз разы болсын десең,
Ей, ана, сол адамның тілегін бер.

— Еткені қонағыңның айла, — дейді,
Айлаға сенде айла сайла, — дейді.
Жақсылық не қылармын, не қылмаспын,
Әуелі сол қонағың қайда? — дейді.

Ер Қасен мына сөзді естіп білді,
Қимылдап шұңқырынан шығып тұрды.
Қыранның қылп еткенге мінезі ғой,
1030 Қасенді ап жегелі тұра ұмтылды.

Жұтқалы ер Қасенге қадам қойды,
Кім білер ішіндегі сырлы ойды.
«Міне, осы жақсылыққа сыйлығым» деп,
Қасенді ап еткізіп жұтып қойды.

Жақсылық ер Қасенге қылынбады,
Жақсылық қайда кетті қылынғаны?
Зар еңіреп балапандар анасына:
— Бізді де жұт онда, — деп шырылдады.

1040 Анасын жемсауынан сүйреледі,
Екеуі екі жақтан үймеледі.
— Құдайдан үміт етсең, таста жылдам,
Тастай көр, досымызға тиме, — деді.

Бүрмелеп жемсауынан ұстап алды,
Құрбан қып екеуі де шыбын жанды.
— Жетпеді, өттеген-ай, уақыты, — деп,
Самұрық Қасен ерді жерге салды.

Қып-қызыл Қасен шықты балдырғандай,
Бойынан ауыр жүгін қалдырғандай.
Болса егер ұжмақтағы хор қыздары,
1050 От беріп, мұз жүрегін жандырғандай.
Денесі бұрынғыдан екі есе артып,
Бір салса айдаһарды талдырғандай.
Ақылға алғырлығы сайма-сай боп,
Жаннаттан нұр ауысып алдырғандай.

— Шықты ма сау-саламат мейман ағаң,
Ақылсыз балалықпен болдың надан.
Шырылдап жемдігімнен бүргеніңде,
Тырнағың азаптады мені жаман.
Аядым бір жағынан өздеріңді,
1060 Қамқоршы мен болған соң ғаріп анаң.
Қайдағы еске түсіп ескі күндер,
Қырық жыл жылан жұтқан сексен балам.
Аналық мейірім менің қозып кетіп,
Дос тұтқан қонағыңды асай салғам.
Аялдап жарты сағат жатқаныңда,
Дүниеде болар едің алып адам.
Жете алмай мұратыма тез қайтардым,
Құдайдың құдіретіне бар ма шарам?

1070 Бай болған жоқ болғанға қараса ма,
Бақытты бақытсызға таласа ма?
Жауабы ақыретте қиын болар,
Болмағым досқа дұшпан жараса ма?

Самұрық сырын айтты таза тақыр,
Балалар анасына ұйыды ақыр.
Түсірді көлеңкесін күндік жерге,
Саясын Қасен ерге қылды шатыр.

Самұрық енді сөйлеп берер жауап,
Жақсылық жақсылыққа етіп сауап:
— Ашуым келіп еді бек қабағат,
1080 Көзіңді аш, қорықпа енді, ей, азамат!

Орнынан Қасен батыр түрегелді,
Ибамен қол қусырып, сәлем берді.
Самұрық адам тілін құп біледі:
— Уағаләйкүм ассалам, балам! — деді.

Сен кімсің жаяу жүрген сөйле, балам,
Өтірік-жалған айтып өлме, балам.
Жақсылық балаларға сен істепсің,
Жеткізсін мұратыңа Хақ Тағалам.

Ер Қасен ой-қиялға сондай зерек:
1090 — Самұрық, тыңдасаңыз сөзімді елеп.
Жақсылық балаларға қылған болсам,
Жақсылық мен де сізден көрсем керек.

— Аяман қолдан келген жақсылықты,
Қонақ қып сізді маған тапсырыпты.
Келесің азып-тозып немене іздеп,
Келетін біздің қолдан жұмыс болса,
Шамамша жақсылықты қылсам керек.

— Самұрық, ісің жоқ қой қолдан келмес,
Достым деп бір айтпасаң көңілім сенбес.

1100 Екі зат бірдей болып қосылмаса,
Арманым өле-өлгенше түгесілмес.

— Ей, достым, дұшпандықтың түрі жаман,
Білмейді дос болғанды кейбір надан.
Жақсылық қолдан келсе аянбайын,
Болғанда айтпақ сізден, тыңдау бізден.

— Жапанда жаһан кезген мен бір сарсаң,
Үйімнен мен шыққалы әлдеқашан.
Бейнетім жолда көрген толып жатыр,
Айтайын баян қылып құлақ салсаң.

1110 Ұйқыда бір күн атам түс көріпті,
Түсінде бір ғажайып құс көріпті.
Сол құсқа құдіретше ғашық болып,
Қауышу ол құспенен күш болыпты.

Ауызбен айтып болмас құстың түсін,
Сол құсты іздеп шықтым атам үшін.
Болады құстың аты — Нұрғазарын,
Аузынан сөйлегенде гүл төгілер,
Қарашы, Жасағанның құдірет-күшін.

Атамыз соны көріп болды ғашық,
1120 Бар болған мал-мүліктің бәрін шашып.
Сарғайып сәнаменен жатып қалды,
Жүре алмас түрегеліп қадам басып.

Жиылып қырық молда кітап ашқан,
Халықтың көкірегін қайғы басқан.
Мал-мүлкін, бақ пен тағын талақ қылып,
Түнде ұйқы, күндіз күлкі қалды астан.

Бір тастан хабар алдық жалғыз хаттан,
Айрылдық аға-іні, мінген аттан.
Ей, тақсыр, білесіз бе соның жайын,
1130 Тілек қып іздеп жүрмін жалғыз Хақтан.

Ей, тақсыр, мәлім болды сізге зарым,
Кез қылған сізге мені Құдірет Кәрім.
Мәнісін ендігінің сіз табыңыз,
Қайғының көңілімдегі айттым бәрін.

— Ей, Қасен, айтқаныңның бәрін ұқтым,
Атаңның қарызы үшін әлден зыттың.
Апыр-ай, жаным балам, неткен ерсің,
Ғайыпты түсте көрген жори шықтың.

1140 Ей, достым, Зыһыр шаһары қиын еді,
Жын-шайтан мекен еткен, дию-пері.
Тым қиын Нұрғазарын тұрған жері,
Ол жерге барған емес ердің ері.

Бұл іске [басқа] түскен барса-келмес,
Ешбір жан адамзаттан барған да емес.
Адамның ол шаһарда мысқал еті,
Бір жармақ мың ділдәдан түскен емес.

1150 Жыл жүрсе жете алмайды адам онда,
Ей, достым, тілімді алсаң барма сонда.
Дария бар жеті түрлі жеті жылдық,
Қатері сондай қатты бұл жалғанда.

От теңіз, су теңізі, ірің-лат,
Жел теңіз, сынап теңіз және зұлмат.
Бұл енді аса қатер, бек қиын жол,
Қайтыңыз өте алмайсыз, ей, адамзат.

— Көңілім Нұрғазарды алсам тынар,
Сол құсқа қасиетті атам құмар.
Самұрық сізбенен дос болғаннан соң,
Мені сіз апарад деп үмітім бар.

1160 Көңілі самұрықтың сынып кетті,
Сүйегі қорғасындай еріп кетті.
— Достықтың құрметі үшін ап ұшайын,
Сен менен жолда өлсең көрме, — депті.

— Самұрық, сен де бір ер, мен де бір ер,
Қысқарар сіз ұшсаңыз бірталай жер.
Алладан шын көңілмен біз тілесек,
Жаратқан Хақ біздерге көмек берер.

— Ей, достым, айтқаныңның бәрі рас,
Құдайым қуат берсе, қиын болмас.
Тұлыпқа жеті марал салып алып,
1170 Самұрық қайраттанып ұрды құлаш.

Самұрық шырқап ұшты жоғары өрлеп,
«Құдай-ау, берер қуат өзіңнен» деп.
Көрінді жердің жүзі табақтай боп,
Келеді Қасен байқұс зар еңіреп.

«Құдай-ау, ұшқан құсқа жолдас қылдың,
Көк теңіз орнындай ғой бір басқұрдың.
Мінгізіп екі басты алып құсқа,
Тәнімді қара жерге қонбас қылдың».

— Ей, Қасен, не көрінед төмен қара,
1180 Күпірлік қылып жүрме, Қасен бала.
— Қараңғы зұлмат болып көрінеді,
Жер жүзі, теңіз бен көл, тау мен дала.

— Ей, Қасен, біз келеміз әлі төмен,
Адамға артық дұшпан пері деген.
Мұстафа Нұр Мұхаммед, Әли Айдар,
Сұрайық медет бер деп әулиеден.
Самұрық тынбай ұшып қылады зар:
— «Есім Ағзамды» оқи көр, сиқырлар бар.

Періштенің таспиғы сылдырлайды,
1190 Аңдаусызда шайтан деп атып салар.
Бұл жолдан ажал жетсе құтылмаймыз,
Болса да бір адамның мың жаны бар.

Самұрық зарлап ұшып келеді енді,
Тағдырдың не жазғанын көреді енді.

Бір кезде ұшқан күнді есеп қылып,
Күн мен түн жиырма екі болған еді.

— Біз өттік от теңізден қанат қағып,
Келеміз су теңізде арып-талып.
Анау бір боран теңіз, тез өтелік,
1200 Иә, Қасен, бір тойғыз, — деп тіледі азық.

Самұрық бір жегенде мол-ақ жайды,
Әйтпесе талықсырап қонам дейді.
Ұшады тау қаңбақтай, тас бұршақтай,
Құдай-ау, бұл не деген боран дейді.

Самұрық заулап ұшып одан өтті,
Өткен соң күн ашылып боран кетті.
Құс ұшып көлденеңі өте алмайтын,
Бір дария шалқар теңіз соған жетті.

Күн-түні тынбай ұшып одан да өтті,
1210 Теңізге сынап деген барып жетті.
Сынаптан жұлдыздай боп ағып өтті,
Зұлматқа қараңғылық барып жетті.

Азаптың ең қаттысы зұлмат деген,
Көзіне ешбір нәрсе көрінбеген.
Сіркедей саңылауы жоқ қараңғылық,
Қасен ер не қылам деп, зар еңіреген.

Азығы арқасында бір-ақ марал,
Қонарға көрінбейді жалғыз арал.
Маралды өзі жемей сақтап еді,
1220 Қарны ашып самұрықтың құрыды хал.

Самұрық тамақ бер деп ізет етті,
Қасенді қауырсыны қысып кетті.
Маралды «мінеки» деп ұсынғанда,
Қолынан абайсызда түсіп кетті.

Самұрық халі бітіп төмендеді,
Ажалды тағдыр енді көгендеді.
Сан етін кесіп алып Қасен сонда:
— Мінеки, мына етті жегін, — деді.

1230 Соны жеп құс қайратын алып кетті,
Зұлматтан қараңғылық ағып өтті.
Зұлматттың ар жағына түскеннен соң,
Самұрық әлі құрып талып кетті.

Қасеннің енді көңілін қайғы басты,
Көзінен зар еңіреп төкті жасты.
Талықсып құс әлсіреп кеткен екен,
Бір кезде есін жиып, көзді ашты.

— Қасен-ау, маған бердің алты марал,
Біреуі жоқ болған соң құрыды хал.
Азығың соңғы берген ненің еті,
1240 Жан достым, өлер шақта болдың ғой жар.

— Талап қып тауып едім талай жерден,
Бейнетім толып жатыр өзің көрген.
Маралым қолымдағы түсіп кетіп,
Сан етім соңғы сізге кесіп берген.

Самұрық сипап санды қанатымен:
— Сендей ер көрмедім, — деп, — дүниеден.
Қанаты самұрықтың дәрі болып,
Құдайдың сан ет толды құдіретімен.

1250 Қырық екі күн дегенде түсті барып,
Тынығып, аунап-қунап демін алып.
Сол жерде демалысты екі ғаріп,
Қарайды әр тарапқа көзді салып.

Бір шаһар көрінеді жасыл гауһар,
Жақұттан, інжу-маржан үйлері бар.
— Иә, досым, не екенін білемісің,
Бір шаһар күнмен бірге оттай лаулар.

- Сөйлейді ер Қасенге самұрық палуан:
— Ол шаһарды дию мен пері салған.
Нұрғазарын тұрған жері осы болар,
1260 Адамзат жетеді екен көңілге алған.
- Шаһабыл Зыһыр шаһары осы болар,
Жиылған жын мен шайтан, диюлар бар.
Қырық күн еш қам қылмай, ұйықтап алып,
Онан соң қырық күн аспанда ойнар.
- Ұғып ал, Қасен досым, мені десең,
Тез орал құсты алып болмай кешең.
Күн болды отыз алты ұйықтамағалы,
Мен кетем үш күн тосып сен келмесең.
- Естіші, Қасен досым, сөзімді ұғып,
1270 Ұйықтайды дәл қырық күн ол тынығып.
«Аллаға тәуекел» деп қорықпай бар,
Тілеулес боп жатайын мен де бұғып.
- Қасенге самұрық құс берген ақыл,
Ер Қасен қорықпай, саспай келе жатыр.
Қолында бір-бір таудай шоқпары бар,
Диюлар Қасен келсе, ұйықтап жатыр.
- Сақтай гөр, Пәруардигар, Қасен ерді,
Көрген соң диюларды қайғы жеді.
Атаның көрген түсі есінде бар,
1280 Аралап сол шаһардың бәрін көрді.
- Шаһарды екі күнде аралады,
Нұрғазарын құсты іздеп таба алмады.
Алдында күміс қақпа көрінеді,
Бармаққа енді соған шамалады.
- Сол екен есік ашса — Еренбағы,
Жан тоймас қызығына бақшадағы.
Оң жақта жасыл гауһар бір тақыт бар,
Үстінде бір қыз жатыр сақиналы.

Еті аппақ жауған қардай, беті айдай,
1290 Ерітер тірі жанды сары майдай.
Бетінен бедерленген нұр шашырап,
Жатыпты бала құдай сәнін жоймай.

Таңшолпан бекер екен күлімдеген,
Қарап тұр нұр сағымға көзі тоймай.
Басқаша екі беттің қызылдығы,
Жаңадан ақша қарға тамған қандай.

Ақ білек омырауын баса жатқан,
Жан тоймас жамалына нұр жанғандай.
Сипаты ерінінің ерекше екен,
1300 Көмекейі бүлкілдейді бал сорғандай.

Жүрегі жаралса да қатты мұздан,
Шыжытып шыбын жанды бір алғандай.
Осындай перізатта қыз жаралмас,
Аз тұрды тамашалап есі қалмай.

Жалғанда сондай қызды көрген емес,
Қыла гөр, өзің рақым, Патша Құдай.
Пісулі неше түрлі тағам көрді,
Деген сөз ойланбайды ойында бар
Бір тойып алайын деп үміт қылды.

1310 Бір кесе ішейін деп шарап алды,
Сақтық қып жан-жағына қарап алды.
Аузына қолын алып апарғанда,
«Ей, ішпе!» деген әуез айқай салды.

Ер Қасен жүрегі ұшып, сасып қалды,
Өлімді сонда бір-ақ ойына алды.
Қараса жан-жағына дәнеме жоқ,
Қасен ер немене деп қайран қалды.

Шегініп, тағы тұрды кейін қарап,
Тағы да ішейін деп қылды талап.

- 1320 Көзіне жанды нәрсе көрінбейді,
Бір нәрсе төбесінде күлді сақ-сақ.

Жоғары тұрған екен Нұрғазарын,
Жақұттан жасаттырған тақыттарын.
Қасен ер бек қуанды құсты көріп,
Ұмытты көңіліндегі қайғыларын.

Қасен ер жетіп барды сонда құсқа:
— Рақым қыл, ей, Нұрғазар, мен байқұсқа.
Алайын деп қолын созды Нұрғазарға:
— Жалғанда тілегім жоқ сенен басқа.

- 1330 — Дию қарайд, менің ием бұл перізат,
Ұмтылма мені алам деп, ей, адамзат.
Сайрармын ашулансам қатты күліп,
Оянар дию-пері болып фариад.

Сен мені алып кетіп қылма жетім,
Қалмайды, пері оянса, мысқал етің.
Өлімге жаным ашып қимай тұрмын,
Сенің де бар болғай деп есі-дертің.

- Айтайын, Нұрғазарын, өткен сөзден,
Ер Қасен атым менің жаһан кезген.
1340 Түс көріп атам сізге ғашық болып,
Ел-жұрттан, бақыт-тақтан бірдей безген.

Үшеу ек ағайынды келе жатқан,
Бір тастан хабар алдық жазған хаттан.
Атаның өлсек — шейіт қайғысы үшін,
Жанымды тілемеймін жалғыз Хақтан.

— Мәлике — менің ием сіз іздеген,
Болмақ па оған оңай қайғы деген.
Тұрмайды адам сөзде опасы жоқ,
Бармаймын, үз күдерді енді менен.

- 1350 — Ағайынды үшеу ек бірге туған,
Сізді іздеп бейшара боп дүние қуған.
Жүріңіз тілімді алып, Нұрғазарын,
Сіз үшін ғаріп жаным болсын құрбан.

Айтайын көргенімнің бәрін сөйлеп,
Бұл жолы самұрықтан болды себеп.
Жеті қыл теңіз екен жеті жылдық,
Азыққа етім кесіп көрдім бейнет.

- Ей, Қасен, мен сөйлейін сөзіме бақ,
Астында Ғайнижамал алтыннан тақ.
1360 Қанынан жалғыз ұрттам жерге тимес,
Мың теңге мысқал етің жөніңді тап.

Көрдің бе Мәликенің алтын тағын,
Жаралған жаннаттай боп Еренбағын.
Аузынан айдаһардың кірген шәрбат,
Бұлақ боп құйрығынан аққан ағын.

Қолына адамзаттың бара алмаймын,
Ашылмас онда барып менің бағым.
Опасыз адамзаттар айттым жаңа,
Қорланып онда болсам сынар сағым.

- 1370 Қой, Қасен, мен бармаймын не қылсаң да,
Маған жоқ мұндай мекен бұл жалғанда.
Жын-шайтан, дию-пері бәрі асыл зат,
Жалғанда не қызықтың бәрі сонда.

Қасен сонда жырлайды,
Көп жалынып жылайды.
Зарын оның тыңдасаң,
Тұла бойың зырлайды.

- Біразырақ жылайын,
Бекер қарап тұрмайын.
1380 Ішімдегі дертімді,
Шығармай қайтіп тұрайын.

Шығарайын дертімді,
Қара қылма бетімді.
Қарыз қылып мойныма,
Атама айтқан сертімді.

Жете алмасам сертіме,
Шапағат болмай дертіме.
Жанымды қорғап қайтейін,
Перілер тойсын етіме.

1390 Сенен келер дәрмен жоқ,
Қасыңда өлсем арман жоқ.
Бейнет тартып іздедім,
Өртеніп, жанып болдым шоқ.

Арман қатты, дертім зор,
Жүрмеймін деп қылдың қор.
Өлі арылған жоқ екен,
Маңдайдағы қалың сор.

Ішімде көп дертім бар,
Атама айтқан сертім бар.
1400 Айналайын Нұрғазар,
Бармаймын деп қылма зар.

Сөзімді шын деп біліңіз,
Ес қылып мені жүріңіз.
Асыл туған бұлбұлсың,
Шаһарымда күліңіз.

Жайнап тұрған бір гүлсің,
Жаным соған қиылсын.
Мені есіркеп жүріңіз,
Көзімнің жасы тиылсын.

1410 Жолда көрдім көп бейнет,
Көрсетті соны күдірет.
Сені көріп атамыз,
Дәурен сүрмек ғанибет.

Атам көрген түсінде,
Бейсенбінің кешінде.
Сізге зар боп жатыр ғой,
Ғашық оты ішінде.

Ғашықтық кезең асырмас,
Жасылдай көзі ашылмас.
1420 Сені көрмей, Нұрғазар,
Әкемнің мауқы басылмас.

Асан, Үсен екі ағам,
Бірге іздеген бауырлас.
Екеуі еске түскенде,
Тамақтан өтпес ішкен ас.

Екі ағам маған танылмас,
Қайғылы көңілім ашылмас.
Сізді іздеп, Нұрғазар,
Бейнет тартты ғаріп жас.

1430 Түскенім барса-келмес жол,
Бейнет берді Алла мол.
Әлі арылған жоқ екен,
Маңдайдағы қалың сор.

Бұлбұлым, сенен торықтым,
Жылай-жылай зорықтым.
Келе жатып бұл жолда,
Қу кемпірге жолықтым.

Киік болдым бір сағат,
Бейнет көрдім қабағат.
1440 Құдай рақым қылған соң,
Онан да шықтым саламат.

Кез болдым жолда бір қызға,
Нұр сипатты хор қызға.
Көп жақсылық сол қылды,
Айтайын соны, сіз тыңда.

Адам қылды үшкіріп,
Қарап қалдым бұл қызға.
«Қу кемпірден дірілдер»,
Деді аспан да, жұлдыз да.

1450 Гүлбаһрам аты екен,
Айтқан сізді бұл қыз да.
Бар сөзімді айтайын,
Мені ынтызар сіз қылма.

Онан кеттім айрылып,
Жасыған жездей майрылып.
Қанша жылап зар қылса,
Қарамадым қайрылып.

Көп қатерлі жол көрдім,
Айдаһар көрдім, көл көрдім.
1460 Дұшпанын жеңіп, мұң шағып,
Самұрыққа қол бердім.

Сол құстың екі басы бар,
Бес жүзге келген жасы бар.
Тілегімді баян қып,
Сол құсқа жылап қылдым зар.

Сонымен болдым шын жолдас,
Неше күндей жүрдім аш.
Жеті тылсым теңізден,
Сол өткізді сандуғаш.

1470 Сөйтіп сізді іздедім,
Дүние жүзін кезгенім.
Құдай тілек берер деп,
Сізден үміт үзбедім.

Құдай тілек берген соң,
Сізді көзім көрген соң.
Алмай қайтіп қайтамын,
Іздеп сізді келген соң.

Атам көрген түсінде,
Бейсенбінің кешінде.
Сізге зар боп жатыр ғой,
Ғашық оты ішінде.

Ғашықтық кезең асырмас,
Жасылдай көзі ашылмас.
1420 Сені көрмей, Нұрғазар,
Әкемнің мауқы басылмас.

Асан, Үсен екі ағам,
Бірге іздеген бауырлас.
Екеуі еске түскенде,
Тамақтан өтпес ішкен ас.

Екі ағам маған танылмас,
Қайғылы көңілім ашылмас.
Сізді іздеп, Нұрғазар,
Бейнет тартты ғаріп жас.

1430 Түскенім барса-келмес жол,
Бейнет берді Алла мол.
Әлі арылған жоқ екен,
Маңдайдағы қалың сор.

Бұлбұлым, сенен торықтым,
Жылай-жылай зорықтым.
Келе жатып бұл жолда,
Қу кемпірге жолықтым.

Киік болдым бір сағат,
Бейнет көрдім қабағат.
1440 Құдай рақым қылған соң,
Онан да шықтым саламат.

Кез болдым жолда бір қызға,
Нұр сипатты хор қызға.
Көп жақсылық сол қылды,
Айтайын соны, сіз тыңда.

Адам қылды үшкіріп,
Қарап қалдым бұл қызға.
«Қу кемпірден дірілдер»,
Деді аспан да, жұлдыз да.

1450 Гүлбаһрам аты екен,
Айтқан сізді бұл қыз да.
Бар сөзімді айтайын,
Мені ынтызар сіз қылма.

Онан кеттім айрылып,
Жасыған жездей майрылып.
Қанша жылап зар қылса,
Қарамадым қайрылып.

Көп қатерлі жол көрдім,
Айдаһар көрдім, көл көрдім.
1460 Дұшпанын жеңіп, мұң шағып,
Самұрыққа қол бердім.

Сол құстың екі басы бар,
Бес жүзге келген жасы бар.
Тілегімді баян қып,
Сол құсқа жылап қылдым зар.

Сонымен болдым шын жолдас,
Неше күндей жүрдім аш.
Жеті тылсым теңізден,
Сол өткізді сандуғаш.

1470 Сөйтіп сізді іздедім,
Дүние жүзін кезгенім.
Құдай тілек берер деп,
Сізден үміт үзбедім.

Құдай тілек берген соң,
Сізді көзім көрген соң.
Алмай қайтіп қайтамын,
Іздеп сізді келген соң.

Сөзіме менің сеніңіз,
Көзімнің жасын көріңіз.
1480 Зарлық етіп тіледім,
Тілегімді беріңіз.

Енді маған сеніңіз,
Құдай үшін еріңіз.
Атамыздың дерті үшін,
Маған көңіл бөліңіз.

Зарына құстың көңілі қозғалады:
— Арманда жүріп кетсем қыз қалады.
Сырласым не заманнан Мәлике ару,
Зарығып, уайым жеп сандалады.

1490 Көңілім еріп кетті арбаған соң,
Обал ғой бейшараға бармаған соң.
Жүрмекке Нұрғазар құс көңіл берді,
Ер Қасен мұңын айтып зарлаған соң.

— Ғайнижамал Мәлике ұйықтап жатқан,
Теңі жоқ мына жүрген перізаттан.
Мойныма обалыңды арта бердің,
Жаратқан мен қорықтым жалғыз Хақтан.

Ей, Қасен, жауап айтсам енді саған,
Қор болмас бұл жалғанда патша болған.
1500 Көрейін ерлігіңді осы жерде,
Белгі сап ана қызға берші маған.

Ол қызға барсаң егер қорықпай бар,
Қолыңдағы жүзігін суырып ал.
Бар болса өз жүзігің белгі болсын,
Сен дағы ауыстырып қолына сал.

Белгіңнің тиянақты аты қалсын,
Қай ықылым, патшалық заты қалсын.
«Теңімді Нұрғазарын тауыпты» деп,
Патшайым білгірлікпен бізге нансын.

1510 — Разы, Нұрғазарын, болдым саған,
Сен бар десең, барайын енді соған.
Бүлдіріп кетпес пе екен Мәлике қыз,
Жабысып айрылмастай енді маған.

— Ей, Қасен, оянбайды маған нансаң,
Сені мен ер деп білем қорықпай барсаң.
Уақыты толмай оянар деп ойлама,
Талқандап бар мүшесін кесіп алсаң.

«Тәуекел!» барайын деп ойына алды,
Ер Қасен болады деп, айтып салды.
1520 Нұрғазарын айтқаныңды істейін деп,
Пердесін пері қыздың ашып қалды.
Ұқсаған ай мен күнге бір қызыл гүл,
Ер Қасен ерлікпенен бұзып-жарды.
Үйректей қаршыға алған барып іліп,
Бауырына жұмыртқадай басып алды.

Нұрғазарын құс күлді сонда сақ-сақ,
Аузынан гүл төгілді табақ-табақ.
— Сонда апар, қайда апарсаң, жолың болсын,
Жүріңіз сізге бердім шын рұқсат.

1530 Жүзігін Мәликенің Қасен алды,
Суырып өз жүзігін қызға салды.
Қолына Нұрғазарын қондырып ап,
Қасына самұрықтың жетіп барды.

Кеш кіріп бара жатыр түнге айланып,
Тұрады біраздан соң жын сайланып.
Самұрық қайтар жүзін түзулетіп,
Тұр еді ұшуға сәт ыңғайланып.

— Келдің бе, ей, жан досым, есен-аман?
— Жол берді бек қайырлы Құдай маған.
1540 Самұрық, сен болмасаң табар ма едім,
Жалғанда разымын, достым, саған.

— Келдің бе, ей, жан досым, аман-есен,
Неліктен үш күн өтті, келдің кешең?
Тағы да достық үшін тостым бір күн,
Неғұрлым тездетейік маған десең.

Тек маған разы бол, жарықтығым,
Тіледім тілеуіңді Құдайдан шын.
Тынығып тосып тұрмын азықпенен,
Ұшайын мен тез алып, арқама мін.

1550 Жабысты арқасына Қасен батыр,
Жабыспай Құдай салса, қайтсін ақыр.
Секілді жасыл доға жарқ-жұрқ етіп,
Самұрық құлаш ұрып келе жатыр.

Қасеннің іздеп барған ісі бітті,
Теңізден жеті тылсым аман өтті.
Күш беріп пері азығы айлық жолды,
Қусырып сегіз күнде келіп жетті.

Самұрық ұясына есен кепті,
Жібермей ер Қасенді қонақ етті.
1560 Ұйықтап аунап-қунап демін алып,
Ұяда көңілі тасып үш күн өтті.

Бір күні Қасен айтты: — Самұрық батыр,
Тілекке сізбен жүріп жеттім ақыр.
Берсеңіз сіз рұқсат, қайтсам екен,
Зарығып жатқан шығар әкем пақыр.

— Берейін мен рұқсат, достым, саған,
Болыңыз разы-қош енді маған.
Тұруға да бұдан былай рұқсат жоқ,
Оңғарсын өз жолыңды Хақ Тағалам.

1570 Самұрық ап кеп берді бір желмая:
— Бұған мін, жаяу жүрме, жаныңды ая.
Және де бір тал қанат жұлып берді:
— Әрқашан жаныңызға болар сая.

Қанатты қасиетті жанға берме,
Түседі сая болып күндік жерге.
Жақсыға жаман кісі жолдас болмас,
Жаманның, балам Қасен, қасына ерме.

Дұшпанның көп болады досыңнан да,
Екшеліп сынап өтпей оған сенбе.
1580 Қанатты қысылғанда тұтатқайсың,
Иісі жетіп барад жылдық жерге.

Және де ап кеп берді бір арғымақ:
— Жолдағы қызыңызға сыйлық, жарақ.
Жарыңыз Құдай қосқан тастамаңыз,
Бол енді есен-аман, ей, адамзат!

Қоштасып досыменен Қасен кетті,
Қызына неше қонып келіп жетті.
Алдынан Гүлбаһрам қарсы шығып,
Үйіне алып барып құрмет етті.

1590 Қуанып тұрды сонда Гүлбаһрам:
— Тіледім тілегінді бір Алладан.
Жолыңда екі көзім төрт боп еді,
Сұлтаным, Қасен қалқам, келдің бе аман?

Қасен мен қыз көрісті құшақтасып,
Бір-бірін сағынысып, зар жыласып.
Екеуі амандығын көп сұрасып,
Толықсып үйге кірді қадам басып.

Қасеннен қыз сұрады көргендерін,
Сөйледі Қасен қызға білгендерін.
1600 Бұрынғы қыз өзіне айтқандарын,
Орнына аумай бәрі келгендерін.

Байлады желмая мен арғымақты,
Сол жерде аунап-қунап үш күн жатты.
«Бұл жерден көп айналмай жүрелік» деп,
Қасен ер Гүлбаһрамға айтып бақты.

Қасенге Гүлбаһрам жауап берді:
— Айтайын кемпір жайын сізге деді.
Қалған мирас хазірет Сүлейменнен,
Кемпірдің ажал оғы менде, — деді.

- 1610 Болмаса әл келмейді ажал оғы,
Тең келмес дию-пері оған тегі.
Сол оқты өзі әкеліп маған берген,
Жайрата жалғыз көзден жөнде, — деді.

Жіберер бұрын көрсе киік қылып,
Тез сайлан, мерт болма ғапыл қалып.
Дәлдеп ат жасыл оқты жау кемпірге,
Жоғалсын жаһаннамға жаны барып.

- Қасен ер оқ алған соң көңілі жанды,
Кемпірдің қыздан жайын біліп алды.
1620 Керектің бәрін артып желмаяға,
Қызды алып елге қарай қайта салды.

Ер Қасен көк күмбезге жақын барды,
Қанаттан тұтам алып түтін салды.
Иісі самұрықтың мұрнын жарып,
Қасына Қасен ердің жетіп барды.

— Не болды хал-жайыңа, Қасен балам,
Келдің бе жұбайыңа есен-аман.
Басыңа қысымшылық не күн түсті,
Асығыс, асып-сасып келдім саған.

- 1630 — Құп, достым, е дегенше келдің маған,
Болып бір мүшкіл ісім өте жаман.
Жалмауыз, сасық кемпір мазалар ма,
Жанын ап өлтіріп бер, келсе шамаң.

Дудар шаш тым болмаса жұлып бергін,
Қозғалтпай тұла бойын бүріп бергін.
Жаздырмай жалғыз көзден мен атайын,
Басында медеткер боп тұрып бергін.

Шаңырақтай жалғыз көзден атар шақта,
Ыңғайлап бетін бері бұрып бергін.

- 1640 Самұрық: — Құп болады, мақұл, — деді,
Бұның да Қасен батыр ақыл, — деді.
Ендеше, қайта ұшайын көкке самғап,
Қарайлас сен де жүргін жақын, — деді.

Самұрық атқан оқтай кетті ұшып,
Кемпірді шеңгелдеді заулап түсіп.
Тұяқпен асыл болат бүргенінде,
Күйретіп қабырғасын кетті қысып.

- Самұрық көрсетіп жүр қара күшті,
Түйгіштеп жерге ұрып, бүріп қысты.
1650 Қу мыстан оған дағы бой берместен,
Сиқырмен самұрықтан алып ұшты.
Сиқыры самұрыққа дақ сала алмай,
Иленіп ұмар-жұмар қайта түсті.

Қу кемпір есеңгіреп халі кетті,
Қалтырап денесінен әлі кетті.
Есі ауып, хал қашып жатқан кезде,
Кезеніп жасыл оқпен Қасен жетті.

- Ер Қасен желмаямен екпіндетті,
Кемпірдің дәл қасына жақын кепті.
1660 Таниды ажал оған ол бәдбахыт,
Сиқырын оқи алмай фариад етті.

Қыз сонда: «Ат!» — деп айтты Қасен ерге,
Шын дәлдеп ататұғын, келді жерге.
Көзінен шаңырақтай атып салды,
Залымның жаны кетті жаһаннамға.
Жерінен тақ өлетін жасыл қойды,
Осылай бәдбахыттың басын жойды.
«Уағдам соған айтқан бар еді» деп,
Ағашқа мұрнын тесіп асып қойды.

1670 Болардың сәт дұғасы «Есім Ағзам»,
Бейшара мұны білмей болған надан.
Дұға қып сол арада қыз үшкірді,
Бәрі де бес мың киік болды адам.

Адамның киік болған бәрін жазған,
Ер Қасен сонша адамнан жалғыз озған.
Теп-тегіс бес мың кісі адам болды,
Жөнелді азат болып жалмауыздан.

Қоштасып, Қасенменен қол алысып,
Бәрі де кетті олардың зар жыласып.
1680 Айрылған ағасынан тарам жолға,
Ер Қасен жетіп келді қадам басып.

Оқтары жатыр екен түгел көмген,
Қасенге уайым түсті осы жерден.
Жылайды Қасен батыр зар еңіреп,
Орнына ағалары келмегеннен.

— Келмепті әлі күнге екі ағам,
Көп қайғы аға үшін түсті маған.
Көрмесем екі ағамды көңілім тынбас,
Ісіне Құдіреттің бар ма шарам?!

1690 Ер Қасен отырады жылай-жылай,
Жердегі кешке дейін оғын алмай.
Бір кезде Нұрғазарын құсқа келді,
Ер Қасен қайтемін деп ақыл сұрай.

Нұрғазарын сөйлемеді ештеңе деп,
Айтады Гүлбаһрам да өзің біл деп.
Қасеннің көңілі тұр іздемек боп,
«Табармын Тәңірім берсе маған себеп».

— Нұрғазарын, сөйле десем сөйлемейсің,
Майысып не себептен үндемейсің?
1700 Кетемін қайда тастап екі ағамды,
Қарағым, Нұрғазарым, сен не дейсің?

Қыз айтты:

— Ей, қарағым, көп болма зар,
Іздеймін деп барасың үмітің бар.
Жақсылық, не жамандық бір ойменен,
Сөйлемей Нұрғазарын тұрған шығар.

Ер Қасен отырады аң-таң қалып,
Жылайды екі ағасын көңіліне алып.
Беліне екі етегін түріп алып,
Бір адам келе жатыр жолмен салып.

1710 Қарап тұрса, үлкені — Асан екен,
Әуелі барса-келер жолға түскен.
Қасенді көре құшып зар еңіреді,
Шаштары, мойны ұзарып, көзге түскен.

— Не болды мұнша саған, Асан аға,
Жүдепсің осығұрлы, ей, бейшара!
Салт жүріп күн көрістен айрылдың ба,
Халіңіз біткен екен бір-ақ жола.

Қасен, Асан көрісті құшақтасып,
Сағынып, бірін-бірі, зар жыласып.
1720 Екеуі бастан өткен жайды айтып,
Отырды бір-бірінен хал сұрасып.

Әуелі Қасен бастап берді жауап:
— Самұрық көп жақсылық қылды себеп.
Бейнетім жолда көрген толып жатыр,
Ол бейнет атамызға болсын сауап.

Асан айтты: — Бір үлкен бай шаһардың,
Түк қоймай іші-тысын араладым.
Біреуге сушы болып күн көрдім де,
Түскен соң сен есіме қайта салдым.

1730 — Келгенің жақсы бопты, Асан аға,
Тілекті тағы берер Хақ Тағала.

Үсенді Құдай қосса, ап келейік,
Қайталық тұтас үйге біржолата.

Үсенді іздеп кетті жолға түсіп,
Мініп ап желмаяны желдей ұшып.
Екеуі бір шәріге іздеп келсе,
Бір байға жалшы бопты асын ішіп.

Бұларды танып, Үсен зар еңіреді:
— Ала кет, ей, бауырым, мені, — деді.
1740 — Теңгемді кетер болсаң беріп кет, — деп,
Қожасы ұстап алып жібермеді.

Үсен байғұс еңіреп болады зар,
Он теңге мойнында қарызы бар.
— Ішіп-жеп қарызданып қойып едім,
Беретін дөнеңе жоқ, не амал бар?

— Жылама мұнша жасып, Үсен аға,
Ақшасын алар бізден, кісі ала ма?
Жанынан он теңгесін алып беріп,
Үсенді киіндірді суша жаңа.

1750 Қасен ер бұдан шығып базар барды,
Базардан екі жорға сатып алды.
Ер-тоқым, сауыт-сайман, қару беріп,
Киімге екі ағасын бөлеп салды.

Жүреді екі ағасы көш алдында,
Ер Қасен құс алып жүр арт жағында.
Жаһанда жаман жанға баға бар ма,
Кеңесті екі ағасы айдалада.

Ананың бөлектігін білгізді ақыр,
«Етеді бізді ұяттан таза-тақыр.
1760 Қасенді өлтірсек» деп кеңеседі,
Ер Қасен мұны білмей қалар ғапыл.

— Бұл Қасен Нұрғазарынды барар алып,
Атамыз сұрар сөзін құлақ салып.
Сұраса екеумізден не айтамыз,
Ешнәрсе қыла алмадық көңіл жарып.

Киімге, жорға әперіп, бөледім дер,
Жанымнан борыштарын төледім дер.
Жүргеннен қаңғылестеп тауып алдым,
Осының бәрін қылған мен едім дер.

1770 Атамыз осы сөзді нақ көреді,
Астына көңілі сүйіп тақ береді.
Екеуміз қор боп сонда қалғанымыз,
Онан соң Құдай қайдан бақ береді?

Атақты қызметтерден құр қаламыз,
Қасенге қызмет қылып жорғалармыз,
Сұраса ел менен жұрт, не айтамыз,
Алдында дос-дұшпанның қор болармыз.

Бар еді орта жолда терең құдық,
Кетейік соған тастап шеген қылып.
1780 Екеуі Қасен ерді өлтірмекке,
Келісті осылайша ақыл құрып.

Білмеді Қасен батыр мұндай істі,
Неше күн дамыл алмай жол жүрісті.
«Қоналық» деді дағы екі ағасы,
Құдықтың маңайына барып түсті.

Кеңесі жол үстінде болып қалды,
Мезгілсіз осы араға қонып қалды.
«Бір құдық осы арада бар еді» деп,
Көруге Қасен ерді алып барды.

1790 Көңіліне жамандықты бұлар алды,
Құдыққа екі ағасы көзін салды.
— Қарашы, Қасен іні! — қузаған соң,
Қасен де қарайын деп ыңғайланды.

Бұл құдық бек шыңырау, терең екен,
Көгілжім суы тұнық, зерен екен.
Қасенді су алуға түс деді олар,
Көлікке недәуір су керек екен.

Қасенжан екі қылмас аға сөзін,
Ол даяр арқан байлап болды ләзім.
1800 Екеуі қастық қылып осылайша,
Түсіріп жіберіпті оның өзін.

«Алла» деп ол құдыққа кетті түсіп,
Қалыпты ағалары жіпті кесіп.
Бекітіп ауызын таспен әбден мықтап,
Екеуі қайта келді шүңкілдесіп.

Екеуі қайта жүріп қосқа барар,
«Қасенді мықтадық» деп көңілі жанар.
Бетінен қаны қашып Гүлбаһрам:
— Ініңіз қайда, — деді, — қайнағалар?

1810 — Ей, келін, көп қайғырып жеме уайым,
Айырды бізді содан бір Құдайым.
Пендеге Құдай салса, шара бар ма,
Қапыда Қасен ерді жұтты жайын.

— Қасенді, қайнағалар, жайын не етер,
Нанбайтын сөз айтасыз тіпті, бекер.
Онан да біз өлтірдік десеңдерші,
Өтірік мұнша айтпаңдар, ішің кебер.

Үсен айтты: — Ішіміз кепсе жарар,
Басылып жел шыққан соң және қалар.
1820 Деп бізді ерсіз қалдым, қарғадың ба,
Келінжан, Қасен өлсе, Асан алар.

Басыңнан бүйтіп айтсаң, кетеді ми,
Онан да қайнағаңның бетінен сүй.
Қарайын қабағыңа өле-өлгенше,
Жасы үлкен менен гөрі ағама ти.

— Ти десеңдер, тиейін,
Сүй десеңдер, сүйейін.
Қырық күн мәуліт беріңдер,
Аза тұтып күйейін.

1830 Қырық күн аза тұтайын,
Қайғы шоғын жұтайын.
Мәуліт күнім біткен соң,
Сіздерге жауап қатайын.

Қырық деген сертім бар,
Қырық күн түгеп біткен соң,
Таңдамалы бірің, ал.
Өзір есім шығып тұр,
Қайғы-дертім жығып тұр.
Біразырақ жылайын,
1840 Қайнағалар, ұғып тұр.

Кетіп тұрмын есімнен,
Жалын шығып ішімнен.
Қор болып тұрмын айрылып,
Құдай қосқан кісімнен.

Бетімде қалған арым жоқ,
Құдай қосқан жарым жоқ.
Бір азырақ жылайын,
Ішімнен шықсын жалын шоқ.

Ішімде отым сөнбес-ті,
1850 Сен дегенге көнбес-ті.
Жақыннан шыққан жау жаман,
Қасенді маған бермес-ті.

Қасенді ертіп кеттіңдер,
Ертіп кетіп не еттіңдер?
Артық туған, асылым,
Түбіне қайтіп жеттіңдер?

Сендерге зауал жоқ екен,
Ажал деген оқ екен.
Жолдас болған адамға,
1860 Жаманның ісі көп екен.

Іздеп еді ағам деп,
Омырауда жағам деп.
Мұратына жетпеді,
Мәңгі бақи бағам деп.

Екі ағаң екен дұшпаның,
Қапыда жылап ұстадың.
Бір көруге зар болдым,
Әуелде тағдыр қосқаным.

Айырылып сенен, қарағым,
1870 Сөнді менің жанарым.
Өлгенім жақсы тезірек,
Болайын құрбан лағың.

Дүние қуып не етемін?
Көп кешікпей кетейін.
Артып жүрген мүкәммал,
Күл-күміран етейін.

Не болады бұл маған,
Дүние болсын садағаң.
Осынша мені зарлатқан,
1880 Көзіңді ашпа, қайынағам.

Мекенім — Қап тауы еді,
Пері едім, денім сау еді.
Киік қылған Қасенді
Бір жалмауыз жау еді.

Жау кемпірді өлтірген,
Басына қаза келтірген.
Қасендей ер болар ма,
Осындай жұмыс бітірген?!

Мен — перінің өзі едім,
Ахмер патша қыз едім.
1890 Мен азырақ себеп боп,
Адасқан жолын түзедім.

Менің өзім пері едім,
Қасен теңім дер едім.
Нақ мұсылман болсам деп,
Адамзатқа зар едім.

Көзімнің жасын көрген соң,
Тілегімді берген соң.
Жолда бейнет көп көрдім,
Қасен маған келген соң.

1900 Қасенім, саған қосылдым,
Ақ ниетпен ұсындым.
Қайда кеттің жоғалып,
Артық туған, мүсіндім?

Хақ мұсылман болған соң,
Қасенді мен ұстадым.
Отыз екі сиқырды
Талақ етіп тастадым.

Сиқыр қылды көрген жан,
Дертіне қылдым мен дәрмен.
1910 Бауырға бауыр қас қылған,
Қара ниет ант ұрған!

Жақсылыққа жамандық,
Өткеннен қалған бұл жалған.
Ағаңнан болды ажалың,
Қайран асыл сабазым!

Бір көруге зар болдым,
Таусылмайды арманым.
Айналайын, қайынаға,
Сізге келін біз бала.

1920 Қасенімді тауып бер,
Мені қылмай беймаза.
Қасенімді тауып бер,
Табылмас маған ондай ер.
Құса болып өлермін,
Мені қылма қара жер.

Аз күн бірге жасадым,
Қайран қалқам, Қасенім.
Қаңғырып қалдым тірідей,
Енді өлгенге ұқсадым.

1930 Асылымды, ағалар,
Қаңғыртып қайда тастадың?
Сөйлесе, сөзге шешенім,
Жолға жүрсе, көсемім.
Дүниеге бір келген,
Мың кісіге есебің.
Тал шыбықтай жас өрім,
Жас патшадай мүшелім,
Жанбаймын енді өшемін.
Мені қараң қалдырған,

1940 Сендердің ірі кеселің.
Кеселдердің болмаса,
Келмес пе еді көсемім?!

Арғымаққа жүк арттың,
Желмаяға оқ арттың.
Сырыңды біліп құрметтеп,
Қарағым, саған қол арттым.
Бәйшешектей бүгілген,
Солдырып мені қуарттың.
Екі жаман — қу аға,

1950 Қасеннің көзін жоғалттың.

Қайда қалдың, қайран жас,
Сендей ер маған табылмас.
Қасен деп зарлап өтермін,
Көзімнен ағар қанды жас.

Бұл екі ағаң ақылдас,
Анасы бір жақындас.
Бауыр түгіл, қарындас,
Жасар ма бүйтіп қанды қас?!
Өз бауырын өлтірген,
1960 Екі ағаңның көңілі тас.
Көргеніңді айта бар,
Ей, Нұрғазарын, сандуғаш.

Мәлике Жамал иеңіз,
Сағынсақ босар жүйеміз.
Қасенжанды ұмытсақ,
Ақыретте күйеміз.

Мен перінің қызы едім,
Жалғанның гүлі сіз едің.
Көргеніңді айта бар,
Нұрғазарын, мен өлдім.

1970 Келші, менің қасыма,
Ғұмыр берсін басыңа.
Ата-енеме сәлем айт,
Көргеніңді жасырма.

Ата-енемді көрсеңіз,
Құшақтап алып көрісіңіз.
Қурады де өрісіңіз.
Қош-аман бол, Нұрғазарын,
Сәлем айтты дерсіңіз!

Гүлбаһрам осыны айтып, жылайды зар,
1980 Асан, Үсен екеуі кеңес қылар.
— Мұны алсақ, масқарамыз шығатындай,
Бұл бізге сиқы жоқ қой қатын болар.

Үсен айтты: — Біз бұны өлтірейік,
Басына өлім жолын келтірейік.
Бұл өзі бізге, сірә, қатын болмас,
Біржола жоқ қып ісін бітірейік.

Үсенге Асан айтты сөзін тіктеп:
— Қайтеміз бекер бұның қанын жүктеп.
Не өлер, не тірі боп қайтып кетер,
1990 Онан да тастап бұны кетелік, — деп.

Жөнелді қызды тастап екі жаман,
Ол қызға түсіреді ақырзаман.
Жүгіріп олай-бұлай іздесе де,
Құдықты төңіректен таба алмаған.

Құдықты қанша іздесе табар алмаған,
Бейшара не болдым деп көп зарлаған.
Алдынан ақсақалды адам болып,
Жолықты қызға келіп Қызыр бабаң.

Қызырға сәлем берді қыз Гүлбаһрам,
2000 Сәлемін қыздың берген Қызыр алған.
— Далада мұнша зарлап қайғырасың,
Мұң кешті неткен жансың, айтшы маған?

— Ей, баба, көңілім шерлі, көзім жасты,
Өлтірді екі ағасы Қасен жасты.
Жарымнан Құдай қосқан мен айрылып,
Жапанда жаныштаған қасірет басты.

— Қарағым, көп қайғырып, жылама зар,
Далада зар жылатқан бұл дұшпандар.
Жаратқан бір Алланың шарапаты,
2010 Өлген жоқ Қасен ерің — Құдайы бар.

Ей, балам, сабыр етсең тілек берер,
Еріңді он үш күнде көзің көрер.
Диюмен қаншалаған шеру тартып,
Мәлике, Ғайнижамал сізге келер.

Болады Қасен патша бір жылдан соң,
Жетерсің мұратыңа, осыған сен.
Алланың бұлжымайтын жазуы осы,
Ей, балам, қор болмайсың сабыр етсең!

Жылайды Гүлбаһрам іші күйіп,
2020 Қосылған ері қайда көңілі сүйіп?
Қызырды таныған соң Гүлбаһрам,
Көзінің қайран қалды жасын тиып.

Жыламады Гүлбаһрам тоқтады енді,
Ғайнижамал Нұрғазарынды жоқтады енді.
Қолында қыз Қызырдың тұра тұрсын,
Құсты алып Асан, Үсен үйге келді.

Екеуі Шаһинұрға кіріп келді,
Атасы көп зар болған құсты көрді.
«Құсты алып Асан, Үсен келіпті» деп,
2030 Сүйінші елден-елге аттай желді.

Жиылып жұрт отырды тамашалап,
Атасы Нұрғазарды көрді абайлап.
Мақтана Асан, Үсен сөйлеп отыр,
Сүйініп тыңдаушылар «пай-пай-айлап».

Атасы айтты: — Үшеуің бірге кеткен,
Бұл құсқа Құдай мені ғашық еткен.
Табатын Нұрғазарынды Қасен еді,
Қасенім келмей қалды не себептен?

— Ей, ата, біз тіледік жалғыз Хақтан,
2040 Желмая, пайда көрдік, арғымақтан.
Жағалап бір теңізді жүріп едік,
Кез болды сол жағада жайын жатқан.

Жұтқыздық аңдаусызда байқамаптық,
Қасенді қатер қылмай қапы қалдық.
Жайынды дереу атып өлтірсек те,
Қасенді ішін жарып таба алмадық.

Атасы айтты: — Мұндай істі қылды Құдай,
Нәрсенің Құдай қылған бөрі де оңай.
«Қасенді жайын жұтты» дегеннен соң,
2050 Падиша талып түсті есі қалмай.

Патшаның бір заманда есі кірді,
Орнынан көзін ашып, тағы тұрды:
— Мен саған ғашық едім, Нұрғазарын,
Қалдырмай көрген-білген шешші сырды.

Сен үшін көп болды ғой қылған зарым,
Қасенсіз не болады енді халім?
Бұлбұлым, көргеніңді айтшы түгел,
Құрыды Қасен үшін ынтызарым.

2060 Падидша құсқа қарап көп сөйледі,
Нұрғазарын майысып тұр, үндемеді.
— Көргенде мен түсімде сөйлеуші едің,
Құдай-ау, бұл не деген ғажап еді?!

Падидша ойлай берді талай ойды,
Бірталай көп қайғымен ақыл жойды.
Қайғырып Қасен үшін ас-су ішпей,
Жайына құсын бекер байлап қойды.

Сөйлемес Нұрғазарын ақыл ойлап,
Падидша күйсіз қылып қойды байлап.
Мақтанып Асан, Үсен сөйлеп отыр,
2070 Құдықта Қасен жатты соры қайнап,

Оянды күні толып Мәлике қыз,
Әңгіме енді соны қылайық біз.
Маужырап қыз оянып бас көтеріп,
Жан-жаққа олай-бұлай салады көз.

Көйлегі тұр ілулі, дамбал жерде,
Қышқырып айғай салды перілерге.
Перілер мұны көріп бек шошыды,
Ешнәрсе бұрын мұндай көрмегенге.

2080 Қараса жүзігі жоқ, алып кеткен,
Орнына бөтен жүзік салып кеткен.
Қышқырып жаман қатты айғай салды:
— Кім мені мұнда кіріп масқара еткен?

Қараса орнында жоқ Нұрғазарын,
«Япырым-ай кім қылды екен мұның бәрін?
Қорлаған мені мұнша кім екен?» деп,
Аузынан аһ ұрғанда шықты жалын.

Қасында қырық мың қыз қайран қалды,
Біле алмай кім екенін жұрт сандалды.
Жүзігін бір алып оқып көріп,
2090 «Махмұтұлы Қасен» деп ауызға алды.

Шаһары екен оның Шаһинұр деген,
Қыз жиды мұны біліп, перілерін.
Перілер шақырған соң бәрі келді,
Қылмаққа астан-кестең елі-жерін.

Жиылды екі жүз мың жын мен шайтан,
Бәрінде от темір мен күрзі-сайман.
Жын-шайтан, сансыз болды дию-пері,
Бір тауды көтерердей құлаш жайған.

Екі сан пері жиды бір сағатта,
2100 Ұшады шеру тартып адамзатқа.
Мәликені тақтысымен алып ұшты,
Бара сап адамзатты таптамаққа.

Өзі отыр Ғайнижамал алтын тақта,
Диюлар алып ұшты адамзатқа.
Қап-қара күннің көзін бұлтша қоршап,
Кеп жетті бір сағатта Шаһинұрға.

Шаһарын мұсылмандар қамалады,
Беті ашық жер кірерге таба алмады.
«Құдай-ау, ақырзаман болды ма?» деп,
2110 Халайық бір-біріне қараманды.

Келгенін хан Жамалдың құсы білді,
Аузынан гүлін төгіп, сақ-сақ күлді.
Патша құс күлгенде қасында екен,
«Хикмет бұл не қылған?» қарап тұрды.

Құс айтты: — Ақылы көп падишамыз,
Болды деп заманақыр шошымаңыз.
Қуанып бүгін сіздің көңіл жанар,
Бұл келген менің ием — Мәлике қыз.

2120 Жеткізер жақсылыққа бір Құдірет,
Ей, патша, қорықпаңыз, сабырлық ет.
Тұрсаңыз біразырақ елші келер,
Мұнымен жауласпаңыз, тезірек біт!

Падиша құс сөзіне қайран қалды,
Көңіліне құстың сөзін ойлап алды.
«Еліңнен сұрайтұғын жоғым бар» деп,
Патшаға Мәлике қыз хабар салды.

Екі пері елші боп жетіп келді:
— Патшамыз шақырады сізді, — деді.
«Келмесе патшаға қиын болар,
2130 Тезірек тамашаны көрсін», — деді.

Қорықпасын, падиша келсін деді,
Жиналсын бірі қалмай шаһар елі.
Бірі де тығылуды ойламасын,
Ләшкерім жын мен шайтан, дию-пері.

Падиша сыртқа шығып жар салады,
«Кім де кім қалмасын!» деп хабарлады.
Адамын шаһардағы жиып алып,
Падиша Мәликені қарсы алады.

2140 Падиша өзі мінді арғымаққа,
Сыйынар қорыққан соң жалғыз Хаққа.
Ішінде көп перілер салтанатпен,
Мәлике отыр екен алтын тақта.

— Ей, патша, келіп едім мен жоқ сұрап,
Жұламын өтірік айтса, мойнын бұрып.
Егерде сол жоғымды айтпасаңыз,
Көрерсіз жаман қырғын бұдан былай.

Тағы да бір құсым жоқ Нұрғазарын,
Ішімде сол құс үшін қайғы-зарым.
Сол құсты алып келді қандай адам,
2150 Әй, патша, жасырмаңыз, сөйле бәрін?

Патша айтты: — Айталық құсыңызды,
Жылы қыл, суық қылмай түсіңізді.
Сізден біз жаман қатты қорқып тұрмыз,
Шығардың тау құлатып есімізді.

Айтайын құсыңызды енді сізге,
Салмаңыз енді қырғын елімізге.
Айтайын көргенімді бастан-аяқ,
Рақым қыл, шошытпастан, бәрімізге.

Қыз айтты: — Өлген өлді, қалған қалды,
2160 Жүрегім құсымды ойлап қапаланды.
Егерде жалған айтпай, шыныңды айтсаң,
Қор қылып не қылайын мұсылманды.

Патша сөйлер сөзін аузына алып,
Тамам жұрт отырады құлақ салып:
— Мен өзім Махмұт атты патша едім,
Үш перзент көріп едім өліп-талып.

Үш балам бірдей болып бәрі де өсті,
Ұйықтап жатып бір күн көрдім түсті.
Түсімде Нұрғазарын құсты көрдім,
2170 Сол құсқа ғашық қылды мен байқұсты.

Ғашық боп құсқа елді алаң еттім,
Мал-мүлік, бақыт, тақты талақ еттім.
Қатын-бала, ел-жұрттан түгел безіп,
Өзімді өзім қор қып тентіреттім.

Бір күні жатыр едім зар еңіреп,
Үш балам келді менен тілек тілеп.
— Ей, ата, бұл құсыңды біз іздейік,
Табармыз, Тәңірім берсе, бізге медет.

Рұқсат бердім ақыр өлер үшін,
2180 Болмаса Нұрғазарынды көрер үшін.
Үш балам іздеп кетті табамыз деп,
Құдайдың қайдан білдім келер ісін?!

Жөнелттім үш баламды асықтырып,
Білемін тентіреттім ашықтырып.
Құсыңды Нұрғазарын мен алдырдым,
Тәңірім қойды соған ғашық қылып.

Көрсеткен ғашық қылып Хақ Тағалам,
Ісіне Құдіреттің бар ма шарам?!
2190 Үш балам іздеп кеткен біреуі жоқ,
Құсыңды алып келген екі балам.

— Балаңды алып келген шақыр бері,
Нұрғазарын қиын еді тұрған жері.
Ерлік қып екі балаң ап келіпті,
Ол жерге бармаушы еді ердің ері.

Үсеннің Асан менен зәресі ұшты,
Диюлар алып келді Нұрғаз құсты,
— Қай жолмен алдыңыздар Нұрғаз құсты,
Қанеки, мырзаларым, сөйле! — десті.

2200 Қыз айтты: — Құсты алған сен бе? — деді,
Өтірік-жалған айтып, өлме, — деді.
Егерде жалған айтсаң жаның қалмас,
Көңіліңді өтірікке бөлме, — деді.

Асан айтты: — Мен едім құсыңды алған,
Бәрі де күзетшінің ұйықтап қалған.
Міндім де арғымаққа ала қаштым,
Өтірік неге айтамыз сізге жалған.

Үсен айтты: — Мен міндім желмаяға,
Және де Асанға айттым жанды аяма.
2210 Құсыңды қорықпай-саспай алып қаштық,
Жасырған өз ерлігін ер болар ма?!

Қойыннан қыз қарады жүзікті алып,
Басқаға мойын бұрмай көңіл жарып.
— Құсты алған екеуіңнің аттарың кім,
Өтірік айттыңдар ғой байқұс, ғаріп.

— Сұрасаң, Асан, Үсен атым, — дейді,
Жаралған патша болып затым, — дейді.
Өтірік бекер сізге неге айтамыз,
Шаба бер сенбесеңіз, қатын, — дейді.

2220 — Құсты алған сіздер емес, аты — Қасен,
Білемін мен Қасенді әлдеқашан.
Орнында құсты алған жүзік қалған,
Қараңдар мына сөзге, ел сенбесең!

Сол жерде екі жаман төмендеді,
Қайтадан дәнеме деп үндемеді.
— Куә боп нақ болғанға, Нұрғазарын,
Бір-бірлеп көргеніңді сөйле, — деді.

Орныңнан кім қозғады, Нұрғазарын,
Ол саған қандай-қандай айтты зарын?
2230 Екі жүз адамдары тыңдап көрсін,
Жасырмай, Нұрғазарын, сөйле бәрін.

Нұрғазар сөйледі сөз аузына алып,
Тамам жұрт отырады құлақ салып.
Сөйлемей құсалықпен отыр екен,
Сөйледі гүлін төгіп байқұс ғаріп.

— Сайра десең сайрайын,
Дамыл алмай зарлайын.
Көргенімді бұл күнде,
Айтпай қайтіп ұрлайын.

2240 Мен айтайын көргенді,
Неден пәле өрген-ді.
Сайрар жерім осы екен,
Мәлике ием келген-ді.

Мәлике — біздің иеміз,
Сағынсақ босар жүйеміз.
Опасы жоқ дүние,
Бәріміз де өлерміз.

Әуелі Құдай жаратқан,
Қараңғы түннен таң атқан.
2250 Он сегіз мың ғаламды,
Алды-алдына таратқан.

Құдіреті күшті Құдайым,
Жоқ нәрсені бар еткен.
Кей адамды қуантып,
Кей адамды зар еткен.

Айналайын Құдірет,
Мені құс қып жаратқан.
Шежіре қылып тілімді,
Елді аузына қаратқан.

2260 Мені Құдай құс қылған,
Сайратып мұндай іс қылған.
Бәрі Құдай бұйрығы,
Мәликеге дос қылған.

Мәликенің бағында,
Сайрар едім шағында.
Еш жамандық көрмедім,
Бағым менен тағында.

Жүруші еді ойнатып,
Шежіре тілді сайратып.
2270 Жүніме кір тигізбей,
Жүруші еді майлатып.
Мені адам ап кетті,
Екі көзім жайнатып.
Мен ол жерден кеткенде,
Ұйқыда қалдың сен жатып.
Ішінді оттай жайнатып,

Жүрекке қайғы байлатып.
Мені іздеп сен келдің,
Жын-періңді ойнатып.

2280 Дамыл алмай зарлайын,
Жан-жақта дұшпан бар ма екен?
Әбден болжап барлайын,
Жан-жақта дұшпан болмасын.
Арманда болып өлмейін,
Обалым сенде қалмасын.
Бар сөзіме құлақ сал,
Қолыңа қонып сайрайын.

Мәликеге құс барды,
Мәлике құсын қолға алды.
2290 Құстың айтқан сөзіне,
Естіген жан таң қалды.

Құсты қолға алған соң,
Құс иеге барған соң,
Шежіредей сайрады,
Жұрты құлақ салған соң.

— Өзім қостым неке ғып,
Сөзімді тұр, сіз, ұғып.
Қасен батыр қосылды,
Сіз жатқанда тынығып.
2300 Қасенменен қосылдың,
Қасенді қабыл көрмесең,
Обалымды сізге арттым.

Енді бір сөз бастайын,
Бірді бірге қоспайын.
Қасенмен еріп кеткен соң,
Теңізден бері өткен соң,
Сегіз күнде самұрық,
Ұясына жеткен соң,
Сөзімнің осы бәрі шын,
2310 Тынығып жаттық онда үш күн.

Басыңа болар сая деп,
Жұлып берді қауырсын.

Қасенді самұрық дос көрді,
«Жаяу жүрме» деп берді.
Желмая мен арғымақ
Екеуін бірдей қос берді.

Онан бері жүрген соң,
Гүлбаһрамға келген соң.
Онда жаттық екі-үш күн,
2320 Құдай тілек берген соң.

Түтін салып бертіннен,
Самұрықты келтірген.
Ажал оғын дәл беріп,
Жау кемпірді өлтірген.
Қасендей ер болар ма,
Осындай жұмыс бітірген?!

Айырылған жолға кез болдық.
Жайбір емес тез болдық.
Асан, Үсен — іші тар,
2330 Соларға біз кез болдық.

Екі жаман кеңесті,
Ақылдарын теңесті.
Құдыққа салып Қасенді,
Гүлбаһрамға егесті.

Қызды Қызыр күтіп тұр,
Көп қызмет етіп тұр.
Екі жаман мені ап кеп,
Мұратына жетіп тұр.

Қыз — Қызырдың қолында,
2340 Қасен отыр орнында.
Диюларды тез ұшыр,
Өзіңіз мұнда сөз тыңда.

Өлді ғой деп қорықпа,
Табылмас деп дұдықпа.
Тез алдырып соған ти,
Басқа жанға жолықпа.

Сайрап болды құсыңыз,
Қазір бітті ісіңіз.
Диюларды тез ұшыр,
2350 Мұнда өзіңіз күтіңіз.

Құс сөйледі кеңесті,
Тамам сөзді түгесті.
Жұртты аузына қаратты,
Бұл қандай іс демес-ті.

Ғайнижамал Мәлике жарлық етті,
Дию-пері жазираны қаптап кетті.
Бір тауды әрбіреуі бөктергендей,
Жиналған адамзатты қайран етті.
Ерекше шолақ пері Өштаранға:
2360 — Бір сағат мәуліт берем саған, — депті.
Қасенді Гүлбаһраммен тез тауып кел,
Түгел тінтіп тау мен тас, жер мен көкті.

Өмірін Ғайнижамал екі ете ме?
Өштаран — шолақ пері ұшып кетті.
Екеуін жай-жайынан тауып алып,
Қайтадан сағат болмай келіп жетті.

Диюлар Қасен ерді алып келді,
Қасенді Ғайнижамал көзі көрді.
Мәлике Нұрғазарынға алғыс айтып:
— Ризамын, Нұрғазарын, саған, — деді.

2370 Ер Қасен келе жатыр маң-маң басып,
Жын-пері адамзатпен араласып.
Қасен ер келген бойы тоқтамастан,
Әкеге сәлем берді амандасып.

Әкесі құшақтады жылап, зарлап,
Қайғының қай-қайдағы бәрін парлап.
— Бейнетті қанша қиын тартып келдің,
Қап тауын әрі-бері түгел шарлап?

Тамам жұрт тұрды екеуін айыра алмай,
Жиналды жын-перілер бірі қалмай.
2380 — Жылама, ей, сұлтаным, сабыр қыл, — деп,
Нұрғазарын құс сөйледі енді зарлай.

— Ей, падиша, жылама,
Жылаған пайда қыла ма?
Ұлыңыз тірі келген соң,
Шүкірлік қыл, Аллаға.
Жүресің әлі талайға,
Сабырлығың болмаса,
Жұртың сізге қарай ма?
Қасенменен көрісіп,
2390 Кірдің жақсы сарайға.
Бұлбұлыңның бұл сөзі,
Жамалым, сізге жарай ма?!

Түсте көрдің сен мені,
Ғашық қылдым мен сені.
Тілеуің артық ер екен,
Алдыңа келді жын-пері.

Жыламаңыз, сіз, бүгін,
Жыламайтын жақсы күн.
Алла жәрдем берген соң,
2400 Жазылдың сен де дертіңнен.

Енді неге жылайсың,
Көзіңнің жасын бұлайсың?
Шүкірлік қылмай Құдайға,
Енді нені сұрайсың?

Жыламай, патша, сабыр ет,
Тілек берді Құдірет.

Сабырлық қылмай жылаған,
Құдайына болар шет.

2410 Сізге келген бұл мейман,
Жиылып тұр қанша жан.
Рас та жақсы күн екен,
Керек екен мал сойған.

Жыламай, патша, қойыңыз,
Бүгін болсын тойыңыз.
Осындай жақсы күндерде,
Тілеу қып малды сойыңыз.

Мұндай жақсы күндерде,
Көп жылауды қойыңыз.
Қуаныш қыл, падиша,
2420 Құтты болсын тойыңыз!

Падиша құс сөзінен сабыр қылды,
Тұла бой жездей балқып, майша еріді.
Шешесі бекер қарап отырсын ба,
Құшақтап зар еңіреді Қасен ерді.

Көрісті ана келіп баласына,
Қараңыз ер Қасеннің данасына.
Құдыққа тастап кеткен екі ағасын,
Жықпады және өзінің жаласына.

2430 Атасы Құдайына шүкір етіп,
Сабырлық қылайын деп пікір етіп.
— Ей, жұртым, мен разы қалай болам,
Келді ғой Асан, Үсен күпір етіп.

Екеуі қайтіп маған бала болсын,
Сөздері өтірікші қара болсын.
Шығарып ел шетіне жіберіңдер,
Құмды шөл, мекендері дала болсын.

— Болса да жақсы-жаман өзің балаң,
Бермеген Құдай ақыл бұл бір надан.
Жазасын ақыретте өзі табар,
2440 Қаңғыртпа тілімді алсаң соны, бабам.

— Жасымнан жұрт биледім таққа мініп,
Қарады жұртым маған құрмет қылып.
Бер қарай жеті атамнан әділ болдым,
Жайымның тұрсыздар ғой бәрін біліп.
Барады дертім қозып, ішім күйіп,
Сұмдардың қылған ісі қатты тиіп.
Балам деп әділдіктен тайып кетсем,
Кетермін ақыретте отқа күйіп.

Асан менен Үсен тұр қаны қашып,
2450 Жылайды бейшаралар қорқып-сасып.
Падиша ашуланып үкім етті:
— Өлтіріңдер дереу тез дарға асып!

Білдірді біреу барып анасына,
Анасы қайғырады баласына.
«Патша әмірі — уәжіп» дейді қауым,
Түседі анасы да арасына.

— Екі бала, кеттің бе,
Тірі қор мені еттің бе?
Өз бауырыңа қас қылып,
Өз түбіңе жеттің бе?

Енді қайда барармын,
2460 Елге қайтіп қарармын.
Өз бауырыңа қас қылдың,
Балаға қайтіп санармын?

Не керек бүйтіп балалап,
Опасыз етіп алалап.
Екеу қылып бергенше,
Бермеді бірге бағалап.

Ұл таппадым қу таптым,
Екі бірдей сұм таптым.
Өз обалың өзіңе,
2470 Өтірік айтып зулаттың.

Барғаныңнан келмегір,
Жүрісің құрғыр жүрмегір.
Өз обалың өзіңе,
Ақыретте иман көрмегір.

Мойының дарда үзілсін,
Көзің жерде сүзілсін.
Жендеттер, жанын қинаңдар,
Жанынан бірақ түңілсін!

Күйгенінен қарғайды,
2480 Көзі қимай зарлайды.
Патшаның тірі қоймасын,
Қатын да болса барлайды.

Шешесі солай айтады,
Айтпай байғұс қайтеді?!
«Көрмесін менің көзім» деп,
Енді үйіне қайтады.

Шешесі соныменен үйге қайтты,
Бейшара күйгенінен зарлап айтты.
Падиша жендетіне иек қақты,
2490 Дарының сыр еткізіп жібін тартты.

Осылай Асан, Үсен дүние салды,
Әкесі Қасен үшін жанын алды.
Оны ұқпай Қасен батыр үйден шығып,
Мәлике маң-маң басып қызға барды.

Келеді Қасен батыр маң-маң басып,
Жын-пері адамзатпен араласып.
Қуанып Ғайнижамал түрегелді,
Қасенге қарсы алдынан шашу-шашып.

2500 Шашады шашуынан інжу-маржан,
Таласып жұрты жерден теріп алған.
«Қосағым Құдай қосқан өзіңе» деп,
Қасенге алтын тақты даярлаған.

Отырды таққа мініп Қасен батыр,
Мұратқа талақ қылған жетіп ақыр.
— Тиесі екі тізем екеуіңе,
Гүлбаһрам қай жақта жүр, бері шақыр!

2510 Қасына жетіп келді Гүлбаһрам,
Үшеуі бір табақтан жеді тағам.
Сіркедей үшеуінің бір міні жоқ,
Таңырқап шыға алмайды көрген адам.

Тамам жұрт тамаша ғып қарасады,
Ақылдан көрген адам адасады.
Бірі — гүл, бірі — жұпар, бірі — бұлбұл,
Біріне бірі лайық жарасады.

— Бірің мейіз, бірің құрма, бірің құндыз,
Бірің ай, бірің шолпан, бірің жұлдыз.
Бірің атлас, бірің тоты, бірің бұлбұл,
Үшеуің Хиуада қосылдың кез.

2520 Асыл зат үшеуінде інжу-гауһар,
Қосылмас Хиуада сіздей жандар.
Жұмақта хорға ұқсас қосылдыңыз,
Жалғанда үшеуінде не арман бар?!

Сөйлейді Нұрғазарын осындай сөз,
Жайрандап үшеуіне ол көзбе-көз.
— Достықтың хақысы үшін мұндай болдым,
Мойнымда бар ма қарыз, Мәлике қыз?

2530 — Разы, Нұрғазарын, болдым құсым,
Жеткіздің мұратыма, ей, бақ құсым.
Адамы екі жұрттың сүйінгендей,
Бұл патша жайлар болсын той жұмысын.

Падиша қайтып келіп той қылады,
Қисапсыз сонша малды сойғызады.
Жын-пері адамзаттар тауыспастай,
Алдына түрлі тағам қойғызады.

Падиша тамашалап қылды тойды,
Қисапсыз қаншалаған малды сойды.
Түйе менен жылқының есебі жоқ,
Қырық мың бауыздатты сиыр, қойды.

2540 Күнінде Қызыр айтқан тойы өтті,
Құрметпен жын-періні жақсы күтті.
Жарлығын Махмұттың екі етпей,
Келсе де құрт-құмырсқа құрмет етті.

Ер Қасен, Мәлике мен Гүлбаһрам,
Көп өткен мұндай ғашық бұрынғыдан.
Дүниеден сондай болып бұлар да өткен,
Өркімді солай қосса Хақ Тағалам.

Ер Қасен «бір Алла» деп жатып алды,
Періден екі бірдей қатын алды.
«Жақсының өзі өлсе де аты өлмейді»,
2550 Солардан ғибрат болып бізге қалды.

Падиша баласына тағын берді,
Жалғанда тілегінің бәрін берді.
Ер Қасен әділ, дана патша болды,
Бір Алла әр нәрсесін қабыл көрді.

Жападан опа тауып азат болған,
Ішіне бір мезетте қасірет толған.
Ғайнижамал, Гүлбаһрам ақылшысы,
Басына олардың да бақыт қонған.

Қасеннің Нұрғазарынды алған жері,
Қор болып екі ағасы қалған жері.
Жамағат, қате болса ғайып етпе,
2562 Қиссаның тамат-тамам болған жері.

Сағаттың хикаясы

Бисмилла, сөз бастайын ауызға алып,
Жамағат, тыңдасаңыз құлақ салып,
Елінде жағалбайлы бір бай бопты,
Көргені бір ұл, бір қыз өліп-талып.

Қисапсыз кемпір-шалға бітіпті мал,
Момындай адам екен, айтқаны дәл.
Қартайғанда көріпті бір ұл, бір қыз,
Сағатбек — ұлдың аты, қыз — Нұржамал.

10 Сағатбек жомарт бопты өз тұсында,
Беретін ат пен шапан құрбысына.
Жылына елу түйе жүк шығарып,
Таратар құдайы ғып жарлысына.

Сағаттың салтанаты жұрттан асты,
Кигені алтын-жақұт күн шалмас-ты.
Құс салып айдын көлге, ит жүгіртіп,
Ақ арғымақ мініпті — жер баспас-ты.
Шежіре, шешен, шебер, ақынды ертіп,
Аралап дүние жүзін мауқын басты.

20 Сол Сағат шықты бірде жылқы жаққа,
Қасында ерген ешбір жолдас жоқта.
Жылқысын ары-бері аралап жүр,
Барады Сам жамырап, ақшам шақта.
Ентелеп бір бес ұры келе жатыр,
Жалғызды, Жаратушы, өзің сақта.

Бес ұры ортаға алды жалғыз ерді,
Етасым бесеуіне күш бермеді.
Ұрған соң бірі оңнан, бірі солдан,
Жалғыздың түсетұғын кезі келді.

Бес ұрының төрті жас, бірі кәрі,
30 «Өлтірем!» деп жаяу шал жетіп барды.
— Ей, ата, айтатұғын арызым бар,
Салшы құлағыңды, — деп зар жылады.

Сондағы зары:

— Күл-күл айдын, күл айдын,
Жалғызы едім бір байдың.
Көлденең шапқан бес қазақ,
Бесеуіңнің ішінде,
Шабдар атты шал қазақ,
Мені қылма сен, мазақ,
Басыма түсті осы азап.

40 Айналайын, бай әке,
Бір жанымды қи, әке,
Жанымды қойсаң кетейін,
Қуанып үйге жетейін.
Іздегенің болса мал,
Тойғаныңша алтын ал.
Жасы жеткен бейшара,
Не болады кемпір-шал?!
Еңістен түссе «Белім!» деп,
Өрге ұмтылса «Тізем!» деп,
50 Күйгелек сорлы сол еді,
Сүйенері жоқ еді.
Қос-қос атан, қос атан,
Өгіз өркеш сары атан.
Қомдық майы астаудай,
Өне бойы бір таудай.
Онан да түйе өтпес-ті,
Ұсынсаң қолың жетпес-ті.
Он бес нар жүгін көтерген,

Ауытқып жүгі кетпес-ті.
60 Тоқпақ жалды торы айғыр,
Үйіріне бөрі кірмеген,
Туғалы тоқым тимеген.
Алпыс бие үйірі,
Құрығына ұрының
Жөншілікпен жүрмеген.

Міне, осындай малым бар,
Ақсақал адам, құлақ сал.
Алды-артымда ешкім жоқ,
Жалғыздықтың ісі тар.
70 Ағайынды кісінің,
Бірі өлсе, бірі бар.
Жалғыздың көзі жоғалса,
Артында қалар иен мал.
Талағың түскір, арғымақ,
Бауыр жазып қашпадың.
Қарындасым Жамалды,
Өз теңіне қоспадым.
Малымды ал да, жаным қи,
Қалыңға мал бергендей,
80 Қуанышпен қылам той!

Соны айтып пақыр бала жылап жатты,
Қасында төрт жолдасы тұра алмапты.
Шал көнбейтін болған соң «Өлтірем!» деп,
Өкпелеп төрт жолдасы кетіп қапты.
Бейшара осылай деп жылап жатты,
Сұмырай шалға жолықты, діні қатты.
«Озып кетсе жолдастар жеткізбес», — деп,
Баланы сол араға бауыздапты.

Алтын тонын абдырап ала алмапты,
90 Қасында пышағы мен тоны қапты.
Далаға күміс қынды лақтырып,
Жанына алтын кездік салып апты.
Астында еркін жүйрік шабдар аты,
Ұзап кеткен оларды тауып апты.

— Жолдастар, тастап кеттің мені неге?
Олжа, шіркін, табылар іздегенге.
Кез болатын жауыңды мен өлтірдім,
Шұрқырап жылқы жатыр алтын көлде.

Төрт жолдасы сөйледі шалға қарап:
100 — Сенімен жолдас болдық қылып талап.
Біздік құн — екі жүз жылқы емес пе,
Ер боламыз елуден алсақ санап.

Бірі айтты: — Біз жолға шықтық кешегі айда,
Құдайым кез келтірме қатаң байға.
Ердің құны екі жүз жылқы болса,
Сонда біз таласпалық жалғыз тайға.

Мұны айтып, төрт жолдасы кетті шауып,
Шал келеді қабағын қарс жауып.
Тізгінінің ұшымен екпіндетіп,
110 Ақшамда екі ақ үйді алды тауып.

Бұл үйде кім бар? — деді келе сала,
Бұраң бел шыға келді бір қыз бала.
Бесеуі: «Біз қонамыз», — дегеннен соң,
Түсірді шылбырынан ұстап ала.

Сол үйде кемпір менен шал отырған,
Шетінен құт көрінді шұрқыраған.
Қой иіріліп қораға келгеннен соң,
Қыз алып жетіп келді бір бағлан.

Қол жайып бата қылды қонақтары,
120 Жортуылшы секілді тымақтары.
Байлардың санатшысы қандай қыран,
Түсуге дайын болды тамақтары.

Оятып қонақтарын бір-бір бастап,
Жантайған шынтағына жастық жастап.
Бір жігіт легенмен су келтірді,
Қыз пақыр тұр қолына сулық ұстап.

Шалдың жатқан алдында алтын кездік,
Барады қыз көзіне жылыұшырап.

130 Қыз пақыр көрді дағы кейін кетті,
Ішіне Құдай салды қайғы-дертті.
Әкесі баласына жауап қатты:
— Отырсың неге жылап, балам? — депті.

— Пышағы ағакемнің қонақта отыр,
Сірә, бізге жоқ екен, әке, — депті.
Салмай ма бізден басқа алтын кездік,
Қонақтан ұят болар, балам, — депті.

Бұл шалдан мына шалдың қулығы асты,
Сұм шалды айдап келіп қара басты.
«Сезінсе қашады» деп қауіптеніп,
140 Еліне жіңішкелеп хабар сапты.

Жиылып ел де келді ертеңіне,
Ұстап, байлап алыпты бесеуін де.
Кездікті көрген халық бәрі танып,
Десіпті «Жоқ қылайық жалғыз түнде».

Бәрі отыр пышақпенен жармақ болып,
Не шегелеп зынданға салмақ болып.
«Қысым көрсе, ұрылар шынын айтар,
Ең әуелі сұралық сөзін көріп».

Сұрады бес ұрыны қолына алып,
150 Қысым қылды тақымына бұрау салып.
Отырды шал міз бақпай бір қалыпта,
Жастары шынын айтты мойнына алып.

Жастар айтты:

— Шалға еріп шықтық түзге,
Кезікті жылқы ішінде бала бізге.
Өлі-тірі болса да шал біледі,
Жасырып, жастың қанын жүктейміз бе?

Біз соғыстық күн бата алаң-перен,
Ақшам бата түсірдік әрең-пәрең.
Семіздеу, мойны қатты боз арғымақ,
160 Мына шал қуып жетті шабдарменен.

Бұл шалға әлгі бала көп жалынды,
Не түрлі уағда айтып, жалбарынды.
«Осыдан кетер болсаң аман тастап,
Қолымнан берейін, — деп, — бар малымды».

Оңаша алып шықты көл шетіне,
Таң қалдық есіл жастың келбетіне.
Біз кеттік шалға өкпелеп көнбеген соң,
Ол мініп қалып еді кеудесіне.

Біз кеттік шалға өкпелеп қарамастан,
170 Бейшара бір қатты адам діні тастан.
Бұл бізді артымыздан қуып жетті,
Басқа хабар білмедік пақыр жастан.

Мойнына сөйтіп салды жолдастары,
Естіді жұрттың түгел кәрі-жастары.
«Басшыға алып, сүйекті іздеп табалық» деп,
Тоқтатты ақыл айтып қариясы.
Тірі таппай Сағатты, өлі тапса,
Бесеуін де өлтірмек уағдасы.

Ұрыны ертіп қыз бенен бай да жүрді,
180 Шапқан ел сүйек іздеп ойды-қырды.
Көзбен көріп, көңілі басылғанша,
Қыз бен шал жанталасып аласұрды.

Жылқышы арғымақты алған тауып,
Олар да «Бұл қалай?» деп қылған қауіп.
Көлді айналып көп іздеп таппаған соң,
Атты алып келеді екен елге шауып.

Ерттеулі арғымақты тауып апты,
Жиылып бұл жағдайды елге сапты.

Сағат жоқ, ер мен атты көргеннен соң,
190 Зар жылап қарындасы талып қапты.

Қарындастың атқа көріскен зары:

Нұржамал тұрды зар жылап.
Аға жоқ, келді арғымақ, —
Құшақтап ерді жылады,
Шал байқұс та барқырап.
— Табылсаң, аға, аман боп,
Кетер ем күндей жарқырап.
Ағакем, ұшқан лашыным,
Қысқарды жайған құлашым.
Ағатай, аман көргенше,
200 Ағылсын судай көз жасым.
Жылап жатыр бір жерде,
Шал тоқпақтап өз басын.
Осыларды көргенде,
Жыламаған кім қалсын?!
— Атыңды көрдім, өзің жоқ,
Бір ауыз айтқан сөзің жоқ.
Арғымақ атты көргенде,
Күйіп-жанып, болдым шоқ.
Ақ тұлпар, саған не болды,
210 Созыла шауып қаша алмай?
Қор қылдың жаудың қолына,
Болмаса бір дөң асырмай.
Артылды ма шал мінген,
Шабдар аттың өнері.
Қан басты ма, қайтейін,
Бәрі де Құдірет салдары!

Сол жерде жан болмады жыламаған,
Аш күзендей төгілді халық тамам.
«Атты көрдік, өзін де табамыз», деп, —
220 Оң болар шыққан сапар, басқан қадам.
Бекер күдер үзбелік ғайып іске,
Қайғымен оқыс болса, пақыр балам»

Қыз көрісіп атпенен мауқын басты,
Жылау тоқтап, ілгері қадам басты.
«Топталып бекер босқа жүре бермей,
Бытырап ізделік» деп ақылдасты.

Тұс-тұстан халық шауып іздеп кетті,
Өзі бастап өлтірген жерге жетті.
Қан жатыр тамшылаған сол арада,
230 Таппады одан басқа еш деректі.

Сағаттың бірер басқан ізін көрді,
Ат басқан, топыр қылған шаңдақ жерді.
«Жерді түгел іздедік, таппадық», — деп,
Алдыңғы іздеушінің бәрі келді.

Қарындастың қан тамған жерге көріскені:

Нұржамал сонда жылайды,
Қан тамған жерді құшақтап:
— Мен де артыңнан өлейін,
Өзімді-өзім пышақтап.
Орныңды көрдім, өзің жоқ,
240 Көрген екен ата-анаң,
Қартайған шақта «өлдім» деп.
Иен қалды барлық мал,
Күн бар ма бізге табылар?
Алды-артымда жоқ еді,
Не болар екен кемпір-шал?

Биылғы жыл шығып ең,
Дәл жиырма жасыңа.
Жөніңді айтпай кетіп ең,
Жолдас та ертпей қасыңа.
250 Қаперсіз жүрген кезінде,
Қайғы түсті басыңа.
Кім қарар менің, ағатай
Көзімнен аққан жасыма?

- Ерке болып бұлғақтап,
Тұлпар міндім тағалап.
«Көрнекті, көркем болам», — деп,
Қазине кидім жағалап.
Ендігі күнім не болар,
Жүремін кімді ағалап?
- 260 Бес ұры сені торыпты,
Сыртыңнан келіп сағалап.
Күшпен әрең түсірген,
Бес жағыңнан сабалап.
Кезікпепті малшыңыз,
Тұрғанында жағалап.
Талағы түскір, арғымақ.
Қаша алмаған бел асып.
Жай күнде құстай ұшатын,
Көз жұмғанша қырды асып.
- 270 Шаңдақты басқан ізің бар,
Кеткендей қашып бір жаққа.

Аралап күнде көргенде,
Бөкендей зарлап желгенде,
Мен сорлы сонда не болам,
Топырлап жылқың келгенде?

Далада сыймай қой жатыр,
Тігуші ең сәнге ақ шатыр.
Мәуелі тоғай күйреді,
Болады енді қу тақыр.

- 280 Сай-сала толған түйең бар,
Қисаймаған өркеші.
Өзен толған сиырың,
Шығарған шөпке бүйірін.
Алакөз алпыс бұқаң бар,
Қасқырға бермес үйірін.
Арманда кеткен ағатай,
Сақтана алмай күн бұрын.

Жорға мінсем таға жоқ,
Қазине кисем жаға жоқ.
290 Тойға барсам ішінде,
Топ жаратын аға жоқ.

Жылатты қыздың зар-мұңы,
Құдіреттің жарлығы.
Көзінің жасын тия алмай,
Жылаған жұрттың барлығы.

Жылатты жұртты осылай,
Қыз өксігі басылмай.
Зарықтырған зарлатып,
Құдіреттің қосуы-ай.

300 Қасіреті Сағаттың
Қыздың жанын күйдірді.
Көңіл айтып үлкендер,
Көзінің жасын тыйдырды.

Үлкендердің айтқаны:

— Төгілген қан үстінде ізі жатыр,
Түбінде бір шығады тірлігі ақыр.
Кәрі шал шала өлтіріп кеткен болар,
Шошынып кеткен шығар Сағат пақыр.

Қыз тоқтап құлақ салды айтқан сөзге,
Өлімнің белгісі жоқ онан өзге.
310 Ұқсайды біреу тауып әкеткенге,
Ізі де анық боп тұр көрер көзге.

Сол жерде бәрі тоқтап ақылдасты,
Үлкен-кіші барлығы есті басты.
«Елге барып жар салып, ізделік» деп,
Бәрі де атқа мініп, қайта басты.

Көпшілік осылайша ақыл айтты,
Жұбатып жақсы сөзге көңіл қайтты.

Әкесі сақалынан жасы ағып,
Жетелеп арғымағын алып қайтты.

- 320 Топырлап келді ауылға жиылған жұрт,
Сағатқа қайғыланған іш пенен сырт.
Базар боп жататұғын қайран ауыл,
Құлазып сөнген өрттей болды жым-жырт.

Сағаттың келіп түсті ордасына,
Жетекте арғымағы қыз қасында.
Әке-шеше сорлылар қайғы жұтты,
Ұлғайып келген шақта мол жасына.

- Жиылып кеңес құрды барша халық,
«Ойсырап, бекер босқа шаршамалық».
330 Мал сойып, тілеу тілеп жүрмек болды,
Ат жетер жерге дейін іздеу салып.

Төрт тарапқа жіберді сегіз кісі,
Жеткізер қайда барса малдың күші.
Енді хабар алайық бала жақтан,
Жөнімен жүре берсін іздеушісі.

Оны айтсақ, қысқаша, сөзді шақтап,
Өлтіруге қам қылған пышағын ап —
Шал қорқып, жолдастары кеткеннен соң,
Шала өлтіріп кетіпті, сасқалақтап.

- 340 Береді кімге опа мына жалған?
Әркімге өткен өмір болады арман.
Шал кетті «бауыздап өлтірдім» деп,
Жан тамыры қиылмай аман қалған.

Бір уақытта тұрады есін жиып,
Отырды демін алып, қанын тыйып.
Есалаң боп айрылған ақылынан,
Шошынып, жаяу қашып кетті жүріп.

- Келеді Сағат ұшып демін алмай,
Алдында барар жерін байқай алмай.
- 350 Сол күні жапан түзге кетті шығып,
Адасып иен жерге, ел таба алмай.
- Неше күн аштық көрді Сағат ғаріп,
Қай жерде халі бітіп қалар талып.
Енді өлдім дегенде дымы құрып,
От шықты жақын жерден, көрді жарық.
- Өзінше жүгірген боп отқа келді,
Құдайым кез келтірді керуендерді.
Қан басып қатпарланған мойындары
Әлсіреп, сәлем беріп, кіріп келді.
- 360 Көрген соң шошып қалды керуенбасы,
Ішуге дайын еді пісіп асы.
Жаны ашыды: «Бейшара-ай! — деп барлығы да —
Қан болған үсті-басы, көзде жасы».
- Алдымен тамақ берді, жөн сұрамай,
Ас ішті, жан-жағына бір қарамай.
Қандай тамақ ішсе де табылады,
Қазанында керуеннің бәрі де сай.
- Ет берді алдыменен бірер кесек,
«Бұл қалай?» — деп Сағатжан қылды есеп.
- 370 Етті жеп, қолын жуып болғаннан соң,
Сағаттан жөн сұрауға келді кезек.
- Сөйледі Сағат бастан жай-жапсарын,
Тоғайда неше күндей ашқан қарын.
— Адамнан және аштықтан өлер кезде,
Сіздерге кезіктірді Құдірет Кәрім.
- Сонымен көп тыңдады керуенбасы,
Аспаған жиырмадан бала жасы.
Сонда да: — Кісі өлтірген қашқын ба? — деп,
Сақтықпен бос қоймауға ақылдасты.

- 380 Баланың ең әуелі қанын жуды,
«Япыр-ау, не қылар?» деп Сағат тұрды.
«Қашып кетсе, пәлеге қаламыз» деп,
Кісен салып, арбаға қолын буды.

Сағатбек қоста жатты, таң да атты,
Жанына есіл жастың жаман батты.
Таң бозара керуендер қосын жиып,
Тең буып, жүк артысып, ат қамдапты.

- Жол тартты керуеншілер шәрге қарай,
Сағатбек ас пысырғыш — болды малай.
390 Құйған асты ішпейтін қайран Сағат,
Кім көнбейді Алланың жарлығына-ай?!

Жақын кеп олар қонды шәрге таман,
Саудасы жақсы болып, қайтқан аман.
Сол шаһардың патшасы шақырыпты:
«Қонақ болып кетсін, — деп, — бәрі тамам».

Байбатша жолдасының бәрін ертті,
Сағатты бұрынғыдай кісендетті.
«Біз келгенше сен қосқа ие бол» деп,
Бәрі кетіп, тек Сағат күзетте еді.

- 400 Қонаққа байбатшалар бәрі саулап,
Бағы өскен саудагерлер оттай жайнап.
Кірісті бір-бірімен әңгімеге,
Жайланып, алқа-қотан отырып ап.

Кеңесті кең отырып істің мәнін,
Көрсетті неше түрлі қызық, сәнін.
Көңілдері орнығып алғаннан соң,
Сөйледі падишаға Сағат жайын.

- Бір бала жапан түзде келді бізге,
Адам қияр жан емес, көрер көзге.
410 Қызыл қан, «жау бауыздап кетті» дейді,
Мәнісін біле алмадық онан өзге.

Қан басып түн ішінде келді бізге,
Аш жүрген неше күндей жапан түзде.
Неткен адам екенін айыра алмай,
Мағлұм қылып отырмын, тақсыр, сізге.

Патша айтты:

— Алып кел бірің барып,
Түп-түгел осындағы көрсін халық.
Байқалық өз аузынан сөзін тыңдап,
Бұл жерде бекер ойды талдырмалық.

420 Әкелді керуеншінің бірі барып,
Қор қылған асыл жасқа кісен салып.
Нұрына падишаның көзі түсіп,
Төрінен орын берді бұзып-жарып.

Патша айтты: — Сөйлеші, кәне, балам,
Түріңді көріп, көңілім болды алаң.
Тайсалмай, не істесең, дәл шыныңды айт,
Жарқыным, құтқарайын есен-аман!

Жіберді падишаға бала жылап:
— Жеріміз Есіл, Балқаш — мекен-тұрақ.

430 Бір байдың ардақтаған жалғызы едім,
Кемпір-шал ортасында жанған шырақ.

Бір туған екеу едік — бір ұл, бір қыз,
Бес мыңдай отардағы бар жылқымыз.
Келіп ем жолдас ертпей жылқы жаққа,
Бес ұры ақшам шақта жолықты кеп.

Мінгенім алтын ерлі боз арғымақ,
Қолымнан ат бермедім соғысып-ақ.
Халім бітіп, сойылға жығылған соң,
«Өлтіреміз» дегені түсіріп ап.

440 Бес ұрының төрті жас, бірі кәрі,
Жығылған соң қасыма келді бәрі.

Шал көнбеді қисайып, «өлтірем» деп,
«Тиіспелік» деп көп айтты жолдастары.

Көнбеген соң төрт жас кетті жүріп,
Қасымда тек шал қалды жалғыз тұрып.
Онан соңғы білмеймін ес-түсімді,
Бауыздап кетсе керек, құстай жұлып.

Бір кезде түрегелдім есім шығып,
Жанымда қыным жатыр, кездігім жоқ.
450 Шошынып, сасқалақтап жүріп кеттім,
«Қайта келіп өлтіріп кете ме?» деп.

Осылай сасқалақтап жүріп кеттім,
Біле алмай қайда екенін барар беттің.
Қансырап және ашыққан өлер кезде,
Керуенге қонып жатқан тура кеппін.

Ас ішіп байбатшадан, жиып бойды,
Бұралған неше күнгі қарын тойды.
«Ұры болса айырылып қаламыз» деп,
Арбаға кісен салып, байлап қойды.

460 Нұржамал — жалғыз қалды қарындасым,
Өтпейді ойлағанда ішкен асым.
Мал деген Есіл көлге сыймай жатыр,
Тақсыр-ау, көп зарлатып не қыласың?

Жар болған патша едіңіз панасызға,
Аллаға аян, сөзіме нанасыз ба?
Сізге де Құдірет айдап кез келтірді,
Уа, патша, панаңызға аласыз ба?

Патша айтты:

— Сөзің шын, тоқта, балам,
Мұнан былай болмасын көңілің алаң.
470 Керуеншілер тапсырды маған әкеп,
Сені ешқайда жібермей алып қалам.

Керуендер жүріп кетті өзі жайына,
Патшаның бала жақты ыңғайына.
Бар еді патшаның да жалғыз ұлы,
Ойлады: «Соған қосып сынайын да».

Жолдас қып қосты өзінің баласына,
Тойды ықылас Сағаттың санасына.
Дана ақыл, жақсы мінез, ұнамды боп,
Жағып алды патшаның баласына.

- 480 Сағатты падиша да жақсы көрді,
Жолдас боп баласының қасына ерді.
Сөзге шешен, топ жарған және балуан,
Жас жігіт таңырқатты тамам елді.

Айналды уәзірлері күншілдікке,
Бөлінді аралары екі жікке.
«Сағаттан айла тауып құтылмасақ,
Бізді аман қоймайды түпкілікте».

- Шақырды уәзірлерін патша бір күн,
Бала жақсы үйлесті, шығармай үн.
490 Патша жарлық айтты барлығына:
— Құса болып жүрмесін, есіл шіркін.

Бас уәзір іздесін оның елін,
Естуші ем Есіл, Балқаш айтқан көлін.
Баламменен бірдей боп қолымда жүр,
Аяп қалсаң, жарамас аттың терін.

Уәзір жүрмек болды елін іздеп,
Жиылып кеңес құрды салып дүрмек.
Қайла тауып, Сағатты жоғалтуға,
Сөз байласты: «Керуенге баралық» деп.

- 500 Бас уәзір барады керуеншіге,
Нәпсіге ермей тұра ма адам пенде.
Қайла тауып жоғалтса Сағат көзін,
Керуеншіге бермек болды бір мың теңге.

Керуенші бір мың теңге алмақ болды,
Сағатқа нақақ жала салмақ болды.
«Бай да емес, мырза да емес, ел тонаушы
Қарақшы, — демек болды, — тосқан жолды.

Бұл өзі жалғыз емес тоғыз екен,
Қан төгіп жапан түзді қылған мекен.
510 Ел шауып, біздің дағы жолды тосты,
Шын аты «Сыбай» деген залым екен.

Залымдар иен жерді қыпты мекен,
Сол жерден аңдып тұрып бізге тиген.
Құтылған Сыбай өзі жаралы боп,
Өзгесі біздің қолдан соққы жеген».

Осылай айла құрды оңды-солды,
«Мақұл» деп уәзірдің көңлі толды.
Сендірсе уәзір айтып падишаны,
Бас керуенші мойнына салмақ болды.

520 Уәзір падишаға келді қайтып,
Отырды уағдаласқан сөзін айтып.
Біліпті мұнан бұрын бала жайын,
Сағат та үлгеріпті түгел айтып.

Патша айтты: — Шақырып кел керуендерді,
Бүлдірген неткен адам еру елді.
Шақырушы барғалы жатқанында,
Байбатша керуенбасы өзі келді.

Патша айтты:

— Байбатша, жақсы келдің,
Баланы маған сыйлап әкеп бердің.
530 Көрген-білген сөзіңді сөйле маған,
Оның сен бұзықтығын қайдан білдің?

— Жақпаймыз бекер нақақ қара майды,
Қор қылған малын тонап қанша байды.

«Адамнан адам тәлім алар» деген,
Балаңа қосқаныңыз жарамайды.

Атанған адам екен Сыбай залым,
Ей, тақсыр, сыры бізге болды мәлім.
Әр елден Сыбайды іздеп таба алмай жүр,
Зынданға сап қойыңыз, өлсін залым!

- 540 Керуенші осылайша соқты кеңес,
Көрмеген соң бұл сөзді бекер демес.
Сағаттың жан ашытар жолдасы жоқ,
Мұндайда қайдан пенде опық жемес?!

Сағатты зынданға әкеп салдырыпты,
Уәзір жаламенен жолын тапты.
Патшаның ұлы бұған таң қалып жүр,
Көрмеген Сағатбектей адал жанды.
«Қатеден оқыс қылып алмасын» деп
Ол барып атасына кеңес салды.

- 550 Кемітпей беріп тұрды ет пен майын,
Не түрлі дәмді тамақ бәрі дайын.
Падиша баласына жауап қатты:
«Өзіңсіз, балам, оған түк қылмаймын!»

Осылай дәмді тамақ ішеді асты,
Сағатты уайым мен қайғы басты.
«Япырым-ау, мұның арты не болар?» деп,
Қасірет тәтті ұйқыны шайдай ашты.

- Уәзірдің зарлатты ғой құр жаласы,
Зынданның темір құрсау айналасы.
560 Зарығып бір заманда ұйықтап кетті,
Түсіне енді ата-ана, қарындасы.

Солардың жылауымен кетті оянып,
Бірталай талып жатты басы айналып.
Зар тұтып сол арада көп жылады,
Түндегі көрген түсін есіне алып.

Сағаттың зары:

Түсіме ендің, ата-ана,
Көргенім шын ба, қата ма?
Ренжітіп сіздерді,
Жолықтым ба батаға.

570 Атам болса қайғымен
Екі көзден айрылған.
Аш күзендей бүгіліп,
Жасыған жездей майрылған.

Апам болса еңкейіп,
Басы жерге аз қапты,
Ботасыз нардай күңіреніп,
Күндіз-түні боздапты.

Қарындасым Нұржамал,
Сайрады жоқтап бұлбұлдай.
580 Қалар еді үміт боп,
Жолықтырса бір Құдай.

Нұржамал — менің жалғызым,
Туған айдай жарығым.
Бір сенің жаның күйзелер,
Кімге батар зарығым?!
Ағай сорлы ғарібің,
Иесі білер малының
Семізі мен арығын.
Тағы да торға іліндім,
590 Шықпады бастан қарығым.

Теңгеріп ертті қасына
Падишаның баласы.
Нақақ шоққа күйдірді
Уәзір, керуен жаласы.
Алынар ма екен өлшеуге
Ақ пен қара арасы?

Әділдік тиіп олардан,
Бітер ме жүрек жарасы?

600 Ғадыл патша тексерер,
Сөз аяғын бір күні.
Іздеуші келсе ел жақтан,
Ашылар еді сөз шыны.
Жорғадай ақса патшаға,
Біздің елдің бұлбұлы.

Уәзір мен керуеннің
Нақақтан жедім таяғын.
Құдірет өзі жеткізер,
Алладан күттім аяғын.

610 Сағатбек осылай деп жылап жатты,
Жұбатып жолдастары әкелді асты.
Баян қып көрген түсін айтып еді,
«Жақсылық, жориық» деп мақұлдасты.

— Иншалла, саған тілеу береді екен,
Падиша көз жасыңды көреді екен.
Еліңнен іздеушілер шықса керек,
Бұл шаһарға тездетіп келеді екен.

Ер жігіт не көрмейді балалықта,
Жорымай көрген түсті қалалық па?
Осылай Сағат бала қала тұрсын,
620 Жоқшыдан енді хабар алалық та.

Бөлінген іздеушілер әр тарапқа,
Аралап әр шаһардан сұрамаққа.
Бірі — батыр, бірі — шешен, бірі — ақын,
Үшеуі шыққан екен Хиуа жаққа.

Бұлар да келген екен ел шетіне,
Көрген жан таң қалады сәулетіне.
«Жоқ іздеген жөнімізді айталық» деп,
Патшаның шаһарына келмесін бе.

Шаһарға жаяушылап келіп кірді,
630 Ел жайын сұрастырып оңды-солды.
«Зынданда бір тамаша бала бар» деп,
Иесі пәтер үйдің айтып берді.

— Баланы әкеп берген керуеншілер,
Кісі еді падишамыз ел қамын жер.
Баланың түсін қимай алып қалды,
«Шын болса келеді, — деп, — іздеушілер».

Жолдас қып қосып қойды баласына,
Көз көрмеген сенбеді жаласына.
Сыбай деген ұры болып шықты анығы,
640 Не қылсын, ілінбесе дар басына.

Оларға осылайша айтты жайын,
Таң атып жүреміз деп болды дайын.
Батыр жігіт патшаға бармақ болды,
«Жөнін айтып баланы тапсырайын».

Деді де тез қамданып кірісті іске,
Кімнің көзі жетеді мұндай іске?
«Ұзақ жерден жоқ іздеп келеміз» деп,
Білгізді падишаға сол күн түсте.

Барыпты падишаға бір жасауыл:
650 — Келіп тұр жолаушылар түсі тәуір.
Батыр айтты ақынға: — Сен жыр толға,
Секілді емес пе едің соққан дауыл?!

Падиша берді рұқсат: «Алып кел!» деп,
Қылмайды тәкаппарлық бойды кернеп.
Ақынға сөз кезегі келгеннен соң,
Қолға алып домбырасын тұрды сермеп.

Патша айтты:

— Қош келдің, қонақтарым,
Біледі жолаушы адам жолдың зарын.

Жол жүрген атың арық, түсің зарық,
660 Қайдан келе жатырсыз, жарқындарым?

Ақын сонда сөйледі,
Домбырасын қолға алып.
— Саяңа келдік, падишам,
Біз — мүсәпір, сіз — пана.

Жиделібайсын — жеріміз,
Жағалбайлы — еліміз.
Көлденең ұшқан қаз өтпес,
Есіл, Балқаш көліміз.
Мал емес, адам жоғымыз,
670 Мырзамыз аман тұрғанда,
Түспеген жерге оғымыз.
Алдынан келіп тараушы ек
Ашымыз бен тоғымыз.

Қарап тұрған шәріміз —
Хиуаның әсем қаласы.
Көрінбеуші еді малынан
Сайрамның сары даласы.

Сағат атты жоғалды
Байдың жалғыз баласы.
680 Бұзылғандай көрінді
Хиуа шаһар қаласы.

Қарадың түзу, падишам,
Отырғаның алтын тақ.
Алысып туған бала еді,
Мырзалығы, сөзі нақ.

Ата-анасы кемпір-шал,
Иен қалды қалың мал.
Бұлбұлдай сайрап жоқтайды
Қарындасы — Нұржамал.

690 Айттырған былтыр жары бар,
Оң жақта қалды болып зар.
Келіп тұр, патша, көргіміз,
Шығып ек жазда, болды күз.
«Шүйінші!» деп қашан алынар,
Басымыздан бөркіміз.

«Қырық кісінің ақылы, —
Деуші еді, — тақсыр, ханда бар».
Жоқ іздеген біз — зарық,
Бас айналып, сандалар.

700 Көптің жүгін көтерген,
Ел иесі қара нар.
Енді ақыл сіздікі,
Осы еді, патшам, біздің зар.

Патша айтты:

— Бұлбұлым, енді тоқта,
Адам екен нақақтан түскен шоққа.
Еру боп бүгін мұнда тынығыңдар,
Қарастырып берейін бар ма, жоқ па?

Қонақтар уағдалы күнді тосты,
Бұл сөзді жұрттың бәрі «мақұл» десті.
710 Сағатты да шақырып бөлек үйге,
Өзіндей отыз тоғыз жігіт қосты.

Бәрін де киіндірген бірдей қылып,
Жайғастырған падиша өзі жүріп.
«Бұл келгендер егер де бөтен болса,
Сағатты танымас» деп хайла құрып.

Бұларға уағдалы күн де жетті,
Падиша жиып алған бай мен бекті.
«Адамың болса мұнда, танып ал» деп,
Падиша қонақтармен бірге кепті.

720 Бұл үйге бәрі келді сәлем беріп,
Қарап тұр уәзірлер көзі төніп.
Бірі есіктен жүгірді, бірі төрден,
Қалған соң бірін-бірі тіке көріп.

Шұрқырасты, шуласты араласып,
Шошыды уәзірлер түсі қашып.
Үйдің іші айналды думан-дуға,
Қой мен қозы кеткендей жамырасып.

Батыр әуел көрісті бойын тежеп,
Шешен келіп сөйледі тілін безеп.
730 Алдымен осы екеуі амандасты,
Ақынға көрісетін келді кезек.

— Сөйлейін сөздің басынан,
Басылсын жүрек тасыған.
Наркескен қылыш сен едің,
Суы қайтып жасыған.
Қайғыңды жұттым, қарағым,
«Айрылдық, — деп, — асылдан!»

Зарықты сөйтіп еліңіз,
Суалды шалқар көліңіз.
740 Иен қалды малыңыз,
Сөзіме құлақ салыңыз.
Алаштан таңдап айттырған,
Оң жақта қалды жарыңыз.

Патша баласының сөзі:

— Сағат досым, жылама, енді түсін,
Түзетер Алла өзі елдің қосын.
Айырған екеумізді дұшпандардың,
Қызығы — әңгімесі кейін болсын.

Сол жерде бәрі тоқтап амандасты,
Сағатты ертіп сарайға қадам басты.

- 750 «Падиша енді бізге не істер?» деп,
Қас қылған уәзірлер қатты састы.

Патшаның ертіп келді сарайына,
Бұлардың өткен ісі, бәрі ойында.
Сағатты бір-екі күн тынықтырып,
Падиша енді салды айт-ойынға.

Шақырды түгелімен уәзірлерін,
Тарқатты Сағатбектің қайғы-шерін.
Алдырды керуенбасын, бас уәзірді,
Іс ауса шығармақшы ашты терін.

- 760 Патша айтты: — Сөйлеңдер, уәзірлерім,
Егер тансаң, осы ара — өлер жерің.
Елінен кісі келіп, Сағат болды,
Кешегі «Сыбай» деген «залымдарың».

Уәзір сөз айтпады төмен қарап,
Лағынет айтты оған елдің бәрі-ақ.
Падиша би, бектерге берді ұсыныс,
«Мынаған айтыңдар, — деп, — әділ сарап».

- Би, бектер сөзін қуды оңды-солды,
Не түрлі ескі билік, айтты жолды.
770 Қаскөйлік ауғаннан соң уәзірлерге,
Дар басына оларды аспақ болды.

Патша айтты:

— Сендер, мені қылдың мазақ,
Сендерсіз-ақ Сағат жаудан көрген азап.
Жүйе жоқ сендер маған қас қылатын,
Жеткізгем бәріңді де тәрбиелеп.

Сағатбек түрегелді қол қусырып,
Не айтасың, балам? — деді патша тұрып.
— Олардың қанын маған қиыңыздар, —
Бұлбұлдай Сағат сайрап, кетті жылап.

780 — Арасын ақ пен қара көрді халық,
Әйтеу бір жаным қалды өліп-талып.
Малдарын қазынаға түгел алып,
Өздерін әр шаһарға тараталық.

Сағаттың осы сөзі болды мақұл,
Табылған осы болды толымды ақыл.
Падиша да тоқтады осы сөзге,
Әділ сөз қашан дағы болар нақыл.

Сағатпен падиша да жүрмек болды,
Қасына өз баласын алмақ болды.
790 Қиыр қонып, шет жатқан өз еліне,
Сағатбекті апарып салмақ болды.

Патша шықты шаһардан елдей көшіп,
Сағаттың да келеді көңілі өсіп.
Батырды шүйіншіге жіберіпті,
Барлығы кеңескен соң ақылдасып.

Топырлап келді тойға ой мен қырдан,
Қандай қызық өте алмас бұл жолғыдан.
Нұржамал неке қиды патша ұлымен,
Рұқсат ап ата-ана, ел-жұртынан.

Сөйтіп қайтты Иранның шаһарына,
Сағат кірді патшаның қатарына.
Басы қайғы, аяғы бақ болыпты,
803 Нұржамал Ираннан дәм татарына.

Патша мен әйел

Бір қисса жазғым келді қалам сермеп,
Өлең ғып оқиғаны сөйлеп бермек.
Оқырмандар жаратса оқығанда,
Ұнатса яки шабыт етсін өрнек.

Күн шығып, қайта батып өтіп жатса,
Батқан күн қайта таң боп атып жатса.
Жалғасып сансыз ғасыр дүниеде,
Сырлы сырғып айналып кетіп жатса.

10 Сырлы ай, жыл өтіп жатыр сыр алмаған,
Біркелкі дүние баста тұра алмаған.
Біреу қу, біреу момын дүниеде,
Осындай қайшылықсыз жүре алмаған.

Осындай сырлы жылды бір заманда,
Сыртта жау жоқ аңдыған ел аманда.
Белгілі сыртқы жаудың жөні бөлек,
Өзіңнен жаудай шапса бұл жаман да.

20 Сол кезде патша бопты Ораз атты,
Тым қатал зұлым екен, мейірі қатты.
Елінен өте сұлу әйел шықса,
Тартып ап талай елді жабырқатты.

Ораз патша деседі озбыр патша,
Тартып ап озбыр дейміз жабырқатса.
Кім бұған разы боп озбыр демес,
Жарынан сүйген сұлу ажыратса.

Жүреді сұлу көрсе тартып алып,
Ол суық жат ниетпен қолын салып.
Сұлулар тасаланып жүрер бопты,
Тартып ап кетпесін деп көріп қалып.

Осылай көрген күндер өтіп жатты,
30 Бұл қылық ел ішіне жаман батты.
Бар еді Момынбай деп бір етікші,
Кешігіп жүріп бұл бір әйел апты.

Жоқтықпен әйел алмай жүрген бойдақ,
Қызыққа қолдан келсе кімдер тоймақ.
Күміс ерге мінгендей болған екен,
Жақсы емес жаман ер жоқ жүрген жайдақ.

Әйелі Момынбайдың аты — Алалқан,
Көргендер Алалқанға болады таң.
Өң-шырайы келіскен келбетіне,
40 Дегендей туа бермес осындай жан.

Момынбай жұмсақ көңіл, алал адам,
Болмаған бір пендеге залал адам.
Ақ көңіл Момынбайдың ниетіне,
Кез қыпты асқан сұлу, саналы адам.

Тұлғасы талдырмаш-ты, нәзік белді,
Көз тартып қарағанда көрген елді.
Төл бойында міні жоқ боп жаралған,
Қуантпас қолға келсе қандай ерді.

Нұры мен сүйегінен мін таппайсың,
50 Дәлдеп көрсем деп кірпік көп қақпайсың.
Сағымдап шарайнадан көргендейсің,
Қарайсың, қарайсың да тіл қатпайсың.

Пормасы, бой нұсқасы, міне, осындай,
Сырлаған жетерліктей сөз қосылмай.
Бітімі мен нұрына көп тұрмайын,
Адамгерлік қалмасын сыры ашылмай.

Ашу жоқ мінезінде, ашық-жарқын,
Үйреніп ұстағандай жақсы салтын.
Әдепті, аузынан сөз шалыс шықпас,
60 Кім білер қандай болар істің артын.

Сыпайы сөйлесеңіз жауап берер,
Алыс-жақын демейді, бірдей көрер.
Терең ойлы, сабырлы, салмақты жан,
Тілінен сөз, қолынан өнер келер.

Шын махаббат елі мен ер мақтайды,
Жолдасы да, елі де мін таппайды.
Ел сыйлаған есікте отырмайды,
Жерде жатса алтынды тат баспайды.

Мүкеңнің жолығыпты жолдасы артық,
70 Асыл боп елге жаққан баурай тартып.
Елі сүйген жақсыны ер сүймей ме,
Ғашық оты жалындар шамдай шалқып.

Бірі ақ көңіл, бірі зерек қосылды жай,
Момынбайға туғандай күн менен ай.
Шын махаббат арадан қыл өтпейтін,
Ақ ниет, біреуіне біреуі сай.

Көрмесе бірін-бірі тұра алмаған,
Ер Мүкең көрмей аулақ жүре алмаған.
Кәсібі Момынбайдың етікші еді,
80 Алалқаннан басқа жерде іс қылмаған.

Әйелі айтар бір күн: — Кәсіп қылсаң,
Еңбек етіп пұл тапсаң, тілімді алсаң.
Пұл тауып, тіршілік қып, жан бағалық,
Қыжалаттан қалмалық әуре-сарсаң.

Осылай әйелі ерге берді кеңес:
— Еңбек қып пұл таппаған ішіп-жемес.
Досымыздан дұшпан көп ойласаңыз,
Бір күні деп жүрмесін адам емес.

— Бұл ақыл ұнап отыр айтқан сөзің,
90 Қас-қағым шыдамаймын көрмей көзім.
Махаббат билеп қосқан ғашығымсың,
Жанымның жанарысың сенің өзің.

Жүруге сізден аулақ дәтім жетпей,
Көз тоятым тойынып бірден кетпей.
Қасыңнан қас қағымда ажырамай,
Тұрсам деп тілеуім сол өмір өтпей.

— Шын солай екі көңіл бір деп сана,
Табайын осыған сай мен бір шара.
Берейін суретімді асып қойып,
100 Істе де жұмысыңды соған қара.

«Мақұл» деп рәсімін алды қолға,
Алла деп өмірімнің артын онда.
Гүл сүйген көбелектей жар суретін,
Қарап кетіп барады Мүкең жолда.

Апарды іс орнына рәсімді,
Жеріне жапсырмақ боп ұнасымды.
— Тігейін етігімді дос алдында,
Тарамыс жая тартып құлашымды.

Есікке қойды сурет жабыстырып,
110 Айрылма деп есікке табыстырып.
Кездейсоқ қырсық билеп кетсе қайттің,
Тәтті ойыңды мұңды ойға ауыстырып.

Сол күні күн тымырсық мұнарланған,
Суретке Мүкең қарар құмарланған.
Мұнар күн Мүкеңді де биледі,
Құйынмен сурет кетті жұмарланған.

Құйын ұшырып суретті шықты аспанға,
Күнге қарап жүгірер ер сасқанда.
Құйынды қуа-қуа дымы құрып,
120 Әлі кетіп қайтады тер басқанда.

Қалғандай үйге қайтты өшіп шырақ,
Құйынмен сурет кетті жолаушылап.
Жүрек сүйген жар кетті желмен ұшып,
Не боларын, кім білсін, түбі бірақ.

«Суретті құйын алып кетті қайда,
Қауіпіміз құйын емес, патша еді ойда.
Еріксіз құйын үйіріп әкеткен жар,
Суретің қалар екен қандай жайда?»

Деп арманда Момынбай дерті күшті,
130 Ойламаған кез қылды мұндай істі.
Қауіпін неден болғанда қатер содан,
Рәсім патша ордаға барып түсті.

Падиша сыртқа шығып келеді екен,
Суретті жерде жатқан көреді екен.
Қараса асқан сұлу әйел болып,
Қолына алып қуанып күледі екен.

Қолына алды, қарады бұл суретке,
Бұл сурет күйдірді ғой жүректі өртке.
— Мұндай әйел көрмеп ем өмірімде,
140 Түсер болдым көргенше қалың дертке.

Шіркін-ау, мынау қайда, қандай жайда,
Тұйықсыз суретіңіз болды пайда.
Суретіңе мұншалық күйге түстім,
Жанған шоқ басыла ма, басылмай ма?

Мұны таппай алқыным басылмайды,
Көрмей көңіл тұманы ашылмайды.
Бұл менің өмірімнің кілті болар,
Басқаға менің сырым шашылмайды.

Мұны табар жендетті шықсам сайлап,
150 Суретті алып іздейтін ақыл ойлап.
Жер бетінде бар болса тапқызып ап,
Арман болмас, о, шіркін, күлсем ойнап.

Уәзірді шақырып хан айтады,
Бұйрығын, тапсырмасын және айтады.
Суретті алып үй басын аралайды,
Тапса көзін кім оған алайтады.

— Кім болса осы сурет соны алып кел,
Аралап табылғанша сен барып кел.
Ел аралап «таппадым» деуші болма,
160 Болмастай қып арала еңбегің сел.

Еш адам қарсы шықпас жарлығыма,
Қарсы шыққан жолығар тарлығыма.
Осы әйелді тауып маған әкеледі,
Сол үшін ұқтырамын барлығыңа.

Тапқан соң жақсы күтіп әкеліңдер,
Тамағын сүйген жолда әперіңдер.
Қолға түскен кісідей қысымдамай,
Сөз айтса ауыр-жеңіл көтеріңдер.

Бұл ханның елін қоймай аралаған,
170 Ұқсамаған әйелге қарамаған.
Түгел кіріп үйлерге жүгіріп жүр,
Тапқанша ішкен асы тарамаған.

Аралап Алалқанды тауып алды,
Салыстырып суретке көзін салды.
Сурет жансыз, Алалқан жанды емес пе,
Анық өзі көргенде қайран қалды.

Адамда туа бермес осы жандай,
Жарқырар нұры балқып жанған шамдай.
Көргенге шамалас боп біз отырмыз,
180 Патша қайтсін мынаған күйіп-жанбай.

— Падиша сізді әкел деп жарлық шашқан,
Сондықтан сізді іздеп қадам басқам.
Патшаға сізді бастап апарамыз,
Бұйрықты орындаймыз кем қылмастан.

Даярлық қыл, кетеміз патша жаққа,
Патшаның көп іздеуі сіздің бақ па?
Патшаға қызметің жағып қалса,
Отырарсыз қасында сіз де тақта.

190 Алалқан жүр пәлен деп жауап қатпай,
Бармаймын деп немесе басын тартпай.
Не ой бар, не план бар кім біледі,
Қарайды жан-жағына кірпік қақпай.

Жүр дегенде жүретін секілденді,
Білмейміз қандай ойға бекінген-ді.
Жарлығы падишаның басып өтті,
Момынбай қанша күйіп өкінген-ді.

Момынбай жаутаңдайды жетім ұлдай,
Үзілуге таяп жүр жаны қылдай.
Жүрек сүйген жанарын тартып алса,
200 Қара күш қойғаны ма ғаріп қылмай.

Алалқан айтты бір сөз Момынбайға:
— Алалым, сыйынып тұр бір Құдайға.
Екі қапақ әкпішпен асып ал да,
Күн-түнде бір келіп кет орда жайға.

Ұмытпай осы сөзді есте сақта,
Кез болдық мұндай іске сор ма, бақ па?
Патшаның ордасына қапағыңмен,
Бір келуді ұмытпа еш уақытта.

«Ал жүресің» деді де кетті алып,
210 Жылай-жылай Момынбай қалды талып.
— Жанымның жаны, жүректің қаны едің,
Ажыраған болсамшы өліп қалып.

Маңдайға болды ма жар сыймағаны,
Ағызып қанды жасты тыймағаны.
Жан шығармай жүректі суырып ап,
Зорлықтың тірі өлтіріп қинағаны.

Өмірім өтер көзден жасын тыймай,
Жүрекке жара түсіп, салып шимай.
Шыбын жан неге шығып кетпейсің сен,
220 Отырсың жардан қалып неңді қимай?

Жүрек қан бір шыныдан бөліп алған,
Махаббат ұшқынынан шам боп жанған.
Осындай тәтті өмірді жара шауып,
Өктемдік өлместей қып қанжар салған.

Сорлы бас алалымсыз жүре алмаған,
Қас-қағым көрмей сізді тұра алмағам.
Ғашығым, тірі кеттің, мен тірімін,
Ақырын тілейінші бір Алладан.

Асылым, Алла жар боп жүрсін аман,
230 Тірлікпен көрісерлік болсын заман.
Жазықсыз жазалаған зұлымдарды,
Зарлатсын уағы өтпей бізден жаман.

Екі жендет барады әйелді алып,
Падиша мұрттан күлді көре салып.
Падишаны күлдіріп хош қылған не,
Кім зарлатып, зарлатты момын ғаріп?

Ал Момынбай зар жылап жата тұрсын,
Жар күйігін амал жоқ тарта тұрсын.
Падиша Алалқанмен қандай болар,
240 Қиссамыз бұлар жаққа мойын бұрсын.

Тыңдайық падишаның әңгімесін,
Момынбай патшаның алған несін.
Жазықсыз біреу жарын тартып алса,
Бәрің де естіген жан өшігесің.

Падиша көрді әйелді шыр айналып,
Ораздың кетті көңілі лайланып.
— Шіркін-ау, бір күлгенін көрейінші,
Кейінгісін көрермін бір жайланып.

— Атың кім, жасың қанша, неткен жансың,
250 Сізбенен екеу болып шамым жансын.
Өзің тұрмақ күлкіңе ғашық болдым,
Саған кім менен бөлек асыла алсын?

— Алалқан — атым менің, жасым — кәрі,
Жас келсе де қайтпапты беттің әрі.
«Бір кедейдің кемпірін тартып апты»,
Деп жүрмесін, падиша-ау, жанның бәрі.

Патшаның бар мақсаты күлкі болды,
Өз ойынша өзінің мүлкі болды.
«Бір күлгенін көрейін өлсем дағы,
260 Нұрына бұл жалғанда көңілім толды».

Көрді адам күлерліктей сөзін айтып,
Күлмеді қандай қылса езу тартып.
Бір күлкіге аңсары ауды дағы,
Басқаша ой келмеді ішке тартып.

Кісідей бетке қарар нашақұмар,
Күлкі көрмей еместей көңілі тынар.
«Қайтсем мұны күлдірем?» деп құмартты,
Болардай, күлдірмесе, сағы сынар.

Бар екен әскерінде ойын қызық,
270 Көрсетсе де қоймапты бір жымыып.
Көрсек көрер, сұраса жауап берер,
Күлмек тұрмақ қоймапты өңін бұзып.

Көрсетіп әскерлері күнде ойын,
Күлкі кернеп көрген жан тұла бойын.
Таққа шығып екеуі көріп отыр,
Жаңадан жасағандай алғаш тойын.

Әйелден көз жазбайды күле ме деп,
Күліп-ойнап өзіммен жүре ме деп.
Күлкісіне шөлдетті күлмей қойып,
280 Қапақты зат кім ойлар келеді деп.

Біреу келді екі май қапақ асқан,
«Май-май» деп айғайлайды құты қашқан.
«Май-май» десе күлкіні қойып берді,
Май қапақты күлкінің аузын ашқан.

Күлкісі қандай жақсы сыңғырлаған,
Бұлбұл үндес қоңыраудай сылдырлаған.
— Не қызыққа күлмеп ең диуанаға,
Күлдің сен, не қызық бар айтшы маған?

— Күлкі керек десеңіз сіз қапақ ас,
290 Май-май деп ел арала, қадамың бас.
Күлкінің көрсетейін не қилысын,
Көр дағы сол күлкіні көңіліңді аш.

— Есі-дертім, ой-қиялым сенің күлкің,
Жолыңа сенің тіктім дүние-мүлкім.
Назыңды көріп, өліп кетсем мейлі,
Бұрын нағып көрмедім дүние, шіркін.

Сөйтіп келсем сен рас күлемісің,
Күліп-ойнап ашылып жүремісің?
Білгізбей еш адамға диуананың,
300 Қапағын маған алып беремісің?

Әйел айтты: — Болады, мақұл, — деді,
Көрсен күлкі мынауың ақыл, — деді.
Алғаш құмар күлкінді бір көріп қал,
Шын күлетін болармыз ақыр, — деді.

Киіміңді шешін де орныңа қой,
Маған еріп білінбей сен жүре ғой.
Тұндырмай май қапағын әперейін,
Мойныға ас, қызығың көр, болғандай той.

Қараңғы қалтарыспен жүрді еріп,
310 Алмақ боп қапақ асып қызық көріп.
— Қайда әлгі, диуана? — деп келе жатып,
«Әне» деп көрсетеді жауап беріп.

Қараңғы ел шетінде алды ұстап:
— Дереу шеш киімінді, — дейді қыстап.
Шошып кеткен секілді, шегінеді,
Патша айтқан диуананың бұл ығыстап.

Қапағын киімімен алды шешіп,
Қараңғы шырақ қалған жүрерде өшіп.
— «Май-май» деп айғай салып айналып кел,
320 Көрмей қалып арманда қалма, — десіп.

Қапақ асып мойнына патша кетті,
Момынды ертіп тағына әйел жетті.
Патша киімін киініп таққа отырды,
Диуана боп падиша төмен кетті.

Ойланып әйел: — Мынау ақыл, — дейді,
Қайратты, қаһарлы отыр батыл, — дейді.
«Май-май» деп айғай салып келгенінде,
«Басын ал!» деп қатты бір ақыр, — дейді.

«Май-май» дегенде ақырды қаһарланып,
330 «Басын ал!» деп ызғарлы жарлық салып.
Патша әмірін екі етпес жендеттер бар,
Жіберді ө дегенше басын алып.

Ешбір жан мынау істі түйген де жоқ,
Астамшылық қызыққа бір қызыл шоқ.
Асқақтаушы әлінен асып кетсе,
Жан шығу оңай екен тигендей оқ.

Ақ жүрек сүйкімдісін, досын алды,
Нәпсі жау өз досының басын алды.
Өмірлік жаны сүйген шын серігін,
340 Алалқан Момынбайды қасына алды.

Момынды Ораз етті орынына,
Кім тергеп қарар дейсің порымына.
Мұңлы орынды нұрлы орын иеленді,
Зұлымдық өшті толып толымына.

Қу нәпсі дос па, жау ма қуа берсе,
Қызық деп қуа берсе, туа берсе.
Көргеннен көрмегенін қызықтатып,
Алдыңғысын өшіріп, жуа берсе.

Ақ көңіл алалдық пен қулық қандай,
Алалдық іші жарық жаққан шамдай.
Қулық, зорлық, қу нәпсі алды тұйық,
Бір тосылар тосу бар соққан тамдай.

Ұсынам, оқырмандар, жазып дастан,
Өлеңім оқиғаның басын қосқан.
Жаратса, жастарымыз оқып жүрсін,
356 Жерінде ермек етіп көңіл ашқан.

Сырлы қобди

Әрқашан қастандықтың арты жаман,
Қалмайды қара ниет ақыр аман.
Алданып бір залымға тентіреген,
Жазайын Нағымбекті келсе шамам.

Аты еді ертегінің «Сырлы қобди»,
Ертеден жетіпті бұл жылжи-жылжи.
Жолықсам бұл өмірде кей істерге,
Осы ертек дастан болып толқиды ми.

Бұл ертек ел аузында келе жатқан,
10 Ізгілік талай жерде азап тартқан.
Кешегі зар заманда еркіндіктің,
Еңсесін қайғы басқан сегіз батпан.

Бірі екен сол сорлының келіп-кеткен,
Қабырға қатпай жатып азап шеккен.
Сендерді сейілдетіп әкелейін,
Бірге ертіп ертектегі Нағымбекпен.

Нағымбек жанашырсыз қалған жетім,
Сұм тағдыр үйіп-төккен қасіретін.
Білетін халін оның ата-ана жоқ,
20 Кімге айтып жеңілдетпек қайғы-дертін?!

Ол күнде жетім қашан оңған екен,
Қожасы бір саудагер болған екен.
Мейірімсіз, шапағатсыз залым байдың,
Кеудесі арамдыққа толған екен.

Болатын озбырларда жөрелгінің,
Бәрін де ол қолданып болған екен.

Аты екен саудагердің Сығай деген,
Талайлар Сығай десе жылайды екен.
30 Әйтеуір күнкөрістік нәпақа үшін,
Малайлар әзер ғана шыдайды екен.

Пайда үшін төңірегін зар жылатқан,
Жемтіктес ұлықтарға қолын артқан.
Саудасын бір еселік бес есе ғып,
Арзан алған заттарын қымбат сатқан.

Жинаған қазынасы сан-санақсыз,
Көргенде сәулетіне таң қаласыз.
Осынша көп дәулетке тұтқа болар,
Көп заман күнелтіпті бір баласыз.

Бала деп Сығай көңілі болады алаң,
40 Баласыз үйдің іші қандай жаман.
Өмірдің ұйытқысы ғой бала деген,
Шыдасын Сығай қайтіп болмай алаң?!

«Алайын бір жас тоқал дүйім елден,
Өтем бе ұрпақсыз боп дүниеден.
Шалқыған өз тұсымда дәулетімді,
Көз жұмарда деп кетем кімге иемден?!»

Жабысқан қасірет боп бұған көптен,
Мақсатын орындауға арман еткен.
Сенденіп сақал қырып, мұртын жұлып,
50 Аттанды қыз іздеуге төңіректен.

Бар еді бір момын шал маңайында,
Ол шалдың бір қызы бар маңдайында.
«Сорлыға сойыл бұрын тиеді» деп,
Алдымен сол ілінді қармағына.

Бар еді сорлы қыздың өз сүйгені,
Махаббат не қылады дүниені.
Азбанға қосақталған жас құлындай,
Зорлықтың бұғауында қыз сүйрелді.

60 Қыз сорлы кете берді жылай-жылай,
Сатуға жаратқандай оны Құдай.
Айырып сүйгенінен Сығай залым,
Өзіне тәуелді етті, міне, осылай!

Шара жоқ қыз сорлының көнбесіне,
Көз жетті тәтті үміттің келмесіне.
Дәрменсіз әке сорлы малға сатып,
Айналды ол Сығайдың пендесіне.

70 Тағдырға нәлет айтып рақымсыз,
Жүргенде мұңға батып ол сорлы қыз,
Дегендей жаралыға жәрдем болсын,
Беріпті Тәңір оған бір ұл, бір қыз.

Арасы ұл мен қыздың екі жасар,
Сығайдың қуанышы судай тасар.
Жаралы жүрегіне жамау етіп,
Анасы да баламен мауқын басар.

Бес жасқа келген кезде қыз баласы,
Толысып толған айдай боп тұлғасы.
Болса да сәби бала — бойжетпеген,
Көрінер сұлулықтың нышанасы.

80 Құштарланып қарайтын құмарменен,
Үш жаста ұл баласы Құмар деген.
Сығайдың бұл баладан үміті бар,
«Артымда мұрагерім болар» деген.

Ұл-қызды күн тигізбей баға тұрсын,
Жетімнің ата-анасыз күні құрсын.
Не көрер бағанағы жетім бала,
Жарандар, енді соған құлақ түрсін!

Бақ, шіркін, қалған ба екен байдан аспай, —
Қашады ол кейбіреудің маңын баспай.
Біреуі бақ қашқанның Нағымбек пе,
90 Санаулы-ақ өтер күні қарны ашпай.

Нағымбек көп малайдың арасында,
Көзінің от ойнаған қарасында.
Тоқалы Сығай байдың есіркейді:
— Көрдім, — деп, — бұл сорлының анасын да.

Оның да есіркейтін себебі бар,
Себепсіз жанашырлық жаралсын ба?
Тойғыза тамақ беріп, бастан сипап:
— Ойнат, — деп қосып берді баласын да.

Осылай бірқанша жыл өткен екен,
100 Нағымбек он жетіге жеткен екен.
Бірге өскен бала жастан Ханышайым,
Шығысып бір-бірімен кеткен екен.

Түсіріп қыз бетіне көздің нұрын,
Бір күліп аударатын көздің қырын.
Көз нұрын бұғалықтай ала қашқан,
Секілді байланбаған марқа құлын.

Кішіпейіл, жаттығы жоқ мінезінде,
Сымбаты жастық шақтың бір өзінде.
Ибалы жас құрбысын бара-бара
110 Тәуелді ете берді қыз да өзіне.

Нағымбек әр қимылын саралайды,
Қиялы кең әлемді аралайды.
Өрт лаулап, аспан құлап келсе дағы,
Бөгер деп махаббатын қарамайды.

Көрінсе Ханышайым көз алмайды,
Өзінің не болғанын сезе алмайды.
Жүректе аласұрған асау сезім,
Бір минут көрмеуіне төзе алмайды.

Көздерден жанып ұшып нажағайлар*,
120 Не тәтті өтіп жатты ғажап айлар.
Жырлады махаббатын бұлбұл құстар,
Қымтады құшағына қарағайлар.

Жасырып сырын сырттан жүрді олар,
Түрі жоқ тілектері қабыл болар.
Не көрсе де бір көрмек болды өздері,
Кім білер ақырғысы немен тынар?

Бір күні бұл екеуі сырласады,
Көп күдік бір-бірімен ұласады.
Арасы екеуінің жер мен көктей,
130 Бұларды «ғашықсың» деп кім қосады.

— Күннен де ыстықсың ғой, Ханышайым,
Сезімнің аспанынан туған айым.
Бірақ сен «Қарақшының» аспанында,
Тұрғандай сезілесің маған дәйім.

Бірге өстік ойнап-күліп қанша жылдан,
Саған да мәлім еді менің жайым.
Жоқ менің әкең алар қалыңмалым,
Шешуге бұл жұмысты келмес әлім.

Тағдыр жоқ екеумізді еркін қосар,
140 Қан шықпас кесіп алса әкең залым.
Дағдарғандай боп тұрмын ойлай-ойлай,
Өзің айт бір ақылды, Ханышайым!

Толғанып тоқсан неше ары-бері,
Ханша да бұл істің қамын жеді.
Басқандай тәуекелге қатуланып,
Ханшайым Нағымбекке былай деді.

— Разы әкем бермес мені саған,
Мен дағы бұл арасын көп ойлағам.

* Нажағай — найзағай

Мұндайда қажет болар жүректілік,
150 Жеңеді тәуекелге бел байлаған!

— Нағымбек, өзің ғана сүйген жарым,
Сен үшін не көрсем де соған бармын.
Қараңғы сенсіз маған аспан асты,
Өмірді сенен бөлек не қылармын?

— Сенемін, Ханышайым, тілегіңе,
Құрбанмын мен деп соққан жүрегіңе.
Қайтейін, қол байлаған жоқшылық-ай,
Қысқа жіп жетпеген соң күрмеуіме!

Ойласам сорлы екен малсыз адам,
160 Шама жоқ бір аттауға басып қадам.
Адам боп басқалармен тең болмасам,
Тәңірім жан берді екен несін маған?!

Осылай сыр айтысып біраз тұрды,
Аралас елестетіп бақ пен мұңды.
Баспалап арттарында жүрген Құмар,
Олардың айтқандарын естіп білді.

Құмардың естіген соң іші күйді,
Ашуын әрең тежеп, есін жиды.
Жасынан жан қақпаған шаужайына,
170 Ызадан терісіне әрең сыйды.

Алдына әкесінің барды жетіп,
Көзіне жас алады мөлдіретіп.
Қалай деп сөз бастарын білмей қалды,
Алақтап жан-жағына, құты кетіп.

— Не болды осыншама, Құмар, саған,
Қандай жан ренжітті сені жаман.
Соқтыққан кім де болса айтшы маған,
Әкесін танытайын оның, балам.

— Есіктен төрге оза алмай жүрген құлың,
180 Жау екенін сезбепсіз бұдан бұрын.
Алдында ардан жүрдай болған екен,
Намыссыз, ұяты жоқ әлгі қызың!

Сығай бек қалтырады су кешкендей,
Өртенді тағы бір дем жай түскендей.
Бір байдан қалыңмал ап жырғар еді,
Қапыда қалған екен мұны білмей.

Ол енді бұған шыдап тұра алмайды,
Бас салып қызын бірақ ұра алмайды.
«Сығайдың жалғыз қызы құлға тиді»,
190 Дегеннен құтылуды қиялдайды.

Сығай бай әке емес, сайқал екен,
Қыз басы бағалаған байтал екен.
Басынан өткендерін ана сорлы,
Сырласып өз қызына айтады екен.

Дейді екен: — Осы өмір бізбен кетсін,
Ұрпаққа жалғаспай-ақ мүлдем кетсін!
Бояуы неше өзгеріп сырлы қобди,
Бұл шаққа жететінін қайдан білсін?!

Айналған диірмендей мына жалған,
200 Біреуге бақ, біреуге әлек салған.
Айтпақ боп басындағы өз әлегін,
Алдына анасының қызы барған.

— Өсірген адам етіп, ардақты анам,
Айтайын бір сөзім бар, — деді, — саған.
Дауасыз бір ауруға тап болдым мен,
Не десең енді өзің біл, ана, маған!

Деді де мөлдіретіп төгіп жасын,
Өксіді анасына сүйеп басын.
— Деуші едің: «Теңін таппай өткен өмір,
210 Қуарған ағашпен тең, құрып қалсын!»

Несіне бұрынғыдай бұлғақтаймын,
Қазір мен көгендегі лақтаймын.
«Егер де жер бетінде тірі болсам, —
Деуші едің, — қарғам, сені жылатпаймын».

Теңім деп Нағымбекті сүйдім, ана,
Отына махаббаттың күйдім, ана.
Осы үшін өлтірсең де, енді өзің біл,
Ақылшым, қорғаушым да өзің ғана.

Естіді мейірлі ана қыздың сырын,
220 Өзі де межелейтін бұдан бұрын.
Аяр ма ана сорлы шапағатын,
Көнсе егер, Тәңір беріп, Сығай зұлым

Кеткендей болды ананың іші еріп,
Майрылған қорғасындай қызын көріп.
Алдынан тізбектеліп өтіп жатты,
Өзінің бастан өткен күні келіп.
Ойлады: «қыздың күні қараң қалсын,
Бұйткенше жас күнінде қалмапты өліп.
Сөз сіңбес теріс азу — әкесі анау,
230 Бере ме малға сатпай қызға ерік?!

Әкесі — қара ниет, рақымсыз,
Қызын ол қалай берсін қалыңмалсыз?
Шапағат дегенді ол білмейтін жан,
Болғанмен сырты — адам, жүрегі — мұз».

Отырған мұңға батып қыз анасы,
Шыланып уайымға көз шарасы.
Даладан күле сөйлеп Сығай келді,
Әйелден сыр тартпақ боп, өз жобасы.

Осы оймен Сығай да келді жылдам,
240 Ашуын әрең басып аласұрған.
Күлген боп орақ тісін ақситады,
Мейірімсіз мекер күлкі қандай жаман?!

Көлгірсіп жас тоқалмен сырласады,
Сұмдыққа бұл Сығайдан кім асады?
Әйелдің ішкі сырын тарту үшін,
Нағымбек жағынан да сөз қосады.

Отырды Сығай өстіп сұмдық құра,
Ешнәрсе білмегенсіп, біле тұра.
Жолерсіп қастық істеу басқаларға,
250 Сығайға әкесінен қалған мұра!

Ұнатқан Нағымбекті қыз анасы,
Бір шықты қыз бен оның көзқарасы.
Сұп-сұр боп қанын ішке тартты Сығай,
Әйелге ауды енді бар жаласы.

— Тегі жат құлдың қызы жарымаған,
Салмақсың ба бетіме шіркеу маған?
Жіберген қызды еркіне сен екенсің,
Әкеңді танытармын енді саған.

Жазықсыз жазаланды жәбірленіп,
260 Құтқарар маңда жан жоқ мұны келіп.
Сорлы ана өз үйіне тұтқындалды,
Маңайдан қалмау үшін біреу біліп.

Не керек теріп бәрін ұсақ істің,
Бөгде деп болған істі білмейді ешкім.
Жоғалту Сығай сұмның болды арманы,
Із-түзсіз Нағымбекті, өттең, шіркін!

Бар екен батыс жақта бір үлкен тау,
Барғандар келмейді екен ол таудан сау.
Арасы құжынаған мекені екен,
270 Әр түрлі жыртқыштардың адамға жау.

«Сездірмей сол тауға алдап жіберейін,
Бұл сырды тірі жанға білдірмейін.
Ділдемды сандықтағы ұрлап алып,
Ол сұмырай өзі қашып кетті дейін».

Осылай қастандықты қойды сайлап,
Арам ой жан-жүйесін алды жайлап.
«Аң-құсқа жемтік болсын тауға барып,
Сазайын тартсын солай соры қайнап».

280 Осы оймен жылдамырақ шықты сыртқа,
Адамнан бөлек еді түр мен нұсқа.
Қалайда бір сұмдықты қиялдаған,
Ұқсайды қу түлкіге осы тұста.

Шақырып Нағымбекті қасына алды,
Бар ма деп маңда біреу көзін салды.
Дайындап алдын-ала сайлап алған,
Құлығын енді оған баяндады.

— Бар, — деді, — Қаһар деген туған бөлем,
Жүз ділдә қарыз алған бұрын менен.
Сен соны алып келсең түзу барып,
290 Келген соң тойын жасап, қызды берем.

Нағымбек бұл сөздерге таңырқайды,
Күткендей алдынан бір тосын жайды.
«Ақыры қызын берсе барайын» деп,
Ұғынды тауға барар жол, жағдайды.

Пөлеге басын тікті білмей мәнді,
Тәңірі қолдамаса адал жанды.
Жасырып арамдығын залым Сығай,
Баланы сыр білдірмей жолға салды.

— Ендігі аялдамай, тез жүріп кет,
300 Көрінген сонау тауға туралап бет.
Әдейі сеніп сені жұмсап тұрмын,
Осы жол көрсетерсің бір қызмет.

Нағымбек айналмады, жүріп кетті,
Көрсеткен тауға қарай бұрып кетті.
«Қызымды берем» деген сөзге разы,
«Ей, Алла, өзің қолда» деп тіледі.

Нағымбек тауға келді неше күнде,
Мәлімсіз сай-саласы жат жер мүлде.
Түкпірін бір жартастың паналады,
310 Түнемек осы араға бүгін түнде.

Ұйықтап кеткен екен шаршағаннан,
Ойламай қауіп-қатер айналадан.
Оянса көзін ашып таң атыпты,
Қасында отыр екен бір шал адам.

Көрді де қарияны түрегелді,
Иіліп қол қусырып сәлем берді.
Жапанда бірнеше күн жалғыз жортқан,
Себебін ақсақалға мәлімдеді.

Бала айтты барлық сырын әуел бастан,
320 Көргені ғаріпшілік бала жастан.
Қызына қожайынның ғашық болып,
Ала алмай жүргенін де жасырмастан.

Сол үшін қожайыны қолқа салып:
«Келесің, — деп бұйырған, — ділдөні алып».
Тәуекел бәріне де көнбекші екен,
Жүрмесе басы бір күн жолда қалып.

Ақсақал бала сөзін түгел ұқты,
Салмақты көрінеді сөзі мықты.
Десе де албырттықпен аңғармаған,
330 Өзіне қастық қылған бұл сұмдықты.

— Жайыңды толық ұқтым, ғаріп балам,
Менің де жаным ашып отыр саған.
Бұл тауға мен келгелі талай болды,
Көргем жоқ осы маңнан ондай адам.

Бұл тауға жан келмеген бұдан бұрын,
Білмейсің осы таудың, балам, сырын.
Дейді де басын шайқап кетеді шал,
Ашудың ызғары ойнап өңінде сәл.

— Сығай бай саған қастық еткен екен,
340 Бұл тауды жыртқыш аңдар мекен еткен.
«Аң-құсқа жемтік болсын» деген оймен,
Жұмсаған сені мұнда сол себеппен.

Сол күні шал қасында болды бала,
Жыртық қос шалдың үйі пара-пара.
Көз тартар шал үйінде ешнәрсе жоқ,
Екі қобди бар екен судай жаңа.

Бала айтты: — Қожайынға не деп барам?
Осыған көңілім тұр болып алаң.
«Қаһарды таудан іздеп таба алмадым»,
350 Деп барсам сенбейді ғой тағы маған.

Атасы: — Алаң болма, — деді, — балам,
Тәңірім кезіктірді мені саған.
Анау тұрған қобдиды апарып бер,
Разы болар, балам, сонда саған.

Қобдидың бетін ашпа жолда, балам,
Қайырлы болмас арты ашсаң саған.
Көңіліңе күпіршілік желік кіріп,
Қайта айналып келуші болма маған.

Ал, балам, разы бол, үйіңе қайт,
360 Бар дағы көргеніңді қожаңа айт.
Араға артық-кемді сөз қыстырмай,
Нақтылы көзің көрген істерді айт.

Нағымбек қуанышпен қобдиды алды,
Жанашыр әкесіндей көрді шалды.
Үйге тез жету үшін сабыр қалмай,
Жөн сұрау атасынан ұмыт қалды.

Айналмай жылдамдатып үйге қайтты,
Көргенін қожайынға түгел айтты.
Берген не, жолыққан кім, бұл бір жұмбақ,
370 Ақырын өзің оңғар, Тәңірім Хақ.

Сығай да разы боп қобдиды алды,
Балаға бір төңкеріп көзін салды.
Көрмек боп қобдида не бар екенін,
Қақпағын жылдамдықпен ашып қалды.

Алқызыл алтын ақша қобди толған,
Жұлдызы бұл Сығайдың оңнан туған.
Қобдиды төгіп жерге санап еді,
Жүз емес ішіндегі бес мың болған.

Мұртынан мұны көріп күлді дағы,
380 Бір істі жүрегіне түйді тағы.
«Құдайым мені бекер жаратқан жоқ,
Тәңірдің бұ да болса берген бағы».

Астында торғын көрпе, баста жастық,
Биледі бойын әбден дәулет мастық.
Осынша көп сомаға қолы жетті,
Бір малай жұмсап еді, ойлап қастық.

Сұрады тауға барар жолдың жайын,
Шұбырды сілекейі айтқан сайын.
«Көп дүние қолға тегін келгелі тұр,
390 Кетсе де жерге кіріп құтқармайын.

Білдірмей бұны ешкімге өзім барып,
Қағайын көрі сайтанның бойда жынын.
Жоғалған көп қазынам бұдан бұрын,
Білінбей кетіп еді ылым-жылым.

Ұрлаған соның бәрін сен екенсің,
Қолыма сәті келіп түстің бүгін,
Деп пәле салайын да шал басына,
Кірейін емін-еркін қазынасына».

Осы оймен жүріп кетті тауға қарай,
400 Оқырман, құлағың сал тамашаға-ай.
Сұмдықпен пайда қуып, есі кеткен,
Озбырлар бар емес пе талай-талай.

Заулатып кейде шауып, кейде желіп,
Тіреді аттың басын тауға келіп.
Таңдана ат үстінде тұрып қалды,
Алдында қара лашық қосты көріп.

Шақырды шалды сыртқа сабыр қылмай,
Аптығып ат үстінде бұл сұмырай.
Дауысы барған сайын қатты шықты,
410 Жарықшақ, қырылдаған, тым одағай.

Шал шықты сонда сыртқа баяу басып,
Қорқып та тұрғаны жоқ асып-сасып.
— Шырағым, үйге түс, — деп жауап қатты,
Жүзінде мейірі бар, даусы ашық.

— Ей, қақбас, қазынамды алдың, — деді,
Неше жыл мені әуреге салдың, — деді.
Кетсең де жерге кіріп құтылмайсың,
Әкең мен — алдыңдағы, таны, — деді.

Сөздерін осылайша сабақтады,
420 Шаттанып теке көзі алақтады.
Жазғырып шалды осылай кетті жүріп,
Әй-шайға, жөн сұрауға қаратпады.

Атынан түсе қала қосқа кірді,
Қобдиды қоста тұрған көзі көрді.
Алдында ақша санап дәндеген қу:
— Қобдиды тез әкел! — деп әмір қылды.

Шал сонда: — Рақмет, балам! — деді,
Кешірім еттің, балам, маған, — деді.
Бай-манап секілдісің пейілің кең,
430 Қобдиды бермей қайтем, саған, — деді.

Ол Сығай: «Шалды олжа еттім, деді,
Асырып құлығымды кеттім, деді.
Жоғалту Нағымбекті енді оңай,
Байласам аузын би мен бектің, деді.

Құдайдың сүйген құлы мен емес пе,
Дәулетім шалқып тұрған көл емес пе.
Құмарды бір ауыл ғып отырғызып,
Төсекті бір жаңғыртсам жөн емес пе?!

Алайын бір сұлуды таңдайын да,
440 Бақ пен дәулет бітті ғой маңдайыма.
Бір қобди алтын берсем қалыңмалға,
Шекеге шертіп жүріп алмаймын ба?!

Екі ауыл отырғызсам екі жерге,
Жүргізсем әмірімді бүкіл елге».
Осындай тәтті қиял қуа-қуа,
Сезбепті қанша жерге келгенін де.

Өмірдің арты ылди, алды қайқаң,
Адамды аздыратын нәпсі шайтан.
Ішінен сырлы қобди не шығады,
450 Азырақ тамашасын соның айтам.

Асықты қобдиды ашып қарағанша,
Алтынды сылдырлатып санағанша.
Ақымақ өзін-өзі салды отқа,
Жүргенде ажал ойлап басқа жаққа.

Қобдиды ашқан кезде бу шығады,
Аралас бу ішінен үн шығады.
Лезде дәу айдаһар пайда болып,
Аузынан заһар шашып бұлқынады.

Сығайдың бұны көріп зәресі ұшты,
460 Естен танып жығылып, жерді құшты.
Сығаймен көп зұлымдық бірге кетіп,
Басына бірталайдың жарық түсті.

Бір дәурен, міне, осылай өткен екен,
Ертек боп ел аузында кеткен екен.
Танылған сұмдықпенен Сығай дағы,
Ақыры осылайша біткен екен.

Өрқашан қастандықтың арты жаман,
Қалмайды қара ниет ақыр аман.
«Түсерсің елге қазған орға өзің»,
470 Деген сөз қалса керек осындайдан.

Нағымбек — Ханышайым екі ғашық,
Бір мезгіл жабырқаған көңілі жасып.
Тілегін Хақ Тағала қабыл көріп,
Жетті олар арманына басын қосып.

Аяғы сырлы қобди келді осыған,
Өр дәуір өз тұсында сыр жасырған.
Қазір де жылап кеткен кейбір қыздың,
О, тоба, парқы қайсы сол ғасырдан?!

Келсе де, келмесе де жаза салдым,
Өр түрлі көзбен қарар көп те бұған.
Осынау ертегінің оқиғасы,
482 Бұл күнде өтпесе екен қыз басынан.

Тотай сал

Ежелден атам қазақ ат дегенде,
Кететін бітіп қанат шап дегенде.
Қолыңа домбыра алып күй толғасаң,
Бастайды ат деп сөзін «ап» дегенде.

Сұм ажал сан адамды арманда алған,
Біреуді егде, біреуді жастай алған.
Еріксіз жер тартқан соң бауырына ап,
Талайдың көңілінде қалған арман.

10 Бірі екен сол арманның ел аузында
Таралған әңгіме боп көп қауымға.
«Тым болмаса бозбалалар оқып жүрсін»
Деп ойлап борыштымын мен жазуға.

Тарихи сахарада қазақ халқы,
Мінетін ат ардақтап ата салты.
Шамамен жетпіс жылдың алды-артында,
Болыпты бір балуан сал Тотай атты.

20 Елге сал атанбаған малыменен,
Жасынан жағаласқан жаныменен.
Ат жалын тартып мініп он бес жаста,
Танылған ат, ер-тоқым саныменен.

Қарасаң келбетіне қызыл сары,
Таң қалар тұлғасына жанның бөрі.
«Есірік, елден шыққан жындыбас» деп,
Өсек қып жақтырмайтын туыстары.

Тотайдың ол сөз келмес бақайынан,
Жүретін қолы тимей ат ойынынан.
Бай мен би, бардам туыс, нелер содыр,
Қашатын, Тотай келсе, маңайынан.

Ас-тойда жүреді екен ат ойнатып,
30 Сал мойын қарғытумен ойқастатып.
Жиылған зәңгі, үкірдай, бай-бағланға,
Бір тойда Тотай кепті анталатып.

Ол кезде оларға ешкім бара алмайды,
Маңайына атпенен келе алмайды.
Жетелеп ат-түйені пара әкелсе,
Бет көріп өз қолымен бере алмайды.

Кезіксе зәңгісі мен үкірдайы
Еңкейіп атын тастап келіп жайы.
Желбегей, қамшы, белбеу бәрін тастап,
40 Тұрғандай жолығатын жан Құдайы.

Сол үшін ер Тотайды көрген жерден,
Жанына атпен шауып келген жерден.
Бұл кім, — деп, — атпен бізді бастыратын,
Байла! — деп шабарманға бұйрық берген.

Айтқанын сонда Тотай елемеді:
— Әдетім ат ойнатып келем, — деді. —
Көрмеппін төре қандай, бейсі қандай,
Көрем деп келіп едім сол немені.

Дегенде шабармандар жақын барды,
50 Жабылып жалғыз Тотайды аттан алды.
Оңаша бір тігілген киіз үйге
Кісендеп қол-аяғын байлап салды.

Тұрады сонда Тотай ұран салып,
Кетеді кейде айғайлап аттан салып.
От болып екі көзі тітіреді,
Жиылды қаһарына ел таңғалып.

Біреуге атын мінген айғай салды,
Көрсеткен қайратына ел таңғалды.
Есіктен көлденеңдеп көрінгенде,
60 Қапсырып керегені, үйді жарды.

Біріне-бірін қосып керегені,
Күйретті қалың уық бөренені.
Жел жыққан моладай қып жықты дағы,
Аяққа салған кісенді елемеді.

Бағына осы топқа Мәми келді,
Қайратын жас Тотайдың тани келді.
«Жатпас, — деп, — асыл кездік қап түбінде»,
Босатып қол-аяғын, атын берді.

Он бесте оттай жалын қайратына,
70 Болар деп ел қорғауға бір керегі.
— Елді бөлер еркесі жолың болсын! —
Деп Мәми қолын жайып бата берді.

Сауырды сол жылы жаз жүрген жайлап,
Ат жақпай тақымына аламайлап.
Бақсыдай жаңа пері тоқтамайды,
Ерентау, Алтай бойын тең аралап.

Он алты-он жеті жас дәл шағында,
Тұрыпты мекен етіп сол бір маңда.
Белдеспей балуан түссе бәйге оныкі,
80 Кез-келген арыс болса анда-санда.

Бар еді жылқысында жирен құлын,
«Өттең, — деп көріп жүред Тотай бұрын. —
Амал қып тақымыма бір тигізіп,
Қызығын көрсетсең, — деп, — Тәңір, мұның».

Тай шықты жирен құлын келер жылы,
Қазаққа әйгілі ғой жылқы сыры.
Сол жылы тай бөйгенің алдын бермей,
Тотайдың тынды көңілі көрген мұны.

Құлпыртып құр шығарды құнанында,
90 Ер-тоқым тигізбеді дөненінде.
Ер салып бестісінде жаз жайлады,
Азырақ тоқталайын өнеріне.

Жиреннің қарап тұрсам келбетіне,
Ас-тойда келіп тұрған ел шетіне.
Қыз қуар, көкпар тартса жетер жан жоқ,
Жайлаудың құла жартас өр төсінде.
Адамның баласында көргеннен соң,
Айналды хайуан болса да еркесіне.
Топ жарса бір ұмтылып кеудесімен,
100 Шығыпты сан саңлақтың желкесіне.

Аралап ел отырса аттап басып,
Тигізбей бір тұяғын еткен машық.
Емшегін иіскелесе замандастың,
Дәл барып иіскеп тұрар болып ғашық.
Босатып жирен атты Тотай келсе,
Ұялып жүреді екен қыздар қашып.

Адам ба деп қаласың қылығынан,
Сөз ұғып бір орында тұруынан.
Шақырып үйде отырып шыныменен
110 Ішкізіп қояды екен қымызынан.

Алғашта ел атады-ау «Салкүрең» деп,
Еш балуан Тотайды жығып көрмеген деп.
Өнері сан құбылып көрінген соң,
Кейіндеп аты шыққан «Қызжирен» деп.

Мінеді және бір ат қосымшалап,
Құйрығы мен жалына маржан қадап.
Үкілеп Қызжиренді бос ертеді,
Қалмайды алды-артында жанасалап.

Он бес пен жиырманың арасында
120 Тотаймен шықпады ешкім таласуға.

Сал жүйрік елден шыққан нелер саңлақ,
Жиренмен жарамаған жанасуға.

Дәстүрлі қазағымның сайысында,
Қалмаған талай саңлақ сан асуда.
Еркіне таяз-терең көнбеген соң
Балық пен жол беріпті қара су да.
Шабыста тас бетінен таймаған соң,
Шегінген таутекелер тар асуда.

Ол кезде тыныш тұрмас ел арасы,
130 Көкпары, балуан, бөйге ер таласы.
Кедейге ең алдымен қамшы үйірген,
Ол күнде атқамінер бай баласы.
Осындай бір айқаста Қызжиреннің
Көрінді жұрт көзіне тамашасы.
Ұғарсың орнын айтсам ойлап көріп,
Манас пен Құтыбидің шекарасы.
Қамалған ұйғыр-қазақ мырзалары,
Шекітас, Сандумашан, Үш ашасы.

Іркілмей сол бір тастан жирен кеткен,
140 Жыландай төрт аяғын иреңдеткен.
Көк лақ тақымында балуан Тотай,
Бурадай топшыларын имеңдеткен.

Бұл тасқа жан қалмады қамалмаған,
Жол іздеп бас-аяқтан алаңдаған.
Сағымдай жарқылдаған Қызжиренді,
Көлденең келген адам шала алмаған.

Әрбірі бес бестілік ат мініп жүр,
Бәрі де қос бастығы қожандаған.
Өзенді апыр-топыр құлдай қашып,
150 Бас қайғы байтал түгіл таяқ жеген.

Саудагер нелер мырза бай баласы,
Лақпен қоса басып табандаған.

Жиженнің кереметін осыдан біл,
Жүз адам бір Тотайды ала алмаған.

Осындай атты бағып мінген Тотай,
Қайраты бойына сыймай жүрген Тотай.
Талайды арманына жеткізем деп,
Кезіп-ақ осы өңірде жүрген Тотай.
Қарамай бай мен бидің келбетіне,
160 Талайдың туырлығын тілген Тотай.
Тәкаппар сөзі күшті содырлардың,
Бір-бірлеп желкесіне мінген Тотай.
Жеткізіп сан ғашықты мұратына,
Жастықтың қасиетін білген Тотай.

Сондықтан мысал үшін бірін жаздым,
Сырламай, сипақтамай түрін жаздым.
Құтылған тірі азаптан Қызжиренмен,
Төменде сол арманның қызын жаздым.

Қыз болды Жамал атты руында,
170 Тым қиын жалқы-сыңар тұруы да.
Әкесі үш жүз байтал малға сатты,
Бір байға тоқалдыққа тұруына.

«Жеріне малға сатқан бармаймын» деп,
Қол артты бір кедейдің тұғырына.
Кемінде үш атадан мал бітпеген,
Жатақтың Қайсар атты бір ұлына.

Лаж бар соныменен қашып кету,
Жоңғардың Сарқұмынан асып кету.
Ойлайды көзі ілінбей күндіз-түні,
180 Сондағы арманына қайтіп жету.

Жезтабан жүйрігі жоқ ғашық жанның,
Жоқшылық дымын құртты асыл жардың.
Басқалай ат-көлікті тапқан күнде,
Қоймайды Қызжирені Тотай салдың.

Тотай мен жирен аттан жасқанады,
Әйтпесе орай келді, жол табады.
Той жасап, қыз алған бай тоқалына,
Бұл тойды Тотай өзі басқарады.

Кешкі той келіншек түскен алғашқы түн,
190 Әр үйден ән мен өлең басталады.
«Айғаймен іштен дертім шыға ма» деп,
Қайсар да домбырасын қолға алады.
Кезігіп сал Тотайға бір мезгілде,
Жасқанбай мынадай деп ән салады.

— Арман бар жүрегімде қабат-қабат,
Қайтейін, амалым не, кетсең сабап!
Шығар ем сол арманның төріне мен,
Табылса өзіңізден бір мархабат.

Атадан сен ұл едің ер боп туған,
200 Өмірде мен бір ғаріп арман қуған.
Қол жетпес өз қолыңда болғаннан соң,
Өте алмай мен бір жүрмін асқар шыңнан.

Ойланды сонда Тотай айтқанына,
Қайысып жоқшылықтың батқанына.
— Той болып ертең күндіз қыз қуарда,
Жиренді берем, — деді, — қашқаныңа.

Қайсардың атта қалды ойы бөлініп,
Тұрған жоқ мынау оған той көрініп.
«Қымыздың қызуымен айтты ма» деп,
210 Кетеді қилы күмән мол көрініп.

Той тарап, жиылған ел балуан түсті,
Жігітті шешіндіріп өңшең мықты.
Жақсы атты әйелдерге бір-ақ мінгізіп,
Шақырды Тотай ыммен Қайсарбекті.

— Ал, енді өнеріңді көрсет, — дейді,
Той болған үйде қалды келіншек, — дейді.

Қыз-келіншек маңайында, басқа жан жоқ,
Жиренді тығып қойдым ерттеп, — дейді.

Астына тиді жирен Қайсарбектің,
220 Дейді ол: — Арманыма енді жеттім.
Желіп кеп ғашық жарын алдына алып:
Қош, — деді басқа қызға, — міне, кеттім.

Ұлар-шу келіншек-қыздар айғай салды,
«Әкетті, әкетті!» деп ойбай салды.
Аттарымен шабатын қыз қуарда,
Жігіттің мықты, елпегі жаяу қалды.

Бай шапты Жамалды алған басын ұрып,
Өзінің бес бестілік атын мініп.
— Елмісің, жаумысың! — деп ойбайлап жүр,
230 Ұйысқан шоқ сақалын бірден жұлып.

Қыз қуып, балуан түскен жайына қап,
Қуып кетті елу адам атқа мініп.
Мінгескен екі адамды елең қылмай,
Қарасы Қызжиреннің кетті үзіліп.
Жеткізбей бір күн, бір түн қуса дағы,
Жоңғардың кірді ішіне елден шығып.
— Ат жетпес, оқ болмаса құтылар, — деп,
Тотай сал қуанып жүр іштен күліп.

Тал түсте қызды осылай алып кетті,
240 Ғашықтар арманына атпен жетті.
Жеріне баратұғын жеті күнде,
Жетіп ап махаббаттың күйін шертті.
Барған соң қоя берген Қызжирен ат,
Бір аунап, сілкініп ап желіп кетті.
Шалдырмай жол бойында бір адамға
Төтелеп иесіне жетіп кепті.
Ауылдың маңайына түнде келіп,
Таң ата үйді көріп кісінепті.

Оянып дауысынан Тотай тұрды,
250 Жиренді таныған соң қарсы жүрді.
Бұрын ол таянғанда есінейтін,
Осы рет сипағанда бір пысқырды.
«Жануар неге бүйтіп кейідің?» деп,
Ырымдап Тотай сал да іштей тынды.
«Жамалды тауып кел деп қинай ма» деп,
Жоламай бай үйіне шеттеп жүрді.
Тотай сал пұшпақ ішік, тұмақпенен,
Қолында жоқ болса да, бар қып киді.

Ғашығын жүреді екен алмақ болып,
260 Соңында үкілі жирен қармақ болып.
Жеткізіп кімді арманға алған ажал,
Кезікті бір күн келіп салмақ болып.

Барыпты қайынына алар жолы,
Өмірдің осы қызық болды соңы.
Той жасап сүйгенін ап қайтқан күні
Келмеді қамшы ұстауға екі қолы.

Жүре алмай жол жөнекей ат үстінде,
Обекпен әрең келді қыршын сорлы.
Ұшық сап бақсы-балгер шешіндірсе,
270 Қарайып кеткен екен сыртқы жоны.

Енгізді үйіне әкеп ұшық салып,
Жиналды күңіреніп жалпы халық.
«Жоным» деп ауырғаннан тыныш ала алмай,
Отырды кейде тершіп, кейде талып.

Дейді елі: — Қайран Тотай жүлде алатын,
Мұндайдың заңы, — дейді, — тіл болатын.
Қараңғы қайғы түсті ата-анаға,
Үйіне келін түсіріп, той қылатын.

Сөйледі сонда Тотай көзін ашып,
280 Қиналған бір күн, бір түн жанталасып.

— Ата-анам, разы бол, — дейді, — маған,
Енді елмен жүре алмаймын араласып.

Таңдаулым, сен де қош бол, жұбайым-ай,
Тәңірдің бол разы мұндайына-ай.
Ырымдап аттап басқан аяғыңнан,
Табалар дұшпандарың, сыңарым-ай!
Оң жаққа келе сала тұл атандың,
Тапсырдым бір өзіңе, Құдайым-ай!

Деді де, атты алдырып ерін салып,
290 Көрген соң үш ұмтылып тұрып алып,
Қоштасты жирен атпен мынадай деп,
Жалынан тартып тұрып мініп алып.

— Құлыныңда танып ем,
Келбетіңе қанып ем.
Ен сап саған мінгелі,
Тақымым, атқа жарып ең.

Тайыңда міндім тағалап,
Биебауды әтей жағалап.
Сусыныңа сүт беріп,
300 Ауылды жүрдім сағалап.
Құнаныңда құр шықтың,
Дөненіңде тимедім.
Бес жасыңда ер салып,
Жарыдым атқа, жиренім.
Ата-ананы бағатын,
Ұрқым шығар артымнан.
Сорлы жирен жақын ең
Тұл қалған мына қатыннан.
Асыма тұлдап сойыңдар,
310 Келсін бұл да артымнан.
Хабаршы мініп шаппасын,
Басына шылбыр тақпасын.
Егескен біреу мінбесін,
Басына сабап жүрмесін.
Мені жоқтап пысқырар,

- Көп жайылмай ышқынар.
Мінгеніңмен жүре алмас,
Бұл несі деп жүрмесін.
Санына қамшы тимеген,
320 Менсіз жерде жүрмеген.
Жылқы шідер көрмеген,
Басына шылбыр ілмеген.
Бір еді жаның менімен,
Сенімен Тотай көрінген.
Саған да Алла білгізіп,
Жас ағып тұр көзіңнен.
Кенеттен келіп ұрыпты-ай,
Қош бол енді, Қызжирен!
- Жас ақты жирен аттың қос көзінен,
330 Егілді жиылған жұрт бұл сезімнен.
Қоштасып, сөйлеп тұрып ат үстінде,
Жаңылды ер Тотай сал өз сөзінен.
- Жұлынған жал қолынан түсіп қапты,
Тарс жұмып екі көзін қысып қапты.
Қараса тіл күрмеліп, жан тартылып,
Еңкейіп аттың жалын құшып қапты.
- Тарихта атам қазақ «ат» деп өлген,
Жолдас боп өміріне ат та келген.
Бұл ажал соның болып куәсіндай,
340 Қарашы, бір хикмет шақта келген.
- Жан кетіп, қас жабылып, дене қалды,
Қара көз жаудыраған сөне қалды.
Жиында ұлы думан тойбастар жоқ,
Естіген қазақ аты қайран қалды.
- Ерттеп, жирен атқа тұрман салып,
Қамшы іліп, тымақ, белбеу, шапан жауып.
Көшкенде ауыл көрсе дауыс айтты,
Үкілеп Қызжиренді тұлдап алып.

Қызжирен жайылмады қоя берсе,
350 Бөлінді жалғыз кетіп жылқыға ерсе.
Еңкейіп жаз жайлаудан қашып келіп,
Жүреді бейіт басында қашан көрсе.

Таң қалды үлкен-кіші қылығына,
Шыбындап бейіт басында тұруына.
Еріксіз көзкөргендер аят оқып,
Жылайды талай адам бұл мұңына.

Қарасаң танымайсың жирен атты,
Білетін керей-найман арғымақты.
Тұратын құйрық-жалы жібектей боп,
360 Бір күнде бір-ақ жола түсіп қапты.
Ас берер жыл уағы болғанынша,
Күзетті бейіт сыртынан әруақты.
Тілі жоқ айтатұғын, амал қанша,
Жаз жайлап бейіт басында жалғыз қапты!

Уағында асын берді келер жылы,
Қаздырып жер ошағын жұма күні.
Байлады белдеуге әкеп жирен атты,
Жол-жораның жасалып барлық түрі.
Тұлдаған атты қазақ әдетінде
370 Соятын көтен-мойын болған күні.

Бұл асқа ел жиылып тараған соң,
Сабаға бірден жілік санаған соң.
Сол күні кеш көтен-мойын асылады,
Ет үйден қаракесек тараған соң.

Әкелді сол бойынша жирен атты,
Әйелдер жалын құшып көріс айтты.
Тілі жоқ айтатұғын, күрсінеді,
Мөлдіреп бота көзден жасы ағыпты.

— Жат! — деді, ер-тоқымын, тұлын алып,
380 Әдеті жата кетті тілін алып.

Бос қойып төрт аяғын бауыздады,
Ұсыныпты тырп етпей мойнын салып.
— Қосылар пырағы боп иесіне, —
Деп тұрып еңіреді көрген халық.
Осылай бірге болам деп иесімен,
Тең кетті дүниеден көрмей жарық.

Қиял қып шығармадым ойымнан мен,
Ертеде ел аузынан естіген ем.
Жасамай әдіп-астар құрастырып,
Өз қалпынша осылай жазғаным жөн.

Осылай жазып шықтым Тотай салды,
Тотай сал «сал» болса да емес малды.
Бірақ та он бес пенен жиырмада
Қайраты таң қалдырған көрген жанды.

Шертеміз күні бүгін домбырада,
Жүрісін Қызжиреннің, ол да мұра.
Жүректің зарын төккен сыбызғысын,
398 Әкесі Сымағұлдың күйін және.

Өлген қыз

Жамағат, біз айталық өткен гәпті,
Талай жан бұл жалғанға келіп-кетті.
Бәлих деген шаһарда бұрынырақ,
Бір патша бек айбатлы болып өтті.

Жан еді жұртқа жаққан қасиетті,
Көп көріп қызық дәурен өтіп кетті.
Қарайды жеті ықылым бір өзіне,
Айтулы патша еді өте затлы.

10 Пақыр мен мүсәпірге жәрдемі мол,
Айтқаны халайыққа үлгі мен жол.
Дүние мен мал-мүлкін айтып болмас,
Жоқ еді жалғыз перзент, арманы сол.

Сұлтаннан өзі теңдес дәулеті асқан,
Жоқтығынан баланың қайғы басқан.
«Бір Алла перзент нәсіп қылар ма» деп,
Пақыр мен мүсәпірге малын шашқан.

Падиша қазына шашып үлестірген,
Көз жасын бір Құдайым қабыл көрген.
Көп тілеуі көлменен бірдей болып,
20 Құдайым бұл патшаға бір қыз берген.

Падиша той жасады қуаныш қып,
Сарғайған бала көрмей уайым қып.
«Жалғанда қубастықтан құтылдым» деп,
Шүкір қып бір Құдайға қуанды көп.

Шатланды ханым дағы енді мүлде,
Бұл пәни баяны жоқ қалар кімге.
Түрленіп тотықұстай безекленіп,
Ер жетті патша қызы күннен күнге.

30 Көз жасын Жаратушы қабыл етіп,
Көңілінен падишаның қайғы кетіп.
Оларға бір жыл деген бір күндей-ақ,
Қыз ержетті кәмелетті жасқа жетіп.

Қыз бойжетіп түрленді бұлбұлдайын,
Жүзіне көзің тоймас көрген сайын.
Падиша жалғызынан не аясын,
Гүл бақша, алтын сарай қылды дайын.

40 Ханшайым оймақ ауыз, қиғаш қасты,
Дидары ай мен күндей жаннан асты.
Астында мақпал көрпе, мамық жастық,
Төседі сарайына асыл тасты.

Қисап жоқ нөкерінде, бәрі дайын,
Болып өсті секілді Қорлығайын.
Қарасаң ақ жүзіне тоймайды көз,
Ауызбен айтып тамам болмайды сөз.

Бұл қызға тотыдайын безекленген,
Талай жан ғашық болды көзі көрген.
Жалғанда бейнет көрмес адам бар ма,
Құдайым осы қызға ауру берген.

50 Ауруы ханшайымның болды қатты,
Жанына падишаның қайғы батты.
Дертінің күштілігі сол емес пе,
Неше күн ханшайым ессіз жатты.

Падиша талай малды қылды құрбан,
Зар жылап перзенті үшін қайғы қылған.
Алладан тура келген ақ өлімге,
Ешбір жан болған емес хайла қылған.

Падиша естен танып, жылайды зар,
Бала көрмей көп зарыққан күйігі бар.
Алладан тура келген ақ өлімге,
60 Басқаша құр жылаудан не амал бар?!

Қыз өлді бір Алладан қаза жетіп,
Патша мен ханым талды есі кетіп.
«Ұшты, — деп, — гүл бақшадан бала бұлбұл»,
Жылайды шаһар халқы көңіл айтып.

Бұл өлім талай жанды жылатады,
Кәрілер көңіл айтып уатады:
Мұны берген Құдайым тағы берер,
Жылама, — деп ханымды жұбатады.

Кәрілер көп айтқан соң тоқтау берді,
70 Патша да жұрттың сөзін қабыл көрді.
Өлген жанның артынан өлу бар ма,
Жаназа оқып, қабірге алып келді.

Әкеліп қызды қойды қабіріне,
Алланың кім көнбейді тағдырына.
Қан буылып, жан шықпай талған екен,
Қараңыз бұл қиссаның ақырына.

«Қызым» деп зар жылайды патша қатты,
Бұл қайғы ханымына тіпті батты.
Күн-түні еңірейді тоқтау бермей,
80 Не керек шықпаған соң ғаріп жаны.

Падиша тақтан түсіп жатып алды,
Құдайым мұндай үлкен қайғы салды.
«Зар болғанда бар болған жалғыз қызым,
Еш қызығын көрсетпей өліп қалды».

Біреу бай, біреу жарлы, біреу батыр,
Солардың барлығы да өліп жатыр.
Бұзылған ескі тамды мекен қылған,
Бар екен сол заманда бір мүсәпір.

90 Мүсәпір қатын, мал жоқ, пақыр адам,
Харамға мойын бұрып баспас қадам.
Намаз бен құлшылығын қаза қылмай,
Дін күткен бейшараның аты — Әдһам.
Білгенше үлкендерге Құран оқып,
Өткізген сөйтіп өмірін байқұс адам.

Қылатын мұнан басқа жоқ жұмысы,
Түн болса ұйықтамайды жазы-қысы.
Білгенінше қабірге Құран оқып,
Сол екен өмір бойы қылған ісі.

100 Өмірі сол іспенен өткен екен,
Құдайым берер күнге жеткен екен.
Алпыс екі тамырдан қан буылып,
Бағанағы қыз өлмей кеткен екен.

Кітаптан осылайша оқыдық біз,
Құлақ салып бұл сөзді естіңіз сіз.
Құдайым себеп қылса, қиын емес,
Дертінен кеш батқан соң айықты қыз.

110 Құтқармас еді бейнет қайда барса,
Күнә табар харамға аяқ басса.
Өлген құртқа жан берсе тірілмей ме,
Ғаріп қыз көрде жатыр көзін ашса.

«Япырым-ай, жеткен екен маған қаза,
Шын өлсем тартпас па едім көрде жаза».
Ел-жұрт, ата-анасын есіне алып,
Ғаріп қыз жер астында қылды наза.

Жылайды жер астында қыз мүсәпір,
Қараңғы көр ішінде жалғыз жатыр.
«Егер мен қаза жетіп өлген болсам,
Келер, — деп тосып жатты, — Мүңкір-Нәңкір».

120 Бірталай сабыр қылды осыны ойлап,
Көрден ол тұра алмайды бойын бойлап.

Анық өлім емесін біліп өзі,
Көрде жатып жылайды «иә, Құдайлап».

Сонда жатып жылайды,
Жылайды да толғайды.
Көр ішінде наза боп,
Есіне алды Құдайды.

- Айналайын, Құдай-ау,
Ел-жұртымнан айырылып,
Ғаріптік көрдім мұндай-ау!
- 130 Сыртта жүрген бір адам,
Естір ме екен сөзімді,
Шығарар ма екен өзімді.
Тірі жатқан қабірде,
Мен сағындым атамды.
Жаппар Ием Жаратқан,
Кешіре көр қатемді.
Кейін қалған ел-жұртым,
Естір ме қайғы-зарымды.
Өзім шығар халім жоқ,
- 140 Сұраймын, Алла, панаңды.
Сүйіп мейірін түсірген,
Тәрбиелеп өсірген,
Көрер ме екем жалғанда,
Жаным болған анамды.
Жаныңа шырақ жалғызың,
Қайтіп көмдің балаңды?
Ермек қылып отырған,
Ертелі-кеш панаңды.
Көкіректен шығардың,
- 150 Қайтіп қана сәнаңды?
Қара жерге көмген соң,
Көрмей қойдың балаңды.
Бұл қабірден мен шығып,
Көрер ме екем атамды?!

Ғаріп қыз осылайша болды нала,
Ісіне Құдіреттің бар ма шара.

Шықпас жанға себеп деп соны айтамыз,
Келтірді Әдһамді Хақ Тағала.

160 Қарашы Мүңкір-Нәңкір келмегенін,
Алланың анық қаза бермегенін.
«Шын өлсем, періштелер келмей ме?» деп,
Өзінің білді сонда өлмегенін.

— Жалғанда көрер ме екем атам, сені,
Өлді деп көмді ме екен енді мені.
Барады ыстық буып шын өлгелі,
Ішінен қараңғы көр шықпай демі.

Қыз байқұс жылай-жылай көзі талды,
Ел-жұрты, ата-анасы кейін қалды.
Мұсылман адам пенде бар болсаңыз,
170 Шығар, — деп, — мені көрден, — айғай салды.

Аяндап Әдһам келді көрге таман,
Құран оқып жүргелі талай заман.
Жайымен жайбарақат келе жатса,
Бір дауыс естіледі тым-ақ жаман.

Тыңдады бұл дауысты құлақ салып,
Бұл адам көр ішінде жатыр неғып?
«Азапты қатты тартқан адам ғой» деп,
Бейшара Әдһам тұрды қайран қалып.

Аяндап көрге таман келді Әдһам,
180 Жылаған көрде жатып неткен адам?
— Жылайсың жер астында тірі адамдай,
Баян қып сен жөніңді айтшы маған.

Қыз айтты: — Өлген емес, тірі адаммын,
Айрылған ел-жұртынан сәргарданмын.
Тірідей көрге түскен Құдай құлы,
Мұхаммедтің үмбеті, мұсылманмын.

Үстімнен қайыр қылып топырақты ал,
Бар болса, қайрат-күшің топыраққа сал.
Өліп кетсем, мойныңда қарызым бар,
190 Өлтірмей, мені көрден шығарып ал!

Әдәһәм қайрат қылып ашты көрді,
Құдайым бейшараға қуат берді.
Терең көрден топырақты шығарам деп,
Қалжырап, демі құрып шаршап болды.

Лақтырып топырақты атты шашып,
Әдәһәм болдырады қабір аршып.
Қыбырлап кірпігі әрең жатыр екен,
Сескеніп кейінірек тұрды қашып.

Қыз байқұс қалжырапты жылай-жылай:
200 — Ей, жігіт, кейінірек тұршы былай.
Қыбырлап қабірімнен өзім ептеп,
Тұрайын медет берсе, Патша Құдай.

Әдәһәм кейін барып тұрды қарап,
Қыз өзі тұрайын деп қылды талап.
Оранып кебінімен тар қабірден,
Тұра алмай қыз бейшара болды ғаріп.

— Еш адам сізден басқа көре алмадым,
Мойнымды басқа жаққа бұра алмадым.
Бері келіп қолымнан тартыңызшы,
210 Ішінен мына көрдің тұра алмадым.

Шығарды көрден Әдһәм тартып тұрып,
Отырды сол арада кеңес құрып.
«Бекзат қой не қылса да» деп ойлайды,
Ай мен күндей бұралған жүзін көріп.

Екеуі әлгі жерде отырады,
Мойынын ажал келсе кім бұрады.
— Қарағым, қандай жанның нәсілісің? —
Деп қыздан Әдһәм жөн сұрады.

Жөнін қыз Әдһамға айтпады тез,
220 Бір сұлуды Әдһам келтірді кез.
Әдһам неше қайта сұраса да,
Әлгі қыз жауап қатып, айтпады сөз.

— Баралық, жүр екеуміз үйіңізге,
Келейік тірі адамдық күйімізге.
Дүниенің асын ішіп тынығайын,
Жөн сұрау сәл ертерек әлі сізге.

Әдһамнің қызды көріп көңілі толды,
Жүруге үй жағына қадам қойды.
«Қайтсем мұның қарызынан құтылам?» деп,
230 Әлгі қыз өз ішінен ойлайды енді.

«Құдайым мен ғаріпке ажал берді,
Өлді деп елі-жұртым қазды көрді.
Осы адам көрді ашып шығармаса,
Шығар ем қайтіп тесіп қара жерді».

Түседі қыз ойланып уайымға,
«Жоламас жөнімді айтсам маңайыма.
Азап қып ғарасат күн сұрап жатса,
Не деп жауап беремін Құдайыма?

Қарызы мұның менде толып жатыр,
240 Өліп қалып тірілген мен бір пақыр.
Қызымын деп патшаның жөнімді айтсам,
Жоламас маңайыма бұл мүсәпір.

Жөнімді айтсам әкеме хабар берер,
Біраз мал соның үшін шүйінші алар.
Қара жердің астынан алып шыққан,
Қарызы бейшараның менде қалар.

Жөнімді айтсам жаныма жақын келмес,
Әдһамға әкем де мені бермес.
«Сыртымнан дұшпан өсек қылады» деп,
250 Сол жерде өлсем дағы әкем көнбес.

Бұл адам шықпас жанға болды себеп,
Мен мұңлыққа бір үлкен етті көмек.
Сұраса ғарасат күн «хақым бар» деп,
Мен байқұс жауап берем енді не деп?

Безейін бұл дүниенің қызығынан,
Күнә табар ісінің бұзығынан.
Тірлікте Хақ Тағала қосқан болса,
Шығамын енді қайтіп сызығынан.

Берейін бұл дүниенің ойынынан,
260 Шықпайын бұл адамның қойынынан.
Өзіне жөнімді айтпай әйел болсам,
Хақысы түсер ме екен мойынымнан».

Хан қызы ой ойлайды осылай деп,
Әдһам таң қалады «бұл қалай?» деп.
Әлпештеген хан қызы ақ сарайда,
Отырды ескі тамның түбіне кеп.

— Киейін кебінімді көйлек тігіп,
Базардан алып келші ине мен жіп.
Өзіміз бір тіршілік жасамасақ,
270 Құдай несін біздерге береді әкеп.

Қарбаңдап Әдһам байқұс базар барды,
Базардан ине мен жіп сатып алды.
Қыз жөнін сұраса да айтпаған соң,
«Бұл не ғажап болды?» деп аң-таң болды.

Кебінін киіп алды көйлек тігіп,
Қалды тек жөнін айтпай ішке бүгіп.
Жолымен бұрынғының шақыртқан соң,
Мектептен неке қиды шәкірт шығып.

Қосылды қыз бен Әдһам неке қиып,
280 Қыз безді бөтен жолдан нәпсі тыйып.
Қызды берген Құдайым не бермейді,
Төсек-мөсек қып алды ол-пұл жиып.

Әдһамға берді Құдай осындай бақ,
Ежелден жан еді бір көңілі ақ.
Жалғасып қуанышқа қуаныштар,
Болыпты әйелі оның екіқабат.

Не тәтті дүниеде — сүйген тәтті,
Әдһам жоқшылықты көрген қатты.
Жата ма қара тұяқ қарынында,
290 Әйелі ай мен күндей бір ұл тапты.

Бірталай сонан кейін заман өтті,
Түрленіп гүлдей жайнап ұл ержетті.
Ұмытып кедейлік пен пақырлықты,
Аллаға олар сансыз шүкір етті.

Ат қойған Ибраһим деп баласына,
Қуанып ері менен анасы да.
Медресеге қаладағы әкеп берді,
Қонсын деп ғылым-өнер санасына.

Бұл кезде жеті жасқа келген кезі,
300 Мінезі бейне жібек, бір қырмызы.
Қарамай кете алмайды көрген адам,
Таңғалмай ол баланы көрсе көзі.

Ойнайды жұма-азат күн құрбы-құрдас,
Үйінде серуен құрмай, сірә, тұрмас.
Қарабай атты кедейдің баласымен,
Достасып бірге ойнап болды мұңдас.

Ойнап жүрсе қасына бір қыз келіп,
Бетін сүйді құшақтап, еміреніп.
Жасырып қасындағы шәкірттерден,
310 Ибраһимді тойғызады тамақ беріп.

Қарның ашса келіп тұр күнде маған,
Тамақ алып беремін, қалқам, саған.
Патшаның өлген қызындай көрінесің,
Мен сорлы едім сол қызды асыраған.

Мұны көріп қатындар болды күндес,
«Ханымға айталық» деп қылды кеңес.
«Ибраһимға бұл неге тамақ беред»,
Осы күң Әдһамнан тегін емес.

320 Бұл сөзге ханым қатты ашуланып:
«Ол қызды әкеліндер шапшаң барып!
Әдһаммен көңілі жақын болса,
Тез оны өлтірелік басын алып!»

Әкелді сабап қызды тісін басып,
Кетті деп көңілің мен ісің асып.
Алдына ханымының алып келді,
Тез оны өлтірмек боп дарға асып.

330 Қыз айтты: — Ибраһимді көргенім шын,
Тамақты сатып оған бергенім шын.
Оны өлтірсең қиясың өз жаныңды,
Өлген қызың баяғы, көрші түсін.

Ұқсатып қызыңа өлген оның кейпін,
Сонан соң оған тамақ беріп едім.
Көре алмаған дұшпанның тіліне еріп,
Қинайтын менен нені көріп едің?

— Күң байқұс, рас болса айтқан сөзің,
Алып кел, көрейінші менің өзім.
Жұмсады әлгі қызды Ибраһимға:
— Ертіп кел, — деп, — осында сенің өзің.

340 Енді күң Ибраһимға келді жетіп,
Ханымға алып барды қасына ертіп.
Ибраһимді құшақтай алды ханым,
Жығылды жылап тұрып, есі кетіп.

Ханымның зары:

— Мен едім зарлық ойлаған,
Көп зарлықты қоймаған.

Айналайын, Құдай-ау,
Шағымда мұңға бойлаған.
Өлген қызым тіріліп,
Ел-жұртым, келді бұл қайдан?!
Мені мұнша зар қылып,
350 Көңілімді қам қылып.
Көзімнің жасын бұладым,
Сағынып оны жыладым.
Өлген қызды ойладым,
Жылауды, сірә, қоймадым.
Қалқамның өмірі аз болып,
Қызығына тоймадым.
Өлген қызым сен бе едің,
Сұмырай шешен мен бе едім?
Ағарып бірақ кетпеді
360 Екі көздің қарасы.
Жеті жылдай бітпеді
Бауырымның жарасы.
Бейне өлген қызым ғой,
Елі-жұртым, қарашы!

Осылай деп егілді:
— Алайын енді демімді.
Ата-анаң кім, ей қалқам,
Білейін енді жөніңді?!
Өліп қалған қызыма,
370 Ұқсатамын өзінді.
Сабыр қылмай жыладым,
Тоқтатайын көңілімді.
Сені көріп, қарағым,
Болды ғой менің талайым,
Ашылды еркін сарайым.
Қарағым, сенің жолыңа,
Пышақ алып қолыма,
Жанымды құрбан қылайын.
Түсіріп көктен асылын,
380 Берді маған Құдайым.
Жаратқан Патша Аллаға,
Шүкіршілік қылайын!

Ханымның бұл зарына ел жиылды,
Көз жасы еңіреген бір тиылды.
«Анасын Ибраһимнің алып кел» деп,
Қыздарға ханым енді тез бұйырды.

Жыламай сабыр қылды, мауқын басып,
Көңілі тынып қарады көзін ашып.
Отырған осындағы Ибраһимді,
390 Құшақтап аймалады көңілі тасып.

Ханымның жарлығымен келді қыздар,
Үйіне Әдһамның енді қыздар.
— Ханым сізге жіберді ертіп кел деп,
Сол үшін шақырып сізді келдік біздер.

Бұл сөзді естіп қызы зар жылайды,
«Бұрынғы, әттең, күнім» деп жылайды.
— Әдейілеп керек қылып біз байқұсты,
Шақырып, айтшы ханым, не қылады?

Қыздар айтты: — Бұл сөзің ақыл, — дейді,
400 Алыс емес, ауылымыз жақын, — дейді.
Не қылса да сенің бір керегің бар,
Білмейміз не қыларын, «шақыр», — дейді.

— Ей, қыздар, тілдеріңді мен алмаймын,
Ханымға іс қылуға жарамаймын.
Керек десе етімде көйлек те жоқ,
Алдына мен ханымның бара алмаймын.

Қыздар енді ханымға қайта келді,
Қыздың сөзін жасырмай айта келді.
Мына киімді кигізіп алып кел, — деп,
410 Көйлек, етік, шапан мен киім берді.

Қыздар қайтып киімді алып келді,
Жабылып барлығы оған кигізді енді.
— Алып кел деп ұрысты ханым бізге,
Жүрмесіңе қоймаймыз енді, — деді.

— Ондай болса барайын сіздерге еріп,
Алдыңдар тынышымды дәйім келіп.
Хан шақырса, бармасқа не шара бар,
Жалаңаштан тұр едім бек именіп.

420 Жүреді ол қыздарға бірге еріп,
Іші-бауыры елжіреп оттай жанып.
Көрген жерден жүгірді қызын танып,
Көрісті ханым қызбен бек зарланып.

Ханымның зары:

Енді ханым жылайды,
Көзінің жасын бұлайды:
— Қарағым, қалқам, қызым-ай,
Сарғайды менің жүзім-ай.
Ішім жанып өрт болды,
Өлімің сенің дерт болды.
Жүрегіме болды дерт,
430 Ішім жанып болды өрт.
Сен өлгенде артыңда
Қалдым, қызым, аңырап,
Қозысыз қойдай маңырап.
Қозым қайтып келген соң,
Табысып тұрмын жамырап.
Көрісіп көңілім басылып,
Көкірегім ашылып,
Кеңіді терім жадырап.
Сені қайтып көрмесем,
440 Көңілдегі арманым,
Қайғыменен қартайып
Өтіп еді жалғаным.
Соңыңнан сенің бармадым,
Сорлы болған басым-ай,
Артыңда сонша зар қылды,
Ғұмырыңды аз қылды.
Қара жерге көп жатып,
Тат басыпты өңіңді.
Қайтейін, қалқам, қарағым,

- 450 Сен өлгелі жеті жыл,
Суытпадым көңілімді.
Нәсілің оттан ары еді,
Жұлдызың жанған пар еді.
Алды-артың тұйық жар еді,
Кең емес еді, тар еді.
Жал-құйрығың жоқ болып,
Ішім қайнап, шоқ болып,
Мен сұм шешен зарланды.
Зарламайын, қояйын,
460 Көп қайғыны жояйын.
Қуаныш етіп той қылып,
Халайықты жияйын.
Әдһамды алғызып,
Некесін өзім қияйын.

Қыздың зары:

- Айтады қыз: — Анам-ай,
Мен едім жалғыз балаң-ай.
Тірілген соң тұра алмай,
Тағдырдан мойын бұра алмай,
Қабірден шығып жүре алмай,
470 Жетпеді, ана, шамам-ай.
Жәрдем қылды Құдайым,
Жаратқан Ие панам-ай!
Қабірде жатып тірілдім,
Жан-жағыма үңілдім.
«Анық өлген екем» деп,
Ғаріп жаннан түңілдім.
Көрмеймін бе деп едім,
Бәлих та шаһар, қалам-ай.
Есіме түсіп анам-ай,
480 Жата алмадым жыламай.
Тар қабірден шығар деп,
Айғай салдым шыдамай.
Әдһам келді қасыма-ай,
Қабірімнің басына-ай.
Әдһамның жаны ашып,

- Көзінің аққан жасын-ай!
Көрден қазып ақтарып,
Алып шықты шошымай.
Ғаріп ана, сабыр қыл,
490 Ежелден тағдыр осылай.
Жаратқан Патша Құдайым,
Бейнет берген басыма-ай.
Мен өлгенде қалыпсың,
Көп жылап, ана, жасып-ай.
Қара жерге көмген соң,
Бармадың ба басыма-ай?
- Қыз бен ханым екеуі зар жыласты,
Күңіреніп ағызды көзден жасты.
Тамам жанның бәрі де қайғырысып,
500 Бір күн, бір түн жыласып мауқын басты.
- Падиша сол уақытта тауда жүрді,
Қуалап киік, құлан аңда жүрді.
— Атамды жылдам барып алып кел, — деп,
Алдына бір адамды аттандырды.
- Патшаның аң аулайтын тауы бар-ды,
Ол адам падишаны тауып алды.
Өзі шешен, бір пысық адам екен,
Патшадан шүйіншіні сұрай қалды.
- Ей, падиша, шүйінші,
510 Бұл сөзіме сүйінші!
Өлген қызың тірілді,
Елге тегіс білінді.
Әдһам көрден тауыпты,
Некесін қиып алыпты.
Ибраһим атлы ұл туып,
Жеті жасқа келіпті.
Медресеге барыпты,
Оқуда жүріп ол бала,
Сіздің үйге барыпты.
520 Баланың өңін көрген соң,

«Өлген қызыма ұқсайд» деп,
Ханым танып алыпты.
Сөйтіп барып білінген,
«Әкем қашан келер?» деп,
Көңілі сізге бөлінген.

Падиша мұны естіп жылайды енді:
— Бұл сөзің рас па? — деп сұрайды енді.
Баламның тірілгені рас болса,
Жарымын мал-мүлкімнің сыйлан, — деді.

- 530 Патша айтты: — Қызымды мен көрейін,
Қызымды көргеннен соң мен өлейін.
Ей, шырағым, осы айтқаның рас болса,
Не тілегің болса да, мен берейін.

Соны айтып, патша үйіне қайтты дейді,
Қуанғаннан құйғытып шапты дейді.
Қолынан көрге көміп кеткен қызын,
Үйінен келіп зорға тапты дейді.

- Падиша өз үйіне келді шауып,
Қызын көріп жығылды аттан ауып.
540 Есін жиып алған соң сонда патша,
Қуанғаннан жылайды ауық-ауық.

Патшаның зары:

- Таққа мінген хан едім,
Ел билеген жан едім.
Қызымды алып еңіреттің,
Мен сорлыны меңдеттің,
Зарлатып сонша мен не еттім?
Қайтіп шықтың қолынан,
Әзірейіл жеңдеттің?
Жанған шырақ, жалғызым,
550 Мен сөйлейін, ал қызым!
Сағынып атаң зар болды,
Қайғылы заман кез болды.

- Екі жағым тар болып,
Қызыл тілім кез болды.
Аузымнан шыққан лебізім,
Естіген жанға сөз болды.
Тағы мына көргенім,
Өңім бе, әлде түсім бе?
Япыр-ай, сені көргенім,
560 Шының ба, Құдай, бергенің?
Аз өмір сүріп өліп қап,
Ата-анаңа қайғы сап,
Шақырсам да келмедің.
Ұлдай баулып өсірген,
Әлпештеген ермегім.
Бізді тастап артыңа,
Кетіп қалдың шарасыз.
Өлмеген жан, әйтеуір,
Қалды зорға амалсыз,
570 Өзің қайтып келмесең,
Сені қайтіп табамыз.
Жылай-жылай зар болып,
Күйіп отқа жанамыз.
Ертелі-кеш сені ойлап,
Зарладым ғой мен қоймай.
Бүгін өліп кетсем де,
Арманым жоқ енді, ойбай.
Өлген қызым сен болсаң,
Сағынған әкең мен болсам,
580 Көп зарлықты не етейін,
Садаған боп кетейін.
Жаратқан Патша Құдай-ау,
Мұныңа шүкір етейін!

Хан жыламай көзінің жасын тыйып,
Тамаша ғып той қылды жұртын жиып.
Әдәһәмді өзінің қасына алып,
Қызын оған қосады неке қиып.

Күйеу деп күтті патша Әдәһәмді,
Көңілінен кетіреді қайғы-қамды.

590 Төрт түлік малдан бөліп енші беріп,
Екеуіне бір бөлек сарай салды.

Балам деп Ибраһимға тағын берді,
Барша жұрт алыс-жақын мақұл көрді.
Жеті ықылым қарайды бір өзіне,
Ол дағы әділдікпен елге жақты.

Айтылды осы кітап «Өлген қыз» деп,
Бара ма тірі адам өлгенді іздеп?
«Өлмес жанға, — дегендей, — өлі балық»,
Кім ойлар өлген қызды көреміз деп.

Аяғы бұл қиссаның болды тамам,
Қатесін айып етпе, білген адам.
Көңілің Әдһамдай халал болса,
603 Ақыры бір жеткізер Хақ Тағалам.

Ұлар мен құзғын

Мықтысың, білімдісің адам бүгін,
Бірақ та есінде ме сонау күнің?
Жарықтың қашан ұқтың қасиетін,
Парқын да қашан ұқтың қараңғының?

Табындың алғаш кімге құлшылық қып,
Сол кезде күйі не еді тіршіліктің?
Алғашта-ақ осылай боп жаралдың ба,
Бірі — қала, ал бірі — қыршылық боп?

10 Дамыдық дерсің бәлкім еңбектеніп,
Тұрған ба бұл дүние тең боп берік.
Жазылған тарихтардан ұғынбасақ,
Бұл күнде бұрынғыңа сенбес те едік.

Тарихты арғы-бергі қозғағанда,
Дүние жаралғалы аз заман ба.
Уақыт өте-өте бәрі өзгерген,
Құстар да, жәндіктер де, адамдар да.

20 Бұл менің халық аузынан естігенім,
Демеймін көріп бастан кештім өзім.
Әйгілі ұлар, құзғын екі құсты,
Дастан қып уақиғасын шештіремін.

Мөлшері Қарынбайдың кезі ме екен,
Оқырман, қиял деме, сөзіме сен.
Сол кезде құзғын деген бір хан бопты,
Қазіргі қара қарға шерігі екен.

Мекені — осы Азия сілемінде,
Мансап та, ен байлық та бір өзінде.
Сол еді ол заманның мықтысы да,
Сол екен зұлымдардың тірегі де.

30 Қатты боп хан жарлығы, хан айбары,
Салыпты сан қиғылық, сан ойранды.
Бездірген сан жандыны тіршіліктен,
Өмірмен қоштастырған талайларды.

Ол кезде жердің беті тегіс еді,
Жыра, дөң, делінбейтін еңіс, өрі.
Осы хан «тау мен тасты үйдіріпті»,
Деп жүрсек жаратыпты не күш оны.

Ханға тән барлық байлық, бар сұлулық,
Ешбір жан айта алмапты қарсы тұрып.
Ұшырап жауыздықтың жарасына,
40 Бақ тайып, қиылыпты сансыз үміт.

«Бұл дүние мен болмасам өзгереді,
Өзгерсе заманақыр тез келеді».
Деп бір күн іздеттірді өлмес дәрі,
Мәңгілік оның ойы өлмеу еді.

Іздеді сол дәріні ел сабылып,
Қаңғырып мыңдап өлді, шаршады жұрт.
Мейірімсіз хан жарлығы қандай қатты,
Төніп тұр бар залымдық, бар тағылық.

Амал не, таба алмады ешкім де оны,
50 Болмаса бір хабар да естілмеді.
Тартылып жатты ханның жазасына,
Жандының дәрі іздемей бос жүргені.

Бұл жарлық дүниеге естіліпті,
Төрт мұхит, еңдей өтіп бес құрлықты.
Кеткендер сол бетімен оралмады,
Жауыз хан бұқарасын өстіп жұтты.

Жандының бірі әлсіз, бірі мықты,
Зорлықты содан бастап ұғыныпты.
Балықтар содан бастап суға түсіп,
60 Құмырсқа илеу жасап тығылыпты.

Осылай дүниенің шырқын алды,
Кей елдің босқын болып жұрты қалды.
Мысық пен содан бастап ит өшігіп,
Қарлығаш жылан көрсе шырқырады.

Қорқақ боп сол себепті қояндар да,
Жүрмейтін болды аңдар таяу маңда.
Тауықтың мезгіл сайын шақыруы
Сол кезде шырқы кеткен оянғанда.

Түлкі де сол кезде ұққан бұлаңдауды,
70 Біреуін жанды біткен бірі алдады.
Қорғанып қастасынан бүркіттер де,
Ұясын тасқа салды құзардағы.

Қасқыр да содан бері малға өшігіп,
Аю мен жолбарыс та алды есіріп.
Хан емес, қараның да өз ойы бар,
Бәрін де қызықтырды өлмес үміт.

Тақуа секемшіл боп тұз құстары,
Тау жайлап, кейбіреуі қыр қыстады.
Сол кезде запы бопты, бая бопты,
80 Осы бір өзен-көлдің қызғыштары.

Байғыздың зарлануы әлі күнгі,
Сол кезде жәбір көрген жаны мұңлы.
Іздеген бір хан үшін өлмес өмір,
Жандының бұзылыпты барлығы.

Талай жыл өтті солай тағаты жоқ,
Қам-қайғы торлады елді қара түнек.
Тоздырған осылайша жан біткенді,
Өзіне өлмес дәрі табасың деп.

Құзғынның сауыс деген шабарманы,
90 Таратқан хан жарлығын солар тағы.
Жандының бәрін де сол бақылайды,
Көргенін сол заманда хабарлады.

Кімдердің кеткендігін, келгендігін,
Не нәрсе кімге кімнің бергендігін.
Бәрін де сол жүретін іздестіріп,
Біреудің жығылғанын, өлгендігін.

Қарсы боп кімдер ханды жамандады,
Оның тек іздейтіні жаман жағы.
Басқарған орданың бар жұмыстарын,
100 Міндеттеп тапсырылған соған бөрі.

Кидіріп елден бөлек ала киім,
Дейтін хан «сақ құлағым, қарауылым».
Жүретін күні бойы шапқылаумен,
Сол үшін суы жетпей танауының.

Сөзінен шықпайтұғын хан осының,
Жамандап нені айтса да сенетұғын.
Атына «сауыс» деген «қан»-ды жалғап,
Мәнсапқа берген екен хан есімін.

Аталған содан бастап «сауысқан» деп,
110 Ол аты әлі күнге ауысқан жоқ.
Сол екен шықылдатып тұратыны,
Құзғынға «мына жақта дауыс» бар деп.

Сол кезде жас шамасы жүз елуде,
Бір қарт бар ұлар атты бұл өңірде.
Өздері бақар-шақар бір үйлі жан,
Ертеде мекендеген «Киеліге».

Таймаған нұрлы өңі жас баладай,
Қыр мұрын, қызыл шырай, қасқа маңдай.
Жасады сонша ұзақ жас десе дағы,
120 Бейнесі жиырмадан аспағандай.

Ұзақ жыл жасағанда күн ескіріп,
Бір қаяу білінбейтін, бір ескілік.
Секілді жалғыз-ақ күн арада өткен,
Ғасырды бір-ақ күнде түнеп шығып.

Тәңірдің болса керек сыйлағаны,
Бұл күнде ол сөзіңе кім нанады.
Осы ұлар Киеліде жатып алып,
Хан айтқан сол жарлықты тыңдамады.

130 Ұлардың дәрі іздеуге бармайтыны,
Сол кезде-ақ хабарланып ханға айтылды.
Жіберді сауысқанға шерік қосып,
— Алдыма айдап кел, — деп, — ондай сұмды.

Киелі — жердің көркем жаннаты еді,
Қызыққан сауыс көріп алғаш оны.
Қоздырған ханның сондай делебесін,
Жамандау сол сөзінің жалғасы еді.

140 Бұл жердің тауында ма, тасында ма,
Тұратын қысы-жазы жасылдана.
Бардай боп сезілетін бір құдірет,
Кім білсін, өлмес дәрі осында ма?

Ұлардың мекені сол Киеліде,
Ол оның қуаты да, сүйеуі де.
Ну орман айналасы гүлге оранған,
Жетпейді барлық жердің біреуі де.

Бар жерден табиғаты өзгеше оның,
Сенеді Киеліні көрмесе кім?
Ұлардың жүз елу жас жасауы да,
Қасиеті болса керек сол мекеннің.

150 Әкелді ұларды айдап хан алдына,
Байқасаң қарар да емес обалдыға.
Тізілген айналасы түгел шерік,
Хан отыр алтын тақта, төр алдында.

Түнеріп бұлтты күндей жауатұғын,
Көзінің ағы жеңіп қарашығын.
Шошитын көрген адам түр-сиқынан,
Қоңқиған жуан қара болатұғын.

— Сен менің жарлығымды тыңдамадың,
Мұқатпақ кімді сенің бұл мазағың.
Айт қане, — деп бастады сөздің басын, —
160 Иесі сен бе, мен бе бұл даланың?

Хан отыр осылайша сұраққа алып,
Ұлардан жоқ қылмысты құрап тауып.
Сауысқанның алғашқы айтуымен,
Болыпты бәрі солай тұрақтанып.

Зорлыққа, зомбылыққа көнеді кім,
Ойлай ма қорқыныш деп ер өлімін.
Құзғынға жауап беру былай тұрсын,
Айтарын айтып алды ол өзінің.

— Мен сенің жарлығыңды тыңдамаймын,
170 Ұр мейлің, өлтір мейлің, қина мейлің.
Өзіңдей жауыздарға жаным қарсы,
Арымды, ақиқатты бұлғамаймын!*

Соны айтып ұлар қайта тіл қатпады,
Аузынан жауап алу қымбаттады.
Соқтырып жендеттерге дырау қамшы,
Хан оның есесіне қинап та алды.

Тұйыққа тірелген соң хан шыдамы,
Жендеттер кезек-кезек қамшы ұрады.
Кетіпті қақ маңдайын қамшы тіліп,
180 Қызыл қан жерді бояп тамшылады.

Таяқты жесе де ұлар табынбады,
Жалғанды көтере ме ар-ұжданы.

* Бұлғамау — былғамау

Бір өлім жау алдында жасу деген,
Жинап тұр бар қайратын бойындағы.

Зілзала болды бір кез сұрақ үсті,
Ұлар қарт құс болды да бір-ақ ұшты.
Құзғын хан айналыпты қарақұсқа,
Құдірет, қарасаңшы, мына күшті.

190 Тақ та жоқ, жоғалыпты сарай дағы,
Жүріпті жендеттер тек маңайда әлі.
Ұлардың қасиетті киесі ме,
Кім білсін өзгергенін қалай бәрі.

Кім білсін халықтың сол қаһары ма,
Болмапты бұл бір күшті тоса алуға.
Тек құзғын тұмсығынан парықталып,
Отырды қарғалардың қатарында.

Арманы мың жасамақ жалмап бәрін,
Сол құзғын өзі басты өз қақпанын.
Ақыры шоқып қалды күресінде,
200 Ұлардың жерге тамған қан дақтарын.

Маңайы толған түгел қара қарға,
Ісіне Құдіреттің шара бар ма?
Ұшып жүр сауысқан да шықылықтап,
Құзғынды, біткен жанды табалауда.

Құзғынның өзгерген жоқ бұл есімі,
Сол болды өмірдегі үлесімі.
Шоқыған ұлардың сол тамған қанын,
Сол екен жемтік іздеп жүретіні.

Дерсіндер мың жасаудың шешімі не,
210 Бәрі де айқындалды осы күнде.
Ұлардың қасиеті соның бәрі,
Құзғынды мың жасайды десуің де.

Өзгермей ұлардың сол ұлы есімі,
Бұл күнде кие тұтты ел, міне, осыны.
Сол екен басқа құстан бөлектеніп,
Мекендеп Ұлытауды жүретіні.

220 Өзің біл сенбейсің бе, сенесің бе,
Таяқтап шұбар болған денесі де.
Басының аққан қаны сол кездегі,
Қып-қызыл айдар бопты төбесіне.

Жойған жоқ қасиетін ұлар әлі,
Ұлытау, киелі тау тиянағы.
Сол екен осы күнде шулайтыны,
Бір кезгі еске түсіп жылағаны.

Жолыққан жауыздықтың кесіріне,
Сондықтан аз болыпты өсуі де.
Кей жылпос Ұлытаудан ұлар атып,
Тартуға ұсынып жүр осы күнде.

230 Тозған да, болды талай жоғалған да,
Солардың кеткен екен бәрі арманда.
Бірақ та көп жасауды көксейді рас,
Құстар да, жәндіктер де, адамдар да.

Болады өкіну де, қуану да,
Болмайды мұны естен шығаруға.
Жер шары төңірегін шолсаң көзбен,
Әлі бар құзғының да, ұларың да.

Қақым жоқ шын өмірді бұрмалауға.
Ойласаң не жоқ дейсің бұл ғаламда.
Кектенем сол үшін де құзғын көрсем,
Ұларға жаным ашып шулағанда.

244 Айтылмай осындай бір сыр жататын,
Оқырман, өзің таңда шын, қатасын.
Тілеймін құзғын біткен жоғалсын деп,
Ұлары Ұлытаудың мың жасасын!

Нұх және наурыз

Тарих сырын естіп ұқсаң халықтан,
Хабары бар дегендерден тарихтан.
Не табылмас талаптыға ізденсе,
Иә, халықта бар ғой нелер данышпан.
«Ойы — дана, ұққаны — анық» дейтін ел,
Кәрілерді іздеп барсаң алыстан.
Арманына жалғыз күнде кім жетпек,
Жігіт емес кәсібінен жалыққан.
Екіншісін толықтайсың туралап
10 Бірен-саран болса жерің шала ұққан.

Осы ой мені жетеледі, жебеді,
Білсем десең қандай адам сөгеді.
Қалағанын өзі теріп алсын деп,
Алдыңа әкеп дастарқанға төгеді.
Тебенменен жерден құдық қазғандай,
Білім қуған көп мехнат шегеді.
Қиынсынып бас қатудан қорықсаң,
Кім әкеліп алдыңызға береді.
Білгеніңді елге үйретсең жалықпай,
20 Ұстаз тұтып ел соңыңнан ереді.
Білгеніңді сен де ортаға салып қал,
Қажет болса ала берсін керегі.
Сен соны ізде, ізіне түс, жалықпа,
Бір тарихтың шықса егер дерегі.
Бір ретте дәл шықпаса кейіме,
Сараласаң бір тиеді көмегі.
Қате екен деп қажып қалма, ерінбе,
Біреуінен шықса егерде бөлегі.

Білім, әне, сол сияқты болжасаң,
30 Біреуден мың, біреуден жүз өреді.
Етсең еңбек кенелесің ырысқа,
Келгенінше іздене бер кемелі.
Ал тыңдаңдар, балаларым, өренім,
Деп жүрмеңдер «қариялар не деді?»

Аузымызға біз сөйледік Нұхты алып,
Сөздің мәнін ой жүгіртіп ұқ, халық.
Айтушының ой жіберіп сөзіне,
Тыңдалық та, дұрыс жерін құпталық.

Нұх туралы Құранда да бар анық,
40 Бұл жобадан біз де теріс шықпалық.
Көпшіліктің қақысы бар түзеуге,
Бара жатса ақиқаттан сырт қалып.

Осы тарих бірден-бірге жалғасып,
Қанша мың жыл өтті, дүние алмасып.
Көрмеген іс көзіңізбен неғайбіл,
Бұл тарихты кім сөйлейді дәл басып.

Біз де осының шындығында біріміз,
Ертең жоқпыз, міне, қазір тіріміз.
Жастар үшін мұра болып із қалсын,
50 Осылай деп, тыңдаушылар, біліңіз.
Сіздер — сыншы, көптің көзі көреген,
Түзетіндер сезілгенде мініміз.
Қиғаш болса жөн көрсетіп, жол сілтеп,
Дұрысымен алға ұмтыла жүріңіз.

Наурыз ата — бәріміздің атамыз,
Түзетелік болса егерде қатамыз.
Балаларға естігенді айталық,
Ертең барып қара жерге жатамыз.

Наурыз ата қазақ па, әлде басқа ма,
60 Өз деген сөз айтылмапты басқаға.
Өңгіме қып үлкен айтқан сөздерді,

Балаларым, керексіз қып тастама.
Біріншісі — ата жолын қуғаны,
Осы емес пе кейінгіге бастама.
Екіншісі — жолын санау тарихтың,
Бұл қасиет болған емес басқада.
Бұл қосылған үлкен үлес ғылымға,
Ақылға сап ой жүгіртсең ақтара.
Болмаса егер келешекке пайдасы,
70 Ондайларды бет алдына мақтама.

Кітап сөзі Құрандағы ұқ, халық,
Кәміл нандық, біз де осыдан шықпалық.
Ұрық алып жанды мақұлық бөрінен,
Кемесіне отырыпты Нұх барып.
Нұх айтқанда көп адамдар нанбапты,
«Бұл алжып жүр, кемесіне шықпалық.
Топан суы қалай баспақ дүниені,
Мұны ертең-ақ ауыздықтап мықталық.
Ел аздырған алдамшылық мұнысы,
80 Өз сөзінен өзін мықтап ұсталық»,
Десті нанбай, Нұхтың тілін алмады,
Ұзара ма тұрған өмір қысқарып.
Қанша айтса да нандыра алмай тіліне,
Қала алмады, қала алмады құтқарып.

Ақыр бір күн жерден қайнап су шықты,
Жан-жануар суға кетті, тұншықты.
Су бетінде кеме қалқып, айналып,
Ай алмасып, кезегімен күн шықты.

Азық алған жетерліктей Нұх бабаң,
90 Бұл бәйітте жалған бар деп ұқпағын.
«Биік тауға шықсам да аман қалам» деп,
Канған Нұхтың кемесіне шықпаған.
— Күш пенен бой менде де бар Нұхтағы,
Жоқ, — деп, — мендей дүниеде мықты адам.
Жүремін, — деп, — мен де бірге ілесіп,
Кеменің кеп құйрығынан ұстаған.
Бірқанша күн ол да тірі жүріпті,

Балықты жеп күнге қақтап пыспаған.
Күпірліктің менменсінген құзынан,
100 Қандай адам шыңырауға ұшпаған.
Бұлар кетіп су түбіне жоғалып,
Жер бетіне қайта айналып шықпаған.

Су бетінде кеме жүрді қалықтап,
Бұрынғылар дейді осылай анықтап.
Жанды заттан кейінгіге таралған,
Барлығынан бір-бір жұптан алып қап.
Қазығұртқа кеме қонған ақыры,
Жүрген кеме жер бетінен алыстап.
Парсы тілмен Әбілқайыр жазыпты,
110 Болсаңыздар бұл тарихпен таныспақ.

Жидда* тауға кеме келіп қоныпты,
Құдіретпен қонар мезгіл толыпты.
Қанша уақыт жүрді кеме мәлімсіз,
Білмегенге біз емеспіз борышты.
Ертеңгі күн сұрағы бар мақшарда,
Өтірікті біз айтқанмен жолүсті.
Биік таулар менменсінген таласып,
Бастарына қондырмақшы болыпты.
Азық-түлік таусылуға таяды,
120 «Қайтеміз?» деп Нұх нәсілі қорықты.
Балық беріп Жаратушы азыққа,
Нұхтың көңілі шүкірлік қып орнықты.

Жерге түсіп бәрі жерге тарасты,
Кепкеннен соң таңдап алды қонысты.
Қуаныш қып бір орында жейміз деп,
Барлық асты бір қазанға тоғытты.
Шаттық кернеп қуанышты мереймен,
Барлығы да емін-еркін тойыпты.
Мерекелеу осындайлық тілеу қып,
130 Міне, осылай бізге мұра болыпты.
Қам, Шам, Яппас хазірет Нұхтың баласы,

* Кейбіреулер Қазығұртты «Жидда» деп те атайды.

Ата-жөнде тарихтың бар таласы.
Естігендер толықтарсыз кейімей,
Болса егер қалып қалған шаласы.
Ғажам дейтін Яппастың бір ұрпағы,
Неше ата өтті мәлім емес арасы.

- Ғажам ұрқы деп айтады парсы, араб, түрікті,
Осылардан Наурыз дейтін бір ұл туды білікті.
Жастан зерек данышпан боп зерделі,
140 Көп нәрсені ақылменен біліпті.
Ақылы артық болғаннан соң құрметтеп,
Туыстары берген екен ерікті.
Қазығұртта қонған күнді еске алып,
Барлық жұртқа тамақ жасап беріпті.
Наурыз бастап тілеу асын берген соң,
Барлығы да сол ақылға еріпті.
Бірден-бірге бұл оқиға жалғасып,
Қазір бізге мұра болып келіпті.
Ғажам рухы осы күнді тойламақ,
150 Түгелімен болмаса да жер үсті.
Мұнан кейін жылда осылай істеуге,
Барлығымен Наурыз бабаң келісті.

- Екіншісі — жолын санау тарихтың,
Қажеті үшін кейінгі ұрпақ халықтың.
Ел өмірін есепке алып жыл санап,
Парқын ұқпақ жақын менен алыстың.
Кеме тоқтап Қазығұрттың басына,
Жыл есебін содан бастап алыпсың.
Тұңғыш рет тарих жазып жол ашқан,
160 Әруағыңмен Наурыз ата таныстым.

Баласымыз біз естісек Ғажамның,
Ұрпағымыз хазіреті Адамның.
Өз көзіммен көре алмадым кітаптан,
Қанша өткенін одан бұрын заманның.
Күннен-күнге талпынайық ғылымға,
Күні құрсын ғылымы жоқ наданның.
Ақиқатқа көз жіберіп, зер салып,

Парқын айыр жақсы менен жаманның.
Тарих сөзі бізбен бірге таралмақ,
170 Бәйіт жазған ұшыменен қаламның.

Төрт мың бір жүз жиырма төрт жыл бопты,
Тау жоғалып ойлар төбе, қыр бопты.
Жердің жүзі су күшімен ойылып,
Тау пайда боп, биік заңғар құз бопты.

Бұдан кейін жыл саналып Ғайсадан,
Жаңа эра деп басталыпты қайтадан.
Інжіл, Забұр, Таурат, Құран — төрт кітап,
Көзін жұмып жалған дейді қайсы адам?
Содан бері кемелденді ғылым да,
180 Бұл шындық деп кесіп-пішіп айта алам.
Содан бері мың сегіз жүз сексен үш,
Бес мың жылдар жазып-сызып байқаған.

Бұл Наурыздың бастап кеткен ғылымы,
Не деген зор данышпандай білімі.
«Кейінгі ұрпақ пайдалансын, ұқсын» деп,
Келешектің нақ қажетін білуі.
Осылардың тілеу тілеп тойлауы,
Әзіргі елдің істеп жүрген ырымы.
Елін жинап бір қазаннан дәм татып,
190 Еске алсын деп кейінгі ұрпақ-ұрығы.
Кел, жамағат, біз де наурыз істейік,
Қанша бізге мұның болмақ шығыны.
Әлде бәлкім үйлесімді осыған
Жаңа жылдың мейрам болып шығуы.

Үшіншісі — шипалы су тапқаны,
Өз дертіне шипа болып жаққаны.
Айдалада ауырғанда су ішті,
Содан басқа қылар айла таппады.
Ішкен суы балдай татып, терлетіп,
200 Құдіреті бұл дертінен сақтады.
Айдалада аң қуалап жүргенде,
Шипа беріп өзі оңына бастады.

«Бұл орасан шипалы су болды» деп,
Қасиеттеп, құрмет тұтып баптады.
«Айтты еліне орасан су көрдім» деп,
Болса керек Нау атаның жас шағы.

Орасанға* емделіпті ел келіп,
Біліміне таңырқапты ел көріп.
Төңіректің төрт бұрышынан науқастар,
210 Бәрі бірдей жазылыпты емделіп.
«Ақылы асып, білімді боп туды» деп,
Айтқанына халық көнген жөн көріп.
Бұрынғыдан ұққанымды айтамын,
Қастарынан отырғам жоқ мен келіп.
Өз тұсында өнегелі болыпты,
Дүниені кетпесе де меңгеріп.

Халық келіп батыс пенен шығыстан,
Мәні-жайын араласып ұғысқан.
Сауда-саттық, ғылым-білім ауысып,
220 Неше түрлі халық келіп тоғысқан.
Бірі көріп біреуінен нәр алып,
Десіпті жұрт «Орасанға баралық».
Әз Наурыз деп ат қойыпты ел-жұрты,
Туғаннан соң данышпан боп жаралып.
Білімнің қасиетін ел біліп,
Жас та болса елі ұстаған аға қып.
Орасан су шипалы деп басында,
Арасан деп қойылған ат жаңалық.
Ғылым-білім өрге жүзіп өнері,
230 Жыл-жыл сайын келе жатыр жаңарып.

Келген халық тасқа сызып таңбасын,
Саяхаттап еркін кезіп тау басын.
Білгенінше әркім сызып өрнек сап,
Кейінгілер толықтапты жалғасын.
Арасанды су басыпты сел жүріп,
Бұл өзеннің түгел бұзып арнасын.

* Орасан — арасан.

Сарысу деп атайды екен өзенді,
Бұл арасы түсініксіз қалмасын.

- 240 Қанша мың жыл арасан боп тұрғаны,
Дәл есепте анық емес бұл жағы.
Қанша уақыт елге тиді пайдасы,
Айта алмаймыз мынадай деп біз дағы.
Осы өңірде үлкен қала болыпты,
Бұл болар ма Сығанақ шәр Сырдағы?
Бұзылыпты дәуірінде моңғұлдың,
Таңбалы тас қазір де бар құмдағы.
Тарих сырын анықтаған ғалымдар,
Осылай деп мөлшерлейді тұлғаны.
Арасанды Наурыз ата көрсетіп,
250 Талай жанды мехнаттан қорғады.
Жастай қайтты дүниеден данышпан,
Тірлігінде болды жұрттың қормалы.
«Көп жаңалық көп бастаса қосар» деп,
Осылайша кейінгілер болжады.
Әл жылда бір мерекелеп халығы,
Бұл Наурыздың болуы рас анығы.
Өз Наурызды еске алуға жыл сайын,
Мереке деп күні бүгін таныды.
Ойын емес, ойласаңыз болған іс,
260 Кейінгіге мұра болып қалуы.

Әр жыл сайын келсе наурыз кезегі,
Қазан-қазан қазақ жасар көжені.
Бала-шаға, үлкен-кіші деместен,
Бір тамаша қуанышты сезеді.
Тауыса ішіп қуанышты мереймен,
Түңлік санап ауыл сайын кезеді.
Біреуінен біреуі көп ішеді,
Әбден ашып, талғандай-ақ өзегі.

- 270 Танысымен табысқанда сырласы,
Кезіккенде құрбысымен құрдасы,
«Бір көже іштік, шықтық, — дейді, — бір жасқа»,
Осылайша мөлшер болып жыл басы.

Қазақ емес, талай халық таниды,
Сондықтан бұл — көп халықтың мұрасы.
Естіп ұққан мен айтамын сөзімді,
Болмасам да барлық елдің тілмашы.

Тек қана бұл жыл басы емес қазақтың,
Іздене бер сұрастырып талаптың.
Хижра жылдың басы — наурыз деп,
280 Жыл басына кіргізіпті арабтың.
Өйткені біз бәріміз де ғажамдық,
Түйініне тоқталмайық таластың.
Міне, менің естіп-біліп ұққаным,
Балалары тыңдаңыздар алаштың.

Тауарихта жазған екен парсылар,
Талаптыдан қандай өнер артылар.
Қазақшаға мен аудардым бөйітін,
Осы тілді қазақ елі жалпы ұғар.

Мен Маусымбай — баласымын Сабанның,
290 Талаптандым көшіне еріп заманның.
Хабарым бар араб, парсы тілінен,
Басқа тілге дей алмаймын маманмын.

Орысшаны жүре үйрендім шаларақ,
Жақсы ұғасың кезің болса баларақ.
Сауаттандым школынан орыстың,
Сырттан ұғып көре жүріп жағалап.
Әр қалада кезіп жүріп оқисың,
Өз алдыңда болмаған соң шаңырақ.
Жетім бала секілдісің панасыз,
300 Әрбіреуге жалтақтайсың ағалап.
Міне, біздің заманымыз осындай,
Кейінгі жас, түсінерсің бағалап.
«Келер ғасыр бұдан нұрлы болар» деп,
Біз ойлаймыз үмітпенен шамалап.

Осы күнде оқыған аз елімде,
Амал қанша, білерім аз менің де.

Балаларын ел оқыта бастады,
Қуанышты бөленемін сезімге.
Армандаймын, армандаймын зарығып,
Сол заманды нәсіп болып көруге.
Мектеп ашып, бала оқытса қазағым,
Қуанармын жатсам дағы көрімде.
Он бес жылын өмірімнің өксітіп,
Тарих жолын құмарландым теруге.
Әлі дағы ізденермін, жазармын,
316 Сабыр берсе Жаратушы өлімге.

Аққан сынап

Қазақтың мекені екен Сыр жағасы,
Ырысты ұлан-байтақ кең даласы.
Мың сегіз жүз жиырма екінші жыл,
Қазақтың қор боп өлген бір баласы.

Мүгілсін, Қайса деген кемпір мен шал,
Кембағал, жас күнінен бітпеген мал.
Жоқтыққа мойындамай жүрген екен,
Жалғыз-ақ бір балаға болыпты зар.

10 Жүріпті байдың талай малын бағып,
Күн үшін бүрсең қағып, отын жағып.
Алғаны айлығына жалғыз серкеш,
Бұны да береді бай қалжауратып.

Елуде тапты бір ұл Мүгілсін,
Бір ұл деп зарлық еткен бұдан бұрын.
Бір серкеш байдан алып той таратты,
Қуанып жүрек жарған жалғыз ұлын.

20 Баланың атын қойды Нұрланған деп,
Сол нұрдан бақыт, байлық жиналған деп.
Асығып шал мен кемпір арпалысты,
Нұрланым тез ержетсе қиналман деп.

Асықты: «Үйімізге келін түссе,
Көңілде мақсатымның бәрін шешсе.
Келінім етегінен бағы жанып,
Көтеріп немеремді көңілім өссе».

Сонымен бала келді он жасына,
Қой жайса ертіп жүрген шал қасына.
Кемпір-шал уақыт бітіп дүние салды,
Қара жер мекен етіп ордасына.

Он жаста қайғы жұтып қалды бала,
30 Жүрегі жылауменен болды пара.
Қолында мал, үйінде ішер дән жоқ,
Жетелер кімдер болып ата-ана.

Жас бала мал бағуға жарамаған,
Бай дағы бұл жетімге қарамаған.
Сонымен тамақ үшін қаңғып кетті,
Қарасар жақын туыс жан болмаған.

Панасыз қаңғып кетті Нұрлан бала,
Амал жоқ, қаңғымасқа бар ма шара.
Жамаулы киім тозды, бүтіні жоқ,
40 Жарылып аяқ-қолы жара-жара.

Үстінде шапан тозды жүрген киіп,
Құрт берсе жанқалта жоқ салар жиып.
Шапан сұрап алуға ебін таппай,
Тыр жалаңаш болыпты кісі киік.

Таң атса тамақ іздеп жортаңдайды,
Жатам деп кеште қайда жалтаңдайды.
Үстінде жыртық киім жалбыр-жұлбыр,
Ашылып шүметайы шолтаңдайды.

Кей кемпір қуанады ұл саба піссе,
50 Кәсіп қой сабасына бойы жетсе.
Ол кемпір бір күн қарнын тойғызады,
Дегендей сабасының майы түссе.

Көрді ол жетімдікпен осындайды,
Ойнап жүрген балаға қосылмайды.
Барғанда әр ауылға ит жүгірсе,
Шырылдап қабады-ау деп зар жылайды.

Жетімдік жас балаға қиын екен,
Әдісі жан табудың бір мұң екен.
Адасқанға жар болар жан болмаса,
60 Өмірдің қатпары көп қиыр екен.

Келеді күнделікті ол да ержетіп,
Көзінен іздеріне жас селдетіп.
Бір шеберден домбыра сатып алып,
Жүреді кей кездері ән гулетіп.

Бұлбұл құстай кетеді ән салғанда,
Кім өтпес дүниеден күн толғанда.
Бұл жетім осылайша өсе тұрсын,
Саусағы әрбір күйге бұлтарғанда.

Сол кезде малы бұлттай жауып дала,
70 Бір бай бар Қабыл деген жеке дара.
Сол байдың он бес жаста бір қызы бар,
Ат қойған Айгүлім деп туа сала.
Әрі істі, әрі сұлу хор қызындай,
Болыпты бұған құмар сан бозбала.

Олардың бірін де қыз сүймейді екен,
Жігітке іздеп келген тимейді екен.
Ғашықпыз деп қаншалық қақсаса да,
Ішін жарып ғашық от күймейді екен.

Сондықтан кербез қыз деп аты шыққан,
80 Түшіркенер құлақ сап сөзімді ұққан.
Күндер өте осындай қыздың барын,
Нұрланған да естиді алыс жұрттан.

Сол байға тұрайын деп жүріп кетті,
Әлгі әңгіме ішіне кіріп кетті.
Домбырасын беліне қыстырып ап,
Ауылына Қабыл байдың барып жетті.

Үйіне Қабыл байдың кіріп келді,
Қабылға төрде отырған сәлем берді.

Қабыл бай балаға жалт қарады да,
90 — Уағаләйкум ассалам, балам, — деді.

Бәйбіше қымыз берді бір тостаған,
Көп емес қалтырған жоқ құр тастаған.
Қымызбен сусыны оның қанған шақта,
Қабыл бай жөнін сұрап сөз бастаған.

— Ей, бала, жөніңді айт, келдің қайдан?
Мен сені көрмеп едім бұл маңайдан.
Қолыңда ұстап жүрген домбыраң бар,
Өнді кәсіп етіп пе ең бірталайдан?

— Ата-анадан айрылған жетім едім,
100 Жан бағып жетімдікпен кетіп едім.
Әрбіреу әңгіме етсем менсінбейді,
Қу ағашты әңгіме етіп едім.

Күй де жоқ тартатұғын, өнім де жоқ,
Көңілді көтеретін халім де жоқ.
Ата-ана бар жігітке ән жарасар,
Шаттанатын ата-анам жанымда жоқ.

— Дәм тартып біздің үйге келдің, балам,
Еңбек етпей ішкеннің бәрі де арам.
Аз еді қолды-аяғым, мал жағы бар,
110 Келеді маған тұрсаң неге шамаң?

— Құлын тартып берейін, бие байлап,
Сондай еңбек бар болса берем жайлап.
Жылқыны жігіт үшін жаратқан ғой,
Түнде күзет десең де кетем айдап.

Қысырақтың үйірін қайырамын,
Қулықтың да құлынын жағызамын.
Буыршын мен бураны таластырмай,
Түйе бағып, шұбатын ағызамын.

— Келінім кешке шекті бие сауад,
120 Ана отырған бойжеткен құлын салад.
Екеуі кешке шекті бие сауып,
Үй шаруасы аяқсыз қалып қалад.

Егерде сен сауғызсаң, қызым саусын,
Келінім қонақ күтіп үйде қалсын.
Осыны мақұл көрсең, еңбек істе,
Осымен бұл қызмет орындалсын.

«Мақұл» деп Қабыл байға тұрып қалды,
Қуаныштың шетіне кіріп қалды.
Айгүлім ертеңінде бие сауды,
130 Нұрланған ноқта тартып құлын салды.

Талай жыл сыр айта алмай жүреді екен,
Ішіне ғашық оты кіреді екен.
Аңдушыны алушы жеңер деген,
Бұл бала бұдан былай қайтер екен?

Сол байға іздеп барып жалға тұрды,
Жоғарғы әңгімеге мойнын бұрды.
Сол байға бір қыз үшін еңбек сатып,
Аямай ашты терін істеп жүрді.
«Әттең, кербез!» дегенде жалын шықты,
140 Ішіне ғашық оты жарып кірді.

Шілденің күні қандай қайнап тұрған,
Ағаштың жапырағы жайнап тұрған.
Сылдырап бұраң қағып аққан бұлақ,
Жас ағаш жағасында бойлап тұрған.
Самалы жас ағаштың қандай салқын,
Самалға Қабыл бие байлап тұрған.
Төніп тұр биебауға қалың терек,
Бұлбұл құс бұтағында сайрап тұрған.
Қыз-келіншек бұраңдап бие сауса,
150 Аңдып кеп бозбалалар ойнап тұрған.

Кербез қыз жүреді екен бие сауып,
Жүріпті ешнәрседен қылмай қауіп.
Ол келіп бие сауса, құлын тартып,
Қуалап құлын ұстар ебін тауып.

Осындай еңбек етіп амалдады,
Кербез қыз бұдан бір мін таба алмады.
Бір күні бие байлап болғаннан соң,
Екеуі көлеңкеге самалдады.

Ағаштың әңгіме еткен саясында,
160 Өнерін қолдан келген аясын ба.
Биебаудың жағасы қалың орман,
Самалдап әңгіме еткен арасында.

Көлеңкеде қолына домбыра алды,
Түрлентіп неше алуан күйге салды.
Бір күйді былқылдатып тартып еді,
Айгүлім: «Бұл не күй?» деп сұрай қалды.

— Қолға алдым сізге арнап домбыраны,
Сұрасаңыз айтайын күйдің мәні:
«Сылқылдақ» сіздің жүріс шертіп едім,
170 Күйіне домбыраның келді-ау сәні.

Және де бір күй шертті үш қайырып,
Айгүлім таң боп қалды құлақ түріп.
— Күйіңіздің аты не, атап шерт, — деп,
Айгүлім сұрайды екен мұны айырып.

— Бұл күйім «Жетім зары» зыр жүгірген,
Сізді іздеп осы арада ойға кірген.
Жапалы жүрісімді шертіп едім,
Берейін айтып мұны бірден-бірден.

Және де тыңқылдатты ол домбыраны,
180 Ұқсайды бұлбұл, торғай сайрағаны.
Тартқандай қызға бір тың ой салғалы,
Айгүлім таң боп қалды сұрағалы.

Айгүлім бұл не күй деп сұрайды екен,
Маңызын мына күйдің былай деген:
— Бұл күйім ағаштағы бұлбұл, торғай,
Құттықтап екеумізді жырлайды екен.

— Ән салшы домбыраңмен болсын ермек,
Аз ғана ермек болсын, сөйлеп көр, — деп.
Тіршілікте қалайық күліп-ойнап,
190 Шамшырақ жанып тұрған бір күн сөнбек.

— Ендеше сізге арнап ән салайын,
Басында биебаудың болсын ойын.
Жарым жоқ, жәрдемшім жоқ, мен бір жетім,
Өлейін бе, қайтейін, кімге айтайын?

Талабым таудан биік, судан терең,
Соңынан талабымның ере берем.
Болғанда таудай талап, бармақтай бақ,
Тайынсын шіркін, талап неменеден.
Ерік жоқ бір басымда жалшымын ғой
200 Болмаса талабым бар кімнен төмен?!

Басасың аяғыңды былқ-сылқ етіп,
Күн шағып теңге-моншақ жарқ-жұрқ еткен.
Жалшы ғой, жетім ғой деп кемсітпеңіз,
Жүр едім дидарыңнан үміт етіп.

Кетпейсің күндіз естен, түнде түстен,
Көңілдің қандай жақсы кірін шешкен.
Ішім шоқ, сыртым жалын, отқа күйіп,
Жүр едім сөндіре алмай үндеместен.

Ішім шоқ, сыртым қаулап жалындаған,
210 Осындай бейнетім бар қалыңдаған.
Сен үшін жанған өртке түсіп жүрмін,
Бұл өртті сөндіруге бар ма шараң?

Сен үшін жанған өртке түсіп жүрмін,
Күйзеліп ғашық отқа пысып жүрмін.

Сөндіріші ғашық отты мехнат қып,
Күл болып ер сүйегім жасып жүрмін.

Сен едің заманымда туған айым,
Ғашық дерт өртеп барад барған сайын.
Ғашық дертке кезіктім сізді көріп,
220 Дауалап құтқаруға бар ма жайың?

— Ей, Нұрлан, мен айтайын сөздің шынын,
Жастығың маған батты сына сырың.
Жетім деп, жалдамшы деп кемітпеймін,
Айтылмаған сыр еді мұнан бұрын.

Су сеуіп сөндірейін жанған отты,
Махаббат су сөндірер күйген шоқты.
Есте жоқ, ойымда жоқ жүрген кезде,
Ескертіп еске салдың ойда жоқты.

Сен едің көмекшің жоқ жалғыз бала,
230 Туыс жоқ, көмекшің жоқ жеке дара.
Көмекшің жоқ жабысса басқа жала,
Сол күнде құтылатын бар ма шара?

Егерде сені сүйсем болар еді,
Айтқан сөзің ішіме қонар еді.
Бұл күнде мал сөйлейді, заң жеменгер,
Мал берсең, патша арыз алар еді.

Басыңа пәле келсе көретұғын,
Малың жоқ падишаға беретұғын.
Жақын жоқ, жанашыр жоқ, көмекшің жоқ,
240 Ру жоқ сені жоқтап еретұғын.

— Іздеп кеп жалға тұрған мен емес пе,
Сондағы іздегенім сен емес пе?
«Талапты ерге нұр жауар» дегендейін,
Талапты орындауың жөн емес пе?

Сені мен іздеп келдім талап етіп,
Жүруші ем сыртыңыздан арман етіп.
Сен үшін жанды сатып жалға тұрдым,
Барасың мені тастап қайда кетіп?

Мұрасы ер жігіттің талап етер,
250 Талабы тап бергенде қызға жетер.
Тартынбай талабымды орындасаң,
Сен қалайы боласың, мен дәнекер.
Сен үшін еңбек еттім ерінбестен,
Елемей еңбегімді қойма бекер.

Қайран қап Айгүлім қыз қарап тұрды,
Ішіне ғашық оты жарып кірді.
Нұрланды іздеп келген көзбен көріп,
Нұрланның ғашықтығын сонда білді.
Нұрланның ғашықтығын білгеннен соң,
260 Айгүлім Нұрланғанға жауап берді.

— Ей, Нұрлан, іздеп келдің мені сүйіп,
Кетті ғой қылығыңа ішім күйіп.
Кедейшілік, жетімге мойындамай,
Жүріпсің бар қайратты бойға жиып.

Ей, Нұрлан, әңгіме еттің биебауда,
Талапты көмек білер орындауға.
Туыс жоқ, көмекшің жоқ сен бір жетім,
Арманда қалмаймысың үлкен дауға?

Басың дауға ұрынса көмекшің жоқ,
270 Көмекші бар жігіттің көңілі тоқ.
«Жаяудың шаңы шықпас» дегендейін,
Ешкім көмек бермейді-ау қасыңа кеп.
Басыңа пәле келсе құтылмайсың,
Ешкімнің жаны ашымас қасыңа кеп.

— Айгүлім, олай деме, жөніңе көш,
Жалғыз ғой деп ойланып, қайғы жеме еш.
Көп ойланып отырма, жауап берші,

Барады уақыт өтіп болады кеш.
Сен үшін әкеңізге жалға тұрдым,
280 Маңдай терді еске алып, мақсатым шеш.

— Шіркін-ай, разымын, Нұрланым-ай,
Жаутаңдап көз алдымда тұрғаның-ай.
Кезіктің қиюсыздан іздеп келіп,
Жолыңа құрбан болсын бір жаным-ай.

Сол жерде екі ғашық амандасты,
Кімде-кім іздемей ме замандасты.
Мойнынан ақ білекті арта салып,
Ғашықтар биебауда құшақтасты.
Кез болған хор қызы мен хор жігіттей,
290 Сыбырласып, сырласып мауқын басты.
Шайқаған жұмыртқасын лашындай,
Төсеніп көк шалғынға баурын басты.

Осындай разы болды бірге жүріп,
Жеткендей арманына ойнап-күліп.
Көзіне бие сауым көрінбесе,
Іздейді бірін-бірі мойын бұрып.

Құмардан екі ғашық әбден шықты,
Біреуінің жағдайын біреуі ұқты.
«Өлсек те уағдадан таймайық» деп,
300 Серттесті екеуі де сондай мықты.

Сол кезде Ерболат бай жүрген еркін,
Байлығымен асырған дүние-мүлкін.
Айгүлімге құдалық сөйлесіпті,
Мыңнан қой беремін деп, жүзден жылқы.
«Екі ердің ерегескен бірі өледі»,
Алтын жұмсап жоғалтар мұның ұрқын.

Құда боп аламын деп Айгүлімді,
Әкелді жорға-жүйрік сәйгүлікті.
Бай байға құятұғын сол заманда,
310 Әкесі ықтияр боп құда болды.

Айгүлім разы емес осы байға,
Кетеді сел соққандай әрбір ойға.
Екі ғашық арман қып қайғыланды,
Кедергі кез болған соң осындайда.

Екеуі ақылдасты қашайық деп,
Таулардан биік-биік асайық деп.
«Жалғыздың жары Құдай» дегендейін,
Қайтсек те тәуекелге басайық деп.
Айуан да тауда жүрген жанын бақты,
320 Соларша қаңғып жүріп жасайық деп.

Екеуміз екі жақсы ат мініп кетсек,
Садағын осы байдың іліп кетсек.
Шақпағын от жағатын ұрлап алып,
Жан бағып иен тауға кіріп кетсек.

Десті олар: «Осы ақыл оңды емес пе,
Садағы мен шақпағы қолда емес пе.
Не де болса тезірек кетсек қашып,
Күйеудің келер күні болды емес пе.
Шақпақ пен садақ болса талықпаймыз,
330 Ер менен бөрі азығы жолда емес пе?»

Осындай екі ғашық ойға кірген,
Көрді олар дайындығын бірден-бірден.
Жасынан Айгүлімге ғашық болған,
Тағы бір жігіт бар ед сезіп жүрген.

Сол жігіт біліп қалды мына сырды,
Бақылап бұл екеуін торып жүрді.
«Айгүлім Нұрланғанмен қашпақшы» деп,
Астыртын Ерболатқа хабар берді.

Ерболат ашуланды жаман қатты,
340 Деді ол: «Айгүлімді Тәңір атты».
Нұрланның көзін қалай жоғалтам деп,
Ойланып айла-шарғы ойға батты.

Ұлығы сол заманның бәрі жемқор,
Кімде байлық бар болса, кеудесі зор.
Падишаға барайын арыз қылып,
Алдынан екеуінің жаяйын тор.

Артып ап алтын-күміс жүріп кетті,
Шәріге кеш батқанда барып жетті.
Түлкіше жалбызбалап ордаға кеп,
350 Патшаға алтын-күміс тарту етті.

Иіліп патшаға «Дат» депті екен,
— Ей, мырза, датың болса айт, — депті екен.
— Аздырды әйелімді Нұрлан шайтан,
Сұрап бер арызым жоқ бұдан бөтен.

— Айдап кел Нұрлан деген жалғыз ұлды, —
Деп патша жасауылға бұйрық қылды.
Тартуға алған алтынның буыменен,
Ерболатқа тіреу боп мойын бұрды.

Жасауылдар барды да айдап келді,
360 Жеткенше Нұрланғанға қайнап келді.
Бейшара қапияда қолға түсіп,
Айтарын падишаға ойлап келді.

Нұрланды дат айтқызбай арманда қып,
Апарып абақтыға қойды жауып.
Айтпақ боп күзетшіге өз арманын,
Қалды ол қасіретпен ойға батып.

— Ей, бауыр, мен бір жетім залалым жоқ,
Айгүлім артты қалды, арманым көп.
Жас едің жасқа жәрдем қылмаймысың,
370 Жетімге падишаның қайраны жоқ.
Айгүлім — өз ғашығым, сүйген жарым,
Әйелін Ерболаттың алғаным жоқ.

Арманым саған айтар осы еді,
Айгүлім айрылмайтын досым еді.

Жәрдем қып шығар мені шамаң келсе,
Ұмытылмас шапағатың болсын енді.

— Ей, Нұрлан, шығарғанды жөн көремін,
Шығарсам падишадан мен де өлемін.
Егерде өлтірмесе азап қылар,
380 Патшаға күнәлі боп сенделемін.

— Бір көрсет Айгүлімді олай болса,
Өзіңе зияны жоқ қолай болса.
Көзіме Айгүлімді бір көрсетсең,
Айтармын мал-басты бол, мың-мың жаса.

— Ендеше Айгүлімді көрсетейін,
Егерде шарт-жағдайым келсе бейім.
Бір жолға Айгүлімді кезіктірсем,
Екінші арман етпе бұдан кейін.

— Кім сендей разы болмас жолдасына,
390 Тар жерде ер талабын қолдасына.
Әкесі Айгүлімді сатпақ болды,
Қызығып Ерболаттың жорғасына.
Бағың жанып, өмірің ұзын болсын,
Келтірші Айгүлімді бір қасыма.

— Сабыр қыл көрсетейін ғашығыңды,
Құдайым қолға берсе келер түнді.
Деді де уағда беріп ол күзетші,
Ойланды талапты іске асыруды.

Күзетші таң атқанша тұрады екен,
400 Мойынын Нұрлан үшін бұрады екен.
Таң атқан соң аралап шәріге барып,
Әңгіме әрбіреумен құрады екен.

Айгүлімнің жеңгесі шайға келген,
Нұрланды сұрайын деп ойға келген.
Аралап базар ішін жүрген кезде,
Жай жүрген күзетшіні көзі көрген.

— Нұрланған жетім тоқты бөрі алдында,
Ерболат шалқып жатыр төр алдында.
Айгүлім Нұрланғанды біл деп еді,
410 Күзетшім, өз көзіңмен көре алдың ба?

— Нұрланған сәлем айтты Айгүлімге,
Айгүлім келсін деді бүгін түнде.
Жастықты көп айтқан соң мақұл көрдім,
Жатыр ғой абақтының дәл түбінде.

Жеңгесі ашық екен емен-жарқын,
Бұл дағы білуші еді сөздің нарқын.
«Мен кешке жіберейін Айгүлімді,
Бір көрсетіп құтылшы жолдас қақын».

Жеңгесі кешке үйіне қайтып келді,
420 Хабарын Нұрланғанның айтып келді.
Қуанғаннан Айгүлім тағат қылмай,
Бір күнді өзер зорға батырды енді.

Айгүлім тұра алмады сабыр етіп,
Жүруші ед Нұрланды ойлап, арман етіп.
Міне сап әкесінің бір жорға атын,
Сыдыртып кеш болғанда келді жетіп.

Күзетші көрістірді ебін тауып,
Тұрса да әр бұлыңнан қауіп төніп.
Ашты да абақтының терезесін,
430 Қақпағын сыртындағы қойды жауып.

— Ей, Нұрлан, аманбысың, айналайын,
Ғашық дерт ішті жарды барған сайын.
Бер таман терезеге жақын келші,
Бір көріп қайғы шерді шығарайын.
Терезеден сөйлес деп рұқсат етті,
Алдында терезенің тұрмын дайын.
Сен дағы арманыңды бір шығарып,
Ғашығың Айгүлімнің ұқшы жайын.

Ей, Нұрлан, жатырмысың ұйқың қанбай,
440 Мен дағы сорлы болдым бағым жанбай.
Арманды көңілімдегі шығарайын,
Еркінше сөйлеп қалсын тіл мен таңдай.

Жүр едім, Нұрлан, саған кезіге алмай,
Ерік жоқ кезігудің шарты болмай.
Төксе де басқа қауіп келдім бүгін,
Екі сорлы кез боппыз тайқы маңдай.

Ей, Нұрлан, жатырмысың азап тартып,
Мен үшін бар азапты мойныңа артып.
Ол жалғанда кезігу болар ма екен,
450 Әр түрлі арман етем ойға шарпып.

Мен үшін мехнат тарттың абақтыда,
Байлық құрғыр басты ғой талапты да.
Ерболат падишаға алтын тасып,
Бүрге мен қандалаға талатты ма.
Осынша ізімізге шөп салатын,
Сорлы қып Құдай бізді жаратты ма?!

— Айгүлім, айналайын, денің сау ма,
Ойнаушы ең сайран салып биебауда.
Зар болдым бір көре алмай, ғашық жарым,
460 Сен дария, мен балық түстім ауға.

Айгүлім, айналайын, алтын сарым,
Жаратса бір өзіңдей жанның бәрін.
Сен мені іздеп келсең қош айтамын,
Жанымды жаның сүйген ғашық жарым.

Зар болып абақтының тарттым зарын,
Сені ойласам аузымнан шығар жалын.
Тым болмаса екі жыл бірге жүріп,
Шіркін-ай, тарқамады-ау сыр құмарым.

Зар болып абақтыда салған әнім,
470 Сен үшін құрбан болсын шыбын жаным.

Өзіңді ап қашуға үлгере алмай,
Кетті ғой жүрегімде бір арманым.

Шіркін-ай, жаным сүйген мөлдір көзім,
Мінеки, арман етіп айтқан сөзім.
Дөңбектей су аударған аударылып,
Қаңбақтай жел ұшырған келді-ау кезім.

Зар болдым мехнат тартып сені қалап,
Жастықпен сені алам деп қылдым талап.
Бет аузым ісіп кетті-ау көзім жауып,
480 Жатырмын қандала мен бүрге талап.

Батып ек ойнап-күліп рияға,
Жатқандай болып едік бір ұяға.
«Өкінбе өткен іске» дегендейін,
Қусақ та жете алмадық дүнияға.

Мен сені бір тесіктен көріп тұрмын,
Езіліп Ерболаттан келіп тұрмын.
Қолда малым бар болса, бүйтер ме едім,
Жетімдік, кедейліктен өліп тұрмын.

Ғадылдық бұл патшадан көре алмадым,
490 Ерболаттай сары алтын бере алмадым.
Қолда жоқтың дауасы өлген екен,
Жанымнан үмітім жоқ, сене алмадым.

Артымда туысым жоқ жоқтайтұғын,
Патшаға жарлы арызын топтайтұғын.
Ұлығым заманымда болды жемқор,
Жем бермесе ғадылдық айтпайтұғын.
Сен үшін шыбын жанды құрбан еттім,
Ер жігіт бір сертінен қайтпайтұғын.

Мен өлсем сен қайтесің, мақсатың не,
500 Ерболат па, көңілің әлде кімде?
Айтып кет көз алдымда мақсатыңды,
Естиін өлмей тұрып тірі күнде.

— Сен өлсең, артыңнан-ақ мен өлемін,
Тірі жүрсем, сені ойлап сенделемін.
Жоғарғы айтқан сертке хилап етпей,
Артыңнан кеткенімді жөн көремін.
Ерболаттың тоқалы деген сайын,
Қайғы мен қасіретті теңденемін.
Егерде абақтыда өліп қалсаң,
510 Кешікпей мен соңыңнан жан беремін.

— Айгүлім, мұны ойлап не қыласың,
Қор болар өліп қалсаң ғазиз басың.
Қор қылма жас жаныңды бір мен үшін,
Күн үшін Ерболатқа бағынасың.
Хақ көңілің, шын пейілің менде болса,
Ғарасат майданында табыласың.

Мен үшін жас жаныңды азап етпе,
Артымнан өлейін деп ойға кетпе.
Өле ме деп сұрап ем сені қимай,
520 Жас жаныңды қор қылып босқа кетпе.

Тірі қалсаң артымда, разымын,
Егерде босқа өлсең, наразымын.
Атадан егіз туса жаны басқа,
Демеп пе ед бұрынғылар «бір күн де — күн».
Өзім өлсем қимаймын сен шіркінді,
Пайдасыз өліп қалсаң — қараңғы түн.

Ден сауда өлім деген оңай емес,
Өз жанына қас қылу қолай емес.
Өмірде жаныңды бақ, тіршілік ет,
530 Мен үшін өлемін деп қайғы жеме еш.

Айгүлім, жарым едің жаным сүйген,
Сені ойлап сыртым жалын, ішім күйген.
Ерболат мылтық болды алтын оғы,
Алғанда қарауылға дәл кеп тиген.

Оқ тиген аңдай болдым мен жаралы,
Зар болдым абақтыда бас қаралы.
Қош, аман бол, Айгүлім, сүйген жарым,
Екеуміздің бұл соңғы ажыраны.

Екеуі қош айтысып қол ұстасты,
540 Ажары беттерінің өңіп қашты.
Ерболат падишаға алтын төгіп,
Қорлады нәпсі үшін екі жасты.

Айгүлім қош айтысып қайтып кетті,
Таң ата ауылына барып жетті.
Бір көріп Нұрланғанды күдер үзіп,
Ұйқы жоқ денесінен әлі кетті.

Ерболат тағы да көп алтын алды,
Патшасына баруды ойлап қалды.
«Нұрлан тірі тұрғанда Айгүлім жоқ»,
550 Демекші боп патшаға осы жайды.

— Дат! — деді падишаға келе салып,
Қалыңдық тұр Нұрланға күйіп-жанып.
Орай тауып Нұрланған қашып шықса,
Өкетер Айгүлімді, мені жарып.

— Қайғырдың күмәнді боп неменесін,
Нұрланған мұнан ары қайғы жесін.
Егерде шығады деп күмәндансаң,
Шықпастай жас теріге шегеленсін.

Деп патша шегелеуге бұйрық етті,
560 Мақұлдап екі жендет жүріп кетті.
Нұрланған шықпастай қып тұлып жасап,
Ішіне жас терінің шегелепті.

Нұрланған шыңғырады тері қысып,
Тырсиып тұла бойы кеткен ісіп.
Дауысын естіген жан қайғыланды,
Кеткендей бұл азапқа бірге түсіп.

Шылғи түйе терісі қыса-қыса,
Ақыры кетті жаны құстай ұшып.

570 Нұрланған бұл өмірден сөйтіп өтті,
Залымның зұлымдығы басқа жетті.
Белгі жоқ, бейіті жоқ Нұрланғанның,
Сіріде шіріді ме қайда кетті?!

Бір жігіт Айгүлімге ғашық еді,
Жасынан ғашықтығы тасып еді.
Базардан келе жатқан шалды көріп,
Алдына көлденеңдей басып еді.
Хал-жайын Нұрланғанның сұрап еді,
— Сірімен шегеленіп өлді, — деді.

580 Ол жігіт тұра шапты ұзақ жерден,
Айгүлім шаң-тозанды көзі көрген.
Қауіппен қадағалап қарап тұрса,
Ауылына Ерболаттың жетіп келген.

— Ей, мырзам, шүйінші бер жүрек жарды,
Естісем Нұрлан өлген, қош жарар-ды, —
Дегенде Ерболат та шүйіншіге,
Теңге алтын хабаршыға бере салды.

Айгүлім қайғыланды мұны көріп,
Опасыз дүниеден кетті жеріп.
«Қу жанды Нұрлан үшін тарту етпей,
590 Боламын тірі жүріп кімге серік?!»

Бар екен әкесінде қожат пышақ,
Ұрлап алып кетіпті қолына ұстап.
Бас жағы биебаудың терең шатқал,
Бұл жерге жетті зорға қадам тастап.

Келді де тасқа отырып қалам алды,
Бетіне ақ қағаздың шимай салды:
«Бермедің, ата-анам, сүйгеніме,
Өлтірттің азаппенен Нұрланғанды.

Балаңды іштен шыққан малға саттың,
600 Қырмызыңды қу түбір шалға саттың.
Өз малың бір басыңа жетпейтіндей,
Алданып алтын берген жанға саттың.

Алғаның шалға сатып алал емес,
Мен ықтияр болғанда залал емес.
Мен үшін жанын сатып жалға тұрған,
Нұрланның маңдай тері оңай емес.

Ал енді қош, аман бол, әке-шешем,
Сияды сендерге өкпе қалай десем.
Мен кеттім дүниеден Нұрлан үшін,
610 Хабарсыз қаларсыздар сөйлемесем.

Біреуің — қара көңіл әкем едің,
Біреуің — жарып шыққан шешем едің.
Ішің жарған балаңды малға сатып,
Арамын Ерболаттың қайтіп жедің?!

Мен кеттім, сіздер-ақ қал бұл дүниеде,
Болмаймын мен разы ол дүниеде.
Жетімді жас құлындай шырқыраттың,
Жауапты берерсіңдер сол дүниеде.

Ерболат, еңіреп өт дұшпаным-ай,
620 Нұрланды теріге сап қысқаның-ай.
Дүниеден ағып кеткен мен бір сынап,
Қолыңа тоқтамадым тосқаныңа-ай.

Зорлықпен тұзақ салып жас жаныма,
Болдың ғой шұбар жылан қас жаныма.
Сүйген жарым Нұрланмен бірге кетсем,
Мен күнәлі болмас ем қашқаным.
Міне, артынан Нұрланның бірге кеттім,
Өлді деп Нұрланғанды тастармын ба?
Махаббаттың қас жауы зорлық еттің,
630 Көнбедім балапандай басқаныңа.

- Нұрланған, шоғым едің қайнап тұрған,
Асыл ең жай тасындай жайнап тұрған.
Көргенде биебауды күнде өлемін,
Қуалап жас құлынды байлап тұрған.
Қайтемін өлмегенде күнде көрсем,
Арта сап ақ білекті ойнап тұрғам.
Ерболатқа жүрегім жылымайды,
Байлықпен дүниені алдап тұрған.
Әкеге де разылық білдірмеймін,
640 Арам жеп дүниені жалмап тұрған».
- Сол жерде қожат пышақ қолына алды,
«Нұрланған! Нұрланған!» деп айғай салды.
Дауысымен тау жаңғырып шуылдаса,
«Нұрланның дауысы ма?» деп ойлай қалды.
«Өлсе де маған әуез берді ғой» деп,
Пышақпен өз жүрегін жайғай салды.
- Ағарып ақша жүзден қаны кетті,
Үсіген бәйшешектей сәні кетті.
Тамырынан қиылған ақ қайыңдай,
650 Жығылды, денесінен жаны кетті.
- Әкесі қызын сатып, малын жепті,
Ерболат екі жастың қанын төкті.
Парақор падишаның зұлымымен,
Ғашықтар еңіресіп арманда өтті.
- Айгүлім, Нұрланғандар сөйтіп өлді,
Қиссамыз аяқтайтын шақ та келді.
Әке ме, Ерболат па, падиша ма,
Олардың қан қарызы кімде болды?
Азырақ ми жүгіртіп бұлар жайын,
660 Талқы етіп сынаса жұрт, болар жөнді.

Алтын балта

Үстінде ұзын жолдың шаң бораған,
Ақ қурай аппақ қардай сәлде ораған.
Ертеде бір қария келе жатты,
Таянып өтер жерде «Мың моладан».

Бір адам отыр еді кедеймін деп,
Құдай-ау, ертең таңда не жеймін деп.
Естіп сол қарияға жақын келді,
Аз көмек бейшараға берейін деп.

Жас жігіт жақын келсе мойнын бұрып,
10 Қария көзін алмай қалды тұрып.
Тарыдай тал бойында бір міні жоқ,
Таусылып отырған жан неге құрып?

Бұл сырға түсіне алмай қайран қалып,
— Ей, адам, неге отырсың мұнша налып?
Жол үсті бір үмітсіз зарлатты ма,
Еңбек қып тапқаныңды тонап алып?

— Ей, ата, ешкім мені тонаған жоқ,
Жаныма жан бұрылып жолаған жоқ.
Жаны ашып жақын келіп аз кідіріп,
20 Жайымды бір пенде де сұраған жоқ.

Зарлаймын кемтарлықтан, кедейліктен,
Кедейлік қалмай қойды менен тіптен.
Бағым жоқ, байлығым жоқ, азығым жоқ,
Бір жанмын несібесіз азап шеккен.

Бір пенде қайыр бермейд маған, — деді, —
Тартатын тамағыма тағам, — деді.
Есітіп рақымы түсер ме деп,
Зарымды бір Құдайға шағам, — деді.

30 Сонда қарт: — Қате айтасың, балам, — деді, —
Шын бақыт берген Тәңірім саған, — деді.
Өзіңнің тұла бойың тұрған байлық,
Азырақ бөліп берші маған, — деді.

Бұл сөзге жігіт қатты ашуланды,
— Қайдан көріп тұрсың, — деп, — бақ пен малды?
Сорлыны есіркемей мазақ қылған,
Нақ сендей көрмедім, — деп, — арсыз жанды.

40 Шал айтты: — Көзің сау ма көретұғын,
Алтынды қолың сау ма теретұғын?
Астыңда арғымағың — аяқ сау ма,
Ойға алған жерге барып келетұғын?
Мертіксіз мүшелерің бәрі сау ма,
Дегенге ынтымақ күш беретұғын.
Тіс бүтін, жұтатұғын тамақ сау ма?
Осылар — өмірлік дос сенетұғын.

— Бәрі сау, ауруым жоқ, ата, — деді,
Көп көрдім кедейліктен жапа, — деді.
Ертең ішер тамағым таусылған соң,
Көңілім шерге толы қапа, — деді.

50 Шал сонда: — Балам, сөзді тыңда, — деді,
Уайым кедеймін деп қылма, — деді.
Бағыңды басыңдағы өзің байлап,
Шырағым, текке отырсың мұнда, — деді.

Кім тамақ әкеп берер отырғанға,
Қайыр сұрау бетке ұят, арға таңба.
Талап қылған мұратқа жетер деген,
Байлық көп еңбек еткен тірі жанға.

Алдыңда көрерің көп жан екенсің,
Қолыңда өнерің бар бала екенсің.
Талап қып несібеңді теріп жемей,
60 Сондықтан сынық нанға зар екенсің.

— Өнерім, ата, менің қайда? — деді,
Бос сөзден шыға ма екен пайда, — деді.
Ондайым болса өзімнен аяймын ба,
Не бар ед мола бағып, сайда, — деді.

— Байлықты жасайтұғын епсекті қол,
Бақытты да жетектеп келетін сол.
Бәріне куә емес пе тал таяғың,
Бетінде таң-тамаша нақышы мол.

Таяғын кенет жігіт қолына алды,
70 Оймышқа бетіндегі көзін салды.
«Таяқта тұрған, сірә, не қайыр бар, —
Дегендей, — қызықтырып мына шалды».

Ол бірақ сөйтсе дағы ойлап қалды,
Үңіліп ой түбіне бойлап қалды.
Ойсыз ұл жолсыз қолды бір-ақ жыққан,
Өткен күн асау тайдай ойнақтады.

Айтарлық әке өлгенде мұра қалды,
Қапта азық, дөнге толы ұра қалды.
Үйде — жиһаз, миуа бақ қора артында,
80 Қалдырыпты өрісте қора малды.

Жас жігіт жұрттан ақыл сұрамады,
Байлыққа байлық қосып құрамады.
«Бүйте берсең бұл дәулет тартылар» деп,
Анасы бала бетін бұрамады.

Сәнқой жігіт желікпе мырза болды,
Келген-кеткен ішіп-жеп риза болды.
Себепті де себепсіз сауық құрып,
Арзан күлкі арсызға тура болды.

Түлкі мінез жігіттер түнде келді,
90 Күлкі арқалап қап-қап қып күнде келді.
Бала тілін алғанын қойғаннан соң,
Ана байқұс ауыз ашып үндемеді.

Бейнетсіз байлық сүймес, бекер еді,
Езіліп қол кіріндей кете берді.
Қалтасы тек жүргеннің тесік деген,
Жоқшылық жанамалап жете берді.

Ана өлді, қазан қаңсып қайнамады,
Май түгіл қатқан нан да шайнамады.
Иесіз үйін иемденді тышқан байқұс,
100 Мазақ қып, еншілес боп бай баланы.

Көп достар күнде келгіш жылы шырай,
Кетіпті кері айналып бермей рай.
Көрі төбет о да аштан өліп жатыр,
Анда-санда келетін халын сұрай.

Аш жатса «ас іш, жүр» деп айтпайды,
Жығылса қолдан демеп бір тартпайды.
Жаяу жүрсе «мінгес» деп бұрылмайды,
Жақсылығы біреуден де қайтпайды.

Еңбегі жоқ еріншек ерсі жігіт,
110 Демеген соң ескі дос «келші, жігіт».
Аш итке ұқсап ауылдан аулақтады,
Елден тимей есеге жалғыз шиіт.

Ұялғаннан елінен безіп кетті,
Қайыр тілеп қаңғырып кезіп кетті.
Елге емес, өкпелеп өзіне-өзі,
Ұялып енді оңбасын сезіп кетті.

Сандалып талай жолды шимайлады,
Сорайып дүниеге симай қалды.
Жексұрын боп жер-көкке жүрсе дағы,
120 Жан тәтті, өлімге өзін қимайды әлі.

Паналап келген жері «Мың мола» еді,
Қожа молда сілтеген сыр мола еді.
Қайыр келсе қайыршы қарыны тоқ,
Келмей қойса бір тақыр қу мола еді.

Отыр ед қайыр келмей не жеймін деп,
Қу тақыр қолымда жоқ кедеймін деп.
Жолаушы осы бір қарт бұрылған ед,
Аз көмек бейшараға берейін деп.

Шалменен сөзге келіп шөлкем-шалыс,
130 Шал арқылы өзімен болып таныс.
Өліп қалып осы сәт тірілгендей,
Еске түсіп есінеп жақын-алыс.

Шал сөзі шипа болып жанын тербеп,
Жігіттің тарта берді бойы сергек.
Ескі сор бойын басқан еріп түсіп,
Көрінді оған жаңа енді жер-көк.

Жігітте ұйықтап қалған ар оянды,
Адамдық, асыл мінез бәрі оянды.
Табиғат тәтті ұйқыдан оянғандай,
140 Айтқызып осы бір шақ таңда оянды.

Мұнан соң қария сөзін соза берді,
Жігітке айтқаны оның қона берді.
Әр сөзін әулиедей ұйып тыңдап,
Ынтасы, ықыласы қоза берді.

— Мен өзім темірші едім өнер баққан,
Балқытып отқа салып темір шапқан.
Болаттан неше алуан аспап жасап,
Ел-жұрттың керегімен көңілін тапқан.

Мен өзім балташы едім, зергер едім,
150 Жан қинап жамандыққа ермеп едім.
Ойды таза, бойымды тура ұстап,
Көңілімді мен жанға бермеп едім.

Мен өзім өнер іске мерген едім,
Батырға қылыш соғып берген едім.
Адамдықпен жұмыс қып Ақтан сұрап,
Жемісін тек еңбектің терген едім.

Берейін саған сыйға балта, — деді,
Бұл балта асыраған жалпақ елді.
Саған да серік болып кәдеге асар,
160 Темір деп азырқанба алты-ақ елі.

Бұл балта жәй балта емес, алтын балта,
Әрбір жан адал ниетпен қолына алса.
Болса да қай жұмыстың ығын тауып,
Келтірер икеміне шапса-жонса.

Бұл балта темір емес, алтын, — деді,
Біледі ұстаған жан нарқын, — деді.
Зердең болса, білесің ойға салып,
Өнердің жүзі әмән жарқын, — деді.

Балтасын беліндегі шешіп берді,
170 Жігітке таусылмайтын несіп берді.
Нан алып қоржынынан, бүйеннен май,
— Жартысын жеп алшы, — деп кесіп берді.

— Жарқыным, жайсыз жүрген жас екенсің,
Өзіңе өзің дос емес, қас екенсің.
Байлықтың бойындағы кілтін таппай,
Сондықтан кем екенсің, аш екенсің.

Мұны айтып жолға түсіп кетті жүріп,
Балтаны ап қала берді жігіт тұрып.
— Апырау, өңім бе, жә түсім бе? — деп,
180 Еңіреп бірде жылап, бірде күліп.

Кідіріп көп тұрмады ойға қалып,
«Көк темір көре өлтірмес» деген халық.
— Балтамен кәсіп істеп күн көрейін,
Ағашты бір орманға кіріп барып.

Ат десем аяғым бар жүретұғын,
Көзім бар қос шамшырақ көретұғын.
Денем сау, осы менің не қамым бар,
Қолым бар бәрін істеп беретұғын.

190 Бойымда отты жігер қайратым бар,
Қайрат барда мен неге шегемін зар.
Өнер істеп бағымды бір сынайын,
Мен қашанғы кеңімей боламын тар?!

Талапты жан мұратқа жетер деген,
Талапсыз тастай батып кетер деген.
Өзін қайық, талабын ескек қылып,
Талпынғандар теңізден өтер деген.

Ерінбей іздейінші мұратымды,
Мұрат деп әкем қойған бұл атымды.
Бұл өзі аталы сөз, мағынасы алыс,
200 Алдында әр сапардың тұратын-ды.

Жетемін жетем десем мұратыма,
Отырма ал Мұратым мін атыңа.
Сапарың оң, жолың жеңіл сәтті болса,
Желқом бітіп кетеді қанатыңа.

Деді де жылдам басып жүре берді,
Шал сөзінің шешімін біле берді.
Жол үсті жолаушыға мұңын шаққан,
Қайыршы бір соқырға кезі келді.

Азырақ осы жерде демін алды,
210 Құлақ сап соқыр сөзін тыңдап қалды.
Ол жылап айта берді көздің жасын,
Қат-қабат қараңғылық қайғы-зарды.

«Кедеймін көзім болса демес едім,
Қара нан қайыр тілеп жемес едім.
Көзі барлар арманым бар десе егер,
Мен оған өмірімде сенбес едім.

Адамның көзі екен ғой бақыт күні,
Көзі жоқтың басында азап түні.
Кең дүние тарылып көңілің сынып,
220 Көзсіз жіпсіз байланып тұрмын, міне».

Соқыр сөзін құлаққа құйып алып,
Қымбат жерін жанына түйіп алып.
«Жолым түзу екен» деп жүріп кетті,
Бұдан да бір өмірдің сыйын алып.

Ұзын жолмен ілгері бара берді,
Шал сөзінің сырына қана берді.
Адасып арға күйе жаққанына,
От болып іші күйіп жана берді.

Жол үсті тағы кез боп бір адамға,
230 Аты жоқ, аяғы жоқ зарлы адамға.
«Аяғым болса, жоқпын демес едім,
Кем қылып Құдай мені қарғаған ба?!

Аяғы бар адамда арман бар ма?
Бұл сөзімде, халайық, жалған бар ма.
Аяқ деген арғымақ ат емес пе,
Аяқ барда той-астан қалған бар ма?!»

Деп ол зарлап аяғын айта берді,
Жас алдырып көзіне жалпақ елді.
Шал сөзінің мәніне жігіт қанып,
240 «Жолым оң» деп ілгері тарта берді.

Осы шақ бір басына бақыт қонып,
Жігіттің келе жатты көңілі толып.
Арғымақ ат секілді екі аяғы,
Ұшатын екі қолы қанат болып.

Болжап ап, бағдарлап ап алды-артын,
Білгендей жаңа ғана өмір нарқын.
Дүниеге жаңа келген жас адамдай,
Жайдары жарқылдаған жүзі жарқын.

Дегендей «жолың болсын!» көктің күні,
250 Қарсы апты шуақ шашып қазір мұны.
Жадырап жақсы ниет жігіт жаны,
Қасірет кейін қалды қайғы-мұңы.

Жол үсті кездесті бір шолақ кісі,
Бір қол жоқ іске икемсіз олақ кісі.
Зарлап тұр алтын қолдан айрылдым деп,
Болар ем қолым болса мол-ақ кісі.

«Қолы бар жоқпын десе, нанбас едім,
Сөзіне құлағымды салмас едім.
Бұл бекер ақылсыздық, асылық деп,
260 Уәжін ілтипатқа алмас едім».

Деп еңіреп, парлатып көзден жасын,
Кетіпті қайғы ағартып қара шашын.
Батыпты белшесіне қасірет таңба,
Үстіне үйіп қойғандай қайғы тасын.

Есітіп шолақ зарын жігіт танып,
Мәніне шал сөзінің әбден қанып.
«Жолым оң» деп ілгері жүре берді,
Көрінгеннен шарапат қуат алып.

Киелі беліндегі балтасымен,
270 Алғандай алтын қазып қалтасымен.
Қысылмай ел бетіне тура қарап,
Келеді адам болып арқасы кең.

Алған соң жақсылыққа жаны қызып,
Көзіне көрінді оның дүние қызық.
Көлбеңдеп көлден ұшқан көбелектер,
Жүргендей оған арнап сыйлық іздеп.

Даланың басын изеп құландары,
Шегінді жолын кеспей жыландары.
Жігіттің қиялына қанат беріп,
280 Ұшады шыңға қарай қырандары.

Көп күндер кідірместен заулай берді,
Қорек қып дала аңын аулай берді.
Ертегі желаяқтай жүгіргенде,
Алдына жол қысқарып аунай берді.

Кім білсін көп жүрді ме, аз жүрді ме?
Жалықпай мейірлене жаз күлді ме.
Жеңілтіп жол азабын жақсы ниет,
Ұшырып қанат болып ап жүрді ме?

Алыстан көрінді бір қалың орман,
290 Бейне бір дәу жасаған биік қорған.
Сағымданып тұрғандай көкті тіреп,
Секілді бір керемет сырға толған.

Ұзын жол өтетін сол орманды орап,
Ақ шаңы сапырылып қардай борап.
Күн бата көк орманға келіп жетті,
Бір жігіт құс мінезді кешкі қонақ.

Бір құшақ жинастырып отын алып,
Белінен балтасын ап кесіп жарып.
От жағып қу бұтақпен жарық қылып,
300 Ұстады бірқанша құс тұзақ салып.

Шыбыққа шаншып түйреп, отқа қақтап,
Пісірді жаубүйрек қып әбден баптап.
Тойып ап жұмсақ шөптен төсек салып,
Шаршаған, шөпке оранып қалды ұйықтап.

Жылтырап шыға бере орман күні,
Оятты таңға жақын бұлбұл үні.
Жігітті жұпарменен жуындырды,
Меймандос тәжім етіп орман гүлі.

Қыздардай гүл бәйшешек сыбырласып,
310 Бұтақтар, жапырақтар тұр мұңдасып.
Орманға бір жас қонақ келді десіп,
Жібек жел жүгіріп жүр хабар шашып.

Ну ағаш анық болжап айналаны,
Бұл сырға түсінгендей жігіт жаны.
Күн келіп көк шымылдық көтерілді,
Атарда алқызыл боп құдірет таңы.

Ендігі әрі жүрме деп маған жуық,
Шайтанды жалқаулықты мүлдем қуып.
Таза таңға тәжім қып басын иді,
320 Адал кәсіп істеуге белді буып.

Сынаптай саф бұлақтан бетін жуып,
Бетін жуып, ой менен ниетін жуып.
Арам ойдан арылды ар таңбасы,
Орманның ұлы болып қайта туып.

Қыс-жазы осы орманды жайлады ол,
Қыс қамын жазды күні сайлады ол.
Әр түрлі ағаш кесіп керегіне,
Кептіріп құрғақ жерге жайлады ол.

Орнатып жолға жақын жұлым үйін,
330 Жасап ап жұмыс бабын, жайы-күйін.
Жасады құрық, сырық, тоқпақ, қазық,
Жол жүрген жолаушыға тартып сыйын.

Үйреніп қолы іске қолайланып,
Әр затқа ағаш алып орайланып.
Істеді күрек, қасық, қақпақ, шүмек,
Қарайтын көрген адам он айналып.

Ап жатты жолаушылар керектерін,
Айтпай-ақ беріп жатты беректерін.
Алыстан іздеп келді әдейі арнап,
340 Естіген шаруасы бар деректерін.

Сыйланып еңбегімен, өнерімен,
Бейнетқор болып алды шын өнермен.
Өнерін өрбітуге қала барды,
Танысып-білісуге шеберменен.

Жасатты ұсталарға жоңғы, қашау,
Бұранда, бұрғы, сүргі түрлі жасау.
Қол ара, әйнек кескіш, темір тескіш,
Көрік, төс, балға, қысқыш, темір сашау.

Соқтырды аянбастан әр түрлі аспап,
350 Олар да соғып берді ісін тастап.
Ісіне шеберлердің риза болып,
Аямай ақысын да берді баптап.

Көп жүріп қала аралап шаңға батып,
Аяғы ауырса да жаңқа батып.
Болсын деп өнеріме өрнек кесте,
Шелектеп алды тағы сырлар сатып.

Игі іске алтын балта сүйеу еді,
Шал берген сый жай емес, киелі еді.
Аспабы сай болған соң затыменен,
360 Жасауды не құдірет біледі енді.

Қайтып кеп қайырлы жер орманына,
Ағаштан үй орнатып жол маңына.
Жолаушы жолдан өткен аялдады,
Ұстаның көзін салып қолғанына.

Өнерлі ұста жігіт, қолы сара,
Болсын деп жұмысқа жай, үйге пана.
Қоралап айналасын шарбақпенен,
Тұрғызды тағы шағын ұстахана.

Өнерлі ұста жігіт қолы сара,
370 Жігітке жігер бітер көзін салса.
Икемге қандай істер келе берер,
Балтаны жеңін түріп қолына алса.

Еңбекті істеген соң ыстық сүйіп,
Жалындап жанын салып, ысып-күйіп.
Жерде жатқан жаңқаға жан бітірді,
Түрлентіп түйін түйіп, жонып, иіп.

Қайыңның қайнап біткен безін алып,
Қаттысын, жарылмасын сезіп алып.
Жасады қымыз құйғыш қызға құтты,
380 Қалғандай қарағанның көзін алып.

Жүкаяқ, кебеже мен төсек ағаш,
Жасады нақ қайыңнан кесек ағаш.
Бетіне бедер салып, ою ойып,
Сырлады алтын сырмен ақ аралас.

Әйелдер жүрмесін деп мені қарғап,
Асадал, адалбақан шапты арнап.
Сан етті шанша салар асықса деп,
Басына іліп қойды шәңгек қармақ.

Керек деп үй болған соң күбі піспек,
390 Оны да күмбірлетіп қойды істеп.
Оқтау-тақтай, ожаусыз үй болмас деп,
Шетінен түгендеді түрлеп-түстеп.

Суға науа, тұзға астау және керек,
Жазда арба, қыста жеңіл шана керек.
Тіс ағаш, мойынтұрық жатақ елге,
Үй ағаш көшпелі елге пана керек.

Біреуге арба, біреуге күйме керек,
Біреуге сырлап соққан үй де керек.
Көзін тауып келтіріп жүйесіне,
400 Өнерімен сүйінтті елді ерек.

Еңбекті істеген соң ыстық сүйіп,
Риза болған әкетті үйін тігіп.
Еңбектің алтын балта атасындай,
Бәрі оған бағынады басын иіп.

Төгіліп он саусақтан өнер тамып,
Қолы ұста, көңіл шебер болып алып.
Ағаштан ырыс-дәулет өре берді,
Істесе әр түрлі зат қолына алып.

Еңбек қып молшылыққа батып қалды,
410 Керегін қала барып сатып алды.
Бай емес, бір шаруаның шебер қызын,
Ұйытып өнерімен ертіп алды.

Жарымен аз күн тұрып ойнап-күліп,
Аз күнде көпке арзитын өмір сүріп.
Жақсының жақсылығын ұмытпан деп,
Қарады өткен күнге мойын бұрып.

Арада өткен екен жыл мен айлар,
Мезгілді желдей жүйрік кімдер байлар.
Жолыққан жол үстінде мүгедектер,
420 Есіне түсе берді сонау жайлар.

Келгендей зарлы даусы құлағына,
Бейбақтар мұңын шағып жылады ма?
Жол үсті өткен-кеткен жолаушыдан,
Қол созып жәрдем қайыр сұрады ма?

Езіліп ет жүрегі талып кетті,
Алысқа ұшқыр қиял алып кетті.
«Мың мола» қайыршысын сол бір шақта,
Жалт етіп көңіл жүзі шалып кетті.

Моладан қашық емес базары бар,
430 Онда да бір әулие мазары бар.
Сондықтан кісі аяғы бастықпайды,
Ағылған алған-сатқан таразылар.

Күз еді күн суытып күзем алған,
Гүлдерін қазан ұрып қырау шалған.
Ағаштар жапырақсыз жадау тартып,
Жалаңаш дір қаққандай күзгі орман.

Мұнан соң қыс келер деп күзден тайқып,
Тізіліп жылы жаққа құстар қайтып.
Барады көктің бетін у-шу қылып,
440 Бір нәзік мұңлы, сырлы сырнай тартып.

Бірде жел, бірде жаңбыр сүмелек күн,
Күндері не болар деп мүгедектің.
Арбаға ас-азығын тиеп алып,
Ат жегіп жүріп кетті асығыс тым.

Белгілі «Мың молаға» алып бетті,
Жанына түйіп алып жақсы ниетті.
Күшімен құдіреттің құстай ұшып,
Көп заман көрген жерге барып жетті.

Төтелеп жол қысқартып жолды орап,
450 Отырған келді орнына қайыр сұрап.
Жерініп жаны шошып қарап қапты,
Намыссыз болды екем деп неге қор-ақ.

Жол үсті бұрынғыдай опыр-топыр,
Баяғы орынында ақсақ-соқыр.
Сол жерден қайыр тілеп қолын созып,
Мұңайып үш жетімек бала отыр.

Бұларды тұрмыс қосқан түйістіріп,
Әр елден әрқайсысын жиыстырып.
Өшпеген ойын оты бала көңіл,
460 Жақын қып бір-біріне сиыстырып.

Соқыр қыз, ал екеуі сәби бала,
Өмірге жаңа келген мейман ғана.
Өмір жасын өксітіп зарлатыпты,
Әділсіз әкім тағдыр жүзіқара.

Екеуі қызды аяды қасына ерген,
Тапқанын жиып-теріп қызға берген.
Жанының жапырағымен жебейді олар,
Қыз көңілін қорғап барып қайғы-шерден.

Құрметтеп қызғалдақтай қызды сүйіп,
470 Қымбатын, қызғанышын қызға қиып.
Тұр олар жел жағына ықтасын боп,
Жанының жылылығын қыза құйып.

Кез келген жерге екеуі жата кетед,
Төсегі бос топырақ мамыққа есеп.
Жас қыза жылылыққа екі бала,
Бергендей жамылғы қып жанын төсеп.

Қаз-қатар қолдың саусақ саласындай,
Үшеуі бір торғайдың баласындай.
Ұядан ерте айырған бейбақтардың,
480 Халайық аялайтын анасындай.

Жүргендер тыңдап қапты бала зарын,
Жұтқандай бала үнінен жан азабын.
Осындай жетімі мен жесірі көп,
Ұқтырған бала зары дала зарын.

Жырласа жас соқыр қыз жырға машық,
Сырқырар сай сүйегің жаның ашып.
Азыңды жаныңменен бәрін алар,
Онан соң кете алмайсың тұра қашып.

Жаныңды батырады ауыр мұңға,
490 Қарағың келмей қалар дүние сұмға.
Үш бала өмір шіркін өгейсіткен,
Сияқты айдап келген жоқтық мұнда.

Алды-артын қоршаған көп тарқамайды,
Әрбір көз, әрбір жүрек алқалайды.
Төгілген жұрт жанынан жақсылықты,
Соқыр қыз, өттең, көріп байқамайды.

Қат-қабат айта берер көздің зарын,
Бір қыспақ көзі жоққа дүние тарын.
Секілді көп көбелек шыр айналған,
500 Алдыңа жайып салар жауқаз жанын.

Ол сонан сөйлей берер тоқтамастан,
Адамдай дүние есігін жаңа ашқан.
Соқыр қыздан сорғалап жас шығады,
Қасірет бұлақ сияқты аққан тастан.

Аспанда алтын табақ күн бар дейді,
Әдемі алқаракөк түн бар дейді.
Оранған торғын жібек ақ бұлтқа,
Кербез тау, керемет биік шың бар дейді.

510 Кіршіксіз күміс өзен су бар дейді,
Көк орман, қарағай, қайың ну бар дейді.
Кілемдей жер жүзіне көрік берген,
Жұпарлы қызыл-жасыл гүл бар дейді.

Жұғымды торғын топырақ жер бар дейді,
Жаны кең мейірі мол ел бар дейді.
Ананың аясында ойнап жүрген,
Армансыз қайғысы жоқ ұл бар дейді.

520 Дариға-ай, болатұғын болса көзім,
Көзіммен осыларды көрсем өзім.
Жалғанның жақсылығын жырға бөлеп,
Тартар ем адамзатқа сый ғып өзім.

Тәңірім бір мезетке көзімді ашса,
Жандырып жанарымды нұрын жақса.
Қасиетті адам жүзін бір көрсетіп,
Ризамын содан кейін қайта жапса.

Деп сол қыз мүдірді ол мұңын шағып,
Мөлтілдеп екі көзден жасы тамып.
Жас қызды жанымменен жылытсам деп,
Басына бір жақсылық отын жағып.

530 Секіріп түсті жігіт арбасынан,
Пісулі тамақ алып дорбасынан.
Үшеуін отырғызып арба үстіне,
Жегізді май, нан шылап жармасынан.

Ішкізіп шалап құйып торсығынан,
Қолымен жылы демеп қолтығынан.
Түнімен ту сыртынан қорашалап,
Қорғады суық желдің толқынынан.

Өзі де орын алып қастарынан,
Аялап сипап жатыр бастарынан.
Есіркеп елжіреп бір жаны толқып,
540 Киелі сәбилердің жастарынан.

Сіңген соң тамақтары бойларына,
Орын ап бір жылылық бойларына.
Балалық бір жас барын ұмыттырып,
Күлісіп бір-бірімен ойнады да.

Панасыз айдалада түнергенін,
Ұмытып аш-жалаңаш жүдегенін.
Арба ішін үйшік қылып ойнап отыр,
Сезініп бір жақсылық ыстық лебін.

Жылытып үшеуін де жанына орап,
550 Бөрінің біліп алды атын сұрап.
Қыз аты жарық жұлдыз Шолпан екен,
Ақ бала Асан, қарасы өткір Орақ екен.

Айтты ол әкетем деп ормапыма,
Өз үйі ормандағы қорғанына.
Ғажайып қалың орман қарағайлы,
Лық толған неше алуан құс пен аңға.

Бір ауық берілген соң ойынына,
Жігіттің бәрі асылды мойынына.
Барамыз үшеуіміз де бала болып,
560 Ғажайып қызық орман қойынына.

Құс болып сайрандаймыз құстарменен,
Қашанда қанаттарға құштар денем.
Құс жанды көк орманның Шолпаны боп,
Құстарды қолдарыммен ұстай берем.

Қонады құстар сайрап иығыма,
Көзімнің көзін салып қиығына.
Бұлбұл боп мен де бірге сайрай берем,
Кім тояр құсты орманның қызығына.

Беріліп қыз қиялға қыза берді,
570 Көңілімен көрді орманды, ұзақ елді.
Ұл-қызын олжалы ұста мінгізіп ап,
Бұл күнде орманына сыза берді.

Ұзақ жол оңы болса қысқа болар,
Өнерлі ел ұшатұғын құс та болар.
Арада аз жүрді ме, көп жүрді ме,
Әйтеуір орманына жетті олар.

Достарын жұбайымен таныстырып,
Жай-күйін айтып бәрін қаныстырып.
Адамға лайықты бір міндетті,
580 Мойынға алайық деп намыс қылып.

Ойласқан жайлар еді бәрі бұрын,
Ұғысып бір-бірімен ішкі сырын.
Орманға жаңа келген жас қонақтар,
Үш сағыр бұл жолдағы алғашқы ырым.

Үшеуін екі жұбай киіндіріп,
Аялап киіндіріп, сүйіндіріп.
Үшеуі кең аулада еркін жүрді,
Тебісіп құлын-тайдай ойнап-күліп.

Әр үйге қандай қызық бала-шаға,
590 Үй іші толып кетті тамашаға.
Естіген бала даусы екі арасын,
Сүйінтіп қуантады оңашада.

Епті екен еңбекке де екі бала,
Істеген ісі жақсы, емес шала.
Оларды аға істеген адал еңбек,
Өзіне тарта берді ұстахана.

Балаға балажанды Мұрат аға,
Келсе олар қолын қақпай тұра сала.
Баулыды жаны сүйген істеріне,
600 Әрқашан бір пәс көңілін бұра сала.

Түспеді қолдарынан балта, ара,
Кесіп ап саусақтарын салды жара.
Істеді олар қар күрер күрек, қалақ,
Өздері сырғанайтын ойын шана.

Ойынға тояр ма еді бала шіркін,
Қосылып ойнап алар дүркін-дүркін.
Шанаға мініп алып сырғанайды,
Қана қып қызығы мен ойын-күлкін.

610 Өсірді қыз-ұлындай өгейсітпей,
Шегендей шетке қағып түртіп-түтпей.
Өсті олар бала болып беті қайтпай,
Әлпештеп екі жұбай ренжітпей.

Жандарды жаз мінезді жаны игі,
Олар да жан ерітіп оттай сүйді.
Еркелеп ертелі-кеш үйіріліп,
Аймалап алдарына басын иді.

Сәбилер шаруаға да қолы икемді,
Жақсы іске жанап тұрар жолы икемді.
Өнердің дариясында еркін жүзіп,
620 Жаңқаға жан бітірді, түйін түйді.

Атанды екі ұлан бала ұста,
Жарады жәрдемші боп қолқабысқа.
Өнерге кішкентайдан көзі үйреніп,
Ұзарды балтасы оның, қолы қысқа.

Шолпан да көңілі сара, өзі жарқын,
Өнерлі бір қыз болар қолы алтын.
Ғажайып кілем тоқып, киім тікті,
Ойымен өлшеп пішіп дүние нарқын.

Келгенде жұмыстары реттеліп,
630 Адамдық бір міндетті жүрек сезіп.
Отырып жұбайымен ақылдасты,
Жүрмеуге шамам жоқ деп, енді төзіп.

Мен оны арнайы іздеп барайын да,
Болса егер жер бетінде табайын да.
Шал болып Алтын балта азып жатса,
Қолыма ап құрмет тұтып бағайын да.

Жақсылық жақсылыққа қайтармасам,
Әл қалай, атажан деп айта алмасам.
Мен дағы шөп жеп жүрген малменен тең,
640 Жер бетін жігіт болып бекер бассам.

Деп бір күн дайындалып кетті жүріп,
Құр бекер жүрмеймін деп өмір сүріп.
Артында қатын-бала қала берді,
Мұратын шығарып сап ойнап-күліп.

Арбаға жеккен аты тарлан еді,
Тарланмен талай жолға барған еді.
Жаны ашып жақсылық қып жолға салған,
Сол шалды бір көруі арман еді.

Шығып ап тоғыз жолдың торабында,
650 Тоқталып жолыққаннан сұрады да.
Біліп шалдың дерегін сәтін салып,
Жақсы ниет жігіт жолы болады да.

Ат-жөнін біліп алып — Алтын балта,
Арада алты ай жүріп іздеп барса,
Жасқа кеп тоқсан тоғыз дүние салған,
Секілді қайырлы шал кәрі арша.

Той қылып асын беріп қойған екен,
Ардақтап «Ақмолаға» қойған екен.
Шарбақты шағын ғана сахна сап,
660 Ай-жұлдыз төбесіне ойған екен.

Ақылбай шалдың аты — «Алтын балта»,
Алтынын жұртқа берген қалта-қалта.
Алтынын ақылымен үлестірген,
Жәрдем қып жұртта біреу шаршап қалса.

Қақпалап жолға салған адасқанды,
Адамға жаны ұнатқан жарасқанды.
Жадырап көңілі оның жақын көрген,
Тілдемей тірлігімен қарасқанды.

Аямай үлестіріп барын жұртқа,
670 Қараған күні болған жалғыз құртқа.
Аялап адал сөзбен тасты да ерітіп,
Шипагер атаныпты барлық жұртқа.

Мұрат та моласына іздеп барып,
Тәжім қып басын иіп көзін салып.
Өзіне өмір берген ұстазының,
Ел-жұрттан жай-жапсарын білді қанып.

Қарызын Алтынбалта төлейін деп,
Мен дағы жақсылыққа бөлейін деп.
Басына мәңгі өшпейтін күмбез салып,
680 Белгі қып болашаққа берейін деп.

Тапжылмай сол арада айлап тұрып,
Ел-елден ұста жиып дүкен құрып.
Өзі кеп көмектесті шебер ұста,
Әдейі арнап іздеп келіп ем деп.

Баяғы үш мүгедек жолда көрген,
Олар да өздігінен іздеп келген.
Қосылды бұлар да кеп көп дүрмекке,
Өнерпаз болған екен қолы мерген.

Көп екен Ақылбайға ықыласты,
690 Ас беріп, алтын-күміс шашу шашты.
Біреулер түйе сойып, бие сойып,
Күндіз-түн табақ тартып, қазан асты.

Іс бітті, көп жиылып аяқталды,
Барлық ел біткен іске қарап қалды.
Сымбаттап сар балшықпен сыртын сылап,
Борменен сүт қосылған тағы ақтады.

Игі істің Мұрат болып кемеңгері,
Ел-елдің көмектесті өнерлі ері.
Айнала әсем дуал айшық жасап,
700 Бекемдеп Мұрат өзі шегендеді.

Сырлатты Самарқаннан сыр алдырып,
Жалатты сырға күннен нұр алдырып.
Тілдесті аспанменен көк күмбезі,
Ай жүзіп, аясында, жусап тұрып.

Орнатты маңдайшаға алтын балта,
Әрбір жан еңбекті ойлар көзін салса.
Өнердің өткір жүйрік құралы деп,
Молығар тарыққандар қолына алса.

Жолаушы үй салдырды паналайтын,
Торғайлар шынар екті балалайтын.
Жанына бұлақ суын бұрып қойды,
Шөлдеген суын ішіп саялайтын.

Ғасырлар бұлақ суы аға берер,
Бұлақ деп жақсылыққа баға берер.
Ақылбай — Алтын балта аңыз болып,
716 Өлместен ел көңілінде қала берер.

Ғалым қыз Буадат

Бір істі бұрынғыдан есте қалған,
Өлең қып шығарсам деп талаптанғам.
Жамағат, сөз қозғалық біраз ғана,
Ғалым қыз бағдатлық — Буадаттан.

Сол кезде жұрт ұйыған дана қызға,
Әлі де қозғау салар санамызға.
Оқиға өткен екен ұлан-ғайыр,
Халифа Арон Рашид заманында.

Бағдатта болған екен бір саудагер,
10 Ары таза, ақылды шашқан өнер.
Болыпты заманының мақтанышы,
Әділетке қай-қашанда көңіл бөлер.

Байлықта көңілінің аласы жоқ,
Арманы орнын басар баласы жоқ.
«Ұлы жоқтың — үні жоқ» деп жылайтын,
Көзімнің ағы менен қарасы жоқ.

Кешігіп бір ұл көрді, көп қуанды,
Жеті күн той-думанға ел жиналды.
Ат қойды Әбілхасан деп ұлына,
20 Көтерді қуанышпен дыр-думанды.

Баласын өсірді паң тәрбиелеп,
Оқытты бар ғылымды жариялап.
Әскери өнерге де кемелдентіп,
Үйретті сан ғылымды беріп сабақ.

Ән-күйге бала жастан жақын болды,
Әрі тапқыр, талапты ақын болды.
Әдепті де, ибалы, байсалды боп,
Алдымен өнерліге жақын болды.

Саудагер қартайған шақ жасы жетіп,
30 Балаға ақыл айтты кеңес етіп:
— Мәңгі жасар адам жоқ бұл жаһанда,
Мен дағы кетем бір күн дәурен өтіп.

Дүние — жиған мүлкім жетер саған,
Ол жағынан, ей, балам, болма алаң.
Азырақ өсиетім бар айтайын,
Орында бұлжытпастан жетсе шамаң.

Әрқашан сыпайы бол, абыройлы,
Таза бол, адал, шыншыл, ақыл-ойлы.
Абырой аялдайтын қонысы — ұят,
40 Жояды әулекілік абыройды.

Ұзамай қартты жаман науқас шалды,
Науқасы жедел меңдеп, жатып қалды.
Дертіне шипа болмай, уақыт жетіп,
Ақыры демі бітіп, дүние салды.

Сонымен Әбілхасан қайғы тұтты,
Нәзір-шырақ барлығы өтіп бітті.
Көңілі жабырқаңқы азаматқа
Құралып замандастар кеңес етті.

— Уа, мырза Әбілхасан, сергі, — дейді,
50 Мезгілің сергитұғын келді, — дейді.
Үнемі үйде отыру — әйел ісі,
Көңіл аш, тамашала енді, — дейді.

Бұл сөзді Әбілхасан құп алады,
Моншаға түсіп, етке су алады.
Қайғының тонын шешіп, алға шығып,
Тобында тамашаның тұра қалды.

Сонымен қызық түбін қуа берді,
Сауықтан-сауық бітпей туа берді.
Күндіз-түн қыз-келіншек қастарында,
60 Көлдей шарап, тау табақ тұра берді.

Дос кейіп, барған сайын жау сынады,
Байбатша сан сұлуды қаусырады.
Көл дағы құриды ғой аға берсе,
Ақыры ата дәулет таусылады.

Әбілхасан аңғарды істің жайын,
Қазына сарқылды енді барған сайын.
Соңында құр алақан кедей болды,
Ас қайда оған енді тұрған дайын?

Достары зытып берді мұны көріп,
70 Қарады Әбілхасан көңіл бөліп.
Қалғаны бір кәнизак, басқа түк жоқ,
Ертерек ойламады мұны нағып.

Құлақ сал бұл кеңеске, көп жамағат,
Айтамын кейінгі істі қылсаң тағат.
Қолында Әбілхасан жалғыз қалған,
Аты еді кәнизактың ол Буадат.

Байлықтан кедейленген, ойласаңыз,
Қанаты қырқылған құс болар нағыз.
Ол бұрын қанатына сеніп жүрген,
80 Мінеки, бола қалды еш амалсыз.

Кедейліктен байыған болса бір кез,
Бейне құрт қанаттанған ұшады тез.
Қырқылса да қанаты қорқу білмес,
Ескі досы — еңбегі бар, оған егіз.

Өнерсіз құр байлықты еске алсаңыз,
Қайнарсыз сасыған су болар нағыз.
Байлық кетіп — басынан су сарқылып,
Ақыры Әбілхасан қалды амалсыз.

90 Құрт мүжіп тауысыпты бау мен бақты,
Маңында тек Буадат жалғыз қапты.
Әбілхасан амалсыз отырғанда,
Кәнизак тоқтау айтып, ақыл тапты.

— Саспа, мырза, өкініш — бекер, — дейді,
Сары уайым түбіңе жетер, — дейді.
Онанша тіршіліктің қамын ойла,
Болмаса өмірің қор боп өтер, — дейді.

Халифаға мені алып барсаң, — дейді,
Саудаға зор бағамен салсаң, — дейді.
Арон Рашид қорғаны қызға тоймас,
100 Не де болса бақ сынап қалсаң, — дейді.

«Бағасы мың ділдә», — деп оған қара,
Бәлкім ол қарар саған аң-таң қала.
«Әсілі он мың ділдә, — деңіз тағы, —
Сіз болған соң көп арзан айттым баға».

Деп бір сөз қайырғайсыз алдыменен,
Онан соңғы амалын өзім көрем.
Халифа тіл қатса егер маған қарап,
Тыныш тұр, оған жауап өзім берем.

Көл еді кеше ғана, бүгін — тақыр,
110 Бай еді кеше ғана, бүгін — пақыр.
Сонымен қыз сатуға Әбілхасан
Халифа ордасына келе жатыр.

Ерекше нұрлы еді қыз келбеті,
Бар сұлулық бойына бірдей кепті.
Айтуға тіл жетпейді оған бірақ,
Сол заман ақындары былай депті:

«Көрдім де періште ме, хор ма? — дедім,
Жанымда жәннат хоры тұр ма? — дедім.
Жандыны жалпы әлемде көре тұрып,
120 Сұлуды бұл сияқты білмеп едім!»

Ордаға бұлар келді соныменен,
Көрмекші сый-құрметті жөніменен.
Келді де халифаға баяндады,
Ақша алмақ адам сатып, қолыменен.

Халифа таң қалды қыз сымбатына,
Ұғыспақ болды жайын тым асыға.
Сұрады қыздан әуел бастап сөзін,
Аялдамай сатылу бағасына.

Халифа қызға: — Атың кім? — деген-ді,
130 Кәнизак: — Буадат, — деп жауап берді.
Халифа қыздан тағы сынамаққа:
— Білесіз қандай түрлі ғылым? — деді.

Қыз айтты: — Тақсыр, ғылым қиын емес,
Оқыса ойға тоқып, құрып кеңес.
Сіздің тұста тұрақты бар ғылымнан
Оқыған хабарым бар, еш кенде емес.

Әуелі жалпы ғылым үйренгенмін,
Оқып, жазып, толықтап игергенмін.
Тарих, әдебиет, астроном,
140 Табиғат, жер-су атын түгендедім.

Ән мен күй — музыкаға болдым толық,
Шахмат, дойбы жүрмеймін екі қонып.
Басыма кәнизак аты тағылған соң,
Сатылдым, амалым не, бұйым болып.

Бұл қыздың қайран қалды данасына,
Әйелдің сондай ғалым баласына.
«Жиыл» деп бар ғалымға жарлық етті,
Әйгілі Бағдат, Мысыр қаласына.

Бақсы-балгер менен тәуіп, молда,
150 Болжағыш алдағыны сәуегей де,
Жиналды талай ділмар, білгіш, ғалым,
Бас қосты түгел бәрі осы жолда.

Ордаға айрықша зиннат беріп,
Түрледі қабырғаға кілем керіп.
Қызды алтын орындыққа отырғызып,
Халифа айтты қауымға көз жіберіп:

— Отырған, міне, қазір алдарыңда,
Көп оқыпты өзгеден озып дара.
Ғылымның барлығынан хабары бар,
160 Бір-бірлеп отырғандар сауал сұра!

Ғылымнан әрқайсысың сауал сұра,
Бұл ғалым жауап берер оған тура.
Тәлім ал, отырғандар, тегіс тыңдап,
Тартынба ешқайсысың оған бола.

Буадат сұрасуды мақұлдады,
«Алла!» деп ғұлама оған жақындады.
Кәнизак қандай жауап береді деп,
Асығыс құлақ түріп тақымдады.

Буадат оған ешбір бөгелмеді,
170 — Болсын-ақ ойыңызға не келгені.
Қандай сұрақ болса да жауап берем,
Қанеки, сұрау күттім, сұра, — деді.

Буадат сұрау күтіп тұра қалды,
Өзіне-өзі сенген тым ажарлы.
Ғұлама сонда тұрып, сәл ойланып,
Әуелі мынау болды сұрағаны:

— Сіз Құранды оқисыз көп мақаммен,
Шынында солай шығар, сенейін мен.
Сүре аяттың мәніне көңіл бөліп,
180 Пәтуа бересіз бе мағынамен?

Буадат: — Әрине, оны білем, — дейді,
Мағынасын көңілге түйем, — дейді.
Қанеки, қай жерінен сұрасаңыз,
Берейін оған жауап түгел, — дейді.

— Білу керек Құдайды қалай танып,
Пәтуасын айтып бер ойыңа алып.
Білгеніңді ол жайлы етші баян,
Келейін нақ сауалға қайта айналып.

190 Буадат оған ешбір қысылмады,
Берді жауап таңданып мұсылманды.
«Қул һуа Аллаһу» деген аят Құранда бар,
Сегіз сипат ол аят ұсынған-ды.

Әуелі Хақ Тағала жалғыз ғана,
Тұрар жайы белгісіз болар жана.
Тудырмайды, тумайды ешкімнен де,
Ұқсамас дүниенің бар затына.

Пәлен жерде тұрар деп айту қиын,
Оған жетер пендеде болмас зейін.
«Суратыл ахат» сегіз сипаты деп,
200 Ұғын да бір Құдайға анық сиын.

Жауапқа отырған жұрт таң қалысты,
Әр түрлі діни сұрақ тағы түсті.
Намаз, руза, зекет, қажы, сүннет,
Маңызын жеңіл айтып қыз да шықты.

Жеке терейін сөздерді тағы сұрап,
Жауапқа разы болды ол тоқырап.
Ғұлама сұрау сұрап болған кезде,
Жұрт назарын қыз былай қойды бұрап.

— Шартым бар, жеңсем алам киіміңді,
210 Басқа керек қылмаймын тиыныңды.
Қапы қалмай сұрай бер барлығың да,
Сендерше табылмайтын қиыныңды.

— Исламның шаруығы не? — деп еді,
Ғұлама үндей алмай қала берді.
— Егерде шын түсінбей отырсаңыз,
Мен оны өзім айтып берем, — деді.

Халифа қыз жауабын отыр күтіп,
Ғұлама басы еңкейіп, қалды бітіп.
Шаруықты жиырма төрт салаласа,
220 Ғұлама отыр кете алмай, сірә, зытып.

Халифа мүлт жібермес мұндай жерді,
Сырт киімін ғұлама шешіп берді.
Ішінен ғалымдардың тағы бірі,
Сұрауға қыздан жауап түрегелді.

Ол айтты: — Білесіз бе «сахат» жайын,
Қыз айтты: — Мейлің, сұра, жауап дайын.
Ғалымның сұрағаны мынау болды,
Көңілінде Буадаттың жоқ уайым.

— Өз қуаты, жынысы, өлетіні,
230 Мінеки, бұл әркімнің білетіні.
Бұл үш істің саулыққа қатысы не?
Осы ғой толық жауап беретіні.

Қыз бұған түрегеліп жауап берді,
Жауапқа отырғандар көңіл бөлді.
— Қуатын әрбір адам тура білу,
Пайдалы денсаулыққа бір іс, — деді.

Ер-әйел әл-қуаты бірдей емес,
Жөн емес бірдей жүктеу етіп егес.
Зиянды денсаулыққа, олай болса,
240 Ешкім де ондай істі дұрыс демес.

Әрқашан өлетінін білген кісі,
Сақтану аурудан міндетті ісі.
Ажалды жақындатар дертті ойламай,
Жауаптың толық болды үш түрлісі.

Жалғады әлгі ғалым тағы сұрақ,
Ғалым қыз жауап берер бөгелмей-ақ.
— Ас ішудің парыз, я сүннеттігін,
Ашалап айтып берші, — деді, — шырақ.

— Көп кітап бұл туралы көрдім, — дейді,
250 Бар адам тірлік үшін тамақ жейді.
Парыз мәні — табиғи керек дейміз,
Сондықтан тамақ ішу — парыз, — дейді.

Табиғатың тартпаса «мәкүрік» деп,
Айтамыз парыз емес, қой жеме деп.
Жалғады қайта сұрақ әлгі адам:
— Калип, ағтиқат дегеннің мәні не? — деп.

— Әуелі мәнін айтсам, «калип» деген,
Ұстайтұғын адамның әдеті екен.
Сөзсіз ұстау керек деп айтады ғой,
260 Одан шығып әрқашан кетпеген жөн.

Ал ағтиқат — сақтану, сенім-иман,
Ешбір адам шыға алмас тағы мұнан.
Бар адам қашу керек сондықтан да,
Сенімді кетіретін қылықтардан.

Тағы да сұрау берді әлгі ақсақал,
— Халықтың қасиетін көңіліңе ал.
«Үш нәрсе үш нәрсені жояр» дейді,
Айтыңыз, соның қандай мәнісі бар?

— Ғалымдар мен қарттарды сыйламасаң,
270 Жойылар келешегің ойламасаң.
Ел иесі болған сол үкіметті
Бірлік кетер ел-жұрттан сыйламасаң.

Ішер асты күтпестен ысырап ету —
Деген сөз берекесі үйдің кету.
Үш нәрсе үш нәрсені қор етер деп,
Жөн болар байыбына солай жету.

Сұраушы тағы орнынан қозғалады,
— Аспанға қалай шықса жол болады?
Жауабын айтып берші, қарағым, — деп,
280 Тағы да тыңнан сұрау қозғағаны.

— Оқыдым бір кітаптан жазған оны,
Құдайым Пайғамбарға айтқан соны.
Адамзат тапса егер ықыласпен,
Аспанның адамға бар екі жолы.

Көктен түсер керегі бір жолменен,
Бір жолменен өнері көкке өрлеген.
Адамзат анық танып жеткенінше,
Көктегі керекті алар соныменен.

290 Қанағат етті ғалым жауабына,
Қыз қойды жалғыз сұрақ бұл ғалымға.
Ғалым жауап бере алмай қалғаннан соң,
Жауабын айтып берді қыз оның да.

Қыз сұрауын шеше алмай ғалым қалған,
Сырт киімін қыз оның шешіп алған.
Құранға шебер имам түрегеліп,
Қудалап шариғаттан сұрау салған.

300 Сұрады Құран жайлы әрбір жақтан,
Аят саны, басқасы түгел бастан.
Жиырма төрт пайғамбар, тоғыз құстың,
Құрандағы аттарын еш қоймастан.

Оған дағы Буадат тоқталмады,
Жауабын жалғастырды одан ары.
Атын атап жиырма төрт пайғамбардың,
Тоғыз құстың айтылды түгел бәрі.

Тағы да жеке аяттың мәндерімен,
Мақамдап оқып берді әндерімен.
Өзіне қайта сұрақ қойған кезде,
Тоқталды еш жауапсыз қари мүлдем.

310 Шапанын шешіп берді қари тағы,
Тәуіп сұрау қоюға ыңғайланды:
— Қарағым, хабарың мол шариғаттан,
Адамның жаратылысынан сөз қозғалы.

Адам деп не себеппен аталыпты,
Денесі оның қалай құралыпты?
Сүйек қанша, тамыр қанша болар,
Білесіз осы жайлы қаншалықты?

Қыз айтты: — Одан біраз хабардармын,
Ғалым Ұлықпан кітабын оқығанмын.
Құран, хадис — Пайғамбар кітабында,
320 Анықтап айтады екен мұның бәрін.

Дүниеде мәңгі қалар зат болмайды,
Шеңберден қайсысы да шыға алмайды.
Адамның санасы бар, ақылы бар,
Ұқсатса хайуанға оны еш болмайды.

Адамның екі құлақ, екі көзі,
Ауызбенен айтылар ақыл-сөзі.
Тыныс алар танауы болса тағы,
Жаралған жеті тесік адам өзі.

От пен су, топырақ пен желден екен,
330 Жаралып адам содан келген екен.
Сондықтан осы төрттің әсері бар,
Тысқары шыға алмайды одан бөтен.

Күйеді, қайғырады, ашуланар,
Оттықтың, міне, әсері осы болар.
Сабыр етер, салқындар, ол — сулығы,
Міне, осындай өзгерер кезі де бар.

Қиялы шарықтайды көкке өрлеп,
Оны айтамыз «соққан бір желдігі» деп.
Дүниеден ешқайда кете алмайды,
340 Топырақтығы осыдан белгілі деп.

Үш жүз алпыс тамыр бар қан жүретін,
Екі жүз қырық сүйек мен білетін.
Іш құрылыс барлығы санаулы ғой,
Түгел білем мүшесін сіз білетін.

Дүниенің бар жүйесін білмей тұрып,
Алдым деу дұрыс емес түгел біліп.
Егерде түгел білсе дүниені,
Сала алмас адамзатқа ажал құрық.

350 Адамды өлтірмеуге онда болар,
Яки қолдан дағы жасап алар.
Мінеки, түгел білмеу осы болар,
Асыра айтсам, ол мүлде жалған болар.

Болса да қандай бір зат дүниеде,
Бәрі де бар адамның денесінде.
Сондықтан түгел білем деген қате,
Салайын осы жайды көп есіне.

Тәуіп сонда: — Тамыр мен өкпе, жүрек,
Соның рөлін айтшы, — деп етті тілек.
Ғалым қыз бұған дағы тоқталмады,
360 Әрине, бұл туралы толық білед.

— Болса да денеңізде қанша тамыр,
Жалғасқан жүрегіңе ол бәрібір.
Жүрек пен өкпе, бауыр тұрған орны,
Тіршілікке бастама етер әмір.

Бұлар патша ордасы, бейне қорған,
Жүрек — патша баршаға әмір қылған.
Өкпе, бауыр — уәзір оң-сол қанат,
Патшаменен бірлікте сонда тұрған.

370 Өкпе ауру, жүрек сау болғанымен,
Бас уәзірі жеменгер елменен тең.
Ішкен ас бойға сіңбес олай болса,
Жүрек әлсіз болады, қуаты кем.

Біртіндеп жүрек кесел қатаңдайды,
Басқа мүше оған көмек ете алмайды.
Ақыры қиындыққа тап болған соң,
Ажалдан қашып, сірә, кете алмайды.

Тәуіп айтты: — Жауабың болды дұрыс,
Сұрайын денсаулықтан тағы бір іс.
Іштегі кеселдерді әрбір түрлі
380 Белгілеп бере ала ма сырт көрініс?

— Білуге әбден болар ондай жайды,
Жұмбақ сыр ойламасаң табылмайды.
Қалайда белгілері болады, — деп,
Буадат жауаптарын сабақтайды.

Бірінші: түсі кеткен сазарыңқы,
Екінші: тамырлары көгеріңкі.
Үшінші: алған демі сасық болар,
Ұқсамас сау адамға оның тұрқы.

Төртінші: шыққан үні қарықталар,
390 Бесінші: ішкен астан парықталар.
Алтыншы: ішкі жара сыртқа шығып,
Белгісі осылайша анықталар.

Тәуіп айтты: — Ішкі ауру неден болар?
Қыз айтты: — Азықтық астан болар.
Себебін сабақтады тағы айтып,
Оқыған талай кітап көңілде бар.

Сүймей жеген тағамның зияны бар,
Және де зиян тартар қомағайлар.
Түн асқан, бұзылған ас пайдасы жоқ,
400 Саулыққа зияны бар, міне, осылар.

Адамның ішінің де мөлшері бар,
Онда мына үш істің өлшемі бар.
Бірі — жеу, бірі — ішу делінсе егер,
Демалудың ерекше селбегі бар.

Он сегіз қарыс ішек болар дейді,
Ол дағы ішкен асты мөлшерлейді.
Тар арыққа артық су құйғанмен тең,
Кейбіреу тым асырып тамақ жейді.

Артық ішкен тамақтан жабысады,
410 «Сапыра» деген кесел келіп тағы.
Белгісін сұрап еді тәуіп оның,
Жауабы дайын екен мұның дағы.

— Жүзі сарғыш тартады, аузы кермек,
Тамыры тез соғады кейде үдеп.
Мінеки, сапыраның белгілері —
Міндеті бар адамның мұны білмек.

Тәуіп тағы сұрады жалғап сұрақ:
— Тәртібі ас ішудің қалай болмақ?
Жауабы тағы қыздың дайын болды,
420 Сөйледі ол туралы ести сала-ақ.

— Тәбетке қарай ішу дұрыс болар,
Мезгілсіз ішкен астың зияны бар.
Ас артынан шикі су ішпеген жөн,
Ол дағы денсаулыққа зиян салар.

Тәуіптің тағы, міне, сұрағаны:
— Қай мезгіл шипа болар ішкен дәрі?
Ғалым қыз оған қалай бөгелмекші,
Жауабын сабақтады оның дағы.

— Жанданар жазғытұрым жан-жануар,
430 Көктемнің жадыраңқы мезгілі бар.
Сол кезде көтерілер адам көңілі,
Дәріні сонда істетсе, шипа болар.

Дәрінің ем болуы көңілінде,
Сенбеулік себеп болар жеңілуге.
Жауыңды өз басыңнан күшті санау.
Азаптан арылтпайды өміріңде.

Жауапқа тәуіп риза болып отыр,
Монша жайлы жай сұрақ беріп отыр.
Моншаның пайдаларын түгел айтқан,
440 Қыздың толық жауабын көріп отыр.

Тағы тыңнан қояды тәуіп сұрақ:
— Қайсы болар ең күшті тәуір тамақ?
Қыз айтты: — Пайғамбар да жақсы көрген,
Сорпа болар ең күшті, тәуір тамақ.

Тәуіп тағы сұрады арақ жайын,
Ғалым қыздан бұған да жауап дайын.
Арақтың зияны мен пайдаларын,
Үдей түсті Буадат айтқан сайын.

450 Тамаша, алғашқы ішу, ду сияқты,
Қуанышқа көтерген ту сияқты.
Шерлі қып, шерменде қып аяқ жағын,
Болады тілеп ішкен у сияқты.

Пайдалы денсаулыққа үзім арақ,
Аз ішсең, бабында қып, жақсы қарап.
Тамақты сіңіреді, қан толтырып,
Тағы да пайдасы бар әрбір тарап.

460 Тәуіп тағы сұрады қан алуды,
Тура болар қан алса қандай күні?
Қандай дерттен қан алса, дұрыс болар,
Қайсысы қан алуға болмайтыны.

Қыз айтты: — Мұны түгел түсін анық,
Жүрмеңіз құр бағдарсыз қанын алып.
Қан азайған кісіден қан алынса,
Болады зор өкініш, өліп қалып.

Қан тасыған кісіден қан алынса,
Пайдасы зор өлшеммен нақ алынса.
Ашық күн болсын және жадыраңқы,
Пайдалысы әр айдың ортасында.

470 Абзалы айдың он жетінші күні,
Еске сақтау жөн болар әркім мұны.
Қан алған соң тұзды су ішсе егер,
Қышыма-қотыр болар, түсін мұны.

Қанды ақпан — аязда алмаған жөн,
Шілденің ыстығы да болмайды екен.
Қан алудың мән-жайы, міне, осылай,
Жауап жоқ бұл туралы одан бөтен.

Бір ғалым тағы келіп сөз қозғады,
Түсінік берсеңіз деп сәуле жайлы.
Қыз дағы бөгелмеді берді жауап,
480 Ескеріп мағыналы әрбір жайды.

Әр күннің ол шығатын жарығы ғой,
Өткізген тірлік өмір парығы ғой.
Алланың көп атының бірі еді деп,
Айтады байқасаңыз жіберіп ой.

Сәулені жан біткеннің бәрі білер,
Бар тірлік жарықсыз ол қайтіп жүрер?!
Алланың бұл туралы аяты бар,
Ұғынар мұның жайын білімділер.

Ғалым білді бұл қыздың бөгелмесін,
490 Шешті ол ойындағы көп елесін.
Жауабын толық тыңдап болғаннан соң,
Бастады сұрағының екіншісін.

— Бір заттан маған дерек берші, — дейді,
Тумаған ол жандыдан білші, — дейді.
Бірақ қайтып ол енді жерге түспес,
Тағы да өзі оның ішіп-жейді.

Қыз айтты: — Бұл айтқаның ермек үшін,
Өткізіп уақытты бермек үшін.
Өмірде кездеспеген ол бір зат қой,
500 Бірақ та бір кітаптан көргенім шын.

Адам ата, Шамғұн, Салих Сымағұл,
Тағы да бар дейді екен Әбубәкір.
Көріпті тау үңгірден бір түрлі құс,
Еш заттан дейді екен тумапты бұл.

Менше ол ешқашан да олай емес,
Алғашқы жаралғанын ешкім білмес.
Түсінбеген заттарын барлық адам,
«Жоқ» деп қана береді қысқа кеңес.

510 Ғалым айтты: — Оның да жөн болсын, — деп
Жын, пері, періште емес, олар шын, — деп.
Пейіште тұрады екен тұрақтанып,
Білсеңіз айтып берші олар кім? — деп.

Қыз айтты: — Оны да ешкім көргені жоқ,
Кітапта бұл туралы пәтуа көп.
Яқұп, Сак, Асқап, Каһап, Қызыр, Иса
Жиылып дүлдүл сонда тұрады, — деп.

520 Ғалым айтты: — Жауабың болады шын,
Бұл сөзіңе тақпаймын ешқандай мін.
Көкте емес, жерде де емес азан айтып,
Намазын сонда тұрып өтеген кім?

Қыз айтты: — Мұны еске кім алады,
Шындыққа естіген жұрт шын нанады.
Намазды бұтақта сіз өтесеңіз,
Көкте де, жерде де емес сол болады.

Ғалым айтты: — Келмейді әзілдескім,
Қыз айтты: — Әзілдескен жоқ қой ешкім.
Бәрібір сіз ұғатын жауабы да
Құр қиял, деп айтамын, оны кескін.

530 Сүлеймен желге мініп намаз оқып,
Дейсіз бе көңіліне алды тоқып?
Ол тек бір тәмсіл ғана болса керек,
Кітаптан мен де көргем неше оқып.

Ғалым тағы сұрағын сабақтады,
Тыңдап отыр халифа жанаптары.
Бұл қызға таң қалады отырған жұрт,
Жауабын тыңдап отыр қарап бәрі.

— Жоқ қылған өзін жәндік сол бір кезде,
Жоқ болған сол бір жанды барар жерге
Жеткізіп берген еді, соның жайын
540 Айтып бер, бұл туралы білесіз бе?

Жауабын қыз дайындап отыр мұның,
Ұшқыны адам ұшқыр қиялының.
Деді ол: — Мысал еді тарихтағы,
Ол жайы Жүніс деген пайғамбардың.

Жүністі жұтқан екен үлкен жайын,
Теңізде қырық күн жүзген үзбей дәйім.
Пайғамбар баратұғын жерге жетіп,
Құрулы түскен екен торға дайын.

Балықшы ішін жарды балығының,
550 Ішінен шыға келді Жүніс соның.
Межелі келер жері осы еді,
Ұқсаңыз осы болар жөні мұның.

— Жауабың мына берген дұрыс, — деді,
Сұрайтын тағы да бар бір іс, — деді.
Күн нұры бір жол түскен бір орынға,
Бұдан былай дүниеде еш түспейді.

Бұл қандай жер, шырағым, айтып берші?
Толғанып, бұл туралы ойлап көрші.
Егерде бұған жауап берер болсаң,
560 Ең соңғы бір сұраққа көңіл бөлші.

Қыз айтты: — Дүниеде ондай жер көп,
Тау жарылып шұңқырды басса егер кеп.
Ондай жерге күн нұры мәңгі түспес,
Отырмын сұрағаның ол емес деп.

Пайғамбар Мұса ұстаған таяғымен,
Ніл суы ортасынан қақ бөлінген.
Таяқты қайта жұлып алған кезде,
Су басқан әлгі жерді және ағынмен.

Сол жерге енді қайтып күн түспейді,
570 Бұл дағы ұшқыр қиял бір іс дейді.
Ғалым да бұл жауапқа басын изеп,
— Айтқаның бұл туралы дұрыс, — дейді. —

Қояйын олай болса соңғы сұрақ,
Отыр ғой халифа да бізді сынап.
Жауабын тауып кетсең жеңілгенім,
Дауым жоқ қайта айтатын сөзді құрап.

Ұшыпты бір топ кептер екі айрылып,
Бір тобы қанды ағашқа ұшып барып.
Бір тобы жерге келіп қонған екен,
580 Шығады сандарынан мәлім парық.

Ағаштан бірі ана топқа барса,
Тең болар екі тобы санай қалса.
Жерден бірі ағашқа қонса егер,
Екі есе кем болады назар салса.

Бар кептер жинап айтса саны қанша,
Нешеуі қонған екен сол ағашқа?
Тағы да жерге қонған бір тобының,
Нақ саны қанша болар анық айтса?

Қыз айтты: — Тақсыр, мұның оңай сұрақ,
590 Жас бала мектептегі — солар да ұғад.
Кептердің барлық саны дәл он екі,
Ағаштағы кептерің жеті ғой нақ.

Жердегі кептер саны бес болады,
Ұсақтап айта берсең кеш болады, —
Деді қыз, тұжырымдап жауаптарын,
Шәкірттің көкейіне бұл қонады.

Ғалым сонда: — Сұрап та, жеңіліп те,
Болдым, — деді, — Айтқаным менің көпке.
Мінеки, шапаным! — деп шешіп берді,
600 Ол дағы шыға берді тағы шетке.

Жақындап қыз қасына Назам келді,
— Сұрайын ешкім білмес нәрселерді.
Дүние жаратылмай тұрған кезде,
Жаралған бес затты сіз айтып берші?

— От пен су, ауа, жарық, қараңғы мен,
Жаралған бұлар бұрын дүниеден.
Осылар дүниеге себепкер деп,
Айтады бұл бес затты жұрт ежелден.

Назам айтты: — Бұл бітсін соныменен,
610 Айтылған жауап болды жөніменен.
Бір затты айтып берші, егер білсең,
Құдайдың дәл жаратқан қолыменен.

Қыз айтты: — Мынау қиын бір мәселе,
Назам айтты: — Сен онда жеңілдім де.
Қыз айтты: — Білмей мұны отырғам жоқ,
Қисынсыз сұрақ қойдың өзің мүлде.

Құдайдың қолы бар деп айта алмаймын,
Дін бұзып, одан шығып кете алмаймын.
Қолы болса онда ол адам болды,
620 Құранда толық айтқан мұның жайын.

Білмей мен отырғам жоқ, жете алмай ой,
Құдай ағаш екті деу жөн емес қой.
Қуарлап сұрағаның, айтып берсем,
Ұжмақтағы тобы — дарақты ғой.

Назам осы жауапты дұрыс деді,
Сұрайтын тағы да бар бір іс деді.
— Денесі ағаш және өзі жануар ол,
Айтуға мұны нақтап тырыс, — деді.

Қыз айтты: — Оны да ешкім көргені жоқ,
630 Кітапта бұл туралы пәтуа көп.
Ұстаса қолда таяқ, жерде жылан,
Мұсаның қасиетті таяғы, — деп.

Назам тағы сұрағын жалғады тез,
«Жеңсем-ау!» деп ойлады қызды осы кез.
— Білсең айт, Алла менен Мұса екеуі,
Сөйлесті кездескенде қанша ауыз сөз.

Қыз жауабы бұған да болды тым тез,
Емес бұл Назамнан қыз жеңілер кез.
— Құранда анық айтқан, — деді, — мұны,
640 Бес жүз мың он бес ауыз сөйлескен сөз.

— Дүние таңғажайып болады алуан,
Күтемін енді жауап осылардан.
Білсеңіз кемелдеп бер жауабыңды,
Дүние жаралыпты әуел қайдан?

Қыз айтты: — Баяндайын оны бастан,
Жаралған жан-жануар топырақтан.
Топырақ көбік судан пайда болды,
Су шайқалып көбік боп толқын атқан.

Су жаралды алғашта салқыннан ол,
650 Салқын пайда болыпты ыстықтан сол.
Тағы да себебі көп айта берсем,
Бұл туралы ғылымда көрсеткен жол.

Бұл жерде Назам тоқтап сәл кідірді,
Тағы ойлап бір сұрауға көңіл бөлді.
— Қанеки, білсең айтшы, — деп сұрады, —
Қанша ұзын дейміз осы қыл көпірді?

Қыз айтты: — Ол өлшемді ешкім білмес,
Пендеге оны білу мүмкін емес.
Ойыңда қанша десең сонша болар,
660 Әркімде ол туралы болады елес.

Назам қызды жеңуге асық болды,
Сұрады әрбір істі оңды-солды.
— Мұхаммед дінін алғаш қабыл еткен,
Әбубәкір ме, яки Ғали ма еді?

— Мұсылман, кәпір деуге оны болмас,
Сәбиді олай деуге шарты толмас.
Шіркеуден шығып келді, ал Әбубәкір,
Екеуін парықтаудың жөні болмас.

Назамның жаңалаған бір сұрауы,
670 Шынында қиын еді оның дауы.
Алдында Пайғамбардың қайсысы артық,
Ғаппас пенен Ғалидің қадірлері?

Назам, сөйтіп, бұл қызды қысқалы отыр,
Халифаны көлденең ұстап отыр.
Ғаппастың тұқымы еді ол халифа,
Бөгеуді осы арқылы нұсқап отыр.

«Ғалидің қадірі артық» дегенменен,
Халифа жақтырмайды оны мүлдем.
«Ғаппастың қадірі артық» десе егер,
680 Көпшілік көрмес еді оны да жөн.

Азырақ бұл арада қыз қысылды,
Жауабын айта алмаса енді ұтылды.
Қозғалды отырғандар таң қалысып,
Барлығы жауап күтіп қарап тұрды.

Қыз қабағын сәл түйіп ойлап алды,
Түрегеліп сіріңкені қолына алды.
Балауыз қатар тұрған екі шамның,
Тепе-тең екеуін де жағып қалды.

Қыз айтты: — Қанеки, сіз етші парық,
690 Жақында екі шамға таяу барып.
Шешімін өзіңізге тапсырамын,
Айтыңыз, екеуінен қайсы жарық?

Кідірді мынау іске Назам дағы,
Отырғандар «Айтыңыз» деді тағы.
— Екеуі бірдей, — деді Назам сонда, —
Қарасам көрінбейді парықтары.

Қыз айтты: — Отырғам жоқ оны білмей,
Жұртқа аян оның бәрі кәдімгідей.
Алдында пайғамбардың Ғали, Ғаппас,
700 Қадірі еш парықсыз еді бірдей.

Жауапқа халифа отыр риза болып,
Көпшілік те шұлғыды көңілі толып.
Назам сонда жалғады тағы сөзін:
— Сұрайтын сұрауым бар соңғы болып.

Ендігі сұрауларым соңғы, — деді,
Соларға жауап берсең болды, — деді.
Алдыңғы жауаптарың бәрі толық,
Көңілім олқы қалмай толды, — деді.

Балдан тәтті, қылыштан өткір не бар?
710 Не нәрсе удан дағы ашты болар?
Қайта айналмас қадірлі сағат деген,
Өмірде кезігетін қайсы болар?

Күн жақсысы, тергесе, қайсы күндер?
Бір жетілік қуаныш қашан келер?
Адамның жасыра алмас ісі қайсы?
Қайткенде тірі адам өлген болар?

Жүдемес дүниеде қандай адам?
Тәртіпте зындан болар қалайшадан?
Бір жәндік бар адамға өле дұшпан,
720 Соны тап, жерден өніп көкке ұшқан.
Өзінде жеті мақұлық бейнесі бар,
Сұрағым осыменен болған тамам.

— Әуелі балдан тәтті бала, деймін,
Сіз оған көңіл бөліп, қара, деймін.
Қызыл тіл қылыштан да өткір болар,
Ойласаң бұған жетер сана деймін.

Жақсылар жуық болар әдепке өзі,
Қисықты түзететін халық тезі.

Удан ашты не десең дүниеде,
730 Әдепсіздің аузынан шыққан сөзі.

Табысқан ер-әйелдің тұңғыш күні,
Жүректен «сүйіктім» деп шыққан үні.
Қайта оралмас қадірлі сағат осы —
Махаббат иелері білер мұны.

Күн жақсысы әркімге әрбір түрлі,
Патша мақтар тағына мінген күнді.
Ғалымдар ұнатады ұмытпастан,
Атақ алып, жұмысқа түскен күнді.

Жазушылар еңбегін аяқтатып,
740 Жұрт оқыса қызығып оны ұнатып.
Осы күнді жақсы деп есептейді,
Болмайды қуанышы бұдан артық.

Пайдаға саудагердің батқан күні,
Қадірлеп, қастерлейді олар мұны.
Пайдаға олар тоймас болғандықтан,
Тұрақтап тергейтұғын болмас күні.

Дүниеде мәңгі жасар жанды болмас,
Ажалдан қашқанменен, ол құтылмас.
Туған өлмек, қашанда ол ақиқат,
750 Әрине өлімді ешкім жасыра алмас.

Естігеннен әрқашан көрген артық,
Көргенді бұзбай айтып берген артық.
Жалғаның жұрт алдында анықталса,
Онан да тірі жүрмей өлген артық!

Ешкім де жамандықты тілемейді,
Жай істі көңілге алып, кім елейді.
Әйелі ерін үнемі шын сыйласа,
Көңілі ондай жанның жүдемейді.

- Ақылды артқыларға неге айтамыз,
760 Ұрпақтың соңғы қамын жеп айтамыз.
Ата-ананың ақылын ала алмаса,
«Тәртіптің зынданы» деп соны айтамыз.
- Жәндігіңіз шегіртке жерден шыққан,
Қанаттанып тағы да көкке ұшқан.
Астыққа, өсімдікке зияны бар,
Сондықтан да адамға дұшпан дейміз.
- Шегіртке жеті мақұлық бейнесі бар,
Ат басты, инелік қанат — көкке ұшар.
Жылан құйрық, шаян қарын, өгіз мойын,
770 Киік мүйіз, сирағы түйеге ұқсас.
- Жауапқа бәрі дағы құлақ салды,
Бұл қыздың біліміне қайран қалды.
Болмады енді сұрау сұраушылар,
Киімін шешіп берді Назам тағы.
- Тіл қатты Буадатқа халифамыз,
— Ғалым қыз, құлақ салып сөз тыңдаңыз.
Он өнерді игердім деген едің,
Бар шығар шахматтан хабарыңыз?
- Одан да хабарым бар, тақсыр, — деді,
780 Жарысқа салсаңыз да қазір мені.
Болады қай жүйрікпен сынасаңыз,
Бар шығар шахматтың шеберлері.
- Өнерді шығаратын кезі келді,
Ғалымы шахматтың жақын келді.
Жайылып алтындалған сол орынға,
Әуелі келген ғалым тас көтерді.
- Қыз дағы кезегімен тас көтерді,
Осылай қайталасты екі жолды.
Үшінші тас көтерген кезегінде,
790 Ғалымның мат болғанын көзі көрді.

Қыз айтты: — Ұтылдыңыз, міне, осылай,
Жоспарым емес еді менің бұлай.
Ретсіз жүргендіктен қамалдыңыз,
Тасыңыз мат боп отыр, жол таба алмай.

Екінші, үшінші рет тағы ойнады,
Бәрібір ғалым оған пар болмады.
Таң қалып отырғандар дабырласты,
Ғалымның сонда ұялып айтқан сөзі:

— Тұрғанда сен бұл жерде шахмат тасын
800 Ант етем, ендігәрі ұстамаспын.
Жарандар, мойындадым даналықты,
Шешейін шапанымды, мұнда қалсын!

Осылай шахмат ғалым шығып кетті,
Ойнауға бір дойбышы тағы жетті.
Ұтылды келе сала ол шебер де,
Бас иіп халифаға, былай деді:

— Мен мұндай өнерпазды көргенім жоқ,
Жетуге мына қызға әлі мән көп.
Әрине, мұндай қызы болғаны үшін,
810 Ойлаймын, араб елі мақтанса деп.

Белгілі болды қыздың шын жеңгені,
Халифа, қолдасаңыз егер мені,
Бұл қызды бастан-аяқ киіндіріп,
Тағы да сыйлық етсем мың теңгені.

Соны айтып халифаға, шығып кетті,
Сыйлығын лезінде алып жетті.
Жарыстың басқа реті келмеген соң,
Халифа қызға тағы былай депті:

— Алдырдым музыка аспап, міне, тағы,
820 Бар шығар хабарыңыз мұнан дағы.
Берілді қыз қолына ілтипатпен,
Қапталған жібекпенен күй аспабы.

— Әрине, — деді Буадат, — білем мұны,
Мұнсыз қайтіп жарасар өмір сәні.
Саудаға түскен қызы бұл заманның,
Болады білмесе егер қайтіп құны.

Соны айтып күй аспабын қолына алды,
Құлақ сап отырған жұрт тына қалды.
Әуелі құлақ күйін теңшеп алып,
830 Былай деп шырқап шыңға әнге салды:

— Мен бақшаның бұлбұлы,
Сен ашылған гүлімсің.
Мұң мен шердің кітабы,
Жаятын елге үнімсің.

Құбылды күй аспабы неше алуан,
Ән шалқып соққан желдей шарықтаған.
Екпінді де байсалды, бейбіт өмір,
Бейнесін анық айтып әнге салған.

Ашқандай тұңғиықтан көңіл сырын,
840 Саумалап тарта берді жүрек қылын.
Жағымды үн сан құбылып, бойды билеп,
Былай деп баяулатты соңғы жырын:

— Жалынды өмір отына
Түсе қалса назарым.
Мен де соған қосыла,
Күйемін де жанамын.

Бақыт нәрін татуға
Барлық адам ынтызар.
Сол жолға қақпа ашуға
850 Жәрдемші қол қайда бар?

Тоқталды жырдың соңы дәл осылай,
Үйрілді халифаға жылы шырай.
Бетіне Буадаттың тіке қарап,
Арон Рашид халифа деді былай:

— Ғылымың артық екен бәрімізден,
Көрдік біз бетпе-бетте көзімізбен.
Рахмет, қызым, саған! Айтам алғыс,
Үлгі алсын отырғандар енді сізден.

860 Ғылымды білуіңе көмек еткен,
Қожаңа жүз мың алтын сыйлық етем.
Өзіңнің менен қандай тілегің бар,
Жасырмай айтуыңды үміт етем.

Мейірін халифаның көргеннен соң,
Еркіндік өз басына бергеннен соң,
Буадат тілек айтты халифаға,
Өзіне сөз кезегі келгеннен соң.

— Мақсатым ордаңызға келудегі,
Мінеки, орындалды көңілдегі.
Жолыққан кедейлікке қожам үшін,
870 Өзіңнен жәрдем алып беру еді.

Сіз оны өтедіңіз даналықпен,
Шапағат қол ұсынып саналықпен.
«Қожама өмірлік қып қоссаңыз» деп,
Ендігі тілейтінім осы сізден.

Халифа ордасына қайтып келіп,
Буадаттың өнеріне анық сеніп,
Қожасын ордаға әкеп жұмысқа алып,
Қосыпты оған тағы ерік беріп.

Тарихта, міне, осындай оқиға өткен,
Ғылыммен мұратына олар жеткен.
Әрине, «білімдінің беті жарық»,
Теңдікке қолы жетті сол себеппен.

Жан болмас мәңгі жасар әуел бастан,
Қалдырар өшпес мұра ғылымы асқан.
Өнеге болсын, үлгі — Буадат қыз,
886 Сонымен ақырласты осы дастан.

Жүніс жетім

Бисмилла, аман болсын бүкіл халық,
Бір ертек жазайын мен көңілге алып.
Жүністің әңгімесін баяндайын,
Тыңдаңыз, естіген жұрт, құлақ салып.

Замандар өтіп жатыр аласұрған,
Әр адам өзі үшін өмір құрған.
Әке-шеше, басында панасы жоқ,
Бір жетім — Жүніс деген бала болған.

10 Бұл бала талай жерді аралайды,
Көз тігіп оған ешкім қарамайды.
— Мен сіздің қолғанатың болайын, — деп,
Ол барып Мешін ханға паналайды.

Мешін хан бала жайын біледі екен,
Міндетін «қозы жай» деп береді екен.
Қызметін әділ істеп Жүніс бала,
Қозыны жақсы бағып жүреді екен.

20 Жалқаулар бекер жатып ерінеді,
Көрмеген, істемеген не біледі?!
Қозыны көңіл бөліп баққандықтан,
Қозылар күннен-күнге семіреді.

Жаманға жақсы істесе, бақ келеді,
Бетіңе жаман болсаң, дақ келеді.
Қозыны баққандықтан жайлы баптап,
Хан оған «қойшы бол» деп ат береді.

Мешін хан бұл баланы мақтай берді,
Бұл бала риза қылды бүкіл елді.
Жоғалтпай қойын жақсы баққандықтан,
«Еншің» деп бір қозыға ен сап берді.

Кім білсін басқа берер қандай бақты,
30 Бір Алла бұл баланы өзі қақты.
Сонымен айлар өтіп, жылдар жылжып,
Талай күн, талай апта өтіп жатты.

Зер салып қарағаны қойы болды,
Сонымен талай жылдың соңы болды.
Жыл сайын өз қойлары егіз төлдеп,
Санына қойларының қора толды.

Ол Жүніс қой шетіне түнде жатты,
Бір кезде сәуле шашып таң да атты.
Түрегеп маңайына көз жіберсе,
40 Жүгіріп жалшы шал да келіп қапты.

Деменіз бұл іс жайын немқұрайды,
Бұл шалға не болды деп көп қарайды.
— Қайдан келдің? Ой, шалым, не жұмыс? — деп,
Ол шалдан Жүніс қойшы жөн сұрайды.

— Бір Алла жаратқан Хақ, өзі күшті,
Мен өзім көрдім, — дейді, — мұндай түсті.
Түсімде Шолпан бірге, Күн менен Ай,
Патшаға жорытамын осы түсті.

Ойланып жетер адам арманына,
50 Таң қалды мұны естіп алғашында.
Толғанып ары тұрып, бері тұрып,
Деді ол: «Түсінді, шал, сатасың ба?»

Қорғаған Жаратушы бұл баланы,
Бұл іске өзі іштей таң қалады.
Шалға енді бес жүз қойын айдап беріп,
Ақыры қоймай жүріп түсті алады.

Берді енді қойын бөліп әлгі шалға,
Қараңыз мына түстен пайда бар ма?
Бұл түсті табу үшін Жүніс бала,
60 Рұқсат сұрап барды Мешін ханға.

Не қылсын Жүніс бала қойды, малды,
Жалынып Мешін ханнан рұқсат алды.
Сонымен алған түсін іздеу үшін,
Бетке алып шығыс жақты кетіп қалды.

Талай күн сапар шегіп, шалғай кетті,
Жантайып шаршағаннан ұйықтап кетті.
Түсінде ұйықтап жатса бір шал келіп,
Жүніске ол былай деп аян етті:

— Ей, жігіт, сөзді тыңда мына, — дейді, —
70 Жатыпсың ойпаң жерге, сызға, — дейді.
Көп жүрсең бұдан былай ерінбестен,
Алдыңнан кез боласың қызға, — дейді.

Не келіп, не кетпейді жігіт басқа,
Ол қыздан өзің қорқып, асып-саспа.
Әлгі қыз жетектегі атын беріп,
«Мін, — дейді, — жалтақтамай мына атқа».

Шалекең сөйтіп сөзін айтып болды,
Көзінен айтып болып ғайып болды.
Оянып, Жүніс бала көрген түстен,
80 Шошынып: «Ата, ата!» деп ұшып тұрды.

Сонымен, Жүніс бала жүріп кетті,
Бірталай жүре-жүре жерге жетті.
Қоналқы жер іздеп бір тауға келіп,
Дем алып, және біраз мызғып кетті.

Ер еді Жүніс бала парасатты,
Леп ескен қоңыр салқын дала жатты.
Дем алып, тәтті ұйқыда жатқанында,
Бір қыз кеп: «Тұр! Тұр! Тұр!» — деп оятады.

Ерекше сұлу еді қолаң шашты,
90 Бота көз, оймақ ауыз, қиғаш қасты.
Сөзі бал, тісі жақұт, қызыл ерін,
Өзіне тебіренер көрген жасты.

Сонымен, ол қызбенен еріп кетті,
Көп жүріп бір қалаға барып жетті.
Ол жерден бір жаман үй сатып алып,
Екеуі сол қаланы мекен етті.

Қыз сонда Жүніс ерге берді ақшаны,
«Арала, — деді, — көше, бау-бақшаны,
Бұл мен жіп тиісінше сатып әкел,
100 Істейсің мұнан былай сен сауданы».

Осылай ұстап келді берген пұлын,
Тапсырды қызға әкеліп алған мүлкін.
«Не тігер, — деп ойлады, — жіп пен бұлдан?»
Көрмеген қыз өнерін бұдан бұрын.

Қыз тікті бір кестелі тақияны,
Сол болды екеуінің баққан малы.
Базарға алып шығып келесі күн,
Көп пұлға саудалады тақияны.

Көшеге алып шығып сатты барып,
110 Таласып: «Жақсы екен», — деп алды халық.
Осылай талай тақия сатқандықтан,
Ауқатты семья болып алды байып.

Тақия тамсандырды мұндағы елді,
Тігілген тақияны хан да көрді.
«Тігуші тақияны қандай жан?» — деп,
Падиша жарлық шашып іздеді енді.

Гүлденген қызық-думан қала маңы,
Жүністің іске асқандай бар арманы.
Жан-жаққа хан жарлығын шашса дағы,
120 Тігінші сол қызды іздеп таба алмады.

Жанғандай Жүніс ердің енді бағы,
Білінбей батқан күн мен атқан таңы.
Барады ғашықтықтың оты маздап,
Ол қызға жақын барып сыр ақтарды.

— Өзіңе көрген жерден болдым ғашық,
Шерте алмай сонан бері сырымды ашып.
Жүр едім өзіме-өзім сабыр сақтап,
Болмады ғашық оты, көңіл басып.

Күлімдеп Жүніс бала екі көзі,
130 Қарайды, сенбегендей өзіне-өзі.
Ұялып, төмен қарап, иба сақтап,
Сондағы қыздың мынау айтқан сөзі:

— Қалады басқаны айтсам көңілің солып,
Кез қылды екеумізді Құдай қосып.
Сені мен ұнатпасам бұл өмірде,
Мынадай отырам ба бір үй болып?!

Мұны естіп Жүніс бала көңілі тасып,
Өбісті екі ғашық тұрмай жасып.
«Өмірде шын сүйгенім сен болдың», — деп,
140 Өзара тіл табысты сырын ашып.

Тақия Жүніс солай сатып тұрды,
Дүниеде болады екен неше түрлі.
«Табыңдар тігіншіні!» деп бұйырған,
Падишаның болады екен аты — Нұрлы.

Патша қаршыға сап серуен құрды,
Қасына ере шықты уәзірлері.
Бір кезде хан ұшырған сұр қаршыға,
Бір үйдің төбесіне барып қонды.

Артынан қаршығаның уәзір барды,
150 Қаршыға уәзірге қарамады.
«Бұл үйде адам бар ма? Шығыңдар!» — деп,
Ашумен ол уәзір айғай салды.

Бұл үйде қыз болатын күндіз-түні,
Тақия тігетұғын неше түрлі.
Тіккенін әр күн Жүніс сатушы еді,
Бұдан бұрын білмеген ешкім оны.

Қаршыға бұл жерге өзі қаңғып келген,
Жоқ еді байланысы бұл қызбенен.
Бұл кезде Жүніс үйде жоқ болатын,
160 Саудалап тақиясын көше кеткен.

Ашылды шиқыл қағып бір кезде есік,
Далаға қыз да шықты кербез басып.
Келгендердің мән-жайын ұғып болып,
Олармен көп тұрмады керілдесіп.

Берді ұстап қаршығасын қолыменен,
Іс түбі біте қалмас мұныменен.
Уәзір көрді дағы кетіп қалды,
Барды да ақылдасты ханыменен.

— Падиша, — деді уәзір, — қыз ғажайып,
170 Ғажайыпқа жеткізер мұнша байлық.
Әсілі тігінші қыз дәл өзі — сол,
Қарасам, адам екен сізге лайық.

Уәзір деді осылай сөзін ашып,
Ол қызды хан көруге болды асық.
Барады кәрі жүрек қызды аңсап,
Көргенше шыдай алмай өңі қашып.

Сонымен патша қызды алмақ болды,
Жүністі келмес жолға салмақ болды.
Екі сөз хан сөйлемес, айтқаны айтқан,
180 Басталды Жүніс бала енді соры.

Хан бұған әркез басын қатырады,
Жетердей арманына ақыры өлі.
Өтірік хан ауырып төсек тартып,
Жүністі бір күн сонда шақырады.

Ханекең ол жігітті талап еткен,
Патшаға Жүніс сонда барып жеткен.
«Науқасым жанға батып бара жатыр,
Бір шипа болар ма екен енді сенен».

190 Түсірді патша оған мұндай үкім,
«Бара алмас бұған сенен басқа ешкім.
Тумаған жеті жылғы ту киіктің,
Алып кел, — деп бұйырды, — сауып сүтін».

Шарасыз бұл талапқа мақұл болды,
Деді ол: «Құдай, онда ақыр жолды».
«Қай жаққа барамын» деп бас қатқан соң,
Айтты ол әйеліне ақыр оны.

Жүніс сонда әйеліне: «Ойлан, — деді,
Келе ме бұл іс енді қолдан? — деді.
Хан айтты барса келмес алыс жолды,
200 Бұл жолдан амал тауып құтқар мені».

Әйелі алды дағы аз ойланып,
Жүніске бермек болды амал тауып.
«Мен саған көрсетейін шығар жолды,
Құдайым нәсіп етсе, болмас қауіп».

— Сен кетіп басқа жаққа қалма, — деді,
Тағы алаң арт жағыңа болма, — деді.
Ілгері осы жолмен жүре берсең,
Көрінер алдыңнан бір тау да, — деді.

Аралап таудың ішін ары жүрсең,
210 Көресің қалың орман небір көркем.
Алдыңнан бір ақ қоян тұра қашып,
Апарар бір өңірге еріп жүрсең.

Ер еді Жүніс бала ол да мықты,
Айтқанын әйелінің анық ұқты.
Анықтап жол жағдайын білгеннен соң,
Бел буып тәуекелге жолға шықты.

Тау жаққа алып бетті жүріп кетті,
Қол алып әйелімен алып сертті.
Талай ай, өтіп жатты күн менен түн,
220 Бір тауға айтылғандай барып жетті.

Аралап келе жатыр тау мен тасты,
Жалама талай қиыр таудан асты.
Жол жүріп арып-ашып келе жатса,
Алдынан бір ақ қоян тұра қашты.

Жарының айтқан сөзі ойға келді,
Қоянның ілесуге соңына ерді.
Бір-екі шоршып барып тоқтады да,
Кездескен бір үңгірге кіріп кетті.

Үңгірге ол да кірді тура барып,
230 Қарады іш жағына көзін салып.
Бар екен ішінде бір патша киік,
Расында солай еді, мұнысы анық.

Ол киік сол араның асыл заты,
Тас үңгір болса оның алтын тағы.
Ер Жүніс қуанады мұны көріп,
«Қолда, — деп, — ата-ананың аруақтары!»

Жүністі киіктің де көзі көрді,
Мейірлі бір жан еді оның өзі.
Ол сонда мұңын шағып былай деді,
240 «Падиша болсам дағы мен бір сорлы.

Алдында екі жылдың аңшы қуды,
Саныма атқан оғы аумай тиді.
Ала алмай қара саннан ешкім оны,
Аурудан тұла бойым оттай күйді.

Ауырып осы жерім, тынышым кеткен,
Осыны «ал» деп саған өтініш етем.
Іріңдеп бұл жарақат кетті, міне,
Ойласам мырыш оғы ішінде екен».

Мұнысын Жүніс сонда қабыл алды,
250 Жараны пышақпенен тіліп қалды.
Қамалған қанды ірің ытқып шықты,
Ақырын мырыш оғын қолмен алды.

Бұл жерде Жүніс, сөйтіп, бір ай жатты,
Дауалап ол киікті бағып-қақты.
Емінің өнімі боп күн-күн сайын,
Сақайып аяғы да болды жақсы.

Сұрады патша киік бұйымтайын,
Жүніс айтты өз жөнін, істің жайын.
«Патшамыз қатты ауырып жатыр, — деді,
260 Бастады осылай деп сөз ыңғайын.

Ауру жазылмады ем мен домға,
Сізді әдейі іздеп келдім мен де мұнда.
Тумаған жеті жылда ту киіктің,
Ем болмақ сүті шипа ханымызға.

Жол басып арып-шаршап, жылай жүрдім,
Жол бойы қиындықтың бәрін көрдім.
Сұрасаң, міне, осылай істің жайы,
Жол көрсет мен пақырға енді өзің».

Ер еді Жүніс рас өзі мықты,
270 Ол айтқан патша киік сөзді ұқты.
«Болады, жөн ғой сенің жөн сұрауың,
Шамамша мен қарайын ту киікті».

Бір кезде ысқырды енді патша киік,
Дауысын тыңдайды екен жаһан сүйіп.
Күшімен патша киік ысқырғанда,
Қасына жетіп келді барлық киік.

Патшасы бір киікке әмір етті,
Ол киік сөзді тыңдап сабыр етті.
— Тумаған жеті жылда бір киік бар,
280 Алып кел, биыл туды, сол киікті.

Осылай патша киік әмір етті,
Әмірді орындауға киік кетті.
Түс ауып, кешке таман болған кезде,
Патшаға ол киікті алып жетті.

Жан еді киік патша сөзді ұғар,
Қажет жоқ енді аялдап мұнда тұрар.
Киікке Жүніс сонда көзін салса,
Расында қасында ерткен лағы бар.

Қуанды бала Жүніс — сертке жетті,
290 Ол киік патшасының сөзін ұқты.
Лағын алып қалып өз қасына,
Мінгізіп қоя берді сол киікті.

Кім білсін кейінгі өмір одан арғы,
Басып өтті тау менен талай жарды.
Бұл киік расында жүйрік екен,
Бір күнде-ақ өз жеріне жетіп барды.

Ақ еділ Жүніс жетім, ол бір сорлы,
Осы рет оның тағы болды жолы.
Еліне аман-есен, сәтті оралып,
300 Киік мінген Жүністі халық көрді.

Қаңғырып қайтып келді, міне, өстіп,
Келгендей бір-ақ күнде желмен ұшып.
Ел мен жұрт, ауыл-аймақ бәрі аман,
Әйелі отыр екен оны күтіп.

Жүніс ер таңғалдырды мұндағы елді,
Киік те иіп тұрып сүтін берді.
Баяндап жолда болған әңгімені,
Екеуі сол киіктің сүтін ішті.

Істесең бәрі оңай амал тауып,
310 Киікті қоя берді жолға салып.
Олардың асыраған иті туып,
Сол кезде алды олар итін сауып.

Киікті әкелгенін елдер көрген,
Патша да көріп оған кәміл сенген.
«Қастықты қастықпенен емдейміз» деп,
Апарып иттің сүтін ханға берген.

Жаратқан жалғыз Алла өзі күшті,
Падиша мәз-мәйрам боп сүтті ішті.
Ішкен соң иттің сүтін іші ауырып,
320 Болды енді ешкі қотыр бүкіл үсті.

Сонымен талай апта күндер өтті,
Қараңғы талай тылсым түндер өтті.
Баяғы кәсібіне қайта түсіп,
Тақия сатып Жүніс еңбек етті.

Ауру ешкі қотыр жанға батты,
Патша да ойсоқты боп жүдеп қапты.
Деп: «оны жіберейін келмеске айдап»,
Арам ой патша тағы ойлап тапты.

Тәңірім, Жүніс ерді өзің сақта,
330 Қолыңа кім таласар келген баққа?!
Сауығып айыққан соң қотырынан,
Шақырды Жүніс ерді тағы патша.

Көз тартар сәнді сарай түрлі-түсті,
Шынында қызығарлық сарай іші.
Патшаға кіріп барып сәлем берді,
«Тапсырар, — деп, — бұл рет қандай істі».

Кезігіп падишамен дидарласты,
Падиша адам еді қалам қасты.
— Осы рет мен тапсырам тағы жұмыс,
340 — Не жұмыс? — деп, Жүніс ер қатты састы.

«Кезінде әкем марқұм патша еді,
Айрылып жүзігінен қалып еді.
Қалайша, қайда кетіп жоғалғанын,
Таба алмай, арманда боп өтіп еді.

Айтайын талап етіп, сөзге сенсең,
Үйіңе алаң болма, сен маған сен.
Берейін жол ақыңды қанша алсаң,
Қайтсең де сол жүзікті тауып келсең».

Жігіттің қайнағандай енді соры,
350 Құдайым оңғара ма енді жолды.
Айтқан соң ханның сөзі күшке ие,
Бұған да амалсыздан мақұл болды.

«Мақұл» деп ордасынан шығып кетті,
Үйіне біраз жүріп барып жетті.
Патшаның айтқан сөзін түк қалдырмай,
Барлығын әйеліне аңыс етті.

«Іздеп мен сол жүзікті барам, — деді,
Жолыма жетер азық алам, — деді.
Ақылды ең менен гөрі, аяулым, — деп,
360 Бұл іске бар ма сенің шараң?» — деді.

Екеуі кешкі аста тамағын жеп,
Әйелі айтты ойланып ақылға кеп.
«Отырсың іздеймін деп сол жүзікті,
Қиын ғой оңайлықпен қолға келмек».

Әйелі біледі екен жолды ойлап,
Байқұстың мүшкіл болған халін аяп.
«Жүре бер батыс жақты бетке алып,
Қолыңа мен берейін темір таяқ.

Сүйеніп сен жүр, — дейді, — таяғыңа,
370 Кидірем темір шақай аяғыңа.
Көп жылдар азап тартып жүргеннен соң,
Жетесің бір биік тау баурайына.

Жігітті өзің сақта, Хақ Тағала,
Сап берем азық-түлік боқшаңа да.
Жалықпай жүре берсең алға қарай,
Жетесің таудағы сол бақшаға да».

Бұл сөзді Жүніс сонда қабыл алды,
Анықтап жол жағдайын ұғып алды.
«Бақшаға кіргеннен соң байқап қара,
380 Қарасаң жалғыз аяқ жолы бар-ды.

Алланың бұйрығына шара бар ма?
Бақшаның ішін ары аралама.
Жасырынып жол шетінде тұрсаң қарап,
Сол жолмен бір қыз келер күн шығарда.

Қандайға кім біледі бақ берерін,
Жүзікті көз жетпейді ап келерін.
Сол қызға жолда ашпай апарып бер,
Арнаулы жазып оған хат беремін».

Бір Құдай не қылмасын ғазиз басты,
390 Екеуі айрыларда көп сырласты.
«Қош енді, жолың болсын!» — деп әйелі,
Жыласып екі ғашық мауқын басты.

«Е, Алла, сақтай көр!» деп құлдық етті,
Сонымен ер Жүніс те жүріп кетті.
«Жапанда Қызыр болсын жолдасың», — деп,
Әйелі жылап үйге кіріп кетті.

Асты бел, талай шөл мен тауларынан,
Көлдер мен өтті талай бау-бағынан.
Иен жер, жалғыз жүріп, арып-ашып,
400 Көрмеді тірі пенде аумағынан.

Табылар іздегені болса бағы,
Қысқарды барған сайын қол таяғы.
Тоқтамай күндіз-түні жүрген жүріс,
Ауырды жілік қақсап, екі аяғы.

Бір тауға байқалды енді жеткендей боп,
Қалыпты темір таяқ тебендей боп.
Қараса аяғына тас батқан соң,
Қалыпты темір шақай теңгедей боп.

Ол тауға біраз жүріп барып жетіп,
410 Қарады маңайына көз жіберіп.
«Бұл тауда бар, — деп еді, — үлкен бақша»,
Әйелі айтқан сөзі ойға келіп.

Қарады шығып алып тау басына,
Бір үлкен көзі түсті бақшасына.
Жүгіріп қуанғаннан жерге түсті,
Бір бақыт оралғандай жас басына.

Басынан айыққандай енді соры,
Ауырып екі аяқ пен екі қолы,
Ентелеп әлгі баққа кіріп барса,
420 Бар екен айтылғандай бір жан жолы.

Көк орман, іші толған шалғын екен,
Жел-жеміс, гүл-бәйшешек ырғын екен.
Бар екен оң жағында мөлдір бұлақ,
Су ішіп, аз уақыт қылды мекен.

— Көп жүріп, — деп ойлады, — әрең таптым,
Кім білсін не қыларын жалғыз Хақтың?
Айтқаны әйелінің жол жағасы,
«Астына көміліп жат жапырақтың».

Бергендей ықыласты Алла ерек,
430 Таң атты нұрын шашып қылаң беріп.
Көз тігіп қарап жатса жол шетіне,
Келеді бір сұлу қыз жалғыз безіп.

Не келіп, не кетпейді бір басыңа,
Жүніс ер мұны көріп тұрды асыға.
Сезбестен қыз келеді ештеңені,
Лезде жетіп келді өз қасына.

Жауып ап хат-қағазды өз бетіне,
Тездікпен ұшып тұрды жол шетіне.
Әлгі қыз тұра қашты шошынғаннан,
440 Арт жаққа жалт бұрылып алған бетте.

Артына қашып барып бір қарады,
Көрді ол артта тұрған бір адамды.
Абайлап, көзін қадап қарап еді,
Бетіне жауып апты хат-қағазды.

Қашпады одан ары ол ұдайым,
«Сақтай көр, — деп айтады, — бір Құдайым».
Қағазды жақын барып оқып көріп,
Ұғынды бұл қағаздан істің жайын.

«Ей адам, Жүніс пе еді сенің атың?
450 Жүзігін іздеп келсің падишаның.
Сен енді осы жерде біраз демал,
Көр енді сабырлықпен істің артын.

Сен келдің азап шегіп, ашып-арып,
Келгендей әпекемнен маған жарлық.
Аялдап аз тоса тұр осы жерде,
Мен барып әкелейін жүзік тауып».

«Әпекем» деген сөзге аң-таң қалды,
Ойына оралады қай-қайдағы.
Бара алмай байыбына бұл бір сырдың.
460 «Болды ма бұл екеуі бір аталы?»

Бір кезде қыз келеді жүзікті алып,
Біткендей тапсырмасы ол қуанып.
«Қабыл ал ренжімей бұл сөзімді,
Әпекең ол қалайша, айтшы анық?»

Ол дағы адам екен сөзге берік,
Бұл жолы еркін берді сөзге ерік.
«Туамыз бір әке мен бір шешеден,
Осылай әпекелі-сіңлі едік».

Мән-жайды Жүніс бала енді ұғынды,
470 Бұл жерден бәрін білді, талай сырды.
Шынымен сұрап көрсе ахуалын,
Ұқсайды екеуі де пері қызы.

Басталды бұл арада ұлы жиын,
Жүніс ер көрді, міне, қыздың сыйын.
Жігітке қыз ескертті бір жағдайды,
«Сен енді қайта алмайсың, жолың қиын».

Жүністің уақыты жоқ мұнда тұрар,
Деді қыз: «Жігіт едің сөзді ұғар.
Егерде кетем десең, жолың шалғай,
480 Оған да уақыт кетер талай жылдар».

Қыз айтты: — Мен өзіңе қылман зорлық,
Тартыпсың жол бойында азап-қорлық.
Сен және осы жерде сәл аялда,
Мен саған тауып берем мінер көлік.

Сонымен қыз сілкініп құсқа айналды,
Жүніс те мұнысына шын таңғалды.
— Арқама шық, — деді ол әмір беріп,
Мінді де, мықтап онан ұстап алды.

Сонымен Жүніс бала ұшып кетті,
490 Аралап ол келеді зеңгір көкті.
Тілегі орындалып, жолы болып,
Жүзінен қуаныштың лебі есті.

Барады зеңгір көкте қалқып өтіп,
Алдынан бұлт кезіксе, кезіп өтіп.
«Талай жыл жүрген жолды жалғыз күнде,
Бастық та келдік, — дейді, — елге жетіп».

Жүністің айтқанындай бастан соры,
Барады енді қызға бастап жолды.
Ақшам мен екіндінің арасында,
500 Алдына есігінің барып қонды.

Кезігіп әйелімен мәз болады,
Жүр екен әйелі де бәз-баяғы.
Үйіне аман-есен жеткеннен соң,
Өлгі құс сілкінді де қызға айналды.

Кезігіп әпекемен дидарласты,
Төгіліп шағынғаннан көздің жасы.
«Әпеке, халың қалай, жақсы ма?» — деп,
Екеуі қол ұстасып амандасты.

510 Ас әкеп неше түрлі, құйып шайын,
Алдына тәтті тағам, қойып майын.
Орнықты көңілі де әйелінің,
Ұғысып күйеуінің жол жағдайын.

Жүніс ер: «Жол азабын тарттым, — деді,
Иенде талай айлар жорттым, — деді,
Жүзікті іздеп шыққан тауып алып,
Мінеки, олжалы боп қайттым, — деді.

Болдың ба менен алаң, сәулем, — деді,
Жүрістен ауырып тұр денем, — деді.
Іздеген арманыма ақыр жеттім,
520 Жүзікті падишаға берем», — деді.

— Жүзікті, — әйелі айтты, — берме, — деді,
Сөзіне ханның айтқан ерме, — деді.
Қиялы падишаның басқа жақта,
Басыңа пәле тауып жүрме! — деді.
Өмірлік досым болсаң сөзімді ұқ,
Бір амал үйретейін, бері кел! — деді.

Білдірді сөзін оның құп алғанын,
530 Үйреніп алды үйреткен ол амалын.
Осылай болсын деді Жүніс те енді,
Аяңдап барып жетті ханға залым.

Ордаға сәлем беріп кірді барып,
Келгенін ол жігіттің көрді халық.
Сөз келмей шошынғаннан хан аузына,
Көп қарап тұрды сонда аң-таң қалып.

Хан айтты: — Көңілім менің таба алмай жай,
Сен үшін ойға баттым талай-талай.

Тарттың ба азап шегіп, машақатты,
540 Таптың ба іздегенді, жолың қалай?

— Қиын ғой бастан қайғы арылмағы,
Қиын екен жүзіктің табылмағы.
Жер жүзін араладым жапа шегіп,
Сонда да жүзігіңіз табылмады.

Жұмыстың бары қызық ер жігітке,
Ендігі амал — екеуміз селбесуде.
Іздедім, бүкіл жерді араладым,
Жоқ екен жүзігіңіз жер бетінде.

Жүзікті мен де арманда таба алмасам,
550 Айтайын бір амалды қабыл алсаң.
Жоқ екен жер бетінде сол бір жүзік,
Барып бір әкеңізден сұрап келсем.

Ханекең шалықтатты ой-санасын,
— Демеймін жер бетінде сен данасың.
Отыз жыл болды әкемнің өлгеніне,
Сен қайтіп қара жерге кіре аласың?

— Ханеке, қалма деді ойға түсіп,
Қалмаңыз бұл дүниеде торға түсіп.
Адамның өлгеніне жыл өткен соң,
560 Аруағы жүреді екен аспанда ұшып.

Жас жүрек сіздер үшін езілуде,
Не жетсін «мықты жігіт!» дегізуге.
Разылық сіз берсеңіз, менің барып,
Арманым әкеңізге кезігуде.

Жүніс те жігіт еді өзі пысық,
Ханекең арпалысты ойға түсіп.
— Разылық, ей, балақай, тұрсың сұрап,
Барасың сен аруаққа қайтіп ұшып?

— Жан едім бұрыннан да сізге елпек,
570 Қылмаймын, ханекем-ау, сізді тәлкек.
Амалын ол жұмыстың өзім табам,
Үйіңіз қырық шана отын әкеп.

Ханекең және ойланды ойға түсіп,
Денесі бірде суып, бірде ысып.
«Алдымен от жағамыз, — деп ойлады, —
Көреді от жалынын көп жиылып».

Сап еткен патшаға сол ой келіп,
«Өлсін деп бұл ит енді отқа күйіп.
Өмірі таусылады соныменен»,
580 Жүкеңе берді рұқсат мөрін басып.

Ханекең шақыр деді барлық құлды,
Ол енді алды жинап оң мен солды.
Отынды тамызықпен түгел жинап,
Жүністің әуселесін көрмек болды.

Қолынан іс келеді даналының,
Түп мақсат — көзін жою хан залымның.
Отынның төбесінде тұрды Жүкең,
Қалды ол ортасында от-жалынның.

От жанып түгеді де, күлі қалды,
590 «Өлді, — деп ханекеңдер күліп алды.
Әйелі енді маған тиеді», — деп,
Ханекең кердең басып кетіп қалды.

Жүніс ер от жанғанда тұрды еппен,
Теңелді қара түтін биік көкпен.
Сол кезде сол түтіннің арасымен,
Оны кеп пері қызы алып кеткен.

Тұрғандай бұл жігітті Құдай қолдап,
Ақылды тапқан еді әйелі ойлап.
Қауіптен бұл жолы да аман қалды,
600 Перілер аспандағы қылып себеп.

Онан соң күлге көмді Жүніс ерді,
Қолына өзі жазған хатты берді.
«Әкеңнің саған айтқан сәлемі, — деп,
Бұл хатты хан қолына тапсыр», — деді.

Осылай уақыт өтті бір түн жатып,
Бір кезде манаураған таң да атып.
Жүністің от орнына жары келді,
Жиналды барша халық ханды сөгіп.

Артынан іле-шала хан да келді,
610 Жиылған көзі көрді қалың елді.
Әйелі дауыс айтып жоқтағанда,
Жүніс ер күл астынан шыға келді.
Ол дереу үсті-басын қағып-сілкіп,
Қолымен әлгі хатты ханға берді.

Ханекең хатты көріп қатты састы,
Басқа ел маңайдағы тұра қашты.
Өзара амалдарын іштен біліп,
Жұбайлар бірін-бірі бас салысты.

— Әкеңіз аман-есен жатыр екен,
620 Қолында дәнеңе жоқ, тақыр екен.
Тым қатал тірі кезде болғандықтан,
Тозақты сол күнәдан қыпты мекен.

Ханекең бұл сөздерге қайран қалды,
Хатына әкесінің көзін салды.
«Екенің менің ұлым рас болса,
Келіп қайт» деген сөзге қанып алды.

Хан айтты: — Әкемді мен көріп қайтам,
Қазына ол кісіге беріп қайтам.
Армансыз бұл дүниеде болар едім,
630 Жетудің осы арманға жолын айтсаң».

— Мен бардым қырық шана отынменен,
Қосылып бірге кеттім түтінменен.

Жиналған аз болыпты отыныңыз,
Әйтеуір зорға жеттім қорлықпенен.

Сіз, тақсыр, падишасыз елден ерек,
Қиналу сіздің басқа келмеу керек.
Түтіннің тапшылығын көрмеу үшін,
Сіздерге сексен шана отын керек.

— Жеткізер неменеге дүние боқ,
640 Қарасаң өтіп жатыр дүние қоқ.
Орындап айтқаныңды мен барамын,
Тұра тұр соған дейін елге ие боп.

Бұл сөзге Жүніс ер де мақұл болды,
Тапқан ғой өзі ойлап осы жолды.
Ханекең түтін мініп аттанбаққа,
Сексен шана отын да дайын болды.

Отынның хан отырды арасына,
Көмілді ханекеңнің қарасы да.
Лауылдап отын жанды шалқып ерен,
Құтылып бұл ажалдан қала алсын ба?!

Сонымен «жолаушылап» хан да кетті,
Арылды Жүніс ердің соры-дерті.
Әділдік, туралықпен ел басқарып,
654 Хан болды хан орнына әділетті.

Қараторғай

Алтай мен Буыршынның арасында,
Ертістің мекендеген жағасында.
Малы жоқ, пақыр кедей бір шал болған,
Бар болған Естек атты баласы да.
Ол шалдың қуанышы — жалғыз ұлы,
Көзінің ағы менен қарасы да.
Жаны ашып жарлы-жалғыз, жетімдерге,
Кез келсе ажалекен қарасын ба?!
Көтеріп қасіреттің ауыр жүгін,
10 Артында бәрің жылап қаласың да.
Сол ажал жетіп бір күн шалды әкетті,
Баланың он үш-он төрт шамасында.
«Жас өседі» дегендей, бала ержетті,
Кейінгі бірнеше жыл арасында.

Бірақ бала жүрмеді жалшы болып,
Байлардың есігінде малшы болып.
Жастайынан жалындап өнер құды,
Өзі етікші, жезтаңдай әнші болып.
Отты көз, қыр мұрынды, қызыл сары,
20 Айтпай-ақ көрініп тұр көзден нәрі.
Етті-жеңді, денелі, балуан білек,
Қыз көрсе, дегендей-ақ: «кімнің жары?»
Мінезді, жылы жүзді, сөзі ибалы,
Бар міні бойындағы жалғыз — жарлы.

Болыпты сол өңірде бір сараң бай,
Мыңғырған төрт түліктің бәріне сай.

Жатқа жауыз, жақынға қатыгез боп,
Ешкімге шығармапты тағалы тай.

- Ол байдың бар бір сұлу қыз баласы,
30 Сол кезде дәл он беске келген жасы.
Сұңғақ бой, ақша жүзді, жазық маңдай,
Соғады тілерсегін қолаң шашы.
Тарыдай тал бойының бір міні жоқ,
Көрікті жаралыпты бар тұлғасы.
Салалы он саусағы іске ыңғайлы,
Үлгі етеді кәрі-жас, құрбыласы.
Жарасып өн бойына киген киім,
Түзелген және таза аяқ-басы.
Сыр-сипат, бой мен нұсқа бірдей келген,
40 Тұсында сол өңірдің қаламқасы.

Сараң бай сұлу қызын малға сатқан,
Мал үшін өз теңі емес, шалға сатқан.
Қыз шалға баруына разы емес,
Дерт болып жүрегіне қайғы батқан.
Мол қамтып малдан қалың алған соң бай,
Киім-кешек, жасауын жабдықтатқан.

- Жасалған жасау-жабдық түгел бітіп,
Жалғыз-ақ тігілмепті зерделі етік.
«Ел құлағы елу» ғой, сұрастырып,
50 Алдырды Естекті де ат жіберіп.

Арнайы етікшіге тікті күрке,
Ауаша, ақбоз үйден ол тұр үрке.
Етіктің саймандарын Естек алып,
Кірісті бұлғарыға суды бүрке.

Етікті өрнектеді, зерделеді,
Аямай қолдан келген берді өнерді.
Қолы істе, мұң мен зарға мың құбылтып,
Келтіріп айтып отыр әнді-өлеңді.

Күркеге қыз бір барып келейін деп,
60 Мақтаған етікшіні көрейін деп.
Азырақ ойланып қап тоқтай қалды,
Барғанда етікшіге «не деймін?» деп.
Тағы ойлады: «Сұраса, айтпаймын ба,
Келдім деп етігімді көрейін деп».

Сонымен қыз күркеге келді таяу,
Етікші ән сап отыр қоңыр баяу.
Қасында мұңын шаққан досы бардай,
Көңілі көтеріліп, кейде қаяу.

Әнді естіп күркеге қыз аяңдады,
70 Жақындап жағымды әнге таяу барды.
Тұла бойын бір ыстық леп ұрып,
Еті қызып, жүрегі қаяуланды.
Бір ұлы күш жетелеп тартқандай боп,
Күркеге кіріп тұрып, аялдады.

Етікші әнін айтып, шаншып бізді,
Бірақ ол байқамапты келген қызды.
Қыз тұруды өзіне ұят санап,
Ақырын қайта басты жүрген ізді.

Қыз дағы тұрғаны жоқ босқа барып,
80 Жігітке болды қыздың көзі қанық.
Күркеден бекер шығып кетпеді қыз,
Әкетті махаббаттың шоғын алып.

Қыз қарады жігіттің тұлғасына,
Парқы зор өнерлі ердің ез қасында.
Әнінде терең сырлы мағына бар,
Кек санап жауыздықты бір басына.
Арнады өз жүрегін жас жігітке,
Лайық жан екен деп бір басыма.
Ұстайын теңім екен етегінен,
90 Бір шалдың сатылғанша жорғасына.
Басымның еркіндігін қолға алайын,
Түспейін надан шалдың шалмасына.

Мал үшін шалға жар боп барғанымша,
Ертістің түскен артық арнасына.
Қыз келді осылайша бір бекімге,
Жан екен кемел ойлы ұрғашыда.

Өзіне жасаған соң бір байламды,
Бағытын алдағы істің қыз ойланды.
Етікті Естек дағы тігіп болған,
100 Қайтуға ол да үйіне ыңғайланды.
Жігітті үйіне әзір жібермеске,
Мынадай қыз істеді бір айланы:

— Жан апа, тіккізгенің жалғыз етік,
Барамын бір жат елге мен де кетіп.
Киген соң жалғыз етік тозып қалса,
Кімге айтам әкеп бер деп етікші ертіп.

Пұл жетпей отырған жоқ екеуіне,
Қосалқы етік алсам кетерімде.
Бірі тозып қалғанда бірін кисем,
110 Келгенше қайта айналып жетеді де.

Қыз анасы бұл сөзді мақұл көрді,
— Қарағым, мына сөзің ақыл, — деді.
Тағы да бір етікті тіктіріп ал,
Кетпесін, етікшіні шақыр, — деді.

Қайтармай етікшіні отырғызды,
Тұра ма сыртқа шықпай жүрек сыры.
Ойлаған арманына жетпек үшін,
Бүйтерін кім ойлаған байдың қызы.

Айламен етікшіні кетірмеді,
120 Ақылды қыз таппаса, кетіп еді.
Алдымен айтуға ойын шешесіне,
Қыз дағы тәуекелге бекіді енді.
Көп бүгіп ішкі сырын тұра алмады,
Шығарды айтар сөздің шетін енді.

— Тоғыз ай жаттым, ана, құрсағыңда,
Жүк боппын ауыр аяқ ол шағыңда.
Жүрегің мен деп соғып елжірепті,
Бебеулеп керме асылып тұрсаңыз да.

Шыр етіп құрсағыңнан түстім жерге,
130 Іңгәлап, шиедей жан, шикі өкпе.
Түнде бесік таянып, төрт оянып,
Мен үшін бейнет тарттың күн мен түнде.
Ағызып ақ сүтіңнен қорек беріп,
Жеткізіп, әкеп қостың мына өмірге.
Көтеріп азабымды мойныға арттың,
Басқа жан шыдар ма еді сізден өзге?!

Отырған қонағыңмын қонып бүгін,
Өсірдің мәпелеумен, толықсыдым.
Өзімді өз алдыңда сәби көрем,
140 Жан апа, ақ сүтіңе борыштымын!

Ей, ана, көңілімде арманым бар,
Малға сатып, мені әкем бергені — шал.
Жастықтың өмір жазы суық тартып,
Мен үшін кең дүние болып жүр тар.

Арманды айтсам рұқсат етесің бе?
Болмаса мені көрмей кетесің бе?
Жақсы сөзбен иітіп жан анасын,
Мойнын құшып жылады шешесіне.

— Апаңның құр қолынан не келеді,
150 Тасжүрек әкең ардан безген еді.
Әкеңнің қошы да — мал, досы да — мал,
Ол малды сенен артық көрген еді.
Ақылын өзің тап та, жолың түзе, —
Деп анасы рұқсат берген еді.
Жүрегін бұл жақтағы орнықтырып,
Аяңдап жігітке енді қыз келеді.

Айтады Естекке де қыз сөз тауып,
Естектің қызға да тұр көңілі ауып.
— Айтатын сізге, құрбым, арызым бар,
160 «Әзіл» деп, басқаша ойлап, қылма қауіп.

Қараса, қыздың сұлу, түрі бөлек,
Ішінен қыз сөзінің таппақ дерек.
«Бір бөгде қонаққа кеп сыр алдырған,
Жан ба әлде әдепсіздеу өр көкірек.
Тыңдайын арызы не, әзілі не?
Мен — кедей, байдың қызы — бұл не демек?»

Қыз айтты: — Сөзім тыңда таңырқамай,
Тұрсың ба келгеніме ішің нанбай?
Көрінгенге көз сүзген жыртақойшыл,
170 Жан ба деп көрсеқызар әлдеқандай?
Мал үшін әкем мені шалға сатқан,
Сондықтан жүрген жанмын бағым жанбай.

Арманым — кетсем деген теңдесіммен,
Тәңірдің өзім сүйген пендесімен.
Ұнатып дидарыңды ғашық болдым,
Ғұмырлық жолдас болсам мен бір сізбен.

Жігіт айтты: — Аруы сіз бір байдың,
Айтайын түсініңіз менің жайым:
Сіңірім шыққан тақыр бір кедеймін,
180 Болмаса мінерге жоқ жалғыз тайым.
Жанашыр паналайтын панам да жоқ,
Осылай жаратыпты бар Құдайым.
Әкеңіз бай, сіз асқан байдың қызы,
Кедейге қия ма әкең күн мен айын?

— Жар керек дүниеде жаным сүйген,
Жар үшін арман емес отқа күйген.
Малың үшін бармаймын, теңің үшін,
Арманым жоқ, тәуекел, кетсем сізбен.

Қыздың мықты бекімін Естек білді,
190 Оның айтқан сөздерін серт деп білді.
Екеуі бір ниетке келгеннен соң,
Байдың екі қара атын ептестірді.
Арайлы жаздың түнін бетіне алып,
Азық алып, аттарын ерттеп мінді.

Қыз айтты: — Мезгілі өтті бейуақыттың,
Бағытын сен белгіле жүрер жақтың.
Әулие, әнбиелер, өзің қолда,
Біз дағы ұрпағымыз әруақтың.
200 Соны айтып екі ғашық жолға шығып,
Тізгінін қоя берді жүйрік аттың.

Түн қатып, бекіді олар, ұзап барып,
Қос бөйге ат құстай ұшып жеткізді алып.
Ойлаған бекініске жеткеннен соң,
Отырды әзіл құрып, сырды ақтарып.
Ауырлап қызды бұрын басқан қайғы,
Тастады жүрегінен мұзды ақтарып.

Қарайды бір-біріне гүл-гүл жайнай,
Күн нұрынан түр алған жарық айдай.
Естекті ғашық жары баурап кетті,
210 Екеуі бір-біріне дәл сайма-сай.
Қызылды шабыттанған қыран ілер,
Бойында сабыр-тағат қалмағандай.
Үркетін жат денеден жас ару қыз,
Ыммен жүріп, ырықпен ойнағандай.
Жайлаудың жазғы соққан самал желі,
Сипап тұр бұл екеуін аяғандай.
Ырғалып билегендей гүл-бәйшешек,
Ән салып бұлбұл бірге тойлағандай.
Сұр жартас түсі суық көрінгенмен,
220 Жаны ашып ол да сырттан қорғағандай.
Қорықпа мен тұрғанда дегендей қып,
Етегін жаба салды ну қарағай.
Табиғат шарт жаратып бергеннен соң,
Тұрсын ба екі ғашық енді ойнамай?!

Бай білді қызы қашып кеткендігін,
Естектің пәле болып жеткендігін.
Жіберді арттарынан қуғыншыны,
— Қойма, — деп, — байлап әкел, өтпей бүгін.

Бай қаһарлы ұсталса жігіт-қызға,
230 Қуып кеткен әулекі — өңшең қызба.
Іздеді ат сабылтып, таба алмады,
Кеткенін қайдан білсін, қайсы құзға?!

Жыл жүрді жапан түзде екі ғашық,
Нелер қиын, нелер шың таудан асып.
Ат арыды, тон тозды, азығы жоқ,
Оралуды жөн көрді қайта басып.

Екеуі бір отырып ақылдасты:
Біз кеткелі бір жылға аяқ басты.
Болар іс болғандығын ойлап бай да,
240 Мүмкін ол өткен істі қузамас-ты.
Осы ойдың жебеуінде қайта оралып,
Ертістің жағасына орналасты.
Қарсы алды кең табиғат құшақ жайып,
Орманда бұлбұл сайрап әнге басты.

Орманның саясына Естек барып,
Жатты ол әсем үннен шабыт алып.
Ыңылдап үнін қосып ән айтады,
Айтпады бірақ оның сөзін анық.

Қыз айтты: — Сен де сондай болдың ба құс?
250 Немесе ұйқысырап көрдің бе түс?
«Ән айт» деп көтеріңкі әзілдейді,
Әйтпесе ыңылдаған ол немене іс?

Сонда Естек басын жерден жұлып алып,
Шырқады «Қараторғай» әнін салып.
Ну орман, қалың құрақ тұрды мүлгіп,
Табиғат тыңдағандай қайран қалып.

— Ертістің ар жағында бір терең сай,
Сүйреткен жібек арқан телқоңыр тай.
Ар жақтан бір қыз алып келе жатсам,
260 Басып тұр осы әнге қараторғай.
Қараторғай!
Ұштың зорға-ай,
Бейшара, шырылдайсың
Жерге қонбай...

Деп Естек асқақтата әнге салды,
Асқақ ән аспанға өрлеп дамылдады.
Бай түсіп ғашықтардың қыр соңынан,
Көп болған көп қуғыншы аттанғалы.
Селк етіп ел жоқ жерде шыққан әнге,
270 Қуғыншы тоқтай қалып, құлақ салды.
Естіліп іле-шала ат дүбірі,
Екеуін қуғыншылар қоршауға алды.

Сонда қыз ақыл айтты ғашығына,
— Қара бұлт қайта төнді басымызға.
Мен қалайын, ұстаса не қылады,
Сіз құтыл атқа мініп қашыңыз да.
Сені ұстаса жендеттер өлтіреді,
Жолықтық досың емес, қасымызға.
Өлмесек, қайта тағы қосылармыз,
280 Біз айтқан осы болсын қошымыз да.

Сүйісіп, құшақтасып сол сағатта,
Жақындап қуғыншылар ұстағанша.
Еріксіз қызды тастап, атқа мініп,
Ертіске қойып беріп, өтті ар жаққа.

Естекті ұстай алмай олар қалды,
Қызды ұстап қолын артқа байлап алды.
Байланып екі қолы тұрса да қыз,
Естекке: «Мен — сендік», — деп айғай салды.

Қыз дауысы жетті Естек құлағына,
290 Іші өртеніп кек-жалын ызалы да.

Олар көп, бұлар екеу, күш жетпейді,
Амал не, қала берді жылады да.
Естектің сонда салған әні мынау,
Куә боп бар табиғат тыңдады ұға.

— Ұшады қараторғай қанат қағып,
Астына қанатының маржан тағып.
Шын сүйіп ғашық болған қалқам едің,
Айрылдым қапылыста сенен неғып?

Зарланып, әнге басып Естек қалды,
300 Қуғыншы байлап алып қызды апарды.
Шақыртты қалың берген шал күйеуді,
Залым бай отыр екен тым қаһарлы.

Шалға әкеліп еріксіз қызын берді,
Қыз жүрегі қайтадан бұзылды енді.
— Қызды ұзаттым, мұратқа жеттім, — деп бай,
Естекке салмады арттан қуғыншы енді.

Ұзамай, қыз ауырып төсек тартты,
Қайғысы бұрынғыдан болды қатты.
Естектен айрылғанда жүкті қалған,
310 Жеткен соң күні толып бір ұл тапты.
Шалға тажал, өзіне ажар болып,
Мәпелеп күн тигізбей ұлды бақты.
Аузынан аһ ұрғанда жалын атып,
Өзгеріп нұрлы жүзі сарғыш тартты.
Бақсы-балгер бәрінен дауа қонбай,
Ауру күн-күн сайын жанға батты.

Бар жерді Естек жүрді паналамай,
Ел кезді әнін салып «Қараторғай».
Оның да ойлағаны ғашық жары,
320 Айрылған сыңарынан болды аққудай.

Қыз жатып төсегінде жылады да,
Біресе әлсіз дене қызады да.
Біресе Естекті ойлап қайғырады,

- Жеткенім осы ма, — деп, — мұратыма?
Естектен естелігі — жас сәбиін,
Теңейді тірі жетім лағына.
Маңдайын иіскеп оның мауқын басып,
Медеу қып тағы біраз тынады да.
Қоралас жақын қонған бір ауылдан,
330 Байырғы өн естілді құлағына.
Өзінің естіп жүрген әніндей боп,
Жүрегі жарылардай қуанды да.
Дертке дауа, бойына қуат алып,
Естіген сайын тарқап құмары да.
Қуанып баланы алып солай тартты,
Төсектен сау кісідей тұрады да.
Өн салған сол бір үйге кіріп барса,
Өзінің Естегі боп шығады да.
- Қолынан қоя салып жас баланы,
340 — Жарым, — деп, — жаным сүйген, — бассалады.
Құшақтар тағдыр қосқан бір қабысты,
«Сен қалайсың?» деп ешкім жасқамады.
Қайғысына ғашықтық ортақ болып,
Көргеннің көздерінен жас парлады.
Естекке жас сәбиін қол тапсырып,
Аялдамай шықты да сыртқа барды.
Үйде отырған адамдар сезбей қапты,
Ертістің суына өзін тастаған-ды.
- Оны көріп бір адам айғай салды,
350 Жат дауысқа қалың ел қаптай қалды.
Жас сәби анасына шырылдады,
Жары жылап, көрген жан шуылдады.
Алып кетті аруды қатал ажал,
Артына қайта айналып бұрылмады.
- Естектен жүрген бұрын бір тіл келмей,
Қураған қасірет тартып қу сүлдердей.
Тағдырдың қоспайтынын көзі жетіп,
Тастады өзін суға бір сыр бермей.
Арудың арманда өткен қазасына,

360 Боп кетті жер тітіреп сілкінгендей.
Құзар тау басын иіп, орман мүлгіп,
Құс сайрамай, долы өзен күрсінгендей.
Ортақ боп қайғы-зарға бар табиғат,
Күн мен ай мұнарланды бүркенгендей.
Қалқытып су бетіне бір шығарды,
Артына қош айтуға көтергендей.

Артында Естек қалды зарлап-жылай,
Қаланған ғашық оттың шоғы жанбай.
Қасына ертіп алып жас сәбиін,
Әнін сап өткен екен «Қараторғай».
Жалғасып ғасырлардан ұрпақтарға,
372 Асқақ ән айтылып жүр бүгін талай.

Кенжекейдің кешірмелері

Адамзат тапқа, жікке бөлінгелі,
Біреу — құл, біреу — патша делінгелі,
Әділет озбырлықпен күресуде —
Жұмыр жер куә болып бәрін көрді.

Бір патша құштар болды қошеметке,
Өр кеуде өз сөздігі жеткен жерге.
Өзіне әнтек қарсы сөз естісе,
Кезікті ем қонбайтын құса-дертке.

Ол өзін мақтатуға әуес еді,
10 Сұмдыққа алуан-түрлі бар есебі.
«Адамнан артықпын» дей ойлатты оған,
Әкеге мұрагер боп бағы өскені.

Жан еді асқақтауға тым құлшынған,
Қан тамды оның жауыз қылышынан.
Жағымпаз ақындарға берді сыйлық,
Өзіне мақтау тауып жыр ұсынған.

Құдайдай табындырды түгел елді,
Ұнатты құлдық ұрып сүмеңдеуді.
Кемшілігін айтқанды кешірместен,
20 Келместей су түбіне жібереді.

Қолдады сайқалдарды, қаскүнемді,
Балдай тіл емізгенді жақсы көрді.
Жалғаншыл пасық іске орда толып,
Падиша ақылы азып, нәпсіге ерді.

Бұл патша талай қатын алса дағы,
Күйініп іші өртеніп жанса дағы,
Көрмеді бір ұл бала өмірінде,
Осы қайғы жүрегін паршалады.

Бар еді ай мен күндей жеті қызы,
30 Әдепті, бәрі сұлу жарқын жүзді.
Жетінші қыз Кенжекей тіпті ерекше,
Ойы — дана, көңілі — ақ, жаны да — ізгі.

Ақылы болды биік асқар таудай,
Адалдығы ағарып атқан таңдай.
Сұлу жүзін көргеннің көзі тұнып,
Таңдана тамашалап қаққан таңдай.

Қара көзін, нұрланған арайлы өңін,
Қызыққаннан келеді қарай бергің.
Шіркін-ай, қандай жанның бағы екен деп,
40 Қолы жетпей тамсанды талай ердің.

Мінезі бейне жібек жұмсақ қана,
Берік жан онан өтпес сыр сақтауға.
Жасқанып оның әділ сыны алдында,
Екібеткей сайқалдар жүр сақтана.

Игерді жастайынан мамандықты,
Шын сүйді адамдықты, адалдықты.
Өзін зор, басқаны қор санайтұғын,
Жек көрді өр кеуделік надандықты.

«Патшаның қызымын» деп бұлданбады,
50 Күтушісін өзімен бір қарады.
Жамандық атаулыға қарсы болып,
Патшалық ескі уағызды тыңдамады.

Мінезін әкесінің ұнатпады,
Батынып айта алмады бірақ тағы.
Қызының бұл пиғылын сезген патша,
Ниет етті өзін бір сынатқалы.

Бір күні ойын іске асырғалы,
Шақырып жеті қызын қасына алды.
— Айтыңдар, мен сендерше, қандаймын? — деп,
60 Сұрады көзқарасын жасырмауды.

«Жасырма» деген сөзі мүлде жалған,
Қыздары әке сырын біледі алдан.
Мадақтап оның патша көңіл-күйін,
Қатыгез жазасынан жүрмек аман.

Тұңғыш қыз сөз бастады: — Жақсысыз бек,
Қанттың дәл өзіндей тәттісіз, — деп.
Екінші қыз: — Қаймақтан көп артықсыз,
Деп мақтады барынша әсірелеп.

Үшінші қыз: Сіз бейне балдай, — деді,
70 Төртінші қыз құрмаға балай берді.
Бесінші қыз: Алмадай шырындысыз, —
Деп о да басқалардан қалмай көрді.

Алтыншы қыз сөз іздеп басы қатты,
Арналып айтылуда барлық тәтті.
— Үзімдей тәттісіз, — деп білдірді ізет,
Падиша бұл қызын да қатты ұнатты.

Кенжекей айта алмайды өтірікті,
Жақтыртпай жағымсуды отырыпты.
Әкесін «әділ болсын» деген оймен,
80 Шындықты бетке айтуға бекініпті.

Патшаны мақтанқұмар желік билеп,
Сестенді: — Ал, Кенжекей, сен сөйле! — деп.
— Тұз секілді дәмсізсіз, әкей, — деді,
Кенжекей мақтамады әсірелеп.

Патшаның бұзылды өңі сұрғылт тартып,
— Көрмепсің, қызым, әлі тұзды татып.
Тұздың қалай боларын танытайын,
Кетті ғой шымбайыма сөзің батып!

Патшадан тым айбынды түсті жарлық,
90 — Бір жігіт әкеліндер, іздеп тауып.
Ол асқынған ауру-мерез болсын, —
Деп патша көрін төкті қаһарланып.

Табылды бір қайыршы шекарадан,
Баттасқан мерез ауру түрі жаман.
Қасына бармақ түгіл, бір қараудан,
Сескеніп жиренеді көрген адам.

Бұл сұмдық бір іс болды ордадағы,
Падиша елді жиып долданады.
Мерезді «күйеу балам» дегенінде,
100 Назары қалың елдің соған ауды.

Падиша жын-перісі бұғандай кеп,
Зіркілдеді жараған бұрадай боп.
— Кенжекейді мерезге бердім, — деді,
Бас уәзір сұрады: — Бұл қалай? — деп.

Патша айтты: — Бұл әдепсіз тұзға теңеп,
Кекетті жерлеп мені сөзбен шенеп.
Тайласқан әкесімен көргенсіз қыз,
Сазайын тартсын, оған осы керек!

Қызымнан шығып отыр бұл сұм өнер,
110 Залымға аяушылық білдірмеңдер.
Бұл жаза бүкіл елге болсын сабақ,
Ешқайсың бұйрығымды бүлдірмеңдер.

Уәзір падишаға жақын келді,
— Тұзсыз өмір болмас, — деп ақыл берді.
Ежелден тәтті менен ашты егіз ғой,
Жарлықты өзгертсеңіз мақұл, — деді.

Падиша бейне ашулы арыстандай,
Азулы күшті жаумен алысқандай,
— Қысқарт! — деп уәзірге ақырды ол, —
120 Жағаға жармастың, — деп, — қағыс қалмай!

Патшаны дүлей ашу тітіретті,
Көрленіп ары-бері жүріп кетті.
— Уәзірді шегелеп, зынданға сал! —
Деп, әскер бастығына үкім етті.

Қолбасы бұйрық күтіп тұрған сергек,
Жалғыз-ақ қалып еді қолын сермеп.
Лезде уәзірді додаға сап,
Қаптады қанға құмар қалың жендет.

130 Байлады тырыстырып қолын артқа,
Сөйлетпей тықты аузына толы мақта.
Желкелеп, ұрып, теуіп алып кетті,
Көп тілеуі жалғыз сөз: «Жолын ақта!».

Падиша ашуланып ақырып тұр,
Халыққа айбар шегіп батырып тіл.
Сөзіне ісі қайшы болса дағы,
Көн беті бүлк етпейтін мақұлық бұл.

— Билігімді бекемдер әділ заңым,
Осы заңға байланған тағдырларың.
Қырағымын қиырды болжайтұғын,
140 Ішінде қандай сырың бары мәлім.

Әскербасы қостады: — Жанабымның
Ұғыңдар шексіз ұлы даналығын.
Алтындай баға жетпес әрбір сөзі —
Тынысың, тіршілігің, алар үлгің.

— Патшамызды қорғаймыз, табынамыз,
Артынан ілесеміз, ағыламыз.
Ел үшін еңіреп туған егей сабаз,
Ерекше мейірімді жаны нағыз!

— Жауды тауып, бұлжытпай дәл ұстаймыз,
150 Аямай жоғалтамыз, жаныштаймыз.
Аластап қарсы шыққан кедергіні,
Жанқиярлық рухпен қарыштаймыз.

Әскербасы патшаға жағымсыды,
Жұртшылық отыр көріп нағыз сұмды.
— Патшеке, дат! — деп біреу өр дауыспен,
Өзінің көзқарасын тағы ұсынды.

Бұл адам оқымысты ғалым еді,
Қашанда ұрпақтардың қамын жеді.
Кенжекей одан талай білім алған,
160 Адалдық, зеректігін танып еді.

Жаны ашып Кенжекейге тұрды орнынан,
Патшаны жек көретін ол бұрыннан.
Ақиқат үшін жанын ортаға сап,
Жауыздың қорықпады зорлығынан.

— Тақсыр-ай, жарлығыңа таласпалық,
Әйтсе де мына ісіңіз адасқандық.
Не үшін шындықты айтқан балаңыздың,
Жүрегін кескілейсіз жара салып? —

Дей бергенде тоқтатып оның сөзін,
170 Падиша: — Жоғалт, — деді, — мұның көзін!
Әскербасы қылышын жарқ еткізді,
Қожасының білетін сыр, мінезін.

Басы қанға малынып әлгі ғалым,
Өктем күш лезде алды жанын.
Білмей тұр өңі ме, әлде түсі ме бұл,
Кенжекей өзі дағы не болғанын.

Әкесі неткен содыр, тентек еді,
Ақылы осы құрлы келте ме еді?
Кенжекей торға түскен торғай тектес,
180 Жүрегі тұр лүпілдеп өртенгелі.

Қызығып Кенжекейге бағанадан,
Мерездің ғашық оты лаулап жанған.
Ойлады ол: «Әлемде жоқ мұндай бекзат,
Сау кезде кезікпеді-ау, шіркін, жалған!

Қыз мандам, сау болса егер менің денім,
Зорлап қосса, құсадан өлер де едім.
Паң сұлудың обалын арқаласам,
Адамдығым болар ма онда менің?!»

Осы ойдың жетегінде мерез тұрған,
190 Уәзір мен ғалымнан сырды аңғарған.
Жан төзбес жауыздыққа шыдай алмай,
«Мені де өлтірсін!» — деп ол долданған.

Соққандай кенеттен бір долы құйын,
Халыққа үрейлі лаң болды қиын.
— Патшеке, дат! — деген үн саңқ еткенде,
Жалт қарады кең алаң толы жиын.

Бұл дауыс патшаны да селт еткізді,
Сөйлеп тұр әлгі мерез өжет көзді.
Жанары ұшқын ата жалынданып,
200 Патшадан жасқанбайды, елеп те өзі.

Ершімді шешен тілмен айтты датты,
— Патшеке, әміріңіз неткен қатты?!
Кеудемде әйтеу жан бар, денем мынау,
Асқынып жазылмайтын дертке батты.

Тат жеген ескі темір секілдімін,
Мезгілсіз солатын боп отыр гүлің.
Гауһарды тат темірге телімеңіз!
Бұл сізден жұрт алдында өтінгенім.

Ауру, қайыршымын қаңғып жүрген,
210 Өлуім хақ, аз-ақ күн өмір сүрем.
Қызыңыздың обалын ойлаңызшы,
Бір кеңшілік сұраймын, тақсыр, сізден.

Қайтыңыз, қате үкімнен тиылыңыз,
Бұйткенше мені өлімге бұйырыңыз.
Қыршын жас — қызыл гүл ғой, қалсын аман,
Балаңыздың жаны үшін күйініңіз!

Патшеке, қабылдаңыз өтінішті,
Түбінде іс болар бұл өкінішті.
Адамзат тарихында қылмыс мынау,
220 Қарғамен бірге қамау тоты құсты.

Падиша одан ары төзе алмады,
— Үніңді өшір, мерез! — деп ақырды.
Зорлыққа қалың халық наразы боп,
Іштен тына түңілді, мұздап жаны.

Жүйелі сөз екен бұл ең тиімді,
Мерездің айтқанына ел сүйінді.
Еріккен падишаның ермегіне,
Кеудеде шиеленіп кек түйілді.

Күйеуді аңыс етіп, ел екшесті,
230 — Ақылды, толғамды әрі зерек, — десті. —
Байқұста аурудан басқа мін болсашы,
Бекер адам болмаса керек, — десті.

— Әкежан, әділетсіз мына заңың,
Тұз дегенге неге онша ызаландың? —
Дегенде Кенжекейге патша ақырды,
— Жап аузыңды, не дейді мына залым?!

Елеуреп патша тіпті жынданады,
Ендігі ел тілегін тыңдамады.
Қызына: — Менің қызым емессің, — деп,
240 Қан жауып қатуланды сұм қабағы.

Патшаның айтқанынан асады кім?!
Түршіккен қалың елді басады мұң.
Мерезге некеледі зорлықпенен,
Қарамай обалына жас арудың.

Тонады киген торқа жібектерді,
Сыпырды білезігін білектегі.
Алқа, сырға, алтыннан айырса да,
Ақылын ала алмады жүректегі.

Жендеттер «жол алыс» деп жақсы ат мінді,
250 Түн жастап бір пендеге бастаттырды.
Кенжекей мен мерезді «өлсе өлсін» деп,
Иен шөл, құм далаға тастаттырды.

Екеуін бір түйеге салып алды,
Екі жаққа қаратып таңып алды.
Қатты қуған түйенің жүрісінен
Әйтеуір шықпай әрең жаны қалды.

Домалатып түйеден тастады да,
Әкелгендер жоқ болды қас-қағымда.
Кенжекей жан түршігер қалың сорды,
260 Кешем деп ойлады ма жас шағында?!

Кенжекей қайсар еді, зерделі еді,
Сабырмен терең ойлап тебіренеді.
Әкенің қас-қатыгез жазасынан,
Қорланып ен далада еңіреді.

— Ешкімге залалым жоқ, ісім әділ,
Түсінбей істетті әкем қысым-зәбір.
Қосағым аурудан айықса егер,
Ақиқат жеңбей қоймас түбінде бір.

Кенжекей күйзеліспен күңіренеді,
270 Ойында тірек етер бір медеуі:
Мерездің айтқан әділ датын естіп,
Әрі таза, әділ деп түйген еді.

Күйеуі Кенжекейге таямады,
«Ауру жұқпасын» деп аялады.
Сергелдеңдік өмірге басты қадам,
Ұлғайып жүректегі қайғы-арманы.

Күн ыстық, ішер су жоқ, қаны кеуіп,
Шаршады сөйлей алмай халы кеміп.
Бір жүріп, бір демалып жылжыды әйтеу,
280 «Басқа түссе баспақшыл» — жаны берік.

Мөлшерлеу мүлде қиын жетер жерді,
Бұлдырап үміт шіркін жетеледі.
Көрінді көз ұшында бір көгерген,
Жан дәрмен соған қарай ентеледі.

Әлсіреп жүре алмады денені алып,
Өлуге таянғанда демнен қалып.
Тоғай өскен өзенге ілінді өрең,
«Өлмегенге жолығып өлі балық».

Су ішіп, есін жиды екі ғаріп,
290 Орманнан жеміс-жидек теріп алып.
Бұл маңайда бар еді дәу жолбарыс,
Бұрылды ол, жат иісті сезіп қалып.

Алдына жіті қарап тесіледі,
Арандай аузын ашып есінеді.
Тез жеуге асығып ол келе жатыр,
Кенеттен кез болған соң несібесі.

Көріп бір аш қасқырды тұрған ұлып,
Орнаған Кенжекейге қырағылық.
Тым сұрқай, қорқынышты орман іші,
300 Жау бардай қауіптенді тұрған бұғып.

Түйемен шөлге әкелген түнде оларды,
Бесеудің бірі бұрын ордадағы
Қақпаны күзетуші болатұғын,
Жол бойы Кенжекейді сол қарады.

Кенжекей басқасына білдірместен,
Сол таныс күзетшіге аз тілдескен.
Алмас қылыш жасырын қалдырған ол,
Жаны ашып асыл жанға қолында өскен.

Кенжекей жас шағынан талаптанып,
310 Үйренген қылыш шауып, садақ тартып.
Жүрегі бір түрлі боп отыр қазір,
Қолға алып ақ алмасын, жарақтанып.

Сол шақта сыбдырлады бұта-бүрген,
Жолбарыс шықты оларға тура төнген.
Ұмтылды қимылы епті тұз жыртқышы,
Бір асап жұтатындай мына түрмен.

Түсі суық, үрейді ұшырады,
Көрініп тұр алыптай күші бары.
От шашқан обыр көзі қанға толып,
320 Қанжардай үшкірейген тісі кәрлі.

«Тынысың, — дегендей-ақ, — бұл ақырғы»,
Ышқына гүр етіп ол бір ақырды.
Тышқан көрген мысықтай емін-еркін,
Жолбарыс Кенжекейге тура атылды.

Кенжекей дайын болған ұшып тұрып,
Түсірді жолбарысты күшікше ұрып.
Қақ маңдайдан дәл тиді зұлпықары,
Екіге бөліп басын түсті тіліп.

Миынан қаны шапшып тұр атылып,
330 Жығылды балуан дене бұратылып.
Алдынан ешкім шықпай дандайсыған,
Жан үзді осылайша бір мақұлық.

Қуанып мерез күйеу тұрды күліп,
Қарайды Кенжекейге құр телміріп.
Құттықтап құшағына қысар еді,
Дерт әкетті жүрегін өртендіріп.

«Үш күннен соң көрге де үйренесің»,
Тірлікте бейнет-зейнет тең көресің.
«Ден сау болса арманға жетермін» деп,
340 Кенжекей басты өмірдің тың белесін.

Қаңғырып ауыл барды, дала барды,
Қаланы да тауып алып, аралады.
«Елде болса ерінге» деген рас,
Қалтылдап өлмей олар жан бағады.

Шайқасып өмір үшін дамыл көрмей,
Сарғайды Кенжекей қыз солған гүлдей.
Күйеуі жүре алмайтын күйге түсті,
Қайтеді ол байқұстың қамын жемей.

Кенжекей тоқып алды талдан шарбақ,
350 Күйеуін соған салып алды арқалап.
Оңай ма еркекті әйел көтермегі,
Барады күннен-күнге арып-шаршап.

Мерез күйеу ойлайды қыздың халын,
Дегісі келеді: «Аяулы, сүйген жарым!».
Аузы барып бірақ та айта алмай ол,
Күрсінеді өзегін өртеп жалын.

Ол айтты: — Енді орманға қалдыр мені,
Сен күйзелме, мен өлем ақыр, — деді.
Қыз оған: — Тағдыр қосқан қосағымсың,
360 Бірге өлейік, өлсек, — деп ақыл берді.

Күйеуі деді оған: — Болдым масыл,
Жар болмас дүниеде сенен асыл.
Түсінемін, разымын, борыштармын,
Амалсыз жүрек тулап, қаным тасыр.

Көтеріп талай күндер бірге жүрдің,
Сен аяулы перизат, ал мен кіммін?
Айта берсе таусылмас қайғы-мұңым,
Мен төлейсіз туылған шермендемін.

Өзіңнен артық мені аяладың,
370 Аман бол, бақытыңды байламаймын.
Қимаймын, қимасам да сені аяймын,
Кездескен қиын күнде саябағым, —

Деп үзілді жүрегі күйеуінің,
Ұғады, Кенжекейсіз тірегі кім?!
Кенжекей кесіп айтты соңғы үкімін:
— Сенімен өтеді, — деп, — бірге өмірім.

Тоқталды осы сөзбен екі зарлық,
Мерезді арқалап ап жүрді қаңғып.
Нақақтан адал жанды азаптаған,
380 Озбырлыққа бір зауал болар ма анық?

Бір күні жығылды қыз талып белі,
Күйеуі жаны төзбей қамықты енді.
— Тастап кет, мені алатын алдашы жоқ,
Қарашы етім солған — табыт, — деді.

Таяп тұр айтшы, маған қайдағы жау,
Мені кім керек етер, япырым-ау!
Түрімнен жыртқыш аң да сескенбей ме,
Баттасқан мерез тұтас денем мынау!

Әне бір бәйтеректі көрдің бе сен?
390 Жанында көлі жатыр мөлдір, терең.
Мені сол бәйтеректің түбіне қой,
Шөлдесем көл суынан жұта берем.

Кенжекей көз жіберді көк терекке,
Түп-түзу биік өскен өрлеп көкке.
Кең жайған мол бұтақты жапырағын,
Ағаш жоқ мұндай көркем төңіректе.

Айнадай жарқырайды көрікті көл,
Көркімен көзді тартып еліктірер.
Күніменен шағылысып жатыр шалқып,
400 Аумаққа сән-салтанат беріп түгел.

Табиғат неткен ұлы, неткен шебер!
Жаралған тым өзгеше терек пен көл.
Шалқар көл бәйтеректің анасындай,
Нәр құйып, мәуелетіп, зейнет берер.

Кенжекей әрбір істе сезгір-зерек,
Ой салды оған осы көл мен терек.
«Қалсаң қал, ауасы мен суы, мүмкін,
Ем болар, қасиетті жер екен», — деп.

Күйеудің қалуына ол ұнады,
410 Кім білсін не жағдайға жолығады?
Қойды да бәйтеректің саясына,
Қалаға тартты, қанық жолдың мәні.

Жаудырап екі көзі аурудың,
Бейнеттің жатыр тартып ауыр мұңын.
«Мезгілсіз күнім сөніп, гүлім солып,
Қорлықпен біткені ме тағдырымның?»

Зарланып осылайша жатқан ғаріп,
Ғажайып бір іс көрді таңырқарлық.
Көп қарға көлге келіп шомылғанда,
420 Көл суы көпіршіді буырқанып.

Қарады ол қалт кетірмей көріністі,
Ақ бұйра толқын атты көлдің үсті.
Қара қанат айналып ақ мамыққа,
Өзгеріс осы сәтте болды күшті.

Қарғалар аққу болды лезімде,
Шаттанды көлде шалқып жүзгеніне.
Қиқулап шарықтады кең аспанда,
Ауру жатыр сенбей өз көзіне.

Үмітті ой жан жүйесін кетті тербеп,
430 — Бар ғой, — деп, — көл суында бір керемет.
Ойлады: «Сүңгіп кетсем мен де мүмкін,
Жазылып ада-күде кетермін», — деп.

Келуін Кенжекейдің жатыр тосып,
Кеңесіп көрмек болды ақыл қосып.
«Оған дейін судағы бұл қасиет,
Кетіп қалса қайтем?!» — деп тағы шошып.

Еске алды Кенжекейдің әрбір сөзін,
Бар онда асқар ақыл, өткір сезім.
«Суы мен ауасы ем» деп еді ғой,
440 Көлге ол қадап тұрып отты көзін.

Жамандық болмас көлге түсуімде,
Көзіме көрініп тұр бұл сыр, міне.
Орайды қолдан беріп алмайын деп,
Толғанып жігіт байқұс күрсінуде.

«Тәуекел!» деп бел байлап, етті қайрат,
Еңбектеп көл суына жетті абайлап.
Көлдің ол келіп түскен бір жақ шеті,
Өркештеп бұрқ-сарқ кетті қайнап.

Аққу құстай ол дағы көлді жүзіп,
450 Тамаша ойламаған болды қызық.
Сылынып терісінің бір қабаты,
Табиғат өз күшімен берді ырыздық.

Суда бір тылсым бары анықталды,
Тигізбей оң бармағын алып қалды.
Ақ көңіл, жаны таза жас жігіттің
Бейнеттен айықса екен, жанып бағы!

Жазылды құлан-таза аурудан,
Жігіт болды жүзінен нұры тамған.
Көлді айна қып көргенде өз бейнесін,
460 Қуанды жарқыл қағып үміті алдан.

Бірақ та үстінде ілер лыпасы жоқ,
Жауырдың жабуындай лас-кір боп.
Бұны қайтіп кием деп отырғанда,
Ойын бөлді құлаққа бір дауыс кеп.

Қараса атты адамдар жақындапты,
Жамылды тезден жігіт жапырақты.
Шұбырған бір керуен келеді екен,
Байқаса көзбен шолып атырапты.

Алдыңғы лек айбынды сәнмен келді,
470 Жігіт қатты дауыстап сәлем берді.
Келбетті керуеннің басшы адамы,
Сәлем алып: — Сен неткен жан ең? — деді.

Жігіт айтты: — Панасыз, ғаріп едім,
Жеміс-жидек қорек қып, тамыр жедім.
Киеріме киім жоқ — жалаңашпын,
Ішіне бара алмадым қалың елдің.

Жолаушы жаны ашыды көріп оны,
Сергек кісі селт етіп көңіл бөлді.
Ақ пейіл, жомарттығы кетті түсіп,
480 Жүгін шешті түйенің теңіндегі.

Ағаштың жапырағын жамылғы ғып,
Қарайды керуенге ғаріп жігіт.
Шалқыған үлкен көпес көрінеді,
Шарлаған жердің жүзін серуен құрып.

Көп түйеге тоғанақ толтыра артқан,
Ер-тұрманын түгелдей алтындатқан.
Қожайын, қызметкер бәрі бірдей,
Жайдары жандар өңкей жарқыл қаққан.

Жолаушы жігітке асыл киім берді,
490 Көркейіп көркем-сұлу түрге келді.
Жігіт айтты: — Сіз кімсіз, мейірімді жан,
Ұғынып жөніңізді білсем? — деді.

Жолаушы сөз бастады жылы жүзбен:
— Менің атым — Атымтай жиһан кезген.
Жігітім, осал емес секілдісің,
Адамның бір көргеннен жанын сезем.

Жоқ болса туыс-туған жанашырың,
Мен сендей мүсәпірдің панасымын.
Бірге жүр бізбен сен де жолдас болып,
500 Жетерміз ұшығына қалған сырдың.

Жігіт айтты: — Көңілім көкке өрледі,
Еседі сөзіңізден көктем лебі.
Мен жалғыз емес едім, әйелім бар,
Қалаға сапар шегіп кеткен еді.

Жолаушы айтты: — Әлі алыс жетер жерім,
Асығыспын, келінді күтер едім.
Ілеспесең өзің біл, бағың жансын,
Қаланың бізге көрсет төте жолын.

Киім берді: «Әйелің киінсін» деп,
510 Азық берді, аз емес, бұйырса көп.
Жол нұсқап жігіт солай қала берді,
Көргені дәл түс тектес қиын сыр боп.

Жігіттің өткір көзі оттай жайнап,
Дауысы үдеп, бұлбұлдай тілі сайрап.
Қуанышы қойнына сияр емес,
Айтпақшы Кенжекейге бәрін жайлап.

Жанына қатты батты бөлінгені,
Кенжекей әлі неге көрінбеді.
Жүрегін жалыны өртеп сағыныштың,
520 — Сақтай көр жарымды, — деп күбірледі.

Кенжекей тым кеш келді шаршап-талып,
Қарайды аң-таң болып көзін салып.
Алдынан ай мен күндей жігіт шықты,
Жат біреу, күйеуі емес, тұрды налып.

Оңтайлап іштен асқан зұлпықарын,
Ұғыспақ алыс тұрып жігіт мәнін.
Егерде ниеті жат адам болса,
Бекінді соғысуға тігіп көрін.

Ойлады осы жігіт өлтірді-ау деп,
530 Аһ ұрып қайғы жұтты, іші елжіреп.
Сұрады жігіт одан сыпайы үнмен:
— Мұңайдың неге, — деді жақындау кеп.

Кенжекей шегінді аулақ: — Жалған, — деді.
Осында ерім менің қалған еді.
Ауру меңдеткен жан — жүре алмайтын,
Келсеңіз ондай адам бар ма тегі?

— Сүйіктім, міне, менмін сенің жарың,
Айтты ол бастан кешкен барлық жайын.
Қыз оған сенбеген соң суға малып,
540 Көрсетті оң бармақтың сақайғанын.

Па, шіркін, сау денелі ерке тірлік,
Айдады қайғы бұлтын серпе түріп.
Құттықтап жұбайлардың қуанышын,
Тұрғандай аспан күліп, жер секіріп.

Торғындай ақ денені үлбіреген,
Бөгелмей құшақтады жігіт бірден.
Сыннан өткен махаббат куәсіндей,
Қос жүрек тең соғады лүпілдеген.

Не жетсін, саған есіл, бозбалалық,
550 Жастықтың жалынды оты қоздады анық.
Бал еріндер қабысты айрылмастай,
Ол жағын онша тепшіп қозғамалық.

Бақытқа ерлі-зайып кенелді енді,
Махаббат гүлі жайнап тереңдеді.
Ағытып жігіт сырын бүгін ғана:
«Патшаның шаһзадасы мен ем, — деді. —

Кездессе біздің елде осы дертке,
Салты бар өлтіретін тастап өртке.
Бұл заңды әкем өзі шығарған соң,
560 Қарсылық ете алмады басқа көпке.

Әкемнің менен басқа баласы жоқ,
Сондықтан басындағы наласы көп.
Мені ақыр өлтіретін болғаннан соң,
Қайғырды жүрегінің жарасы үдеп.

Жан тәтті, дүние кезіп кеттім қашып,
Бір түнде шекарадан өттім асып.
Әкеңнің адамдары апарды ұстап,
Өзіңді өмір маған етті нәсіп.

Кенжекей бұл сөзді естіп күлімдеді,
570 — Бұрыннан неге айтпадың мұны? — деді.
— Айтуға оқталсам да талай рет,
Өзімді өзім тежеп, тіл күрмелді.

Өйткені халім мәлім өлекседей,
Әр сөзді айта алмаушы ем көп екшемей.
«Мақтанғаны несі?» деп ренжісең,
«Қайтем?» деп қауіптенді жүрек сенбей.

Көрінді күйеуінің сөзі қызық,
Шынында Кенжекейдің өзі қызық.
Ауруынан айыққан қосағына,
580 Қарайды айыра алмай көзін сүзіп.

Кенжекейше күн нұрлы бүгін ерек,
Еркінше сөйлеу керек, күлу керек.
Ақ жүзінде қан ойнап алаулайды,
Құлпырған гүлдей жайнап, түрі бөлек.

Іске асты мақсат еткен бұлдыр үміт,
Бірінің бірі сыйлап, сөзін ұғып.
Қаланың шетіне кеп балаған сап,
Тіршілік тыпырына кірді сүңгіп.

Күйеуі кәсіп істеп қалада жүр,
590 Кенжекей үйден жасап сатады гүл.
— Мейлі, ақша түспесе де, — деп әйелі,
Тапсырды жігітіне: — Келме, — деп, — құр.

Бір күні қолға ешнәрсе ілікпеді,
Құрдан-құр қала жақтан жүріп келді.
Таба алмай қолға ұстар зат тарыққанда,
Алдынан шұбар жылан жігіт көрді.

Жылан тұр айыр тілін жалаңдатып,
Арбайтын боп уын адамға атып.
Айбарына күлді де жігіт оны,
600 Өлтіріп білегіне алған артып.

— Тарту, — деп, Кенжекейге ұстатты әкеп,
Төбеге тастады ол: — Жарайсың, — деп. —
Қайырлы болса ерге бұл дағы олжа, —
Деді ол әдетінше ашық сөйлеп.

Оқиға ойдан құрап жасалмайды,
Болмақшы бір негізі қашан дағы.
Адал еңбек еткенге көмек берер,
Құс екеш құс та келіп аспандағы.

Патшаның ордасына оралайық,
610 Толықсып тасып жатқан онда байлық.
Ханыша күншуақта жуынғанда,
Мойнынан лағыл-меруерт қойған алып.

Кенеттен пайда болды бір құс төніп,
Қызықты меруертке көзі тұнып.
Өреден меруертті іліп алды,
Көп-көрім салмақты оған кезікті жүк.

Олжасын тамашалап тапқан мұнан,
Қанатын кең аспанда қаққан қыран.
Енді оның көзін тартты бағанағы,
620 Үстінде балағанның жатқан жылан.

Жыланды жеуге бұл құс құмар еді,
Көңіліне, шіркін, мұндай ұнар ма еді?!
Балағанның үстінен түйіліп кеп,
Жыланды іліп, қайқайып шыға берді.

Жыланды тістеп мықты алды қысып,
Аузындағы меруерт қалды түсіп.
Күндегі әдетінше ерлі-зайып,
Отырған әзілдесіп, тамақ ішіп.

Оларға көрінбеді құстың өзі,
630 Қанаттың зулап өтті күшті лебі.
Кенжекей: — Не нәрсе? — деп шыға келіп,
Жайнаған меруертке түсті көзі.

Қарады қолына алып тамашалап,
Өткізді күйеуіне түгел санап.
— Әр күні екіден көп сатпа, — деді,
Қуанды орнады деп бұйырса бақ.

Меруерт бұларға мол ақша болды,
Сауда істеп айналдырар тапты жолды.
Ер-әйел берекелі болғаннан соң,
640 Өзі-ақ кеп бақыт құсы басқа қонды.

Салдырды жеті есікті сәнді сарай,
Киінді ордадағы адамдардай.
Шалқыған ен дәулетке кенелген соң,
Мақсатын орындады аялдамай.

Кенжекей жайнай түсті өңіне кеп,
Көктемнің жаңа ашылған гүліндей боп.
Көрген жан бір тамсанбай өте алмады —
Ақылы көркіне сай тым керемет.

— Ордаға бар, — деді ол күйеуіне, —
650 Ешкімге сәлем берме, әрі үндеме.
Егерде патша өзі сұрай қалса,
«Уа, тақсыр, дәм татыңыз, үйге жүр!» де.

Шаһзада содан тартып келді ордаға,
Қақпа алдында отырды ол тек қана.
Патшаның бұл жігітке назары ауып,
Бір күні жөн сұрады жеке дара.

— Жігітім, үндемейсің әр күн келіп,
Не ойың бар, ашық айт бәрін теріп.
Жігіт айтты: — Мен жайын бұқара едім,
660 Қонақ боп дәм татыңыз, үйге жүріп.

Падиша сый-құрметтен қала алмады,
Қасына уәзірін ала барды.
Жасалған көз тоярлық жаңа үлгімен,
Көрікті бұл сарайға таң қалады.

Оқушым, өзіңе аян жайдың бөрі,
Кенжекей жеті түрлі ас дайындады.
Жетеуін жеті өзгеріп өзі әкелді,
Аң-таң боп патша көзін айырмады.

Патшаға «келін» жайы ұғылмады,
670 — Жеті әйелі бар ма? — деп сыбырлады.
— Патшеке, ондай емес, — деді уәзір,
Өзгерткен киімінде сырдың бөрі.

Қалай тез ауыстырды киімді еппен?
Ұға алмай отыр патша бұл үйді әбден.
Шаһзада: — Көне, тамақ жеңіз, — деді,
Иіліп құрмет етті ілтипатпен.

Табақтар өзі айналды жаймен сырғып,
Падиша дәмін татты бәрін біліп.
Байқаса жеті табақ түгел тәтті,
680 Жете алмады бұл істің мәнін ұғып.

Падиша уәзірге қойды қарап,
Дегендей: «Түгел тәтті қалай тамақ?»
Көзінен уәзірдің сөзін ұқты,
Ол да отыр түсіне алмай құр таңырқап.

Шайға да тұз салмапты қыл аяғы,
Сұрауға әдеп сақтап ұялады.
«Патшаның тиер ме екен шамына», — деп,
Уәзірі іштей қатты қиналады.

Қолайсыз бұл бір іске сынағандай,
690 Падиша сөз бастады шыдай алмай.
— Азырақ тұзды тамақ жасамайтын,
Айтыңдаршы, бұл әдет, сірә қандай?

— Тамаққа тұз салмаймыз, — деп келіншек, —
Айтайын сұрасаңыз не үшін деп.
Жүрекке тұздың дерті мықтап тиген,
Мәңгілік есімізден кетпестей боп.

Бір кезде тұздың жөнін айтқаным бар,
Тасталып иен шөлге тартқанмын зар.
Денсаулыққа тұз зиян, тәтті пайда,
700 Сөздің де балдай шырын тәттісін ал!

Қазбалап қайтем одан арғысын көп,
Әкеме «Тұз секілді дәмсізсің», — деп
Айтқандықтан мерезге некелеген,
Жаншыды көңілімді қайғы сіреп.

Патшаның бұл сөзді естіп бұзылды өңі,
Қызының мөлдір шыққа көзі толды.
— Ойлар деп, әкей, сізге шындықты айтып,
Болдым ғой ақырында өзім сорлы.

Жей алмай сіз отырсыз тұзы жоқ ас,
710 Жағымпаз, табынғыштар тұздай болмас.
Жағымпаздық істемей жаза шектім,
«Адалдың аты арықтап, тоны тозбас».

Шындық ашщы болады, қартаймайды,
Нағыз адам шындықтан жалтармайды.
Мансабы қанша биік болса дағы,
Еш адам ақиқаттан арта алмайды.

— Қошеметшіл болғаным болды үлкен жау,
Жап-жас қызым құрлы да болмаппын-ау!
Тәтті сөзге мастанып, масқара боп,
720 Әділетсіз жауыздық құрыппын-ау!

Деп патша мінін теріп, тезге салды,
Өкініп ауыр-ауыр сөзге барды.
«Құдайдың мені алмаған тамағы тоқ —
Не қылсын баласынан безген шалды?!»

Ауру мерез күйеу сол кездегі,
Келбетті сау жігіт боп өзгергені
Патшаға әсер берді, қуандырды,
Ойлады ол: «Іздеймін деп өзге нені?!».

Жігіттің әкесіне хабарлады,
730 Шер болып кеудесінде сан арманы,
Картайып ол да өмірден күдер үзген,
Қайтадан үміт оты алаулады.

Оның да жүзеге асты ойға алғаны,
Тарқады ішіндегі қайғы-арманы.
Табысып әке-бала қуанышпен,
Басынан кешкендерін баяндады.

Падиша той жасады ұлан-асыр,
Қыз-күйеуін тапқан соң бұл жанашыр.
Ақиқаттың алдында құрмет етті,
740 Қасиет табыла ма бұдан асыл?!

Әкесі Кенжекейге тағын берді,
Басқарды әділдікпен қалың елді.
Ұғынып кедейлердің қам көңілін,
Езілген еңбекшінің қамын жеді.

Уәзір баяғыда ара түскен,
Зорлықтың жегідей жеп жарасы іштен.
Зынданда жапа шегіп жатқан әлі,
Жазықсыз жаза тартып қара күштен.

Ілініп тарамысқа ол арыпты,
750 Қардай боп сақал-шашы ағарыпты.
Тілінген денесінде сау тамтық жоқ,
Сан рет естен тана сабалыпты.

Қинаумен қырық түрлі азаптапты,
Талайлар бірге жатқан қаза тапты.
Кенжекей зынданнан кеп босатқанда,
Уәзір өлуіне аз-ақ қапты.

Тексерді тұтқындардың нақтап бәрін,
Құтқарды нақақ күйіп жатқандарын.
Мекені болды зындан заң бойынша,
760 Қылмысқа белшесінен батқандардың.

Уәзір әділдіктің татып дәмін,
Жасарып күш-қуаты артылды әр күн.
Қайтадан бас уәзір қалпына кеп,
Айтады Кенжекейге ақылдарын.

— Жолсыздық, сұм жауыздық кірді көрге,
Әділетті, ғылымды шығар төрге.
Мәңгі ізгілік орнатып адамзатқа,
Қалдырыңдар ұрпаққа құтты өнеге.

Кенжекей шын кемеңгер әділ болды,
770 Ол тәтті мен ашщының дәмін көрді.
Әділетке шыдаммен қол жеткізіп,
Қиындық атаулының санын жеңді.

Мекенді ел, табан тіреп тұру үшін,
Керек деп есептеді ғылым күшін.
Ғылымның өркендейтін жолын ашып,
Дәуірдің даму заңын ұғынды шын.

Тексертті табиғаттың сырын-мәнін,
Арасан дертке шипа — судың бәрін.
Көп үлес қосар еді, амал қанша,
Басы алынып өлмеген болса ғалым!

Уақиға туа берер қоздап-байып,
Дастанды оған бола ұзартпайық.
Мейлі, кім болса дағы бұлжытпастан,
784 Береді нақ бағасын өзі-ақ тарих!

Құмаш Қоңыр хикаясы

Соңғы еске түспес, айтпай бұрынғыны,
Көз көрді айтпасақ та бүгінгіні.
Өткенді ертедегі әңгіме етсек,
Жастардың тыңдайтұғын туды күні.

Жастарым, тыңдап отыр әңгімені,
Айтад деп абыржыма әлденені.
Апарып ата-бабаң ат қосатын,
Айтайын ас пен тойда ат бәйгені.

10 Біледі бап пен күйін қазақ аттың,
Астынан ат кетпеген азаматтың.
Жүйрігі, ақын, балуан, домбырасы,
Қоздырған делебесін жамағаттың.

Тігеді қазақ құлақ ат дегенде,
Той жасап, ат шаптырып ас бергенде.
Көзінен қуанғаннан жас шығады,
Ұрандай балуанды ат пен ап келгенде.

Байланып ат кетпеген кермесінен,
Жүйрікті таныр қазақ бейнесінен.
Аты озып ауылдастың жүлде алғанда,
20 Ата ұлы құр қалмайды бәйгесінен.

Жүлденің болған екен басы — тоғыз:
Ат, түйе, қара жамбы басты негіз.
Үйірлеп қысырақ та маталыпты,
Аяғы шапан мен тай, болып өгіз.

Найманда Еңсе менен Жантөкеші,
Шақырып ас беріпті екі бетті.
Айтады «елеулі ас» деп осыларды,
Керейде Мұқы менен Тұрысбекті.

30 Ат бопты Маралқұлақ, Мейманбайкер,
Ағызған жұма сайын омыраудан тер.
Салдырған ата ұранын қайда апарса,
Сонымен мақтанады баптаған ер.

Айтылып осылардан тарих қалған,
Ат қосып, сол астарда балуан салған.
Еңсенің асы болып Обалыда,
Озып кеп Маралқұлақ тоғыз алған.

Барыпты қажы Елемес дейтін күнде,
Сол барар абырой, мансап болса кімде.
Алдында алты арыстың жұрт жиылған,
40 Топ жарып қажы Елемес апты жүлде.

Осының бәріне де тарих айғақ,
Көлемі Тарбағатай көрген аймақ.
Асында Тұрысбектің Мейманбайкер,
Боздатып айдап шыққан тоғыз тайлақ.

Қазақтың баға бар ма жақсы атына?!
Жігітті жеткізген ат мақсатына.
Теңесек Құлагерге артық болмас,
Немесе Марғабылдың Қасқа атына.

Балуанды халық көрер алыстырсаң,
50 Сынайды жүйрігін де жарыстырсаң.
Дейтұғын Құмаш Қоңыр бір жүйрікті,
Тағы да деп отырмын таныстырсам.

Қалмай жүр жұрт аузында әңгіме боп,
Маған да шабыт болып оралды кеп.
Күй қылып жұрт алдында толғамаққа,
Құлағын домбыраның бұрадым көп.

Өркімнің өзіне шақ шама-шарқы,
Танылар зиындыға сөздің нарқы.
Әрбіреу әрбір түрлі айтып жүр ғой,
60 Әсілі былай еді аттың тарихы:

Білетін қарттар да көп анығында,
Айырап шындығы мен танығын да.
Жайырдың Арпасалған өз тумасы,
Туыпты Мауқараның жазығында.

Жинадым айтуынша әр кексенің,
Шөбін жеп, суын ішкен Қостекшенің*.
Тарихы бейне соның болмысындай,
Секілді көк тайындай Еркөкшенің.

Енесі Қоңыр бие жалдас келген,
70 Сол жылдың ажал жетіп жазында өлген.
Шырқырап енесінен жетім қалып,
Сүт ішіп, содан бастап күтім көрген.

Қысында арық болып қолға баққан,
Үйкүшік бұзаудай боп қаны қатқан.
Жетелеп балалары қызық көріп,
Әлемдеп құйрығына үкі таққан.

Шаңға аунап, қыстан шығып көк тістеді,
Жайылып жылқыға еріп өрістеді.
Арықтық, жетімдіктің салдарынан,
80 Жалбырап өлі жүні бір түспеді.

Келер жыл түзеліпті жүн реті,
Бұлтиып саптыаяқтай ойынды еті.
Аталып «жетім тайым» деп жүргенде,
Жаныпты құнанында-ақ абыроты.

Сақталып құр жүріпті құнан болып,
Оңалып қақпалықтан қаны толып.

* Қостекше — Арпасалған мен Балданның бұрынғы атауы.

Жаратып, күзді күні ұстап мініп,
Жылқыны жүреді екен ерте шолып.

90 Өріске түнде кетер жылқы түлік,
Құмашқа жылқы біткен елу-қырық.
Аттанды жылқы амандап жылқышы ағай,
Сүйреткен білегінде баулы құрық.

Жылқысын кешінде айдап салған еді,
Өрісі Арпасалған, Балдан еді.
Жылқысын жиыстырып жүрген кезде,
Күн шығып, көтеріліп қалған еді.

Кезікті түздің жыртқыш бұланына,
Тебініп қамшы басты құнанына.
Жібермей әудем жерге қуып жетті,
100 Жығылды құрығымен ұрғанында.

Тау тұрмақ паналатпай жыраны да,
Жібермей Азынаның қыраңына.
Қырандай құздан ұшқан іліп түсті,
Кезігіп жігіттің де қыранына.

Байқалды тұңғыш рет қоңыр құнан,
Ауылы үміт етті енді мұнан.
Сынасып түр-тұлғасын жұрт мақтасты
Кезіксе құтылмас деп бұдан құлан.

110 Құс салып Құмаш, Теміш ат баптаған,
Үйінде қайбіреуше тек жатпаған.
Атадан бұл екеуі бір туысып,
Белдеуге ат, босағаға құс сақтаған.

Құмаш бір нағыз адам ел ішінде,
Артқыға үлгі қалған әр ісінде.
Сол кезде қыран болып даңқы шыққан,
Болыпты Саршолақ құс Темішінде.

Дөнен боп қоңыр құнан үшке толды,
Қанды бұт, көктемеде, пішті болды.
Лаққа, қашағанға сап жүргенде
120 Жайлауда ажал жетіп Құмаш өлді.

Аталып жым-жырт болды қаралы ауыл,
Деп халық құрметтеді: «азалы ауыл».
Құмаштың «бата оқырын», орнын күтті,
Жиылып ауыл-аймақ, аға-бауыр.

Жаз шығып, қысыменен бір жыл өтті,
Болады азаның да уақыты шекті.
Келер жыл ел жайлауға шыққан кезде,
Құмаштың асын берер мезгіл жетті.

Халыққа сауын айтып хабарлатты,
130 Шақырып бір зәңгі елді аралатты.
Құмаштың жылдығында ат шаппақ боп,
Ұстасып дәмелі атты ел жаратты.

Сол жылы толған кезі Қоңыр беске,
Жаратты оны дағы алып еске.
Жасынан ат баптаған бапшыл Теміш
Терін ап таң асырды әрбір кеште.

Сол асқа бестісінде шабылыпты,
Маңдайы әруақ қонып жарылыпты.
Көрмеген бұрын шабыс бітеу бесті,
140 Халыққа озып келіп танылыпты.

Жүйрікке қусырылар тау даласы,
Ондайда ішілмей де қалған асы.
Сол атқа өлгенінше мініп шапқан,
Бар екен Оразқандай ер баласы.

Жарысқа қосылыпты сонан бастап,
Жүйрікті нелер саңлақ артқа тастап.
Делініп Құмаш Қоңыр даңқы шығып,
Келіпті нелер той мен болған аста-ақ.

Жарасқан қазақ ауылы жайлауында,
150 Желіде жылқы үйездеп байлауында.
Біреу кеп, біреу кетіп сабылысқан,
Жиылып қымыз ішіп жайлы ауылда.

Жайлау бір — жан жәннаты теңегенге,
Көрген де, құмартады көрмеген де.
Десеңдер бұл қай жайлау — Қоңыробасаз,
Көресің Күптен өтіп өрлегенде.

Арасы екі таудың жасыл алқап,
Көсіліп жатыр сұлап, төсі шалқақ.
Қонғанда бақытты елі осы сазға,
160 Ас пен той көрген емес бұдан тарқап.

Болғанда солы — Барлық, оңы — Майлы,
Суы бал, шөбі шүйгін малға жайлы.
Қайқайып сары тауға жатыр тіреп,
Бетіне ап кербезденіп күн мен айды.

Қадалып Сарышоқы тұр шекараға,
Оңды-сол көз жіберіп тау-далаға.
Масайрап ертеде елі ірге жапқан,
Мыңғыртып төрт түлігін сай-салаға.

Шығысын Жайыр жатыр көлденеңдеп,
170 Арудай қос етекті көлбелеңдеп.
Майлыда думанды бір той бар десіп,
Дүбірін естіген жұрт жүрді елеңдеп.

Ошамбай той жасамақ осы жазда,
Мыңғырған төрт түлігі, дәулеті аз ба?!
Бір зәңгі ел атантайды жұмылдырып,
Үй тікті бие байлап Майлысазға.

Жасамақ жалғыз ұлдың сүндет тойын,
Ту бие, семізінен сойып қойын.
Шақырып бір ауданды негіз етіп,
180 Бөлемек жыр думанға саздың бойын.

Ел келмек шақырған соң әр тараптан,
Хабарлап әрбір жерге хат таратқан.
Тойына Ошамбайдың қосамыз деп,
Ұстасып дәмелі атын ел жаратқан.

Дағдылы жүйріктер бар жұртқа таныс,
Ежелден жібермеген сыртқа намыс.
«Тойына Ошамбайдың барамыз» деп,
Әр жерде болып жатты қара жарыс.

Байлаған Ошамбай да Құбақұсын,
190 Тойына баласының қоспақ үшін.
Сырт елдің аттарымен үгістіріп,
Қандырмақ Құбақұстың тұяқ құрышын.

Қоя ма жініктірмей мұндай дүрмек,
Барғандар той қызығын көзбен көрмек.
Аттарын демалдырып баптау үшін,
Сырт елдер жері қашық бұрын келмек.
Сол мезгіл сегізінші айдың іші еді,
Күреңдеп құбаң тартқан жайлау түсі.
Бір ай бұрын бұл тойға ел жінікті,
200 Болғанынан қызық боп боладысы.

Сол тойға біз де жүрдік төрт ат алып,
Бас болып Бестіайғыр би ел құралып.
Біреуі елге әйгілі Құмаш Қоңыр,
Көрмеген ас пен тойдан сірә қалып.

Бір қонып жетіп бардық Жайыр жондап,
Тойына шақырған соң сәлем жолдап.
Барлығы атымыздың дәмелі аттар,
Сенім бар келер деген аруақ қолдап.

Келісіп жатыр екен елдің алды,
210 Біздің де дабырымыз сазды жарды.
«Құмаштың Қоңыр аты келіпті» деп,
Ішінен тамсандырды пейілі тарды.

Найманды келді сол күн Таңғыт бастап,
Алдынан құрмет қылды ел қолпаштап.
Түсірген ақбоз үйде жатты Таңғыт,
Кермеге Құла бәйге атын байлап.

Кермеде құлақ тігіп тұрды Құла,
Найманды өз кезінде тыйған бұ да.
Маржандап, құйрығына тағыпты үкі,
220 Жалына тұмар байлап жазып дұға.

Келісті қаладан да Шәңке мінген,
Ол кезде еш адам жоқ күңке мінген.
Ішінде бір ауданның дос-жараны,
Бәрі де хабарланған ерте күннен.

Он сұмнан Қолқа келді Мәден менен,
Бірқанша топ көрсетіп адамменен.
Мансапты: бірі үкірдай, бірі ілгідай,
Әр түрлі құрметтелді тағамменен.

Ат келді жалаулаған олардан да,
230 Бұл тойға келе алмаған қалды арманда.
Біз мұнда тауыса алмаспыз санап атты,
Көрерміз кімдер озып жүлде алғанда.

Жиылған уақ, керей Жайыр, Майлы,
Сол жылғы ел көңілді, жаз да жайлы.
Айғайлап, шапқылаған бала да көп,
Жайдақтап тайға мінген ашамайлы.

Тік тұрды күтушіге атантайлар,
Ел келді әр ілуден айдар-айдар.
Құйылып сары қымыз сапырылып,
240 Сойылды қысыр емген асау тайлар.

Түсірді басалқалар елді реттеп,
Құрмет қып келгендерді тойға беттеп.
Түйеге кілем жауып, артып саба,
Кеп жатыр тойлығына тай жетектеп.

Кермеде ала да тұр, құла да тұр,
Көк тарлан, жирен менен, бөрте мен сұр.
Кешіріп көздерімен саңлақтарды,
Сараптап сыншылар да аралап жүр.

250 Талай қарт, нелер сыншы қайтты көріп,
Түрліше әрбіреуі баға беріп.
«Салпы ерін, салқы төсті деген осы» —
Деп Қызыр баға берді о да келіп.

Кермеде тұрды Қоңыр көлденеңдеп,
Дүбірге құлақ тігіп, тұрды елеңдеп.
Сүзулі құйрық-жалы, үкі таққан,
Белгілі келсе дағы кім «көрем» деп.

Тойлыққа маталды тай қысырақтай,
Байлатты бір орынға бытыратпай.
Қызықты бастау үшін басалқалар,
260 Той соңын атқа аударды тым ұзатпай.

Дүр беріп атқа мінді жиылған топ,
Орнықты ат тосатын майданға кеп.
Басқарып айдаушымен шығарды атты,
Уақытты кешіктірмей айдалсын деп.

Айдалды Күпке таман ылдилатып,
Талдырып жұрттың көзін бұлдырлатып.
Бейне бір көктемдегі көшкен бұлттай,
Адырға бара-бара кетті батып.

Жорға мен кезек келді балуандарға,
270 Жығылған-жыққан да бар барғандарда.
Шіреніп, үзеңгісін тайпалдырып,
Жорғасын шықты арманнан салғандар да.

Теңге ілу, қыз қуудың көп кезегі,
Қызыққа жұртты баурап кеткен еді.
Елеңдеп қалың қауым тікті көзін,
Мезгілі ат қайтатын жеткен еді.

Көпшілік бәйгеге атын айдатқанда,
Қап еді пәлейге үміт байлап қана.
Арада біраз қызық әңгіме өтті,
280 Шаң қылып Күп даласын ат қайтқанда.

Жөнелді ө дегенде ат түйдектеліп,
Бұл тойда ат қосқан көп дүрмекке еріп.
Дейтұғын әудем жерден ұзамай-ақ,
Кейбір ат текіректеді сүрдекке еріп.

Бір топ ат жеке кетті топ ішінен,
Көрінді кейінгіге көз ұшынан.
Ішінде ала да бар, қылаң да бар,
Танысу болмай кетті ат түсімен.

Ішінде Оразқан бар осы топтың,
290 Құмаш Қоңыр желпінген, онсыз жоқ күн.
Бала сырлас, ат сырлас қайда барса,
Шаңын көрген екеуі талай көктің.

Сытылып топ ішінен шықты алдыға,
Көрген емес түсіріп жұртты алдына.
Көк жазық, кер қапталды сара тіліп,
Қырқалап келді кіріп бұйра адырға.

Бір үлкен сары қайқаң асты белден,
Көңілде қауіп те бар бөтен елден.
Жарқ етіп бір тұмсықты айналғанда,
300 Екі адам шыға келді таса жерден.

Ойлады маған қатер осы ма деп,
Қапыда кім ойлайды досым ба деп.
Жалт бұрып жар жағалай өрлей қашты,
Айғайлап шапты екі адам «шошыма» деп.

Көзіне бөтен адам сияқтанды,
Шұбама өтетін жол қиыс қалды.
Танымай қапылыста қашамын деп,
Келді де терең жарға тұйықталды.

Екі адам өзі елінен шығыпты алдан,
310 Тосқауыл бола ма деп қауіптенген.
«Қорықпай аттың басын қоя бер» деп,
Секіріп алып шықты биік жардан.

Жолына қайта шауып ойысқанда,
Үзілді секіргенде құйысқан да.
Бірнеше ат озып алға шыққан екен,
Бір жалды босқа айналып қиысқанда.

Жануар тағы да үдеп кете берді,
Қараға алдағы озған жете берді.
Оразқан сипай ғана дегенде,
320 Аттарды бірден тастап өте берді.

Шытымен сүртті Оразқан аттың көзін,
Дегендей құлаштайтын келді кезің.
Барлықтың қоңыр самал желінде ойнап,
Қырандай көктегі ұшқан сезінді өзін.

Көк адыр таусылмады қандай шапса,
Тұрады бірі дайын бірін асса.
Өмірінде өзі туып көрмеген жер,
Секілді адасқандай жаза басса.

Келеді Барлық қалмай көтермелеп,
330 Ұрандай қолтығынан Жайыр демеп.
Келеді ауыздыққа сүйей шауып,
Жібермей, кейде басын, кейде тежеп.

Адырдан кесіп асты неше қабат,
Қайқайып Майлы жатыр жайып қанат.
Иір жол қырқа мойнақ байқатқан жоқ,
Тақымдап қуып жетті бір ақбоз ат.

Келсе де құстай самғап оза алмады,
Жабысып, тізгіндесіп боз қалмады.
Қағылез баласы да көрінеді,
340 Қадалып Оразқаннан көз алмады.

Бір кезде шықты бұлар бет ашыққа,
Жүйрікке зымыраған жер қашық па?!
Бір баран, бір қыланды ел де көрді,
Шыққанда шаң боратып кең жазыққа.

Ошамбай дүрбі салды көп ішінен,
Ол мүлде үмітті екен бір түсінен.
Көрді де құба қасқа ұқсатпады,
Алысты болжайтұғын дүрбісімен.

Келеді екі бала елбелеңдеп,
350 Дүбініп шуылдады жұрт та елеңдеп.
Бөлініп керешіден бір-екі адам,
Айқасты бір ояңнан көлденеңдеп.

Ояңнан баран шықты, қылаң қалып,
Келеді сары ала атты айғай салып.
Ілінді ө дегенше ел шетіне,
Танылып жалпы көпке ұрандалып.

Айғайлап шыға келді Ережепбай,
Тұр екен килігуге қара таппай.
Долданып керешіге жала жапты,
360 — Атымды қылады, — деп, — неге қақпай?

Таласқан сөз тудырды ат жарысы,
Айғайға құлақ тікті жас-көрісі.
Тебініп Әбікей де шықты атылып,
Қашанда ерді өлтірер ел намысы.

Майданда тепектесті екі көкжал,
Бірталай сөз ұзарып, болды кермал.
Бұлардың егеріне бөгде халық
Біле алмай не айтарын тұрды делдал.

Сөз қалды сыйласымды сіз бенен біз,
370 Көріп тұр жиылған жұрт мың менен жүз.
— Арманда болсаң, атты қайта айдалық,
Әбікей деді сонда: — Тігелік қыз!

Бұлардың ашу буды тыныстарын,
«Мә» десіп суырысты қылыштарын.
Араға Қызыр келіп түсе берді,
Тектеуге керешіден жұмыстарын.

Құптады Қызыр сөзін халық жұрты,
Басып тұр сол аумақты Қызыр ырқы.
Шақырып керешіден сөз сұралды,
380 Ұлғаймай шешілсін деп істің кілті.

Сөйледі көзбен бұлар көргендерін,
Екі атқа әділ көңіл бөлгендерін:
— Хайуанның адал терін обалды етпей,
Жөн, — деді, — Қоңыр атқа бергендерің.

Екеуі келеді екен тізгіндесіп,
Тоспадық қылаң аттың алдын кесіп.
Қамшымен бір-бір салып өте шықтық,
Біреуі шыға ма деп бізге ілесіп.

Айғайлап өте шықтық жанасалап,
390 Ат бойы арамызды ауашалап.
Шылбыры келеді екен шұбатылып
Қоңырдың алып бердік бара сала-ақ.

Желі бар хайуанға бар ма шара,
Құлаштап Қоңыр шықты жеке дара.
Ұстасақ Қылаң атты қақпай қылып,
Тұрмай ма сұрасаңдар мінген бала?!

Шындықты кесіп айтты бұл екі алмас,
Көргенін жалған айтып жасыра алмас.
Жүлдесін Қоңыр аттың алмақ болды,
400 Әбікей енді ешкімге бас ұра алмас.

Тоқталды істің енді ақырына,
Түскен соң ашу тарқап ақылына.
«Жүйріктің жүлдесі ортақ деген бар», — деп,
Жүлдені үлестірмек ата ұлына.

Ұсынды қара жамбы шаңыраққа,
Мамырбек кешегі үлкен әруаққа.
«Бір арыс, кіндік қандас ата ұлы», — деп,
Берілді Құла бие жаңа уаққа.

Көктарлан ат боп шықты жолдан қосқан,
410 Құпия жасырынып алдын тосқан.
Бұл топта әшкере боп айтылған жоқ,
Кейіндеу анықталды адал достан.

Думанды тағы да бір көктем келді,
Жер көктеп, бәйшешектеп көркемделді.
Мал төлдеп, ағы шығып, саба пісіп,
Мал баққан жадыратты өркенді елді.

Төрт түлік бәрі төлдеп болған кезі,
Лықсып мал өріске толған кезі.
Қоныстан мал төлдеткен ел серпіліп,
420 Тасбастау, Азынаға қонған кезі.

Сылдырап сай-саладан тасбұлақтар,
Үйірге жылқы тұрып, тай ойнақтар.
Әр жерде жылқылы ауыл бие байлап,
Аз уақыт бұл қонысқа ел тұрақтар.

Сай-сала, орман, бүрген ақбастаған,
Бұл жылы өсімдік жоқ гүл ашпаған.
Көңілді жасыл жайлау кездерінде,
Қай қазақ ас пен тойда ат қоспаған?!

Ел көңілін жайлы қоныс, өріс табар,
430 Жайдақтап, тай үйретіп, бала шабар.
Жайлауға көшіп халық шығар кезде,
Бұрқ етіп шыға келді мынау хабар.

«Ас бар деп Тарбағатай алқабында»,
Бір аймақ сауын айтып ел халқына.
Құрметтеп кәрі Жаңжүнге ас беруді,
Сиғызған әр ұлт халқы өз салтына.

Бұл хабар жылы тиді кімде-кімге,
Баруға кім құмартпас бұл дүбірге.
Боздаққа үй тіктіріп, бие байлап,
440 Міндеттеп бұйрық берген дөруілге.

Жалғатып хабарлатқан күнді түнге,
«Бір тоғыз аты озғанға, — депті, — жүлде».
Бұл асқа Қоңыр атты апармақ боп,
Мансапты жүрмек болды зәңгі, күнде.

Байжұма шақыру кеп хабарланған,
Жүруге атты алдырып даярланған.
«Жаратып атын Теміш берсін» деген,
Темішке келді хабар шабарманнан.

Ауылыма пәлен күні келсін, деген,
450 Соңымнан жолдасым боп ерсін, деген.
Мінгізіп баласына сырын білген,
Қызығын көзіменен көрсін, деген.

Сол жылы қоя берген Теміш атын,
Бұрыннан естімеген астың даңқын.
Ішінен арманда боп көп өкінді,
«Болған соң амал жоқ, — деп, — уақыт жақын».

Дегендей жүйрік бақсаң, бабымен шап,
Бәйгеден ат келе ме болмаса бап?!
Табаны жануардың суысын деп,
460 Жүрсін деп қоя берген бір жыл аунап.

Қайтарды жөнін айтып шабарманды,
Кім білсін шабарман да не деп барды?
«Бермесе ұстап ап кел өрісінен»,
Бұйырды қайта бар деп Даниярды.

— Көрмесе қадірімді көргізейін,
Бермесе әмірімді жүргізейін.
Көзіне көк шыбынды үймелетіп,
Ұстатып шабарманға мінгізейін.

Осылай ашуланды өз үйінде,
470 Неліктен болмайды деп ат күйінде.
Шаптырып шөнге дереу хабарлауға,
Келіпті ақырында сол түйінге.

Дейтұғын бір шабарман келді Адамбай,
Шабарман тек жүре ме жай адамдай:
— Атыңды тез тауып бер, шән бұйрығы,
Қайтамын уақыт шұғыл, аялдамай.

Бермесең кетем дейді өзіңді алып,
Бермесең шөнге жауап дереу барып.
Қамалып абақтыға дүре жемей,
480 Онан да атыңды бер өзің қалып!

Ұстатты шән бұйрығы атты зорлап,
Тұрған жоқ тым болмаса зәңгі қолдап.
Сарыала қылышы бар белге асынған,
Түнерді жауатұғын бұлттай торлап.

Түйілген ат келген соң бұлт ашылды,
Нажағай шатырлаған көк жасыл-ды.
Ауылына Байжұманың алып келіп,
Суытып атты сол түн таңасырды.

Қуанды Байжұма да көңілі өсіп,
490 Тұра ма ат келген соң енді тосып.
Артыңнан көп кешікпей барайын деп,
Мінгізіп Оразқанды берді қосып.

Жеткенше аттың күйін берді ұқтырып,
Көбірек байлатыңыз суыттырып.
Бетке алып жаздың кешін түн қатпақ боп,
Жөнелді бір топ адам суыт жүріп.

Үкірдай дөртуілге Ысқақ екен,
Боздақты, Саржиекті қылған мекен.
Боздаққа үй тіктіріп, бие байлап,
500 Ұстаған дайындыққа елді бекем.

Иірген жұмылдырып дөртуілді,
Өткізбек жауапты боп бұл дүбірді.
Елінен Қанағаттың алып келіп,
Жаратқан белдеудегі Көкбурылды.

Жаратып Бурыл аттың тілін буған,
Оған да үлкен сынақ осы думан.
Жаратып көлеңкеде сұлы беріп,
Суарған уақытында тұнық судан.

Жиналған Тарбағатай — қазақ, қалмақ,
510 Келіпті сыннан өткен нелер саңлақ.
Жоқ емес кейбіреуде күпіршілік,
Жүлдені болып отыр шаппай алмақ.

Барлық ұлт бас қосыпты ұйғыр-орыс,
Бір аймақ Құлыстайды қылған қоныс.
Бұл астың осы жолғы қаражатын,
Шығын қып ел үстіне бөлген болыс.

Көңілі құлпырған жаз, алғаш бүрлеп,
Сапырып қымыз ішкен ел дүрілдеп.
Боздаққа тіккен үйлер жарасып тұр,
520 Байланған белдеуіне ат үкілеп.

Қатарлап көше қылып тігілген үй,
Бас қосты зәңгі, үкірдай, бек пенен би.
Кіргізіп осыларды әсем үйге,
Ерекше басқалардан бұларға сый.

Күй төккен ақын да бар домбырадан,
Қала ма мұндай дүбір-дабырадан.
Айттырып қисса-дастан ортаға алып,
Тыңдаған үй айнала жабыла адам.

Тартып жүр күтушілер атпен табақ,
530 Көсілтіп жөнеледі жорға сала-ақ.
Арасы тай шаптырым болмаса да,
Тігілген ас үйлер де ауашарақ.

Келісті дутың, халдай, кожаң мен шән,
Бұл асқа беріп отыр олар да мән.
Осындай ұлттық, бірлік, зор ынтымақ,
Боп отыр әділ қожа Жаңжүнге тән.

Әр түрлі болып жатты сән-салтанат,
Қара нор ауыл сырты байланған ат.
Артынан кешікпестен о да жетті,
540 Теміш те ат иесі қыла алмай дөт.

Өзің бақ, өзің бапта атты десті,
Жөнге ұстап отыр еді қоңыр кешті.
Сыншы ма, әлде жайын адамдар ма,
Келді де бір топ адам амандасты.

«Осы ма Қоңыр саңлақ?» — деді біреу,
Ішінде ұзын бойлы, көк шегірлеу:
«Жылқының желаяғы екен, шіркін,
Бірақ та болар ма екен сәл семіздеу.»

Үңіліп көз айырмай тұрды сынап,
550 Басқадан ұғыспады жайын сұрап.
Байқалды ат көңіліне ұнағандай,
Қояды анда-санда орысшалап.

«Күрс» етіп әдетінше ат жусады,
Көрсетіп ат тұлғасын көп тұрмады.
Ішінде орта бойлы тағы біреу,
Ол көріп ат тұлғасын, жақтырмады:

— Ат, — деді көре сала, — бір сезгірсіз,
Ұйқысы мынау жатқан тым мезгілсіз.
Осындай ұлы дүбір, айғай-шуда,
560 Тұра ма құлақ тікпей елегізсіз?

Әйтеуір, дегенімен тегі жылқы,
Жүйрікке ұқсамайды мұның сиқы.
Қан түсіп аяғына зорыққан ба,
Болмаса тегін емес мынау ұйқы.

Сөйлеп тұр албырттанып атты қорлап,
Тұрған жоқ оның сөзін анау қолдап.
Сөйледі ұзын бойлы сонда сыншы,
Ат сынын былай айтып берді талдап:

— Етсіз бас, қайшыланған құлақ мынау,
570 Болаттай шеге батпас тұяқ мынау.
Алдыма бұл бәйгеде не түсед деп,
Кербезсіп ұйықтағаны қунап мынау.

Ат екен шабысынан сірә танбас,
Ұйықтаса кешке шейін ұйқы қанбас.
Құлаштап қолтығынан жел қауласса,
Жылқыда төрт аяқты мұны шалмас.

Көтендік үңірейген міне көрсең,
Жел қаулар тақымыңнан шауып желсең.
Сойқиған сиықсыздау ат екен деп,
580 Бола ма сынын таппай баға берсең?!

Арасы екі бұттың ел көшкендей,
Пысқырса, шаң боратар жел ескендей.
Ішінде бұл майданға келген аттың,
Жылқы жоқ шауып бұған ілескендей.

Жайырдың суын ішіп, шөбін жеген,
Ат тумас жылқы малдан осыған тең.
Көңілге қай тұлғасы олқы боп тұр,
Кәнеки, ерік бердік, сөйлеші сен.

Сөзіне көк шегірдің жұрт таңғалды,
590 Абайлап албырт сыншы о да аңғарды.
«Қызығын нақ майданда көреміз» деп,
Көк шегір еңсегей бой кетіп қалды.

Сыншының бәрі көрді орыс-қазақ,
Ат десті қайсыбіреу өрісі ұзақ.
Бағысты көздерінен таса қылмай,
Қастандық құра ма деп біреу тұзақ.

Сол күні таң атқан соң ас тарады,
Халыққа аттануға жар салады.
Ауылдан қара нор боп жұрт аттанды,
600 Деген соң ат шабады, кім қалады?!

Біреулер таластырып біреумен бақ,
Өзінше ат қосатын бәрі де озбақ.
Ашылған жәрмеңкенің базарындай,
Ат бәйге әр көңілде тұрды маздап.

Соғып тұр тау самалы қоңырлатып,
Ел келді қара дөңге шоғырланып.
Шайнаған ауыздығын саңлақтар да,
Ширығып арындайды обырланып.

Әркімдер алып шықты саңлақтарын,
610 Санаққа керешілер алмақ бәрін.
Ішінен жалбарынып сиынады,
Қолда деп ата-бабам әруақтарың.

Қылады ат қосқанның бәрі де үміт,
Келері кімнің аты ойға күңгірт.
Басына Оразқанның ақ шыт тартып,
Қойнына салып берді бір қызыл шыт.

Ұқтырды құпиялықты Оразқанға,
Шеттей шап, түспе деді тозаң-шаңға.
Сүйей шап ауыздыққа, тым қысамай,
620 Келгенше жер ортасы Дамылтамға.

Сынап тұр керешілер қолын нұсқап,
Қоңырды ішін тартты көріп Ысқақ.
Ішіне қалың аттың қосылғанда,
Қоңыр да есінеді перісі ұстап.

Жануар есінеп тұр еміс-еміс,
Тәубе етіп маңдайынан сипап Теміш.
Ішінен құпиялап ырымдады:
«Жолың боп аларсың, — деп, — бүгін жеңіс».

Сәйгүлік келген бәрі жайсаң, қасқа,
630 Барлық ат түгенделді келген асқа.
Айтысқан сыншылар да Қоңыр атты,
«Бурылға қауіп жоқ, — деп, — мұнан басқа».

Майданнан кетпек болды жөткеліп ат,
Жөнелді айдаушылар өткеріп ап.
Теміш те шығарып сап қайта оралды,
Киімін Оразқанның бөктеріп ап.

Жөңкіліп бұлттай көшіп ат айдалды,
Көп жүріс абыр-сабыр ыңғайланды.
Желкесі Сасықкөпір Дербілжіннің,
640 Қайтатын белгіледі сол майданды.

Үзілді ел көзінен қарасы аттың,
Ас пен той басын қосар жамағаттың.
Бөлініп екі жаққа балуан салды,
Даңқты күшін сынап азаматтың.

Түсірді Майлы-Жайыр Елубайды,
Халайық бата беріп, қолын жайды.
Арысқа бұдан бұрын талай түсіп,
Жүлдеге алған шапан, нелер тайды.

Түсірді Тарбағатай Темірбекті,
650 Үңістеу жігіт екен сом білекті.
Шыққандай жеке батыр нақ майданға,
Қағысты жарқылдатып аппақ етті.

Дегендей «Ел намысы — ер намысы»,
Аты озып, балуан жықса ел табысы.
Ежелден Елубайдың әдеті екен,
Ішінен қырындай кеп бір шалысы.

Темірбек күш көрсеткен барысымен,
Белдесіп өзі теңдес арысымен.
Десті жұрт Елубайдың күші артқан жоқ,
660 Қапыда түсірді деп шалысымен.

Балуанға түсіп жатты дәмелілер,
Көруге мұның бәрін уақыт білер.
Қалды деп ат қайтатын уақыт таяп,
Дүбінді дүрбі салып керешілер.

Қайтатын ат айдалып барды жерге,
Туылды қарбаластық тұрған елге.
Бөлініп керешіден бір топ адам,
Дейтұғын Түлкібұлақ шықты белге.

Белгілі Сасықкөпір құлдаған жар,
670 Қалың ел, екі жағы жайылған мал.
Қатарлап балаларды тұрғызды да,
Дауыстап қайтатұғын берді сигнал.

Бұрқ етіп қайтқан жерді тозаң басты,
Ұшырды ат тұяғы құм мен тасты.
Балалар бірін-бірі көрмей кетті,
Алдыңғы ат топырақты артқа шашты.

Қайтқанда Сасықкөпір арасынан,
Суырылып Бурыл шықты алғашынан.
Құлаштап барған сайын ұзай берді,
680 Қара озып бара-бара басқасынан.

Сол бойы шыға сала Бурыл кетті,
Ат екен тыйып жүрген арғы бетті.
Қуырып жер апшысын қусырмалап,
Тақымдап Оразқан да қуып жетті.

Жеткенін көрді бала артқа қарап,
Бурылға қамшы басты көре сала-ақ.
Ойында Оразқанның дәнеме жоқ,
Өтпек боп иықтасты жанасалап.

Шап беріп ұстай алды шылбырынан,
690 Байқады жібермесін қимылынан.
Бала екен әлеуетті, ересерек,
Ұстады бір қолымен иығынан.

Алысты ат үстінде екі бала,
Ешкім жоқ қастарында, жеке дара.
Алысып олай-бұлай жолдан шықты,
Таба алмай құтылуға ешбір шара.

Бала емес бұрын таныс, өскен құрбы,
Демесе бүгін ғана бірге жүрді.
Дөңіне Түлкібұлақ шығып тұрып,
700 Көрісті керешілер салып дүрбі.

Қайықшы тірелгендей кемешіге,
Бір әділ кезігер ме төрешіге?
Дутыңның алдындағы тілмаш екен,
Ыдырыш шыққан екен керешіге.

Шылбырды келе сала жұлып алды,
Ат басын Оразқан да бұрып алды.
Азырақ қатарласып шауып жүріп,
Құтқарып Оразқанды жолға салды.

Оразқан шықты алдыға босанған соң,
710 Қапыда еріксізден ұсталған соң.
Ысқырып Қоңыр ат та құлаштады,
Қолтығы, құлақ түбі бусанған соң.

Бөктерін Қара қабақ алқымдатты,
От шығып табанынан жарқылдатты.
Абайлап Оразқан да мөлшерлесе,
Қараүңгір өзеніне жақындапты.

Суынан келіп өтті Қараүңгірдің,
Аяғы қоюлады Көкбурылдың.
Бір баран жеке шығып келе жатыр,
720 Мәлімсіз аты екені қай рудың.

Телміріп көзін қадап көріп тұр жұрт,
Тұра алмас ат келгенде қазақ жым-жырт.
Жақындап елге таман таяғанда,
Көрінді басындағы шыты қызғылт.

Артынан бір ат шықты Бурыл деді,
Көк те емес, баран да емес, күлгін деді.
Қолдырап келе жатқан атын танып,
Ысқақ та қуанышпен күлімдеді.

730 Теміш те атын көріп тұра алмады,
Қай қазақ ат келгенде қуанбады?!
Қақ жарып қалың топты өте бере,
Шырылдап Оразқан да ұрандады.

Апарып Оразқанды сусындатқан,
Кеберсіп бет-ауызы қуқыл тартқан.
Аймалап Қоңыр атты тұрған кезде,
Әбікей түртіп қалды Темішті арттан:

— Қадап тұр Қоңыр атқа Таңғыт сұғын,
Шақырып қонақ қылмақ сені бүгін.
Арбап тұр Байжұманы «ертіп жүр» деп,
740 Жыланның жеті басты баспа түгін.

Шырағым, тілімді алсаң, көп кідірме,
Аялдап Байжұмаға сыр білдірме.
Алданып өңешінен өтіп кетсең,
Таңғыттан ала алмайсың қыл бүлдірге.

Жүлде алып шығып едік ішке кіріп,
Шақырды Байжұманы Таңғыт күліп:
— Көз айдын болдың ба, — деп, — Жұма зәңгі?
Ап шықты ауашалап менен жырып.

Деп айтты естіп тұрдым айтқан сөзін,
750 Жымындап ашып-жұмды екі көзін.
— Еңсенің дәулетінде тең өсіп ек,
Бір жұмыс істейтұғын келді кезің.

Түсіп тұр екінші рет тағы да ісім,
Бір кезде әперіп ең Бектің құсын.
Сол құсқа Қысырақ деп ат қойып ем,
Өзіңнің абыройлы даңқың үшін.

Алып бер Қоңыр атты не қылса да,
Қалыңсыз құдаласып қыз алса да.
Сатпаса, құдаласып дос болайық,
760 Шыдаймын қолқасына не салса да.

Ертіп жүр қонақ болсын ауылыма,
Айтқаның өтер Теміш бауырыңа.
Қолыма жануарды бір тигізсең,
Бағар ем күн тигізбей сауырына.

— Үкірдай, бұл талабың ауыр болар,
Қызығып малға сатпас атын олар.
Құдалас, не тамырлас деп көрейін,
Осылай шырғаласам қолға қонар.

Байжұма ертіп бару міндет алған,
770 Темішті таба алмады, кетіп қалған.
Тұзағын екеуінің бастырмастан,
Әбікей естіп қойып жолға салған.

Аялдап ат суытып дем алмастан,
Теміш те қауіптеніп қайтыпты астан.
Түн қатып, жаздың кешін бетіне алып,
Таң ата Өшеті өрлеп, асу асқан.

Қоңыр ат жауға түскен үйірімен,
Жылқының ілесіпті дүбірімен.
Барғанда Салкінтінің бөктеріне,
780 Аунаған оқ тигендей бүйірінен.

Ойлаған жортуылшы әрбір ойды,
Тірідей біреу іреп, біреу сойды.
Дөңбекшіп, екі жақтап жатып алды,
Айдаса, жетелесе жүрмей қойды.

Ұрының біреуі айтқан: «Аталық, — деп, —
Немесе мұны тосып жаталық», — деп.
Бірі айтты: «Ақыр өлер, қала берсін,
Хайуанды атып кету қаталық», — деп.

Сонан соң тастап кетті жүрмеген соң,
790 Қайтеді сырын оның білмеген соң.
Сойдиган сиықсыздау ат екен деп,
Көзіне тастап кетті ілмеген соң.

Тұрыпты жау кеткен соң қарауылдап,
Баптаған өзін-өзі аунап-қунап.
Нор қара келе жатқан қуғыншының,
Жануар тосып апты алдынан нақ.

Қоңыр ат қуғыншыға тұрды қарап,
Айдалып қуғын көріп, алған жарап.
Мойнынан Теміш келіп құшақтады,
800 Жасынан мінген аты жанға балап.

Қасейін дереу сонда ерттеп мінген,
Батыры жауға шабар, өзі мерген.
Мөлшерлі дамылдайтын жері сол деп,
Суына тораңғылы жетіп келген.

Дем алып, тамақтанып жатқан жайрап,
Аттарын жалаңаштап қойған байлап.
Қуғыншы бір топ адам кеп қалды деп,
Отырған қарауылшы кетті айғайлап.

Қамданды жортуылшы атқалақтап,
810 Ер салды аттарына сасқалақтап.
Басқасы ат ерттесіп мінгенінше,
Біреуі далдаланды мылтық оқтап.

Жылқыны шыға берді тастады да,
Бет алды сай-салаға қашқаны да.
Артынан аз кідіріп о да кетті,
Мылтығын оқ жаудырып атқаны да.

Мылтықтан Қасейін де оқ шығарған,
Шығыпты кегі қайнап шер құмардан.
Көсілтіп Қоңыр атпен орай шауып,
820 Тұрғыны бұрын алды Орылданнан.

Орылдан екеу түсіп, біреу кеткен,
Болған соң ат пен жігіт бірдей өктем.
Оны да қуып жетіп түсіруге,
Атты атып кете ме деп қауіп еткен.

Ала аты Мәсәлидің оққа ұшыпты,
Оқ тиіп қос өкпеден жер құшыпты.
Ала аттың бодауына татитұғын,
Ұрыдан жирен қасқа ат түсіпті.

830 Мәсәли қасқа атты көріп таңдап,
Ұрыны қолға түскен алды байлап.
Дем алып, сол бастаудан тамақтанып,
Қайтысты аман-есен жылқыны айдап.

Түсірген Орылдандай тонаушыны,
Бәйгенің бір басында толы-ау сыны.
Осылай дүйім елді қуандырған,
Хикая Қоңыр атта мол-ау, шыны.

840 Жануар сүт ішсе де, жем жемеген,
Жандыға Теміш оны теңемеген.
Дейтұғын күйсіз-күлік осы-ақ болар,
Етінің артық-кемін елемеген.

Жаз болса белдеуінен кетірмеген,
Тойынып жайылмаған еркіменен.
Өмірі шабыспенен өтсе дағы,
Бір жері тұяғының кетілмеген.

Шабылмай жылдары жоқ желпінбеген,
Тайлақтай жетелесе елпілдеген.
Айтылып жұрт аузында жүрсе дағы,
Күй болып домбырада шертілмеген.

850 Мінбесе белдеуінде жусап жатар,
Ұйқысы құрыштаған шапса тарқар.
Өрісі кешке шейін желі басы,
Сүт берсе бие сауып көнек сарқар.

Жүрмейді мініп шықса жамандыққа,
Еседі желмаядай алаалдыққа.
Ұстасып бозбалалар түнде мінсе,
Баспайды селкем-секеу арамдыққа.

Белгісі — жүрмесінде сипақтайды,
Асаудай бас білмейтін қылжақтайды.
Сылқ етіп жүрмесінде жата кетер,
860 Ұрса да тұрғызам деп міз бақпайды.

Ат емес тағаланған өмірінде,
Өссе де қату таудың өңірінде.
Көз көрген сол кездегі қауым жұрттың
Сақталған әңгіме боп көңілінде.

Соқиған сиықсыздау дейді түсін,
Онда жоқ көркемділік, сұлу мүсін.
Шапса да қараңғыда бір сүрініп,
Қақтырмас тас түбірге тұяқ ұшын.


Ат емес арқандалып, шідерленген,
870 Суытып қоярында бос жіберген.
Жетімдік құлын күнгі әдет болып,
Сол мінез өлгенінше өзгермеген.

Дәуірім шабыт беріп түсірді ойға,
Білгенді деген бар ғой айтпай қойма.
Сан рет Оразқан да айтып еді,
Барғанын сол атпенен ас пен тойға.

Жастарым, міне, осындай ат болыпты,
Үлкендер менен біраз нақ көріпті.
Сол ат пен Саршолақ құс қатар шығып,
880 Темішке сол екеуі бақ болыпты.


Жүйрік ат, қыран бүркіт — ер жолдасы,
Елге ортақ көмбесінде ат олжасы.
Шығарған ер атағын, елдің даңқын,
Жайырдың Арпасалған өз тумасы.

Табылған бәрі өзінен сыншыларға,
Абайдың айтқанындай әр тұлғасы.
Қашанда жандыға өлім бар емес пе,
Өліпті он жетіге келіп жасы.
Ит иіскеп, қарға-құзғын шоқымайтын,
Сақталған бір жартаста кесер басы.
Тарихын жануардың жинақтатқан
Бүгінгі заманымның той мен асы.
Даңқы бар саңлақтардың бұ да бірі,
894 Толғаса ақын, күйші, домбырашы.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

НҮРҒАЗАРЫН

Дастанның 1916 жылы Қазан қаласында басылып шыққан нұсқасы жүзтомдықтың 9-томында «Мәлік Хасен» деген атпен жарық көрді¹.

Шығарма 1917 жылға дейін Қазан қаласында бірнеше мәрте басылып шыққан. Атап айтқанда, 1883, 1888, 1890 жылдары «Чирков мұрагерлері», 1894 жылы «Университет», 1902, 1912 жылдары «Домбровский», 1916 жылы «Мұғариф» баспаханаларынан жарық көрген. Аталған басылымдардың кейбір көшірмелері ӘӨИ-дің қолжазба қорында сақтаулы:

Мәлік Хасен қиссасы. ӘӨИ, Ш.1105, 1-дөп., 93 бет, араб әрпінде. Жинаушысы — Мәулен Тайұлы. Қолжазбаны 1987 жылы Сырбай Мәуленов Сәрсенбі Дәуітов арқылы тапсырған.

Марғұзар немесе мәлік Хасен. ӘӨИ, Ш.1000, 23-42 бет, араб әрпінде. ҚР Мемлекеттік мұрағатынан (929 қор, 3-тізім) фотокошірме. Жинаушысы — Фазыл Жүсіпов. 1890 жылдары Баянауыл маңайында жазылған.

Қисса-и мәлік Хасен. ӘӨИ, Ш.1052, 72 бет, Мәшһүр Жүсіп Көпеев қолжазбаларының фотокошірмесінен машинкаға басылған².

Сонымен қатар дастанның бір нұсқасы 1995 жылы Ү.Сұбханбердинаның құрастыруымен «Батырлық дастандар» атты әдеби басылымда жарияланған³.

¹ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Хикаялық дастандар. 9-том. Құрастырғандар: А.Ақан, Б.Әзібаева, Ж.Рақышева. Мәтіндерге ғылыми түсініктеме жазған Б.Әзібаева. — Астана: Фолиант, 2004. — 263-325 б.б.

² Аталған кітап. — 360-361 б.б.

³ Батырлық дастандар. — Алматы, 1995. — 369-б.

«Нұрғазарын» дастаны да осы Қазан қаласында жарияланған кітаптар негізінде жаңғырта жырланғаны байқалады. Шығарма сюжеті, кейіпкерлері ұқсас. Тек Қытайдағы қазақ жыршылары түпнұсқалық сюжетті сақтай отырып, өз жанынан біраз шумақтар қосып, жырды дамытып, байыта түскен. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Қытайдағы қазақтар жырлаған «Нұрғазарын» мен «Бабалар сөзі» сериясының 9-томында жарияланған, 1916 жылы Қазанда басылып шыққан «Мәлік Хасен» дастанының өлең шумақтарын салыстырып көрелік.

**«Мәлік Хасен»
(1916 жылғы Қазан нұсқасы)**

Қор болмас бұл дүниеде
 Құдай деген,
Хикаят мен сөзлейін талай
 жерден.
Бар екен Сұлтанмахмұт
 падиша,
Шаһарының аты болар
 Борай деген.

Бар екен сол патшаның
 үш ұғылы,
Көп адам сұлтанатта
 болған құлы.
Бай екен көп патшадан
 сол заманда,
Қолында қисабы жоқ
 көп-ті пұлы.

Қылғаны әскеріне
 ойын-күлкі,
— Өзінің Құдай берген
 көп-ті мүлкі.
Дәулетіне әскері
 көп-ті лайық,
Өзінің көп халықтан
 артық көркі.

Гүлбаһрамның жыры:
— Әй, Хасенім, Хасенім,
Елу күн бірге жасадым.

**«Нұрғазарын»
(Қытайдағы қазақтар
жырлаған нұсқа)**

Қор болмас дүниеде
 Құдай деген,
Құдайға құр қалмайды
 жылай берген.
Болыпты бір патша
 Сұлтанмахмұт,
Шаһары Шаһинұр
 Борай деген.

Ақсүйек жеті атасы
 таққа мінген,
Бәрі де әділ болып
 дәурен сүрген.
Артылып атасынан
 Махмұт патша,
Көңілден көз жетпесті
 көріп-білген.

Елінде пақыр-міскін
 жыламаған,
Тең болып терезесі
 бірге жүрген.
Елінде ұрлық-қарлық,
 қиянат жоқ,
Қақ жарып қара қылды
 қырық тілген.

Гүлбаһрам сонда зарлады,
Көзінің жасын парлады:
— Аман бол, қалқам Қасенім,

Айрылман деп ойлаушы ем,
Ғайып болдың қасымнан.
Көңілімді қайтып шешесің,
Рұқсат алып шығарсың,
Айтқан сөзімді ұғарсың,
Жаһан кезіп жүруге,
Қарағым, Хасен, құмарсың.

Елу күн бірге жасадың.
Тірі қалды демесең,
Өлгенге бүгін ұқсадым.
Аз күн бірге жасадым,
Сен болсаң өрлеп тасамын.
Қасірет шегіп мен қалдым,
Қайғымды қайтіп басамын?

«Мәлік Хасен» дастаны — 2106 жол, ал «Нұрғазарын» — 2562 жол.

«Мың бір түн» ертегілерінен алынып, дастанға айналдырған бұл шығармада көптеген көне эпикалық, қиял-ғажайып ертегілік сюжеттер мен мотивтер көрініс тапқан. Атап айтсақ: «үш жолдың қиылысы» туралы мотив — көне эпостарда, ертегілерде жиі кездеседі. «Барса-келмес» жолға әдеттегідей кіші бала аттанады. Ол қиын жолда әкесінің тапсырмасын орындап, жеңіспен оралады. Патшаның түсінде көрген құсты үш баласының іздеуі де ертегілік сюжеттердің бірі.

Дастан кейіпкерлерінің ішкі дүниесі, қайғы-мұңы монолог, диалог түрінде беріліп, сезімдері ашылып көрсетілген.

Профессор О.Егеубаевтың мәліметі бойынша, бұл шығарманың онға тарта нұсқасы кездеседі. «Марғұзарын», «Нұрғазарын — Ғайнижамал», «Мәлік Қасен», «Қасен — Ғайнижамал» деген атаулармен жырланады. Олардың бір нұсқасы алғаш рет «Алтай аясы» журналының 1981 жылғы (№4) және 1982 жылғы (№1) санында жарияланды. Басқа екі нұсқасы 1991 жылы Жеменей ауданының, 1992 жылы «Қаба ауданының қисса-дастандары» жинағында жарық көрді. Әр өңірдегі нұсқалардың бір-бірінен өзіндік айырмашылықтары бар. Мысалы: Іле аймағының тұрғындары Баймұқан Жанбайұлы мен Әбілез Шәріпұлы тапсырған нұсқадан Алтай аймағының Жеменей ауданының азаматы молда Мұрат Елшашұлынан алған нұсқаның бірқатар құрылымдық және эпизодтық айырмашылықтары бар. Алғашқы нұсқаның көлемі кейінгісінен 960 жол артық. Сонымен бірге Әшім патшаның ғашықтықтан есінен адасып, монша көлшігінде жатуы; Нұрғазарынды іздеп балаларының жолға шығуы; Зер шаһарына барғанда Нұрғазарын айтқан үш шарт; жалмауыз

кемпірді Сүлейменнің оғымен атып өлтіруі, құдыққа тасталу уақиғаларында да өзгерістер кездеседі.

Томға «Нұрғазарын» дастанының белгілі ақын Әріп Тәңірбергенұлы жырлаған нұсқасы беріліп отыр. Ел аузынан жазып алып, тапсырғандар — Баймұқан Жанбайұлы мен Әбілеш Шәріпұлы. Аталған нұсқа 1985 жылы Бейжің «Ұлттар» баспасынан жарық көрген «Қазақ қиссаларының» 3-томында жарияланған⁴.

САҒАТТЫҢ ХИКАЯСЫ

Қазақ жерінде дүниеге келген бұл шығарма Қытайдағы қазақтар арасында да кең таралған. Дастанды сюжеттік тұрғыдан екіге бөліп қарастыруға болады: 1. Сағатбектің жоғалып кетуі; 2. Иран патшалығында басынан кешкендері.

Оқиға қазақ жерінде басталып, Иран елінде аяқталады. Иран — шығыс дастандарында жиі кездесетін ел аты, әрі эпикалық топоним. Соған қарағанда жырлаушы шығарманың түпнұсқасымен таныс бола отырып, оған жергілікті қазақ фольклорына тән көрініс-белгілер қосқан. Дастан кейіпкерлерінің есімдері Сағатбек, Нұржамал болуы, оқиғалардың Есіл, Балқаш жерлерінде өтуі де сондықтан.

Сағатбектің жанына араша сұрап жалбарынғандағы, ел-жұртын ойлап жылағандағы зары, Нұржамалдың ағасын жоқтауы өте көркем берілген. Бұл орайда жыршының классикалық эпос үлгілерін жақсы меңгергені және дәстүрлі үлгілерді шебер қолдана білгені аңғарылып тұр.

Дастанды жырлаушы Әріпжан Жанұзақұлы — қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданында дүниеге келген. Өмірінің біраз жылын Қытай жерінде өткізген. Шығарманы ақынның өз аузынан Мекебай Мұқатұлы естіп, үйренген. Ол кісіден Тарбағатай аймағы, Дәрбілжін ауданындағы орта мектептің зейнеткер ұстазы Нұреке Сыдықұлы жазып алған. 1995 жылы Н.Сыдықұлы дастанды «Мұра» журналының 2-санында жариялаған.

Дастанның бір нұсқасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында сақтаулы [ӘӨИ.Ш.10-

⁴ Қазақ қиссалары. 3-том. — Бейжің «Ұлттар» баспасы, 1985. — 34-69 б.б.

50]. Қанапия Түбекбайұлы жырлаған бұл нұсқа «Сағат» деп аталады. Қорға ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Баян Айдаболова тапсырған. Осы нұсқа 1992 жылы Өскеменде жарық көрген Ө.Жанұзақұлының шығармалар жинағында жарияланған⁵.

Томға «Мұра» журналында жарияланған нұсқа (1995 ж.) алынды.

«ПАТША МЕН ӘЙЕЛ», «СЫРЛЫ ҚОБДИ» ДАСТАНДАРЫ

Екі дастан да ертегілік сюжетке құрылған және екеуінде де әйел теңсіздігі, әділеттің озбырлықты жеңетіні туралы айтылады. Бұл орайда ғалымдардың: «Хикаялық сипаттағы ертегілік дастандарда түпнұсқаның сюжеті толық дерлік сақталады, сол себепті оларда ортақ типтік сюжет байқалмайды, оның есесіне ертегінің көптеген белгілері бой көрсетеді, әсіресе, жағымды кейіпкерлердің ізгілікті қасиеттері мен іс-әрекеттері төркінімен ұқсас болып келеді⁶» деген пікірі орынды жазылған.

«Патша мен әйел» дастанында ақылды әйелдің арқасында зұлым патша жаза тартып, жазықсыз адамдар жақсылыққа жетеді. Шығармадағы айтылатын негізгі ой: «жақсы әйел жаман еркектің басын төрге сүйрейді». Дастан кейіпкерлерінің есімдері де жаратылыстарына сай берілген: Момынбай — атына заты сай момын, аңқау, Алалқан — адал әрі ақылды.

Ал «Сырлы қобдида» бас кейіпкер сүйгеніне өзінің батырлығы, ақылдылығымен қатар, тылсым күштің көмегімен жеңіске жетеді. Жағымсыз кейіпкер саудагер Сығайдың көрсеқызарлығы, байлыққұмарлығы өзіне өлім сыйлайды.

Аталған екі дастан да Еренқабырға, Алтай, Тарбағатай өңірлерінде кеңінен таралған. «Патша мен әйел» дастанын ертегіден жырға айналдырып, кейін 1982 жылы «Мұра» журналының 2-санында жариялаған — ақын Жүнісбек Алпысұлы.

«Сырлы қобди» атты ертегіні жаңғырта жырлаушы — Шәрипа Алысқанбайқызы. 1988 жылы «Мұра» журналының 3-санында жарияланған. Томға аталған журналда жарияланған нұсқалар енгізілді.

Қазақстанда алғаш рет жарияланып отыр.

⁵ Жанұзақұлы Ө. Өлеңдер. Толғаулар. Дастандар. — Өскемен, 1992.

⁶ Қасқабасов С., Әзібаева Б. Қазақ дастандары // Бабалар сөзі. Жүз томдық. 1-том. Хикаялық дастандар. — Астана: Фолиант, 2004. — 20 б.

ТОТАЙ САЛ

Қазақ халқы «Ер қанаты — ат» деп бекер айтпаған. Ауыз әдебиетінде батыр мінген тұлпардың бейнесі ерекше сипатталады. Халық қиялы оларға тіл бітіріп сөйлетіп, қанат бітіріп ұшатын қасиеттер дарытқан.

Сол сияқты сал-серілердің де мінетін аттары ерекше болған. Ал сал-серілер өз замандарындағы сұлулықтың, дархандықтың символы сияқты болған. «Сал қашан да мырза, жомарт, мәрт мінезді болуы шарт. Егер ол бермей қойса, онда салдықтың серті бұзылған болып есептеледі. Ол ұзақ жолға аттанарда оның жақсы киім-кешегін, қойнындағы сырға, білезік, түрлі әшекейлерін қыз-келіншектер таласа бөлісіп алатын болған. Мініп келген аты, ер-тұрманы үй иесінде қалады да, ол келесі ауылға «көйлекшең» аттанатын болған. Осылайша дәулеті сарқылғанша сайран салатын салды ақылды туыстары күштеп тоқтатып, аяғына тұсау салу үшін әдейі үйлендіретін болған⁷».

«Тотай сал» дастаны осындай сал-серілердің өмірінен көрініс береді. Өзі әнші, балуан Тотай салдың жылқыдан таңдап алған Қызжирені бәйге алдын бермейтін жүйрік, тіл түсінетін ақылды жануар болады. Бір-бірімен қосыла алмай жүрген жастарға қысылтаяң шақта көмек береді. Шығарма трагедиялық халде аяқталды. Ел аузында атағы аңызға айналған Тотай сал дүниеден ерте өтеді. Салдың соңғы аманаты ретінде Қызжиренді өзімен бірге жерлейді.

Дастанда Тотайдың атқа деген ерекше ықыласы барынша әсерлі берілген. Мысалы, өмірден өтер алдындағы Қызжиренмен қоштасуы эпикалық жырлардағы батырдың тұлпарымен тілде-суіне ұқсас:

— Құлыныңда танып ем,
Келбетіңе қанып ем.
Ен сап саған мінгелі,
Тақымым, атқа жарып ең...

⁷ Керімов Ш. Сал-серілік дәстүрдің этнографиялық қырлары // Қазақ фольклорының тарихилығы. — Алматы: Ғылым, 1993. — 314 б.

Қытай жерін мекендеген қазақтар арасында кеңінен танымал аңызды жырлаушының есімі белгісіз. Ел аузынан жинап, жүйелеген — Кәкім Төлеубайұлы. Алғаш 2004 жылы «Мұра» журналының 1-санында жарық көрген. Томға аталған нұсқа бойынша әзірленіп, ұсынылды.

ӨЛГЕН ҚЫЗ

Мазмұны шығыстық сюжетке құрылған бұл дастанның қысқаша мазмұны мынадай: Бәліх шаһарының патшасы перзентке зар болады. Халқына жайлы, мейірімді патшаға Құдай бір қыз бала береді. Ханшайым сұлудың бойжеткен уақытында қызға ауру келіп, қайтыс болады. Патша ел-жұртымен қайғырып, қызды жерлейді. Ханшайымның жаны шықпай талып қалған екен. Оны көрден Әдһам деген діндар атам құтқарып алады. Қыз оған өзінің патшаның қызы екенін білдіртпей, өлімнен құтқарып алғаны үшін оған тұрмысқа шығады. Әдһам пен ханшайымның Ибраһим деген балалары болады. Ол жеті жасқа келгенде алдымен ханшайымды асыраған сүт анасы, кейіннен патшаның әйелі танып, қызымен, күйеу баласымен қуана қауышады.

Дастанда перзентсіздік мотиві қамтылған. Ол туралы эпостанушы ғалым Ш.Ыбыраев: «... бұл мотивтің көне түрі — ұрпақсыздарды жиын-тойда салтқа байланысты құдалау — «Қобыланды» [екінші версиясы] мен оғыз эпосындағы бірінші жырда сақталған. «Қобыланды» жырының екінші версиясына жататын нұсқаларының көбінде... Ақшаханның тойына барған Тоқтарбайды «қубас» атандырып, «бұл тойда ұлсыздарға орын жоқ, қызсыздарға қызық жоқ» деп жәбірлейді. Ал оғыз эпосындағы Дерсе хан ұлы Бұқаш хан туралы «жырда мұндай мотивтің ырым салттық көріністері басым», — дей келіп, «баласыздарды құдалау ерте дәуірдегі ырым, салттармен тікелей байланысты деп қарауымызға негіз бар», — деп жазады⁸.

Шығармада адамгершілік, дінге адалдық тақырыбы

⁸ Ыбыраев Ш. Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі // Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы, 1981. — 271-б.

дәріптеледі. Мәселен, патшаның қызы Әдһамға оның кедейлігіне де қарамастан күйеуге шығады. «Білсе алмай қояды» деп өзінің патшаның қызы екенін де білдірмейді.

Дастанның жырлаушысы белгісіз. Қытай мемлекетіне қарасты Алтай өңірінде кеңінен таралған. Көктоғай ауданы, Тұрғын ауылының тұрғындары Сәмен және Мүтәліп қариялардың аузекі айтуынан жүйеленіп, қағазға түскен. Және 1998 жылы Бейжің «Ұлттар» баспасынан жарық көрген «Қазақ қиссалары» жинағының 15-томында жарияланған. Томға аталған жинақта жарияланған нұсқа бойынша әзірленіп ұсынылды.

Ж. Салтақова

ҰЛАР МЕН ҚҰЗҒЫН

Дастанның сюжеті — жергілікті ертегілік оқиғалардың желісіне құрылған. Көлемі шағын, бар болғаны — 244 жол. Қашан, қайда және кім шығарғаны белгісіз. Қытайдағы қазақтар арасында ерте кезден бері айтылып келген ертегілік сюжетті бертінгі ХІХ-ХХ ғасырда жасаған ақындар жырға айналдырып, қағаз бетіне түсіргені байқалады. Жырдың басталуындағы:

Мықтысың, білімдісің, адам, бүгін,
Бірақ та есінде ме сонау күнің.
Жарықтың қашан ұқтың қасиетін,

Парқын да қашан ұқтың қараңғының, — дейтін жыршының «әлеуметке арнауынан» да жазба әдебиеттің әсерін айқын аңғаруға болады. Әйтсе де, ақын бұл шығарманы халық ауыз әдебиеті үлгілерінен алып, өлеңге айналдырғанын жасырмайды:

Бұл менің халық аузынан естігенім,
Демеймін көріп бастан кештім өзім.
Әйгілі ұлар, құзғын екі құсты

Дастан қып уақиғасын шештіремін, деуі осы пікірімізді қуаттай түседі.

Фольклортанушы ғалым Б.Әзібаева қазақ дастандарын мазмұны мен тақырыптық идеялары бойынша: діни,

новеллалық, ғашықтық, ертегілік деген атаумен төрт жанрлық түрге бөлген⁹. Біз сөз етіп отырған «Ұлар мен құзғын» шығармасын мазмұнына қарап ертегілік дастан түріне жатқызамыз. Әрине, шағын көлемді шығарманың басты кейіпкерлері ұлар мен құзғын бір кездері адам кейпінде өмір сүріп, кейіннен құсқа айналып кетуі — дастандағы мифтік, тотемдік белгілерден хабар береді.

«Ұлар мен құзғын» дастанының өзге нұсқалары әзірге ұшырасқан жоқ. Халық мұрасын жыр тіліне түсіріп, елге таратушы — шыңжаңдық ақын, зиялы азамат Кәкім Төлеубайұлы.

Бұл томға ұсынылған мәтін «Мұра» журналының 2004 жылғы 1-санынан алынып, баспаға әзірленді.

С. Қосан

НҰХ ЖӘНЕ НАУРЫЗ

Дастан оқиғасы діни-мифтік аңыздардың желісіне құрылған. Қытайдағы жергілікті қазақтар арасында өткен ғасырларда-ақ ауыздан-ауызға көшіп, айтылып жүрген бұл шығарманың түп негізі парсылық көне хикаяларға тірелетіні жайында мәліметтер ұшырайды. Дастанды жырға айналдырып, алғаш таратушылардың бірі — шыңжаңдық қазақ азаматы, ақын Маусымбай Сабанұлы. Ол кісінің айтуынан үйреніп, дастан мәтінін кейінгі ұрпаққа жеткізушілердің қатарында Тарбағатай аймағы, Дөрбілжін ауданының тұрғыны Бейсенғали Садықанұлын (1911-2000) атауға болады.

Шығарманың сюжеті шығыс халықтары әдебиетінен ауысқандығын Маусымбай ақынның:

Тауарихта жазған екен парсылар,

Талаптыдан қандай өнер артылар.

Қазақшаға мен аудардым бөйітін,

Осы тілді қазақ елі жалпы ұғар, — дейтін сөздері

де аңғартады.

Әлбетте, қазақ жыршылары шығыстық сюжетті сол қалпында алмай, оған бірқатар ұлттық аңыз, мифтік санаға тән

⁹ Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 1998. — стр. 20.

көріністерді қосып жырлағаны да күмәнсіз. Бұған жырда айтылатын Қазығұрт, Наурыз, Арасан, Сығанақ туралы аңыз сілемдері дәлел.

Дастан алғаш рет 1985 жылы Шыңжаң өлкесінің қазақтары шығаратын «Шалғын» журналының 4-санында және 1992 жылы «Дәрбілжін ауданының қисса-дастандары» жинағында (1-13 б.б.) жарияланған.

Бұл томға Бейсенғали Садықанұлы нұсқасы бойынша әзірленіп, ұсынылды.

С. Қосан

АҚҚАН СЫНАП

Бұл шығарма Шығыс Түркістан қазақтары арасына кең тараған. Дастан өмірде болған оқиға ізімен жырланған болуы мүмкін. Ертеректе өткен ол оқиға халық жадында сақталып, ауыздан ауызға тараған. Бертін келе оқиғаның көптеген деректі, нақты жәйттері ұмытылып, ол туралы әңгіме аңызға айналып, дарынды жыршы, айтушылардың репертуарынан орын алып, біздің заманымызға жеткен. Сондықтан оқиғаның өткен жері нақты көрсетілмейді, тек:

Қазақтың мекені екен Сыр жағасы,
Ырысты ұлан-байтақ кең даласы.
Мың сегіз жүз жиырма екінші жыл,

Қазақтың қор боп өлген бір баласы, — деп оқиғаның болған уақыты мен өткен орыны ғана көрсетіледі. Дегенмен шығармада ғашықтық немесе хикаялық дастандарға тән белгілердің көрініс табатынын айтпай кетуге болмайды. Мысалы, қарт ата-ананың бір балаға зар болып жүріп қартайғанда ұлды (немесе қызды) болуы; баланың жетім қалуы; байдың сұлу қызының дақпыртын сыртынан естіп ғашық болуы, яғни «ғашық болу» мотиві; оны іздеп барып айламен танысуы; екеуінің бір-бірімен үйленуге уағдаласуы; зұлым жауларының кесірінен айрылысуы т.б.

Біз сөз етіп отырған жырда байдың қызы Айгүлім мен жетім өскен Нұрланғанның шынайы махаббаты, екі жастың ғашықтық аңсары үшін күресі, кер заманның екпініне тойта-

рыс бере алмай қаза болуы баяндалады.

Дастанда махаббат аса маңызды, рухани қажетті құндылық ретінде алынып дәріптеледі. Бірақ ол сезім романтикалық рухта (экзальтация) суреттелмейді, мұнда асқан қиял мен әсірелеу жоқ. Оның орнына адам сезімдерін бейнелеудегі шынайылық, оқиғалардың көркемдік нанымдылығы, терең психологизм мен лиризм алға шығады.

Бұл шығарманы кім, қашан жырға айналдырғаны белгісіз. Қытайдағы қазақтардың арасына кең тараған бірнеше нұсқасы бар. «Аққан сынаптан» өзге «Нұрланған мен Айгүлім» деген атпен де жырланады. Жыр мәтінін Сұлтанбек Құрманғалиұлының айтуынан жазып алып, баспаға ұсынған — Сауан ауданы, Ньюжуанзы ауылының оқытушысы Құрманғажы Әкежан.

Бұл томға «Мұра» журналының 1982 жылғы 2-санында жарияланған нұсқа бойынша әзірленіп, еш өзгеріссіз ұсынылды.

Қазақстанда алғаш баспа бетін көріп отыр.

А. Ақан

АЛТЫН БАЛТА

Шыңжаң қазақтары арасында дастанның бірнеше нұсқалары сақталған. Халық аузындағы дастанның мәтінін жинап, жүйелеп, баспаға әзірлеушілердің бірі Іле педагогтік институтының мұғалімі, әдебиетші, ақын — Дәкіл Матқабұлұлы. «Алтын балта» дастаны алғаш 1983 жылы жергілікті «Мұра» журналының 4-санында жарияланған.

Шығарманың сюжеті ерте заманнан бері ел арасында айтылып жүрген ертегілік сарынға құрылған. Кейбір мотивтері «Хан қызы» ертегісіне ұқсас. Дастанның басты тақырыбы — дидактикалық мысалдар арқылы жас ұрпаққа тәрбие беру, жалқау адамды еңбекке шақыру. Бас кейіпкердің бірі — Ақылбай қарт пен оның алтын балтасы. Шындығында, ол — қарапайым темірден жасалған құрал. Бірақ талмай еңбектенудің арқасында қайыршы жігіт дәулетті адамға айналады. Бұл жолда жігітке шалдың ақылы мен балтасы көмектеседі. Ақсақал шалдың жас жігітке «ақыл айту» мотиві көптеген қазақ эпостарында кездесетін ежелгі сарын. Әдетте, қарт кісі ондайда адамға Қызыр ата түрінде де жиі ұшырасатыны мәлім. Жыр-

шы ертегілік сюжетті қазіргі ұрпақтың зердесіне лайықтай отырып, қарапайым халық тілінде сөйлеткен.

Томға еніп отырған нұсқаның мәтіні «Мұра» журналынан (1983, № 4) алынып, әзірленді.

С. Қосан

ҒАЛЫМ ҚЫЗ БУАДАТ

Дастанның сюжеті шығыс ертегілерінен алынған. Оқиға Аббас әулетінен шыққан бесінші халиф Һарон Рашидтің заманында өтеді. Һарон Рашидтің тұсында халифатта ауыл шаруашылығы, қолөнер, сауда және мәдениет едәуір дамыды. Сондықтан болар тарихи тұлға — есімі халық аузында аңыз-әңгіме мен ертегі-жырға айналып кетті. Көптеген ертегі мен аңыздарда ол әділ билеуші, халық қамқоршысы бейнесінде суреттеледі. Сондай шығармалардың бірі «Ғалым қыз Буадат» ертегісі.

Бағдаттық бай саудагердің қартайғанша баласы болмайды. «Ұлы жоқтың үні жоқ, Көзімнің ағы менен қарасы жоқ» деп қайғырып жүрген қария ұлды болып қуанышқа кенеледі. Есімін Әбілхасан қойып, өнер-білім үйретіп, ақырында өзі дүниеден өтеді. Ештеңеден таршылық көрмеген баласы жалғыздықты ұмыту үшін достарының айтуымен қызық қуып, әкеден қалған бар байлықты тауысып бітеді. Бұрынғы өзәзіл достардың бәрі маңынан безіп, жанында Буадат атты жалғыз кәнизак ғана қалады. Сол кәнизактың айтуымен оны Һарон Рашидке мың ділдәға сатпақ болады. Өзінің ақыл-парасатының, өнер-білімінің арқасында Буадат патшаның ғалымдарын жеңеді. Қыздың өнеріне риза болған патша Әбілхасанды сарайға қызметке алып, екі жасты үйлендіреді.

Бұл шығарманы жырлаушылардың негізгі мақсаты дастан идеясы арқылы халықтың діни, мәдени, рухани сауатын көтеру болса керек. Бұлай ойлауымыздың себебі, жыршы Буадатты білімінің арқасында қожайынын жоқшылықтан құтқарып, оны қайтадан адам қатарына қосқан ақылына көркі сай әйел етіп көрсете отырып, халыққа кейіпкер арқылы діни уағыз да жүргізеді. Діннен хабары шамалы халыққа Құран қағидаларын, хадис пен шариғатты үйретуде мұндай туындылардың атқарған қызметі зор болғаны шындық. Бұл

тұрғыда Б.У. Әзібаева: «Ислам дінін тарату тікелей үгіт-насихат жүргізу (діни көсемдер) және далалықтардың санасы мен жүрегіне әсер ету арқылы, яғни баспа беті арқылы жүргізілді. Діни мазмұндағы әдебиеттердің қазақ даласына тасқынын осымен түсіндіруге болады»¹⁰, — дейді. Себебі, негізінен көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқы үшін исламның бес парызын қатаң сақтау үнемі мүмкін бола бермеді. А. Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда: «... ұзын арқан, кең тұсауға қалыптанған қазақ шариғаттың тар тұсауына үйрене алмаған, шыдатпай үзіп, өз жөнімен жүре берген»¹¹.

Дастан Қытайда 1987 жылы «Мұра» журналының 2-санында жарық көрген. Бұл том журналдық нұсқа бойынша әзірленді.

Қазақстанда алғаш жарияланып отыр.

А.Ақан

ЖҮНІС ЖЕТІМ

Шығарма ертегілік эпоста жиі кездесетін фольклортану ғылымында фабуласы «орындалуы қиын тапсырма» деп аталатын сюжетке құрылған. Бұл таза хикаялық сюжеттердің бірі; ол жеке мотив, эпизод түрінде көптеген шығыстық ертегі, әңгіме, хикаят, дастандардың құрамында жиі кездеседі.

Дастанның бас кейіпкері Жүніс деген жетім бала бір шалдың түсін сатып алады. Ол түсінде шолпан, күн мен ай көрген екен. Жүніс сол түсті іздеп жүріп шаршап, ұйқыға кеткенде бір қария түсін қайдан іздеу керектігін айтып аян береді. Іздегені бір сұлу қыз болып шығады. Өнерлі қыз тақия тоқып, Жүніс оны сатып екеуі күн көреді. Қызды бір уәзір кездейсоқ көріп қалып, патшаға айтып барады. Уәзірлердің айтуымен патша баланы екі рет орындалуы қиын тапсырмаларға жұмсайды. Олар: 1) жеті жыл тумаған ту киіктің сүтін; 2) патшаның әкесінің жүзігін тауып әкелу. Жүніс тапсырманы орындап, әйелінің ақылымен патшаны өлтіріп, оның тағын иеленеді.

Жалпы фольклорда «түс көру мотивімен» қатар біреудің түсін сатып алу мотиві де жиі кездеседі. Мұның екеуінің

¹⁰ Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. — Алматы, 1998. — С. 30-31.

¹¹ Байтұрсынов А. Шығармалары. — Алматы, 1989. — 262 б.

де атқаратын қызметі көбінесе бірдей болып келеді, яғни кейіпкердің өмірін күрт өзгертіп, оның ұзақ сапарға аттанып, шым-шытырық оқиғаларға кезігуіне, неше түрлі қиындықтарды бастан өткізіп, соңында мақсатына жетуіне себеп болады. Біз сөз етіп отырған дастанда бас кейіпкер Жүніс аса белсенділігімен көзге түсе қоймайды. Ол көздеген мақсатына жету үшін өз ақылымен ешқандай әрекет жасамайды. Оның есесіне әйел кейіпкерлер өте ақылды, зерек, тапқыр, айлалы. Бұл — хикаялық дастандарда жиі ұшырасатын жағдай, осы жанрға жататын шығармалардың генезисі мен табиғатынан туындайтын заңдылық. Шығармада араб, парсы, көне түркі сөздерінің көп ұшыраспағанына қарағанда, жырлаушы мұны нәзиралық жолмен емес, бұрыннан ел арасында ауызша айтылып жүрген ертегіні қара сөзден жырға айналдырған деп болжауға болады. Дастанды ел аузынан жинап, тапсырған — Әсет Ешенұлы. 1994 жылы «Мұра» журналының 4-санында жарияланған. Бұл томға сол нұсқа алынды.

Қазақстанда алғаш жарияланып отыр.

А. Ақан

ҚАРАТОРҒАЙ

Дастанға Алтай аймағында орын алған тарихи оқиға өзек болған. Бір-біріне ғашық болған екі жастың сезімі, өз бақыты үшін күресі, адал махаббаты жырланған дастан қазақтың өзге де ғашықтық жырлары секілді, тыңдаушыларын бірден баурап алып, солармен бірге қуанып, солармен бірге қайғыруға еріксіз мәжбүрлейді. Феодалдық қоғамның бұғауында өмір сүрген жастардың жаңаша ойлап, жаңаша әрекет етуге ұмтылысы ақырында баянсыз болып, трагедиямен аяқталады. Малға сатылып бара жатқан сараң байдың сұлу қызы өнерімен жұрт ықыласына бөленген, бірақ ешкімі жоқ етікші жігітпен қашуға бел буады. Шығарманың осы тектес өзге дастандардан ерекшелігі — ұсынысты қыз өзі бастап, бәрін де өзі ойластыруында. Жігіт тарапынан ешқандай да белсенділік байқалмайды. Ол тіпті қыз тарапынан «қашу» туралы ұсыныс болғанда солқылдақтық танытып, бірден шешім қабылдай қоймайды. Сондай-ақ екі жасты қуғыншылар қоршауға алғанда қыздың: «Сені ұстаса

өлтiредi, одан да мен қалайын, сен қашып құтыл» деген ақылын тыңдап, қалыңдығын дұшпаннан арашалап қалу үшiн әрекет етпей, тайқып кетедi. Әдетте басқа хикаялық немесе ғашықтық жырларда жiгiт жарын қорғап, өз басын өлiмге қияды, яки қалыңдығын дұшпандар алып кеткенiн кеш бiлiп (өзi аңда жүредi, кей жағдайда ел аралап кетедi) соңынан iздеп барады. Бұл дастанның кейiпкерi ондай қадамдарға бармайды. Екiншi бiр айта кететiн нәрсе кейiпкердiң салған әнiне қатысты. Кейiпкер шырқайтын «Қараторғай әнi» мен ХIХ ғасырдың екiншi жартысында өмiр сүрген белгiлi ақын, композитор Ақан серiнiң аттас өлеңiн салыстырып қарағанымызда, арасында кей сөздер мен өзен аты өзгертiлгенi болмаса, басқалай айырмашылықтың жоқ екенiн байқадық.

Мәтiндегi нұсқа

Ақан серi нұсқасы

Ұшады қараторғай
қанат қағып,
Астына қанатының
маржан тағып.
Шын сүйiп ғашық болған
қалқам едiң,
Айрылдым қапылыста
сенен неғып?
Қараторғай!
Ұштың зорға-ай,
Бейшара, шырылдайсың,
Жерге қонбай.
Ертістің ар жағында
бір терең сай,
Сүйреткен жібек арқан
телқоңыр тай.
Ар жақтан бір қыз алып
келе жатсам,
Басып тұр осы әнге
қараторғай.

Келедi қараторғай
қанат қағып,
Астына қанатының
маржан тағып.
Бiрге өскен кiшкентайдан,
қараторғай,
Айрылдым қапылыста
сенен неғып?
Қараторғай!
Ұштың зарлай.
Бейшара, шырылдайсың,
Жерге қонбай.
Есiлдiң ар жағында
бір терең сай,
Сүйреткен жібек арқан
телқоңыр тай.
Ағаштың бұтағына
қонып алып,
Сайрайды таң алдында
қараторғай.

Дастанды жырлап, ел арасына таратқан Тауқан Қапышұлы. Бұл томға 1987 жылы Қытайда шығатын «Мұра» журналының

1-санында жарияланған мәтін дайындалып, көпшілік назарына ұсынылды.

Қазақстанда алғаш жарияланып отыр.

А. Ақан

КЕНЖЕКЕЙДІҢ КЕШІРМЕЛЕРІ

Дастанның сюжетіне әлемнің көптеген халықтарының фольклорында кездесетін перзентінің әкесіне қарсы келіп, соның салдарынан қуғынға ұшырайтыны туралы мотив арқау болған. Бар адамнан артықпын деп масаттанған патшаға жеті қызының кенжесі «әкесін тұзға теңегені» үшін жапа шеккенін әңгімелейтін бұл шығарманың басты кейіпкері — Кенжекей. Одан басқа кейіпкерлер өз есімімен емес, тек лауазымдарымен (патша, уәзір, ғалым т.б.) ғана аталады. Оқиғаның қайда, қашан өткені де белгісіз. Шығарманың негізгі кейіпкері — әйел. Оның қайсарлығы, қиналғанда жол таба білетін қасиеті, сүйіп қосылмаса да, жарына деген жанашырлығы дастанның өн бойында тұрақты түрде көрініс тауып отырады. Қаһарланған әкесі оны айықпас дертке шалдыққан, ұсқынсыз жігітке қосса да, ол жарын жек көрмейді, қайта:

— Ешкімге залалым жоқ, ісім әділ,

Түсінбей істетті әкем қысым-зәбір.

Қосағым аурудан айықса егер,

Ақиқат жеңбей қоймас түбінде бір, — деп, өзін-өзі жұбатып, алдағы күннен үмітін үзбейді. Ал жігіт болса қызды қанша жақсы көрсе де, оған лайықты жар бола алмайтынын патшаға жасқанбай айтады. Дегенмен осы бір эпизодтан кейін ол ешқандай батыл әрекеттерге бармайды. Себебі дастанның идеясы жазықсыз жапа шеккен Кенжекейдің қайсарлығы мен ақылдылығын насихаттау болғандықтан, жігіттің образы саналы түрде Кенжекейдің көлеңкесінде қалдырылған. Дастан соңында қатал патша қызы мен күйеу баласына қайта табысып, өз қателігіне өкініш білдіреді.

Шығарманың сюжеті шығыс әдебиетінен ауысқанымен, жергілікті ақындар мен орындаушылардың еңбегінің арқасында қазақ фольклорының элементтерін бойына сіңіріп

(Кенжекейдің жеті қыздың кенжесі болуы, қасиетті бәйтерек т.б.), түрлене түскенін көреміз. Сондай-ақ жырда шығыстық хикаялардың кейіпкері Атымтай жомарт туралы шағын бір эпизод кездеседі. Дегенмен дастанда Атымтайдың бейнесі кең қамтылмаған. Бұған қарағанда, Атымтай туралы жоғарыда айтылған эпизодты кейіннен жыршылардың өздері қосуы да мүмкін. Өйткені оның орнына қандай да бір саудагер не көпесті алса да, дастан мазмұнына нұқсан келмесі анық. Аңыздағы Хатымтай бейнесі туралы түрікмен зерттеушісі М.А.Сакали «...шығыс эпосы ғана емес, әлем фольклорында да оған қайырымдылығы мен рухани жомарттығы жағынан тең келетін ешкім жоқ»¹² деп баға берсе, «Бабалар сөзінің» 4-томында берілген түсініктемеде: «...арабтардың Тай руынан шыққан Хатымтай жомарт бейнесін далалықтар рухани жақын көріп, жылы қабылдады. Нәтижесінде ол халқымыздың сүйікті кейіпкерінің бірі, әрі жомарттық пен қонақжайлылықтың символына айналды. Оны қазақтар Атымтай, Өтімтай деп атап кеткен»¹³ деп оның шығыс әдебиетінде алар орнының ерекше екенін атап өтеді.

Дастан Қытайдың Алтай, Тарбағатай аймақтарына кең тараған. Жырлаушысы Ахметқазы Шаяхметұлы. Бұл томға 1986 жылы Қытайда шығатын «Мұра» журналының 2-санында жарияланған мәтін дайындалып, көпшілік назарына ұсынылып отыр.

А. Ақан

ҚҰМАШ ҚОҢЫР ХИКАЯСЫ

Дастан бұрын-соңды жарияланбаған. Шығарма сюжеті өткен ғасырлардағы Шыңжаң қазақтарының тұрмыс-тіршілігіне негізделген.

Мұнда кең сахарада мал баққан көшпелі халықтың ас-нәзірі, жиын-тойлары, жалпы этнографиялық жағдайынан мол мәлімет жинақталған. Жыршының мақсаты — ата-бабалардың

¹² Сакали М. А. Туркменский сказочный эпос. — Ашхабад, 1956. — С.69.

¹³ Бабалар сөзі. Жүз томдық. Хикаялық дастандар. 4-том. — Астана, 2004. — 275-276 б.

әр түрлі салт-дәстүр, әдет-жоралғысын тарихи аңыз, хикаялар арқылы баяндап, жастарды батырлыққа, саятшылыққа, серілікке, отаншылдыққа баулу. Дастанда, негізінен, ат бәйгесіне, жүйрік тұлпар тұлғасын сомдауға ерекше назар аударылған.

Ақынның:

Біледі бап пен күйін қазақ аттың,
Астынан ат кетпеген азаматтың.
Жүйрігі, ақын, балуан, домбырасы
Қоздырған делебесін жамағаттың, —

дейтін сөздері осындай игі ниетті меңзейді.

Дастанның басты кейіпкерлері — Құмаш Қоңыр атты жүйрік пен оның иесі Теміш саятшы және шабандоз бала — Оразқан. Тұлпар ат туралы хикаяның жырлаушысы ілгерідегі Құлагер мен Ақанның даңқынан, олар жайындағы Ілияс Жансүгіров жазған әйгілі поэмадан хабардар секілді. Шығарманың кейбір эпизодтары, әсіресе ат айдау, бәйге кезіндегі Құмаш Қоңырға жасалатын қастық сәтіндегі көріністер осындай пікірге жетелейді.

Дастандағы «Теңесек Құлагерге артық болмас», не болмаса «Салпы ерін, салқы төсті деген осы...» деген секілді Күреңбай сыншының Құлагерге байланысты айтқан сөздері де ақынның Ілияс шығармасын үлгі тұтқанын анық аңғартып тұр. Дегенмен, бұл екеуі сюжеттік, тілдік, стильдік жақтарынан алғанда, өз алдына дербес, тарихи мезгілі мен туу, даму, таралу аймақтары да оқшау жыр нұсқалары екені даусыз.

Бұл нұсқаның «Құлагер» поэмасынан тағы бір ерекшелігі — мұнда әлденеше рет бағы жанып, бәйгеден келген тұлпарға қанша қастандық жасалса да, өлімнен аман қалады. Ақынның жырлауында Құмаш Қоңыр — аса ақылды, жақсылық пен жамандықты парықтай алатын қасиетті мал.

«Құмаш Қоңыр хикаясын» Қытайдағы Тарбағатай аймағы, Тола ауданы, Ошеті аулының тұрғыны Жәмәли Ахметжанұлы жырлаған.

Қытайдағы қазақ фольклорының кезекті томына жоғарыда аталған Жәмәли нұсқасы ұсынылып отыр.

С. Қосан

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)—ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»^{*}.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры—жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін—жұмаққа, енді біреулерін—тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед [с.а.с.]^{**}—Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.б.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

^{*} Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

^{**} с.ә.с. — *салла Аллаһу әләйһи уас салам*: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке — деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

Алланың атын зікірету рәсімі Аллаһу акбар, Әлхамдулилаһи, Сүбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Ғаппас, Аббас — Мекке маңында өмір сүрген хашимилер руына жататын әрі Мұхаммед пайғамбардың ағасы болып келетін белгілі тұлғаның есімі. 750-1258 жылдар арасында араб халифатына билік жүргізген әулет Аббастың атымен аталған.

Адам ата — діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан Хауаны жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша, Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп, тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көктен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Арон (һарун) Рашид [763-809] — Аббас әулетінен шыққан бесінші халифа. Арон Рашид тұсында арабтардың ұзақ уақытқа созылған Византияға қарсы күресі одан әрі жалғастырылды, сонымен бірге халифатта ауыл шаруашылығы, қолөнер, сауда және мәдениет едәуір дамыды. Сондықтан болар тарихи тұлға — Арон Рашид есімі халық аузында аңыз-әңгіме мен ертегі-жырға айналып кетті. Шығыс халықтары ертегілері мен аңыздарында ол әділ билеуші, халық қамқоршысы бейнесінде суреттеледі.

Әбубәкір — Мұхаммед [с.а.с.] қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халифа. Ол құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып мұсылман болды.

Әбубәкір — Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серіктерінің бірі. Мұхаммед қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары

Мұхаммед пайғамбарға түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халиф. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның «зұлпықар», «қамқам», «самсам» деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс қиссаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Жүніс — пайғамбар, сондай-ақ «сахиб әл-хут және зуннун» деп аталады, Құранның бір сүресі оның атымен аталған. Аңыздарға қарағанда Жүністің Ирактың солтүстігіндегі Найнауада бір құдайға сиынушылықты уағыздауы сәтсіз болған көрінеді. Ол өз ісінің қиыншылықтарына шыдай алмай, кемеге жасырын тығылып, қашуды ойлайды. Бірақ кеме орнынан қозғала қоймайды, ол кемеде қашқынның бар екендігінің белгісі еді. Жеребе көрсеткендей, бар кінә Жүністе болғандықтан, оны теңізге тастайды. Суда үлкен балық Жүністі жұтып қояды. Киттің құрсағында аман қалған Жүніс Алла Тағалаға сенімсіздік білдірген кінәсін мойындап жалбарынады да, аман қалады. Жағада қалып, әбден жүдеген Жүністі шөл далада бөкен қоректендіреді. Құранда Жүністің есімі бірден аталмайды, оның алдында сахиб әл-хут, зуннун сияқты суреттеме ескертпелер аталады. Әңгіменің сипаты, яғни әңгіме желісінің қысқаша баяндалуы бұл хикаяның тыңдаушыларға өте танымал екендігін көрсетеді. Бұл жөнінде Құранда берілген ерекше түсініктеме де куә бола алады. Бұл аңыз тікелей Мұхаммедті шыдамдылық танытуға үгіттейтін нақты мысал

ретінде пайдаланылады, яғни «құдіреттің шешімін күте тұр, киттің серігі сияқты болып жүрме!» деген екен.

Қазіргі кезде Иракта, Мосул қаласының қасындағы көне Найнауа қалдықтарында орналасқан Жүністің «қасиетті» бейіті кең танымал болып отыр.

Жүсіп — Зылиха — шығыс халықтарына кең тараған «Жүсіп — Зылиха» атты әдеби-фольклорлық шығармалардың бас кейіпкерлері, махаббат пен сұлулық символы. Олар туралы Інжіл мен қасиетті Құранда да айтылған

Ғайса, Иса — Иса Мәсіхтің есімі христиан дініндегі сияқты исламда да ілтипатпен еске алынады. Құран Кәрімде Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәрия хазіретке арналған сүре бар. Алайда, ислам қағидасы бойынша, Иса [а.с.] — бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Кейбір дін зерттеушілері (әсіресе, еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шариғат зерттеушілері Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілген хақшыл Пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Қызыр [Қыдыр баба] — аңыз бойынша, Алла мәңгілік өмір берген қасиетті киелі тұлға, көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақ мифтерінде, фольклоры мен діни аңыздарында жиі кездесетін архаикалық бейне; оның есімі Ілияс [а.с.] пайғамбармен қосарлана айтылады.

Қызырдың генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Кейбір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, ал кейбір ғалымдар ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың санасында ғасырлар бойы қалыптасқан түсінігі бар. Қазақ фольклорында Қызыр баба — ел аралап жүрген ақ киімді, адам бейнелі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Мұса — Құранда есімі аталатын пайғамбарлардың бірі. Інжіл бойынша, Моисей. Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі.

Аңыз бойынша, Мұса (а.с.) — Адам атадан соң Алла Тағаламен тілдескен бірінші Пайғамбар.

Мұхаммед — ең соңғы пайғамбар, ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед [с.а.с.] 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед 610 жылдары 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Мүңкір-Нәңкір — діни ұғым бойынша, дүние салған адамнан сұрақ-жауап алатын періштелер.

Нұх — Құранда есімі аталатын пайғамбарлардың бірі. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адам-

дар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді. Осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Сүлеймен — Құранда есімі аталатын пайғамбарлардың бірі. Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Ұлықпан — ол туралы Исламға дейінгі араб хикаяларында біраз аңыздар сақталған. Құран Кәрімде Ұлықпанға 31-сүре арналған. Мұнда Ұлықпан «бір құдайлық» бағытын насихаттаған, Алла Тағалаға шын берілген данышпан адам ретінде аталады. Ұлықпанның арабша аты — Лұқман әл-Хаким, яғни хаким Лұқпан. Ұлықпан — ақыл иесі, көріпкел, емші делініп, оның есімі көптеген шығыс халықтарының ертегі, жыр, аңыздарында құрметпен әңгімеленген. Қазақ арасында да «Ұлықпан хаким айтыпты» дейтін бірсыпыра сөздер бар.

СӨЗДІК*

Ақырет, ахырет /а/—діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тарта-тын күн; о дүние, ақырзаман, дүниенің соңы.

Ашты /ж/— ащы

Аят /а/— белгі; ғажайып; өлең; Құран сүрелерінің ең шағын бөлігі

Әлхамдулла, әлхамдулилла /а/— даңқтың бәрі Аллаға! Құранның бірінші «Фатиха» сүресінің бірінші аятының алғашқы екі сөзі; бұл сөз тіркесі «Аллаға шүкір» деген мағынада да қолданылады.

Әнбия /а/— пайғамбарлар [*нәби* сөзінің көпше түрі]

Бардам— күйлі, әл-қуатты

Бейіс— бейіш

Бәдбахыт /а., п/— бақытсыз, сорлы

Бәддұға /п/— қарғыс

Безекленген— әшекейленген, өрнектелген

Бисмилла, бисмиллаһи /а/— Алланың атымен.

Мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды.

Гәп, кеп /п/— сөз; ірі әңгіме; бір нәрсенің сыры, мәні

Ғапыл /а/— білмеу, байқамау, сезбеу

Ғаріп, кәріп /а/— бейшара, мүсәпір; шарасыз, жарымжан

Есім Ағзам /а/— Ұлы есім; Алла Тағаланың 99 есімін түгел атап, өз қалауын тілейтін дұға

* Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Жамағат /а/ — жиналған топ, халық, жұрт

Жаппар, Жаббар /а / — ұлы, құдіретті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жармақ — ортасы тесік тиын, бақыр ақша

Жаһил /а/ — надан, білімсіз

Заһар /а/ — у

Зәңгі /мәнжу/ — шен, билік атауы

Зиннат /а/ — әшекейленген, оюланған

Күрзі /п/ — шоқпар

Қабағат /п/ — орасан, керемет; өте; ірі, үлкен; мол

Қапақ — ыдыс

Қормал /ж/ — жанашыр, қамқор адам

Құл һуа Алла /а/ — Айт: ол Алла

Мақшар /а/ — діни ұғым бойынша, дүние салған адамның күнәсі тексерілетін кезең; ақырет

Мәкүрік — зиянды, арам зат

Мәуліт — рұқсат; мерзім

Мұхтасар /а/ — қысқаша; аз көлемді; ислам қағидалары қысқаша жазылған кітап

Мұбәда /п/ — егер, алда-жалда

Мүкәммал /а/ — дүние-мүлік, қазына-байлық

Міскін /а/ — бейшара, қарапайым адам

Нияз /п/ — керектік, қажеттік; өтініш, тілек; сый, тарту

Пәруардигар /п/ — Жаратушы, Жасаған, Құдай

План /о/ — жоспар

Пысу /ж/ — пісу

Рәсім /а/ — сурет

Рахман /а/ — аса қамқор; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рузе /п/ — ораза

Санат, санатшы /а/ — құрметті, дәрежелі, атақты. Мәтіндерде уәзір мағынасында берілген.

Сәна /а/ — қайғы

Семья /о/ — отбасы

Сүре — Құран Кәрімнің бір тарауы, бөлімі

Тағала /а/ — бәрінен жоғары, ұлық; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Тамам /а/ — соңы, аяғы

Тауарих /а/ — тарих сөзінің көпше түрі

Тоганақ — бума, жүк, тең

Уәжіп /а/ — міндет, борыш, парыз

Ұрқы — тегі, тұқымы; ұрпағы

Үзім — жүзім

Үкірдай /мәнжу/ — болыс дәрежелі лауазым атауы

Фариад /п/ — зарлану, зарын айту

Хақ Тағала [Тағала /а/ — бәрінен жоғары, ұлық] — ең жоғары мәртебелі, Ұлық Алла; Алланың 99 есімінің бірі

Халифа /а/ — Ислам орнағаннан XIII ғасырға дейін араб елдерінде дін мен үкімет билігін бір қолға ұстаған мемлекет билеушісі

Хараб /а/ — бұзылу, қирау, жойылу

Халал, алал /а/ — шариғат бойынша ұлықсат берілген; заңды; некелеп алған; таза; адал; жарамды

Харам /а/ — шариғат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған]; таза емес, заңсыз

Хижра /а/ — мұсылманша жыл санауы, 622-жылы мұсылмандардың Меккеден Мәдинеге көшкен жылынан басталады

Хикмет /а/ — керемет, ғажайып; дана сөз

Шаһид, шейіт /а/ — ислам діні жолында қасиетті соғыстарда қаза болған адамдарды шаһид, яғни шейіт деп атайды

Шәрі — қала

Шерік /моңғ./ — әскер; сарбаз, жауынгер

Школ /о/ — мектеп

Эра /о/ — дәуір, кезең

Інжіл, Зәбур, Тәурат, Құран — діни наным бойынша, Құдайдың әмірімен көктен түскен төрт кітап.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Азия — жер шарының ең үлкен бөлігі. Еуропамен қосылып, Еуразия құрлығын құрайды. Еуропамен арадағы шартты шекарасы Орал тауының шығыс етегі, Жем өзені, Каспий теңізі, Кума-Маныч ойысы, Азов теңізі, Қара теңіз, Босфор бұғазы, Мәрмәр теңізі арқылы өтеді.

Алтай — терістік жағы Ресей, шығысы — Қытай, оңтүстік-шығысы — Қазақстандағы биік таулы аймақ. Алтайдың терістігінде, Таулы Алтайда Катун, Чуй, Бум өзендері Обь өзеніне құйса, Бұқтырма өзені Шығыс Қазақстанға қарай ағады.

Бағдат — (кей жорамалдарға қарағанда ежелгі парсы тілінің «бага» — құдай, «дад» — берген, яғни «құдай сыйы» сөздерінен шыққан) — 1921 жылдан қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің жағалауын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халифа Мансұр 762 жылы салдырған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насредин Туси, Әл-Фараби т.б.] оқып, білім алған.

Балқаш — Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі 3-орында. Алматы, Жамбыл, Қарағанды облыстарының шегінде, Балқаш-Алакөл ойысында, теңіз деңгейінен 340 метр биіктікте жатыр.

Еренбақ, Ирамбағы — шығыс классикалық әдебиеті мен фольклорында керемет ғажайып бақтың бейнесін осы атаумен беру қалыптасқан. Аңыз бойынша, Еренбақ — Оңтүстік Арабия әмірі Шаддадтың жер үстінде жұмақ орнату райынан туған мәуелі бақ.

Жиделібайсын — қазақ фольклорында («Алпамыс батыр» жырында, Асан Қайғы туралы аңыздарда т.б.) жиі кездесетін

берекелі, қасиетті құтты мекен. XVI ғасырда Мұхаммед Шайбани бастаған Дешті Қыпшақтың көшпелі түркі рулары Орта Азия жерін басып алғанда, Жиделібайсын қазақ, қарақалпақ халықтарының құрамындағы қоңырат тайпасының үлесіне тиген.

Ертіс—Солтүстік Мұзды мұхит алабында жатқан өзен, Обь өзенінің сол саласы. Қазақстан жерінде Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы ағады.

Есіл—Ертіс өзенінің сол жақ саласы. Қазақстанның Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары және Ресейдің Түмен, Омбы облыстары жерінен өтеді. Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі Нияз тауының батыс беткейінен басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим селосының тұсында Ертіс өзеніне құяды.

Иран—Азияның оңтүстік батысында орналасқан мемлекет.

Қазығұрт тауы—Талас Алатауының оңтүстік-батыс сілеміндегі аласа келген жота. Шымкент қаласынан 35 шақырымдай қашықтықта орналасқан. Қазақ аңыздары бойынша таудың басында, баяғы Нұх пайғамбардың кемесі қалған-мыс.

Қап тауы—Аңыз бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының арғы жағын йәжуж бен мәжуж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Қап тауымен байланысты көптеген аңыздар бар. Солардың бірсыпырасында Қап тауының арғы жағында керемет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтылады.

Мысыр—Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Ніл—Африкадағы ірі өзен.

Сайрам—Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырдағы ірі қалаларының бірі. Шымкент қаласынан 12 шақырым жерде. Сайрам қаласы туралы алғашқы дерек Махмұд Қашқаридің «Диуани-лұғат ат-түрк» атты еңбегінде кездеседі.

Сығанақ, Сунақ — Қазақстандағы орта ғасырлық қалалардың бірі. Сырдария өзені бойындағы Төменарық темір-жол станциясының солтүстік шығысында 10 шақырым жерде орналасқан. Сығанақ қаласы XVIII ғасырға дейін жеткен. Қаланың қазіргі аты Сунақата деп аталады.

Сыр — Сырдария өзені. Орта Азиядағы ірі өзен. Қарадария мен Нарын өзендерінің Ферғана қазан шұңқырының шығыс бөлігіндегі қосылған жерінен бастап Сырдария аталынып, Арал теңізіне құяды.

Ұлытау — Сарыарқаның оңтүстік-батыс шетіндегі ұсақ шоқылы, таулы өлке. Ұлытауда атақты Жошы хан мазары сақталған. Бұл арада өткен ғасырларда үш жүздің бас қосып, ел тағдырына қатысты алқалы жиындар өткізіп тұрған.

Хиуа — Өзбекстанның Хорезм облысындағы қала, Әмудария өзенінің сол жағалауында. Хиуа туралы алғашқы деректер X ғасырдағы араб географтарының шығармаларында кездеседі.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Жанұзақұлы Әріпжан (1878-1945) — Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданында дүниеге келген. Өмірінің отыз жылын Қытай жерінде өткізген. Ауыз әдебиеті үлгілерін жырлаушы.

Садықанұлы Бейсенғали (1911-2000) — алғашында ауыл молдаларынан оқып, сауат ашқан. Кейін «Қараоба» орталау мектебін тауысқан. Қаршадайынан өлең-жыр ертегіге құмар болған, айтысқа түскен. Көптеген фольклорлық материалдар жинаған. «Шалғын», «Мұра» сияқты басылымдарда 20-дан астам ауыз әдебиеті үлгілерін және өзі жырлаған қисса-дастан, өлеңмен жазылған шежірелерді жариялаған. Дәрбілжін аудандық мәдениет отауының «Мәдени мұра» қорына өзі жинаған көптеген өлең-жыр, аңыз-ертегі, мақал-мәтелдерді табыс еткен.

Тәңірбергенұлы Әріп (Мұхамедғарип) (1856-1924) — белгілі ақын. Абайдың талантты шәкірттерінің бірі. 11-12 жасында ауыл медресесінде, бастауыш орыс мектебінде оқыған. Әріп татар, орыс тілдерін жетік білуімен бірге араб, парсы, түрік, қытай тілдерін жақсы меңгерген. Шығыс және орыс классикалық әдебиетімен таныс болған. Бірқатар шығыстық сюжеттерді нәзиралай отырып, ауыз әдебиетіміздің үлгілерін, ақындар айтысын жинауға да белсене араласқан. Өзінің және өзге қазақ ақындарының мұрасын Қазан қаласындағы баспалардан кітап етіп шығаруға атсалысқан.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

/а/ — араб

/қ/ — қытай

/моңғ./ — моңғол

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/т/ — түркі

/солт./ — солтүстік

/оңт./ — оңтүстік

/ж/ — жергілікті

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Азибаева Б.* Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 1998.

2. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Хикаялық дастандар. 1-том. Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған *Б. Әзібаева*. — Астана: Фолиант, 2004.

3. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Хикаялық дастандар. Құрастырып, ғылыми түсініктерін жазған *Б. Әзібаева*. 4-том. — Астана: Фолиант, 2004. — 275-276 б.

4. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Хикаялық дастандар. 9-том. Құрастырғандар: *А. Ақан., Б. Әзібаева., Ж. Рақышева.* Мәтіндерге ғылыми түсініктеме жазған *Б. Әзібаева*. — Астана: Фолиант, 2004.

5. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.

6. Батырлық дастандар. Құрастырып, түсініктемелерін жазған *Ү. Сұбханбердина*. — Алматы, 1995.

7. *Жанұзақұлы Ә.* Өлеңдер. Толғаулар. Дастандар. — Өскемен, 1992.

8. Қазақ қиссалары. 3-том. — Бейжің Ұлттар баспасы, 1985. — 34-69 б.б

9. Қазақ фольклорының тарихилығы. — Алматы: Ғылым, 1993.

10. Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы, 1981.

11. *Сакали М. А.* Туркменский сказочный эпос. — Ашхабад, 1956.

12. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов*. — М., 1968.

13. Древнетюркский словарь. — Л., Наука, 1969.

14. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерина*. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

15. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
16. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев*. — Алматы, 1977.
17. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 1998.
18. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика*. I-II т. — М., 1970.
19. Татарско-русский словарь. — М., Советская энциклопедия, 1966.
20. Турецко-русский словарь. — М., Русский язык медиа, 2005.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural heritage»).

The proposed 30th volume includes folklore of Kazakh people who live in China. About million and a half Kazakh people live in China. Historically it happened so that Kazakh people have left to China, lived there and preserved their native language, customs and folklore. The repertoire of the narrators have preserved almost all plots of common Kazakh epic, tale, song and other creative work. Alongside with them there the plots that have originated in new conditions, in different historical-social environment.

This volume includes tale-novel dastans such as «Nurgazarin», «Sagattin khikayasi», «Patsha men ajel», «Syrli kobdi», «Totai sal», «Olgen kyz», «Ular men kuzgin», «Nukh pen nauryz», «Akk-an sinap», «Altyn balta», «Galym kyz- Buadat», «Zhunis zhetim», «Karatorgai», «Kenzhekeidin keshirmeleri», «Kumash Konir khikayasi».

Some of their plots are based on regional legends and tales. In total it is planned to prepare and publish several volumes of the samples of folklore works of Kazakh people living in China.

According to the principles of the edition «Babalar sozi» the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic, Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Texts published in this volume have been published in China. Regretfully they have been subject to editing and literary processing. Possibly this happened both on the stage of recording texts from the narrators and in the process of re-writing of the manuscripts (possibly several times) as well as during preparation of the texts for publishing. However they have preserved the peculiarities of the folklore of Kazakh people who live in China.

In Kazakhstan all texts of this volume are being published for the first time.

Volume includes 24,5 p.p.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Предлагаемый вниманию читателей 30-том свода включает в себя фольклор казахов, проживающих в Китае. В Китае проживает около полутора миллиона казахов. Волею судьбы оказавшиеся на чужбине, они сохранили свой язык, обычаи и фольклор. В репертуаре тамошних сказителей сохранились почти все сюжеты общеказахского эпического, сказочного, песенного и др. творчества. Наряду с ними бытуют сюжеты, возникшие в других историко-социальных условиях.

Данный том включает в себя дастаны сказочно-новеллистического содержания, это такие произведения, как: «Нұрғазарын», «Сағаттың хикаясы», «Патша мен әйел», «Сырлы қобди», «Тотай сал», «Өлген қыз», «Ұлар мен құзғын», «Нұх пен наурыз», «Аққан сынап», «Алтын балта», «Ғалымқыз — Буадат», «Жүніс жетім», «Қараторғай», «Кенжекейдің кешірмелері», «Құмаш Қоңыр хикаясы».

Сюжеты некоторых из них восходят к произведениям восточной литературы, другая же часть их сложена по следам региональных легенд и преданий.

В соответствии с принципами издания «Бабалар сөзі», том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ их; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в

текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

В Казахстане все тексты данного тома публикуются впервые.

Объем тома — 24,5 п.л.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
-------------------------	---

Мәтіндер

Нұрғазарын	9
Сағаттың хикаясы	90
Патша мен әйел	116
Сырлы қобди	128
Тотай сал	144
Өлген қыз	157
Ұлар мен құзғын	176
Нұх және наурыз	184
Аққан сынап	194
Алтын балта	215
Ғалым қыз Буадат	238
Жүніс жетім	266
Қараторғай	287
Кенжекейдің кешірмелері	299
Құмаш қоңыр хикаясы	324

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	355
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	373
Сөздік	379
Жер-су атаулары	382
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	385
Шартты қысқартулар	386
Пайдаланылған әдебиеттер	387
Резюме	389
Summary	391

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

30 том

РОМАНИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Тұрлынова*

Редакторы *Ү. С. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *М. М. Әлсейітова*

Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Баур» баспасы

ИБ № 2148

Теруге 13.03.06 жіберілді. Басуға 24.03.06 қол қойылды. Пішіні 60х90¹/₁₆.

Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 24,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №131.

«Фолиант» баспасы

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

